Сағид бин Али
әл-Қахтани

محمد

ӘЛЕМДЕР ҮШІН МЕЙІРІМ

Сағид бин Али бин Уахф әл-Қахтани

ӘЛЕМДЕР ҮШІН МЕЙІРІМ

Қазақ тіліне аударып әзірлеген
«Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы
2022 ж.

Әлемдер үшін мейірім. / Абу Ханифа мирасы» сайты. – Алматы, 2022. – 314 б.

Танымал ислам ғалымы Сағид бин Али бин Уахф әл-Қахтанидің осы кітабы оқырманға пайғамбарымыз Мухаммад туралы (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), оның керемет адамгершілік сипаттары, оның Аллаһ Тағаламен және қарапайым адамдармен қарым-қатынасы жайында, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шыққан тегі, оның балалығы мен жасөспірімдік шағы, сыртқы және рухани келбеті, оған сый етілген мұғжизалар, оның миссиясының баршаға бірдей екендігі, оның өз ілесушілеріне қалдырған өсиеттері мен олардың оған қатысты міндеттері туралы өте қызық әрі жеңіл тілмен баяндайды.

Кітап оқырмандардың кең ортасына арналған.

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

КІРІСПЕ

Бүкіл мақтау-мадақтар Аллаһқа тән. Біз Оны мадақтаймыз, Одан көмек пен кешірім сұраймыз, өз нәпсіміздің жамандығы мен кесірлі амалдарымыздан пана тілейміз. Кімді Аллаһ тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды, ал кімді Ол дұрыс басшылықсыз қалдырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Мен ешбір серігі жоқ Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне әрі Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін. Оған, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Ал содан соң:

Аллаһ Тағала Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлемдер үшін мейірім ретінде жіберді. Бұған Оның мына сөздері нұсқайды:

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلا رَحْمَةً لِلْعَالَمِينَ

«Біз Сені әлемдер үшін мейірім ретінде ғана жібердік» («әл-Әнбия» сүресі, 107-аят).

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – Раббымыздың адамдар мен жындарға, олардың иман келтіргендеріне де, кәпірлеріне де жіберген мейірімі. Ол адамдарды Аллаһқа шақыру үшін, қараңғылықтан жарыққа шығару үшін келді. Аллаһ Тағала оған былай деп бұйырды:

قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا الَّذِي لَهُ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ وَالأَرْضِ لا إِلَهَ إِلا هُوَ يُحْيِي وَيُمِيتُ فَآمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ النَّبِيِّ الأُمِّيِّ الَّذِي يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَكَلِمَاتِهِ وَاتَّبِعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ

«(Мухаммад): «Әй адам баласы! Мен барлығыңа Аллаһтың елшісімін. Жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол тірілтеді әрі өлтіреді. Аллаһқа және Оның Елшісіне, Аллаһтың Сөздеріне иман келтірген, оқу мен жазуды білмейтін Пайғамбарына иман

келтіріңдер. Оған еріңдер, әрине тура жол табасыңдар», – де» («әл-Әғраф» сүресі», 158-аят).

Раббы Өзінің елшісіне сондай-ақ былай деді:

وَإِذْ صَرَفْنَا إِلَيْكَ نَفَرًا مِنَ الْجِنِّ يَسْتَمِعُونَ الْقُرْآنَ فَلَمَّا حَضَرُوهُ قَالُوا أَنْصِتُوا فَلَمَّا قُضِيَ وَلَّوْا إِلَى قَوْمِهِمْ مُنْذِرِينَ

«(Мухаммад,) сол уақытта саған жындардан Құран тыңдаулары үшін бір топты келтірген едік. Олар жетіп келген сәтте: «Үндемеңдер әрі тыңдаңдар!» – десті. Сонда оқылуы біткен кезде, елдеріне ескертуші болып қайтты» («әл-Әхқаф» сүресі, 29-аят).

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – бүкіл әлемдер үшін Аллаһтың мейірімі, әрі Оның бүкіл жаратылыстарына келтірген дәлелі. Ол – иман келтіргендер үшін Аллаһ Тағаланың сыйы, өйткені (Құранда) былай деп айтылған:

لَقَدْ مَنَّ اللَّهُ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ إِذْ بَعَثَ فِيهِمْ رَسُولا مِنْ أَنْفُسِهِمْ يَتْلُو عَلَيْهِمْ آيَاتِهِ وَيُزَكِّيهِمْ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ وَإِنْ كَانُوا مِنْ قَبْلُ لَفِي ضَلالٍ مُبِينٍ

«Расында, Аллаһ мүминдерге қамқорлық етіп, олар бұрын ашық адасушылықта болса да, олардың ішіне өздерінен болған, оларға Аллаһтың аяттарын оқитын, оларды тазартатын және оларға Кітап пен хикметті үйрететін Елші жіберді» («Әли Имран» сүресі, 164-аят).

Абу Надра мұны өз көзімен көрген кісіге сілтеме жасап, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылық кезінде Минада құтпа жасап жатып, былай деп айтқанын жеткізген: *«Уа адамдар! Ақиқатында, сендердің Раббыларың да жалғыз, арғы аталарың да бір. Ақ түсті адамның қара түстіден әрі қара түстінің де ақ түстіден артықшылығы жоқ болғаны сияқты, арабтың да араб еместен, сол сияқты араб еместің де арабтан артықшылығы жоқ! Біреулердің басқалардан артықшылығы тек тақуалықта ғана болуы мүмкін!»*[1]

Бұл сөйлемдерде адамдардың арасындағы маңызға ие болған айырмашылық – бұл тақуалықтағы айырмашылық екеніне нұсқау бар. Адам, ол қандай халыққа немесе нәсілге жатса да, қаншалықты Аллаһтан қорықса, соншалықты ардақты болмақ.

---

[1] Имам Ахмад «Муснадта» (әл-Банна реттеуі бойынша 12/226) келтіреді. Әл-Хайсами «Мужмағ әз-зауаидте» (3/266) былай деген: «Бұл хадисті Ахмад келтіреді, ал оның жеткізушілері – қос «Сахихта» аталатындар.

Аллаһ Тағала бұл ардақты пайғамбарға бүкіл ең көркем адамгершілік сипаттарын сыйлады. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) керемет мінез-құлқының, немесе оның жомарттығы, бекзаттығы, кең пейілділігі, мейірімділігі мен кешірімділігі, ақыл-парасаттылығы, байсалдылығы, жұмсақтығы, сабырлығы, сыпайылығы, әділдігі, ізгілігі, мейірбандығы, ержүректілігі, күштілігі т.б. сол сияқты сипаттарының бірінің себебімен Исламды қабылдаған адамдардың санына жету мүмкін емес.

Оның өмір жолын зерттейтін әрбір адам, оған барлық кезде және барлық нәрседе көркем-мінез тән болғанына көз жеткізеді. Адамдар ең алдымен Аллаһтың мейірімімен, ал содан соң Оның Елшісінің игі мінез-құлқынының арқасында Исламға ынта-жігерімен ұмтылды әрі топ-тобымен кірді. Оның Пайғамбарының керемет мінез-құлқының себебімен Исламды қабылдағандар қаншама десеңізші!

Осындай адамдардың бірі Сумама ибн Усәл болып табылады. (Пайғамбарымыз) Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кеңпейілділігімен тамсанған ол Исламды қабылдап, оған былай деді: «Жер бетінде мен үшін сіздің жүзіңізден жек көрінішті бірде-бір жүз жоқ болатын, ал қазір ол мен үшін басқалардың барлығынан да сүйіктірек болды! Аллаһпен ант етемін! Жер бетінде мен үшін сіздің дініңізден жек көрінішті дін жоқ болатын, ал енді болса мен үшін одан сүйіктірек дін жоқ! Аллаһпен ант етемін, жер бетінде мен үшін сіздің қалаңыздан жек көрінішті басқа қала жоқ болатын, ал енді ол мен үшін бәрінен де сүйікті қалаға айналды!»[2]

Басқа бір мысал – мешітте кіші әжетін өтеген бәдәуидің оқиғасы болып табылады. Пайғамбардың (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) кешірімділігі мен ізгілігіне алғыс білдіре отырып, ол Аллаһ Тағалаға: «Уа Аллаһ, мені мен Мухаммадты ғана рахым ете гөр, әрі басқа ешкімді емес!» – деп дұға етті. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың бүкіл болмысты қамтитын рахымын «шектеуге» рұқсат етпеді де, Аллаһтың мейірімін меңзеп: ***«Сен кең болған нәрсені тарылтып жібердің!»*** – деп, оған игі насихат берді.[3]

Ендігі бір мысал – бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Муғауия ибн әл-Хакам намаз үстінде сөйлеген кезінде оған берген жылы-жұмсақ насихаты. Бұл туралы Муғауияның өзі былай деп баяндайды: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – әке-шешем ол үшін өтем болсын – намазын аяқтаған соң, маған сөйлей бастады, әрі мен одан бұрын да,*

[2] Әл-Бухари (№ 4372), Муслим (№ 1764).
[3] Әл-Бухари (№ 6010).

одан кейін де мұндай керемет ұстазды көрген емеспін! Аллаһпен ант етемін, ол маған айқайламады да, ұрмады да, ұрыспады да».[4]

Бір кісіге ол екі таудың арасын толтыратын бір отар қой сый етті. Мұндай бұрын-соңды естімеген жомарттықтан аң-таң болған әлгі кісі өз тайпасына барып, былай деді: «*Уа халқым! Исламды қабылдаңдар, өйткені Мухаммад кедейліктен қорықпайтын адам секілді сыйлар таратады!*»[5]

Құрайштықтардың кәпір ақсүйектерінің бірі болған Сафуан ибн Умайяға Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүз қой, ізінен тағы жүз қой, кейін тағы жүз қой сыйға тартты. Сафуан: «*Аллаһтың Елшісі маған сый беріп жатқан кезінің басында мен үшін ең жеккөрінішті адам болатын. Бірақ ол мен үшін ең сүйікті адам болғанына дейін маған сыйлықтар бере берді*», – деп баяндайтын. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жомарттығы Сафуанның Исламды қабылдауына себеп болды.[6]

Басқа бір көпқұдайшыл Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлтіруді ниет етті, алайда ол мұны істей алмады, өйткені Аллаһ Тағала Өзінің Елшісін қорғады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің кең пейілділігімен бұл адамды кешірді.[7] Ол өз тайпасына оралған соң Исламды қабылдады және өз руластарын да оған шақырды, әрі олардың көбі оның шақыруына жауап беріп, мұсылман болды.[8]

Яһудилердің діндар-ғалымы болған АбдуЛлаһ ибн Сәләм Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға қоныстанын естіген бойда оған келген болатын, әрі ол былай деп баяндаған: *"Көпшілік қатарында мен де оны көру үшін оған келген едім. Мен оның жүзін көрген кезімде-ақ оның өтірікші емес екенін бірден түсіндім. Мен одан естіген алғашқы сөздер:* ***«Уа адамдар! Сәлем таратыңдар, кедейлерді тамақтандырыңдар, туысқандық қатынастарды үзбей ұстаңдар және адамдар ұйықтап жатқан кездерінде түнделетіп намаз оқыңдар, – сонда есендікпен (сәлеметтікпен) Жәннатқа кіресіңдер!»*** *– деген сөздер еді".*[9]

---

[4] Муслим (№ 537).

[5] Муслим (№ 2312).

[6] Муслим (№ 2313).

[7] Ибн Хәжар «Фатх әл-Бари» 6/96, 97 (№ 2910 хадис), Муслим (№ 843).

[8] Ибн Хәжар «Фатх әл-Бари» 7/428, «Шарх ән-Нәуауи ли Сахих Муслим»15/44.

[9] Әт-Тирмизи (№ 2485), Ибн Мәжаһ (№ 3251).

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шындығында да Аллаһтың пайғамбары екенін тексеруді ұйғарып, осы мақсатта онымен әділетсіз әрі дөрекі сөйлей бастаған басқа бір яһуди ғалымы болған Зәйд ибн Сағнаның Исламды қабылдауы да есте қаларлық уқиға болды. Алайда Елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны кешірді әрі Умарға оған сыйлық беруді бұйырды. Мұндай қатынасты көрген Зәйд Умарға өзінің осылай істегенінің себебін түсіндіре бастады да: *«Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүзіне қараған сәтте-ақ онда пайғамбардың барлық белгілерін көрдім. Алайда мен оның бойында бар екенін анықтағым келген екі белгі қалған болатын, ал олар – оның момындығы мен ақыл-парасаттылығының ашу мен парықсыздықдан үстем болуы, әрі оған тигізіліп жатқан үлкен әділетсіздік онда бұдан да үлкен ақыл-парасаттылық пен момындықты туғызатыны еді. Әрі мен оның бойында осы белгілердің бар екенін тексерген болатынмын, және мен, уа Умар, сені өзімнің Аллаһпен Раббы ретінде, Исламмен дін ретінде, Мухаммадпен пайғамбар ретінде разы екеніме және сондай-ақ өз мал-мүлкімнің жартысын Мухаммадтың үмметіне садақа ретінде беріп жатқаныма куә болуыңа шақырамын»*, – деді.[10]

Тағы бір яһуди болған кісі өлім ауызында жатқанда Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген болатын: *«Тауратты түсіргенмен ант етемін, біз өзіміздің Кітабымызда сіздің сипаттарыңыз бен келуіңіздің суреттемесін табамыз, әрі сондықтан да мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдайлар жоқ екеніне, әрі сіз – Аллаһтың Елшісі екеніңізге куәлік беремін!»*[11]

Христиан патшасы болған эфиопияның негусы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шақыруын әрі оның Иса – Аллаһтың құлы әрі Оның елшісі екендігі туралы сөздерін естіп, мұсылмандардың делегациясына былай деді: *«Сендерге және сендер кімнен келген болсаңдар, соған сәлем. Мен оның Аллаһтың елшісі әрі Иса (соның келуімен) сүйіншілеген (пайғамбар) екеніне куәлік етемін. Егер мемлекетті басқару міндетім болмағанда, мен оның аяқ киімін сүю үшін оған қарай жолға шығар едім!»*[12]

Византияның императоры Ираклий Абу Суфиянның Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ешқашан қиянат жасамайды, адамдарға Аллаһқа серік қоспаған күйде құлшылық етуді бұйырады, пұттарға табынуға тыйым салады, намаз оқуды, садақа беруді және адалдықты әмір етеді деген сөздеріне

---

[10] Ибн Хәжар «Әл-исаба фи тамйиз әс-сахаба» (1/566).
[11] Ахмад (5/411), Ибн Касир «әт-Тафсир» (2/252).
[12] Әз-Заһаби «Сияр ағләм ән-нубәлә» (1/438).

жауап ретінде былай деді: *«Егер сенің айтып жатқаның шындық болса, онда ол міндетті түрде қазір менің қолымда болған нәрселерді иеленеді. Мен оның келуін білетінмін, бірақ ол сендердің біреулерің болады деп ойламаппын. Егер мен оған жетіп баратыныма сенімді болғанымда, онда міндетті түрде онымен кездесуге тырысар едім, ал кездессем, міндетті түрде аяғын жуар едім!»*[13]

Аллаһ Тағаланың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туралы айтқан сөздері нендей ақиқат:

وَإِنَّكَ لَعَلَى خُلُقٍ عَظِيمٍ (٤)

«Расында, сен (уа Мухаммад) ұлы мінезге иесің» («әл-Қаләм» сүресі, 4-аят).

Әрі ардақты Елшінің: ***«Мен көркем мінезді кемелдікке жеткізу үшін жіберілгенмін»,*** – деген сөздері де нендей шындық десеңіздерші![14]

Айшадан (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мінезі туралы сұрағанда, ол: *«Оның мінезі Құран болатын»*, – деді (Муслим (№ 746)).

Пайғамбар туралы (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) білу әрбір мұсылман ер мен әйел оқып-уйренуі әрі мойындауы міндетті болған әрі адам қабірде сұралатын үш негіздің екіншісі болып табылады. Оның маңыздылығын ескере отырып, мен осы «Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – әлемдер үшін мейірім» атты шағын еңбекті жазуды жөн көрдім. Мен онда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шыққан тегі, оның жасөспірімдік шағы, мінез-құлқы, ішкі және сыртқы сипаттары, оған сый етілген мұғжизалар туралы баяндадым. Мен оның миссиясының (яғни жіберілу мақсатының) жалпыға бірыңғайлығы, оның өз ізбасарларына қалдырған өсиеттері және олардың оған қатысты міндеттері туралы атап өттім.

Кітап өз құрамына келесі тарауларды қамтиды:

Бірінші тарау: Асылдардың асылы;

Екінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) балалық және жасөспірімдік шағы;

Үшінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сырт бейнесін суреттеу және оның адамгершілік көркі;

Төртінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ғибадаттағы ынта-ыждағаты және оның жиһады;

---

[13] Әл-Бухари (№ 7).

[14] Әл-Бәйһақи (10/192), Ахмад (2/381), сондай-ақ әл-Әлбанидің «Әс-силсилә әс-сахиха» кітабын қараңыз (№ 45).

Бесінші тарау: Ардақты Пайғамбар – әлемдер үшін Аллаһтың мейірімі;

Алтыншы тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) балаларға деген игі қарым-қатынасы әрі оларға қуаныш сыйлауға деген ұмтылысы;

Жетінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мінез-құлқының көркемділігі;

Сегізінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жомарттығы әрі кеңпейілділігі;

Тоғызыншы тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әділдігі;

Оныншы тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сыпайылығы;

Он бірінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұстамдылығы және кішіпейілділігі (мейірімділігі);

Он екінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салмақтылығы әрі байсалдылығы (байыптылығы);

Он үшінші тарау: Пайғамбардың оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұмсақтығы және момындығы;

Он төртінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сабырлылығы;

Он бесінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ержүректілігі;

Он алтыншы тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мүминдер арасында бейбітшілік орнату мен олардың жүректерін біріктірудегі даналығы;

Он жетінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға ақиқатты жеткізудегі теңдесі жоқ қабілеті;

Он сегізінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) муғжизалары әрі оның пайғамбарлығының бұлтартпас айғақтары;

Он тоғызыншы тарау: Мухаммад – Аллаһтың барша адамдар мен жындарға жіберген елшісі;

Жиырмасыншы тарау: Яһудилер мен христиандардың қатарынан болған ынсапты әділ діндар ғалымдардың Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлығын мойындауы;

Жиырма бірінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) амалдарының ең жақсылары – оның ең соңында орындағандары;

Жиырма екінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметімен қоштасуы әрі оған қалдырған өсиеттері;

Жиырма үшінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірілермен және өлілермен қоштасуы;

Жиырма төртінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауруының басталуы және Абу Бакрге жамағат намазын өткізуді тапсыруы;

Жиырма бесінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлы құтпасы және оның адамдарға қалдырған өсиеттері;

Жиырма алтыншы тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауруы күшейген кездегі мінез-құлқы және жақындарына қалдырған өсиеті;

Жиырма жетінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуы қарсаңындағы өсиеттері;

Жиырма сегізінші тарау: Ең жоғары қауымға ұмтылу;

Жиырма тоғызыншы тарау: Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлем) шәһидтің өлілімен қайтыс болды;

Отызыншы тарау: «Кім Аллаһқа құлшылық етсе, сол Аллаһтың Тірі және ешқашан өлмейтінін білсін»;

Отыз бірінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлімі – барша мұсылмандардың қайғысы;

Отыз екінші тарау: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мирасы;

Отыз үшінші тарау: Мұсылмандардың өз Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қатысты міндеттері.

Мен Аллаһ Тағаладан осы қарапайым еңбегімді берекелі етуін, оны толығымен Өзінің Ардақты Дидарына арналған етуін, мен үшін бұл дүние де, қайтыс болуымнан кейін де, әрі ол жеткізілетін адамдардың барлығына пайдалы етуін сұраймын, өйткені Ол – Оған өтінішпен жалбарынатындардың ең жақсысы, әрі үміт артылатындардың ең мейірімдісі. Ол маған жеткілікті әрі Ол ең жақсы Қамқоршы. Одан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ. Әрі Оның құлы және елшісі, Ол Өзінің уахиын сеніп тапсырған жаратылыстардың ең абзалы болған пайғамбарымыз Абдуллаһтың ұлы Мухаммадқа, оның сахабаларына, және Қиямет Күніне дейін соларға ілескендердің барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

Сағид бин Али бин Уахф әл-Қахтани

БІРІНШІ ТАРАУ

АСЫЛДАРДЫҢ АСЫЛЫ

Пайғамбардың толық есімі – Мухаммад ибн Абдуллаһ ибн Абд әл-Мутталиб ибн Хашим ибн Абд Манаф ибн Құсайй ибн Киләб ибн Мурра ибн Каъб ибн Луайй ибн Ғалиб ибн Фихр ибн Мәлик ибн ән-Надр ибн Кинана ибн Хузайма ибн Мудрика ибн Илияс ибн Мудар ибн Низар ибн Мәғад ибн Аднан. Оның шыққан тегі ең атақты әрі ең ардақты еді. Ол туралы оның өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Ақиқатында, Аллаһ Исмаилдың ұрпақтарынан Кинана тайпасын таңдап алды, Кинанадан – құрайштықтарды, құрайштықтардан – хашим руын, ал хашим руынан – мені таңдады»***[15]

Сөйтіп, ол шыққан тегін Ибраһимнің (оған және Пайғамбарымызға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлы Исмаилден бастайтын арабтарға жататын құрайштықтардан еді.[16]

---

[15] Муслим (№ 2276).

[16] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Адамға дейінгі шежіресі Ибн Касирдің «Әл-бидая уән-ниһая» кітабында, сондай-ақ Ибн Хишамда (1/1) келтіріледі. Ал оның Аднанға дейінгі шежіресіне келер болсақ, ол туралы Ибн әл-Қайим былай деген: «Оның сенімділігі шежіре ғылымының барлық білгірлері тарапынан бірауызды түрде расталады, әрі ол туралы ешқандай келіспеушіліктер жоқ. Ал Аднаннан жоғары болған шежіренің бөлігінде келіспеушіліктер бар. Алайда Аднанның, сахабалардан, олардың ізбасарларынан және олардан кейін өмір сүрген ұрпақтардан болған ғалымдардың ортақ пікіріне сәйкес, Ибраһимнің Аллаһ Тағалаға құрбан шалуына тиісті болған баласының дәл өзі болған Исмаилдің ұрпағы екенінде ешкімде күмән жоқ» [«Заду-л-мәғад», 1/71].

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рабиғ әл-әууәл айында[17], дүйсенбі күні[18], христиан жыл санауы бойынша 571 жылға сәйкес келетін Піл жылы дүниеге келді.[19]

Ол 63 жасында қайтыс болды, оның алғашқы қырық жылын пайғамбар болмаған күйінде, ал кейінгі жиырма үш жылын пайғамбар әрі Аллаһтың елшісі күйінде өмір сүрді. Ол өзіне «әл-Ғаләк» («Ұйыған қан») сүресінің алғашқы бес аятының түсуімен пайғамбар болды, әрі Аллаһтан «әл-Муддассир» («Оранып алған») сүресін алуымен елші болды. Оның туып-өскен қаласы Мекке еді, әрі ол одан Мәдинаға қоныс аударды (һижра жасады). Аллаһ Тағала оны адамдарға оларды көпқұдайшылықтан сақтандыру үшін және Жалғыз Жаратушыға құлшылық етуге шақыру үшін жіберді. Өз миссиясының алғашқы он жылын ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды тек бірқұдайшылыққа шықыруға ғана арнады. Тек содан соң ғана ол көктерге көтерілді, әрі сол жерде Аллаһ оған және оның үмметіне күн сайын орындалатын бес уақыт намазды парыз етті. Осы бұйрықты Меккеде үш жыл бойы орындағаннан кейін, ол Аллаһтан Мәдинаға қоныс аудару әмірін алды. Мәдинада орныққан және бекем болған соң[20],

---

[17] Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) піл жылының рабиғ әл-әууәл айында дүниеге келгені белгілі факт. Кейбір діндар ғалымдар тіпті дін білгірлерінің бұл жайындағы бірауызды пікірін (ижмағ) жеткізген болатын. Қ-з: имам ән-Нәуауи «Тахзиб әс-сира» (20-бет).

[18] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүйсенбіде туылғандығы сахих хадистермен расталады. Муслимде (2/820) Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүйсенбі күні ораза ұстау туралы сұрақ қойылғанда, ол: «***Бұл күні мен туылғанмын, әрі осы күні алғаш рет көктен уахи алғанмын***», – деп жауап бергені жеткізіледі.

Оның туылған күні туралы айтар болсақ, онда бұл жөнінде бірнеше пікір бар. (Оның туылған күні ретінде) рабиғ әл-әууәл айының екісі, сегізі, оны, он екісі, он жетісі және басқа да күндер аталады. Ал ең танымал әрі ақиқатқа ең жақын пікір екеу. Біріншісі: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рабиғ әл-әууәл айының екісінде туылғаны. Имам Ибн Абдул-Барр тарихшыларға жүгініп, осы пікірді абзал көрген (қ-з. «Әл-бидая уә-н-ниһая» 2/260). Екіншісі: оның рабиғ әл-әууәлдің он екісінде туылғаны. Бұл күн, бұған Ибн Касир нұсқайтынындай, Пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаянын зертеген ғалымдардың арасында ең танымалы болып табылады (қ-з.: «Әл-бидая уә-н-ниһая» 2/260). Оған Ибн Исхақ та сенімді түрде нұсқаған (қ-з.: «Сира Ибн Хишам», 1/171).

[19] Қ-з: «Әр-рахиқ әл-махтум» 53-бет.

[20] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келуі рабиғ әл-әууәл айының дүйсенбілерінің бірінде орын алды. Кейбір тарихшылар оны рабиғ әл-әууәл айының он екісі деп айтқан. Қ-з. «Фатх әл-Бари» 7/224.

ол Аллаһтан шариғаттың зекет, ораза, қажылық, жиһад, азан, жақсылыққа жақырып жамандықтан қайтару және басқа да сол сияқты бұйрықтарын алды. Шариғат заңдарын орнату он жыл бойы жалғасып отырды, содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болды. Ол бұл дүниеден өтті, алайда оның діні қалды. Ол өзінің үмметіне нұсқамай кеткен бір-бір игілік жоқ, әрі ол оған ескертпей кеткеткен бірде-бір жамандық жоқ. Ол – пайғамбарлардың соңғысы және олардың мөрі, одан кейін пайғамбарлар болмаған да, болмайды да. Аллаһ Тағала оны бүкіл адамдар мен жындарға жіберді, әрі оларды оған бағынумен міндеттеді. Кім оның бұйрықтарына мойынсұнса, сол Жәннатқа кіреді, ал кім мойынсұнбаушылық жасаса, сол Тозаққа тасталады.[21]

Осы тарауда айтылғандардан бірқатар пайдалы тұжырымдар және өсиеттер алуға болады:

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – асылдардың асылы. Ол адамзаттың ең абзалы, олардың ішіндегі шыққан тегі бойынша ең ардақтысы, ең таза және ең қуатты ақылдың иесі. Ол бұл дүниеде де, Ақыретте де олардың ішіндегі ең жоғары мәртебеге әрі ең ұлы шарапатқа ие. Қиямет Күні оның ілесушілерінің саны басқа пайғамбарлардың ілесушілерінен асып түседі.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) туған күніне байланысты жыл сайынғы салтанаттарды (мәуліт) өткізу жол беруге болматын діни жаңалық (бидғат) болып табылады, өйткені Пайғамбардың көзі тірісінде оның өзі де, ол қайтыс болғаннан кейін оның сахабалары да, олардың ізбасарлары да мұндай ешнәрсе істемеген. Бұдан тыс, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рабиғ әл-әууәл айының он екісінде туылуы туралы дерек нақты емес. Оның нақты туылған күніне байланысты талас-тартыстар бар. Бірақ ол нақты белгілі болған жағдайда да, бәрібір оны жоғарыда айтылғандардың негізінде әрі Пайғамбардың: ***«Кімде-кім біздің дінімізге оған қатысы жоқ нәрсені енгізсе, бұл (діндегі жаңалық Аллаһ тарапынан) қайтарылады»,*** – деген сөздеріне сәйкес, атап өтуге болмайтын еді.[22]

Бұл хадистің Муслим келтіретін риуаятында Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: ***«Біздің дінімізге сәйкес келмейтін әлдебір нәрсе жасаушының кез-келген ісі қайтарылады».***[23]

---

[21] «Сахих әл-Бухари» (№ 6851), шейх Мухаммад әт-Тамими «Әл-усул әс-сәләса» (75, 76 беттер).

[22] Әл-Бухари (№ 2697), Муслим (№ 1718).

[23] Қ-з: «Тахзир мин әл-бидағ» шейх Абдул-Азиз ибн Баз, Аллаһ оны рахымын етсін.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) міндеті – адамдарды жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге әрі оларды пұтқа табынушылықтың қараңғылығынан бірқұдайшылықтың жарығына, күнәлардың түнегінен салиқалылықтың нұрына, надандықтан білімге шығару еді. Ол өзінің ілесушілеріне нұсқамай кеткен бірде-бір игілік, әрі оларды одан сақтандырмай кеткен бірде-бір жамандық жоқ.

ЕКІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) БАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДІК ШАҒЫ

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жетім болып өсті. Оның әкесі – АбдуЛлаһ ол анасының құрсағында болған кезінде-ақ қайтыс болды. Бірнеше күн бойы оны Абу Ләһабтың күңі болған Сууайба өз сүтімен емізді.[24] Кейіннен оны емізуді Халима әс-Сағдия жалғастырады да, оны өз үйіне алып кетеді. Ол оның бану Сағд тайпасында төрт жыл шамасында өмір сүрді. Сол жерде, күндердің бірінде, ол жергілікті балалармен бірге ойнап жүрген кезінде онымен «көкіректің кесілуі» деп танылған оқиға орын алды.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) ол туралы мынаны хабарлады: *«Бірде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа балалармен ойнап жүрген кезінде оған Жәбірейіл келді. Ол оны ұстап алды, содан соң оны жерге жатқызып, көкірегін кесті де, жүрегін шығарып алып, одан ұйыған қанды алып тастап: «Бұл – шайтанның сендегі үлесі!», – деді. Кейін ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрегін алтын шараға салып Зәмзәм суымен жуды да, оны өз орнына қайта қойды. Балалар оның анасына*[25] *жүгіріп келіп: «Мухаммадты өлтірді», – деп айтты, ал содан соң олардың барлығы оған қарай жүгіре кетті, бірақ оның тек жүзінің түсі өзгергенін ғана көрді»*. Әнас: *«Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкірегінде тігістің ізін көрдім»*, – деп баяндайтын.[26]

---

[24] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (9/142).

[25] Яғни Халимаға

[26] Муслим (261). Сондай-ақ д-р Абдуллаһ ибн Абдул-Мухсин әт-Туркидің редакциясының астында шыққан Ибн Касирдің «Әл-бидая уә-н-ниһая» кітабын қараңыз (3/413)

Бұл орын алған ұлы оқиғадан қорқынышқа бөленген Халима (Аллаһ оған разы болсын) баланы оның өз анасы Әмина бинт Уаһбқа қайтарып берді.

Әмина өз баласымен бірге Мәдинаға өз бауырларын зиярат етуге сапарға шығады, әрі Меккеге қайтып келе жатқан кезінде ауырып қалады да, Мекке мен Мәдинаның аралығында орналасқан әл-Әбуа атты жерде қайтыс болады. Сол кезде Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жасы алты жыл, үш ай, он күн болатын.[27] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкесі де, анасы да жәһилиет дінінде қайтыс болды.[28]

Осыдан соң оны атасы – Абдулмутталиб өз қамқорлығына алды, алайда бала сегіз жаста болған кезінде ол да балаға қамқорлық жасауды өз ұлы әрі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі болған Абу Талибке аманат етіп, қайтыс болды.

Абдулмутталибтің өз немересінің үстінен қамқорлықты дәл оған тапсыруының себебі Абу Талиб пен Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкесі АбдуЛлаһ бір әке мен бір шешеден туылған бауырлар болғанында еді, яғни олар Абдулмутталибтің бір әйелден туған балалары болатын. Өз мойнына қамқоршылықты алған Абу Талиб өз немере інісін жан-жақты қамқорлыққа бөледі. Ал ол пайғамбар болған кезде, оған барынша көмек пен қолдау көрсетіп отырды, алайда өзі өмірінің соңына дейін пұтқа табынушы болып қала берді. Оның Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қамқорлық жасауы және көмек көрсетуі Аллаһ Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол үшін жасайтын шапағатын қабыл етуіне және оның жазасының жеңілдетілуіне себеп болады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол туралы былай деген: ***«Ол Тозақ отының ең жоғары бөлігінде, ал мен болмағанда, ол міндетті түрде оның ең түбінде болар еді!»*** Осы хадистің басқа нұсқасында Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол туралы мынандай сөздері келтіріледі: ***«Бәлкім, менің шапағатым оған Қиямет Күні көмектесетін шығар, және оны Оттың оның тобығына дейін ғана жететін әрі осыдан оның миы қайнатын жоғары бөлігіне орналастыратын шығар».***[29]

---

[27] Ибн Касир «Әл-бидая уа-н-ниһая» (4/423), «Әл-фусул фи сира әр-расул» (92-бет).

[28] Қ-з: «Сахих Муслим» (№ 203)).

[29] Әл-Бухари (№ 3883, 3884, 3885, 6208, 6572), Муслим (№ 209). Сондай-ақ «Әл-фусул фи сира әр-расул» (93-бет) және Ибн Касирдің «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/431-434) кітабын қараңыз.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесімен бірге Шамға сауда сапарына да шықты. Сол кезде оның жасы он екіде болатын. Абу Талиб оған өте мейірімді болатын, әрі оны Меккеде тастап кеткісі келмеді, өйткені онда оған қамқоршылық жасайтын одан басқа ешкім жоқ болатын.

Сапар кезінде Абу Талиб пен оның сапарларлас жолдастары Мухаммадпен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) байланысты таңғажайып аят-белгілерге куә болды, әрі бұл жайт көкесін өз ағасының баласына деген қамқорлығын күшейтуіне әрі ол үшін бұрынғысынан да көбірек қам жеуіне мәжбүрледі. Абу Муса әл-Әшғариден (Аллаһ оған разы болсын) келесі хикая жеткізілген: *"Абу Талиб құрайш көсемдерінің тобының құрамында Шамға сапарға шықты. Онымен бірге Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолға шықты. Олар монах (Бахира) тұратын жерге жеткен кезде, дамылдауға тоқтауды шешті. Бұрын олар монахтың үйшігінің жанынан өтіп бара жатқанда, ол ешқашан оларға шықпайтын да, тіпті оларға көңіл де бөлмейтін, ал осы жолы ол шығып, олардың арасынан біреуді іздей бастады. Кейін ол Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жанына келді де, оның қолынан ұстап: «Бұл – әлемдердің патшасы әрі әлемдердің Раббысының елшісі. Аллаһ оны әлемдерге мейірім ретінде жіберді», – деді. Құрайш көсемдері одан: «Бұл саған қайдан белгілі?», – деп сұрады. (Ол:) «Сендер тау өткелін кесіп өткен бойдан барлық талдар мен тастар сәждеге жығылды, ал олар мұндайды тек пайғамбарлардың алдында ғана жасайды. Ал дәл оның пайғамбар екенін мен оның жауырының астында орналасқан алмаға ұқсас пайғамбарлық мөрінен таныдым», (– деп жауап берді)".* Бұл хадисте сондай-ақ сапар кезінде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) төбесінен оны күннен қорғап бұлт қалқып жүргені және талдар оны өздерінің саясымен жауып, оған қарай бұтақтарын созғаны туралы хабарланады.[30]

Монах, Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) яһудилер көріп қоймауы әрі оған зиян тигізбеуі үшін, Абу Талибке немере інісімен бірге Меккеге қайта оралуды бұйырды, әрі Абу Талиб оның кеңесіне құлақ салып, оны артқа қайтарды.

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ер жеткен кезде, дәулетті жесір әйел болған Хадижа бинт Хууайлид оны өзінің Майсара атты құлымен бірге өзінің сауда істерімен Шамға аттандырды. Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

---

[30] Әт-Тирмизи (№ 3620). Тура осы хабарды, Тирмизиге сілтеме жасап, Ибн Касир де «Әл-фусул фи сира әр-расул» кітабында (94-бетте) келтіреді әрі оның барлық жеткізушілері сенімді екеніне нұсқайды. Әл-Әлбани «Сахих ат-Тирмизиде» (№ 3620) және «Фиқһ әс-сира лил-Ғазалиде» (68-бет) оны сенімді, сахих дейді.

болсын) бұл сауда-саттық сапары Хадижаға үлкен табыс келтірді. Бұдан тыс, сапар барысында Майсара болашақ пайғамбардың бойында өзін таң қалдырған көптеген құнды сипаттарды тапты, әрі Меккеге оралысымен олар туралы өзінің ханымына хабарлады. Осы жағдайлардың барлығы Хадижаның Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тұрмысқа шығу қалауын оятты. Ол осы неке арқылы бақытқа қол жеткізуге өте қатты үміттенді, ал нәтижесінде Аллаһтан тіпті ойына кіріп-шықпаған игілікке ие болды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) онымен жиырма бес жасында некелесті, ал оның жасы сол кезде қырықта еді.[31]

Аллаһ Тағала Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бала кезінен-ақ жәһилиет пен көпқұдайшылықтың ластығынан және кез-келген жаман қылықтардан қорғады. Ол өмірінде бірде-бір рет көпқұдайшылдар табынатын ешқандай пұтқа сый-құрмет көрсетпеді, бірде-бір рет болса да олардың пұтқа табынушылық рәсімдеріне қатыспады. Олар одан мұны талап ететін, бірақ ол бас тартатын, әрі Аллаһ оны қорғайтын және оның адалдығын сақтайтын. Ол ешқашан шарап ішпеген, оңбағандықтық жасамаған, әрі өзінің халқы жалған жолда екенін білген. Ол ешқашан Ұлы Жаратушыға серік қоспаған, бос көңіл көтерер жиындардан үнемі өзін аулақ ұстайтын[32], әрі оның руластары жасайтын арсыздықтар мен күнәлі істердің ешқайсысын жасамаған. Оның балалық және жасөспірімдік шағы өткен қоғам күнәлар мен әдепсіздікке, көпқұдайшылыққа, зұлымдыққа және бұзықтыққа батқан болатын. Онда пұтқа табынушылық, адам өлтіру, зинақорлық (соның ішінде топтық), еркектердің өз әйелдерін бөгде еркектермен жыныстық қатынасқа түсуге үндеуі[33], адамдардың ар-намысына, мал-мүлкіне және өміріне қол сұғу сияқты күнәлар кең тараған болатын. Осылардың барлығы оның халқының арасында Ислам келгенге дейін ешбір айыпталмай

---

[31] Бұл туралы Ибн әл-Қайим «Зад әл-мәғадта» (1/105) хабарлайды. Ибн Касир «Әл-бидая уә-н-ниһаяда» (3/466) Хадижаның некелескен кездегі жасы отыз бесте екенін айтқан, ал басқалардың пікірі бойынша – ол жиырма бесте еді.

[32] Ибн Касир «Әл-фусул фи сира әр-расул» (91-95-бет), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/406-451), ән-Нәуауи «Тахзиб әл-әсма уәл-луғат» (1/24).

[33] Еркек өз әйеліне: "Етеккірің біткен соң пәлен кісіге жыныстық қатынасқа түсуді ұсын», – дейтін де, одан алшақтап, ол әйел әлгі кісіден жүкті екені анықталмағанға дейін оған жақындамайтын, әрі тек содан соң ғана онымен жыныстық қатынастарын жалғастыратын. Ол мұны тәрбиелейтін баласы текті болуы үшін істейтін. Бұл құбылыс «никах әл-истибдағ», яғни «жыныстық қатынасты ұсыну некесі» деп аталатын.

және қоғамдық наразылыққа ұшырамай кең таралған болатын. Аталған нәрселерден бөлек қыздарын тірілей көміп тастау, балаларын кедейліктен қорқып өлтіру, құмар ойындары, арақ-шарап ішу сияқты (амалдар) оларда мақтаулы болып саналатын және мақтаныш болып табылатын. Айтылған нәрселер бұл қоғамның барлық мүшелері тұтасымен осы қылмыстарды жасайтын еді дегенді білдірмейді, алайда олар тарапынан наразылықтың болмауы олардың орын алып жатқан осы нәрселермен келісетініне нұсқайтын еді.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл жексұрын қылықтардың ешқайсысын ешқашан істемеді әрі осы бұзық әдеттерден алшақ болатын. Оның Раббысы оған салиқалылық пен керемет мінез-құлықты уахи етті, әрі руластары оның осы жоғары адамгершілік сипаттары туралы білетін. Дәл осы себептен де олар оны «әл-Әмин», яғни «адал, сенімді, арқа сүйер» деп атады.[34]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жасы отыз бесте болған кезінде, құрайштықтар Қағбаны қайта құруды шешті. Іс Қара тасты өз орнына орнатуға жеткенде, адамдар бұл құрметті міндетті орындауды кімге тапсыру керектігі жайында келіспеушілікке түсті. Қағбаны қайта қалпына келтіруге қатысқан әрбір ру дәл өздерінің руының өкілі осыны істеу керек деп санайтын. Талас-тартысты тоқтату үшін, олар арасында үкім шығару құқығын ғибадатханаға ең бірінші болып кіріп келетін адамға беру туралы шешім қабылданды. Бұл адам Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болып шықты, әрі бұл жайт баршаның қуанышын туғызды. Адамдар тартысты ретке келтіру әрі басталғалы тұрған шайқасты болдырмау міндеті артылған әділқазы әл-Әминнің дәл өзі болатынына өте разы еді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір жыртыс мата алып келуді бұйырды да, тасты оның оның ортасына қойып, әр рудың өкілдеріне матаның шетінен ұстап, оны тасымен бірге көтеруді ұсынды. Олардың барлығы тасты көтерген кезде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны алып, қабырғадағы әзірленген орнына қойды.[35]

Кейін Аллаһ оған оңашалануға және ғибадатқа деген махабатты уахи етті. Ол адамдардан оқшауланып Хира үңгіріне кететін, әрі сол жерде Аллаһ Тағалаға Ибраһим (аләйһис-сәләм) дінінің ережелеріне сәйкес құлшылық ететін. Барлық ғалымдар мұның

---

[34] Ахмад «әл-Муснад» (3/425). Әл-Әлбани «Фиқһ әс-сирада» (84-бет) келтірілген хадистердің ескертпелерінде бұл хабарды жақсы (хасан) деп атады.

[35] Ибн Касир «Әл-фусул фи сира әр-расул» (95-бет).

дүйсенбі күні орын алғанына бірауызды келіскен. Ал күніне келер болсақ, олардың көпшілігі бұл оқиға Піл жылынан қырық бір жыл кейін рабиғ әл-әууәл айының сегізінде орын алған деп айтқан.[36]

Оған үңгірге Жәбірейіл періште келіп: **«Оқы!», –** деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Мен оқи алмаймын!»***, – деп жауап берді. Сонда періште оны ол оған әрең шыдайтындай етіп қысты да, тағы да: **«Оқы!», –** деп бұйырды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тура сол: ***«Мен оқи алмаймын!»***, – деген жауабын қайырды. Сонда Жәбірейіл былай деді:

اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ (١) خَلَقَ الإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ (٢) اقْرَأْ وَرَبُّكَ الأَكْرَمُ (٣) الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ (٤) عَلَّمَ الإِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ (٥)

«Оқы! Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса Ардақты. Сондай Қаламмен үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрселерін үйреткен («әл-Ғаләқ» сүресі, 1-5 аяттар).

Осылайша Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбар (ән-нәби) болды. Бұл аяттардың түсірілуі оның пайғамбарлығының басталуының белгісі еді. Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қорыққан және жүрегі дірілдеген күйінде Хадижаға (Аллаһ оған разы болсын) оралды. Үйіне кірген бойда ол: ***«Менің үстімді жабыңдар! Менің үстімді жабыңдар!»***, – деді. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үстіне жамылғы жабылған соң, оның қорқынышы басылған кезде ол әйеліне орын алған оқиғалар туралы баяндап берді. Әңгімені тыңдап болған соң Хадижа: *«Жоқ! Жоқ! Аллаһ сізді ешқашан қорламайды. Өйткені сіз туысқандық қатынастарды үзбей ұстайсыз, өзіңізге басқалардың қам-қажеттіліктерін жүктейсіз, аш-жалаңаштарға көмектесесіз, қонақтарға сый-құрмет танытасыз, адамдарға қиындық сәттерінде қолдау көрсетесіз...»*, – деді.[37]

Біраз уақыт өткен соң Мухаммад пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «әл-Муддассир» («Жамылушы») сүресі түсірілді де, ол барша адамдар мен жындарға Аллаһтың елшісі болды. Бұл туралы Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп баяндаған: ***«Бірде мен жолмен кетіп бара жатып, кенеттен аспаннан бір дауыс естідім. Мен басым-***

---

[36] Ибн әл-Қайим "Зад әл-мәғад" (1/78). Ол сондай-ақ ғалымдардың осы оқиғаның орын алғанының басқа да күндерін атағандарына нұсқаған: олардың кейбірі бұл рамазанда орын алды деп санаса, өзгелері – ражаб айында деген.

[37] Әл-Бухари (№ 3), Муслим (№ 160)).

ды көтердім әрі маған Хира үңгірінде келген періштені көрдім. Бұл жолы ол жер мен көктің арасында тақта отырған еді. Мен одан (қатты) қорқып, үйге оралып: «Менің үстімді жабыңдар!», – дедім. Осыдан соң Аллаһ Тағала:

يَا أَيُّهَا الْمُدَّثِّرُ (١) قُمْ فَأَنْذِرْ (٢) وَرَبَّكَ فَكَبِّرْ (٣) وَثِيَابَكَ فَطَهِّرْ (٤) وَالرُّجْزَ فَاهْجُرْ (٥)

«Әй жамылушы! Тұр енді! Адамдарға ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Әртүрлі лас істерден аулақ бол!» («әл-Мудассир» сүресі, 1-5 аяттар), – *деген аяттарды түсірді. Осыдан соң уахилар жаңа күшпен жалғасты да, бірінен соң бірі келе берді».*[38]

«Әл-Муддассир» сүресінің түсуі Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) елшілігінің бастамасы болды. Ол құпия түрде адамдарды Исламға шақыра бастады. Оның шақыруына алғаш жауап бергенгендер және осыда өзгелерді озғандар Хадижа, Али, Зәйд ибн Хариса және Абу Бакр әс-Сыддық еді. Кейін адамдар Аллаһтың дініне бірінен соң бірі кіре бастады да, ол Мекке тұрғындары арасында таралды. Бірнеше уақыттан соң Раббы Өзінің елшісіне Исламға ашық шақыруды бұйырып, келесі аяттарды түсірді:

وَأَنْذِرْ عَشِيرَتَكَ الأَقْرَبِينَ (٢١٤) وَاخْفِضْ جَنَاحَكَ لِمَنِ اتَّبَعَكَ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ (٢١٥) فَإِنْ عَصَوْكَ فَقُلْ إِنِّي بَرِيءٌ مِمَّا تَعْمَلُونَ (٢١٦)

"Жақын ағайындарыңа ескерт! Мүминдерден саған ергендерге қанатыңды жай. Сонда егер олар саған мойынсынбаса: «Сендердің істегендеріңе қатыссызбын», – де" («әш-Шуғара» сүресі, 214-216 аяттар).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың әмірін орындап, әс-Сафа төбесіне шықты да, құрайыштықтардың әрбір руын рет-ретімен жеке атап: «*Уа Фихрдың ұлдары! Уа Адийдің ұлдары!...*» – деп жария салып, олар жиналған соң: «*Маған жауап беріңдерші: егер мен сендерге мына жазықтың арғы жағынан жуық арада сендерге шабуыл жасауды көздеген атты әскер көрінеді деп айтсам, сендер маған сенесіңдер ме*?», – деп жалғастырды. Құрайштықтар: «Әрине! Өйткені сен ешқашан біз тарапымыздан өтірік айтқандығыңмен әшкереленген емессің ғой!», – деп жауап берді. Сонда ол: «*Ендеше, мен сендерге қатал жаза туралы ескерту үшін жіберілген ескертуші екенімді біліңдер»,* – деді.[39]

---

[38] Әл-Бухари (№ 3).

[39] Әл-Бухари (№ 4971), Муслим (№ 208)).

Құрайштық көсемдер мен олардың жақтаушылары Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұшпандық пиғылда болғанына қарамастан, олардың ешқайсысы оны өтірікшілікте немесе өзге жаман сипатта айыптай алмайтын еді. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

فَإِنَّهُمْ لا يُكَذِّبُونَكَ وَلَكِنَّ الظَّالِمِينَ بِآيَاتِ اللَّهِ يَجْحَدُونَ (٣٣)

«Олар сені өтірікші санамайды, бұл залымдар Аллаһтың аяттарын теріске шығарады!» («әл-Әнғам сүресі», 33-аят).

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) солардың арасында қырық жыл өмір сүрген еді, ал егер оларға оның бойында бір ғана болса да айыпты сипат бар екені белгілі болғанда, бұл оларды оған ілгісі келген әлдебір жаман атақты іздеу мен сол арқылы оны адамдар арасында қаралаудың бейнетінен арылтар еді. Ең соңында олар оған тағуға болатын ең лайықты жаман атақ – бұл «сиқыршы» және «көріпкел» деп шешті, өйткені оның Аллаһқа (ғана) құлшылық етуге шықыруы әке мен бала, ерлі зайыптылар, бауырлар арасында бөліну салды.

Сондай-ақ олар оның өздерінің көпқұдайшылығына қарсы шыққанындығын әрі тек Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақырып жатқанындығын негіз етіп, оны ақылдан азғандықта да айыптады.

Алайда Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) еш нәрсе тоқтата алмады. Ол адамдарды Аллаһқа шақыруын жалғастыра берді, қажылық маусымдарында Меккеге келіп жатқан қажылармен сөйлесті, адамдармен базарларда әңгімелесті. Бірде ол Таифтың тұрғындарын Исламға шақыру үшін жолға шықты, бірақ олар оны қорлап, қинады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың рахымы мен сый-сауабына үміт етіп, бұл жәбірлеулерді сабырлықпен басынан кешірді, ал артқа қайтып бара жатқан кезінде ол бір топ жындардың одан Құранның сөздерін тыңдап, Исламды қабылдағанымен марапатталды.

Түндердің бір түнінде ол Меккеден Бәйтул-л-Мақдиске (Иерусалим) алып өтілді де, содан соң көктерге көтерілді. Оған Жәбірейіл келіп, көкірегін кесіп, оны Зәмзәм суымен жуды да, содан кейін даналық пен иманға толы ыдысты алып келіп, оның ішіндегісін оған құйды. Содан соң ол Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолынан алып, онымен бірге аспанға көтерілді.[40] Ибн Хәжар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкірегі үш рет кесілгенін атап өтеді: бірінші рет

[40] Әл-Бухари (№ 349), Муслим (№ 163).

– оның балалық шағында бану сағд тайпасында өмір сүрген кезінде, екінші рет – ол пайғамбар болуының қарсаңында, әрі үшінші рет – оның көктерге көтерілуінің алдында. Ол былай деп жазады: *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкірегі ол пайғамбар болудың қарсаңында да кесілгені сенімді түрде жеткізіледі. Бұл туралы Абу Нуғайм «Даләил ән-нубууа» кітабында жеткізген. Бірінші кесуде қосымша амал – жүректен ұйыған қанды алып тастау орын алған болатын. Бұған Муслим Әнастан жеткізетін хадисте (былай деп нұсқайды): "Жәбірейіл (Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) жүрегін шығарып алды да, одан ұйыған қанды алып тастап: «Бұл – шайтанның сендегі үлесі!», – деді". Суреттелген оқиға Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ерте балалық шағында орын алды, әрі оған шайтаннан қорғалған ең жақсы кейіпте өсуге мүмкіндік берді. Көкіректің екінші кесілуі ол пайғамбар болған тұста орын алды. Бұл оған қосымша құрмет көрсету әрі ол оған түсіріліп жатқан уахиларды бекем әрі мүлде таза жүрекке ие болған кейіпте қабылдауы үшін жасалды. Көкіректің келесі кесілуі көктерге көтерілудің қарсаңында орын алды. Бұл оны Аллаһ Тағаламен кездесуге және сөйлесуге дайындау үшін жасалды. Сондай-ақ бұл үшінші реттің мәні оның жүрегінің жуылуын кемелдікке жеткізу үшін болған болуы да ықтимал, өйткені оның шариғатында жуынудың кемелдігіне дәл сол үш рет жуумен қол жеткізіледі ғой».*[41]

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкке көтерілген түні жетінші аспанның үстінде ораналасқан орынға жетіп, сол жерде періштелердің қанаттарының сықырлауын естіді. Сол жерде оған және оның үмметіне бес уақыт намазды орындау міндеті жүктелді.

Сол түні ол басқа пайғамбарлармен бірге екі рағат намаз орындады әрі сол намазда имам болды, ал таңға жуық Меккеге қайта алып келінді.

Әрі қарай ол бірқұдайшылыққа деген өзінің қажымас шақыруын жалғастырды. Өз халқын тек Аллаһқа ғана құлшылық ету керектігіне шақыру кезеңі жалпы алғанда он үш жылға созылды. Оның соңғы үш жылында мұсылмандар өздеріне парыз етілген бес уақыт намазды орындай бастады. Құрайштықтардың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабаларына жасаған қуғын-сүргіндері жан шыдатпайтындай болған кезде, Аллаһ Тағала оларға Мәдинаға қоныс аударуды бұйырды. Бұл жоғарыда баяндалып кеткеніндей, ол сол жерде он жыл өмір сүрді, әрі олардың барысында Аллаһ оған Исламның қалған үкім-ережелерін түсірді. Келесі тарауларда біз Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз руластарының

---

[41] «Фатх әл-Бәри» (7/ 205-207).

тигізген зәбірлерін қалайша бастан кешкені туралы баяндайтын боламыз, оның әскери жорықтары мен Аллаһтың жолындағы күресі, оның қоштасу қажылығы, содан соң Мәдинаға оралуы және бұл дүниеден өтуі және Аллаһ ол арқылы адамдарға Өз дінін толығымен жеткізгені жайында әңгімелейміз.[42]

---

[42] Ибн әл-Қайим "Зад әл-мәғад" (1/ 71–135), Ибн Касир «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/353 – 563), «Әл-фусул фи сира әр-расул» (91-330 беттер), ән-Нәуауи «Тахзиб әл-асма уәл-луғат» (1/22-33)).

ҮШІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) СЫРТ КЕЛБЕТІНІҢ СУРЕТТЕМЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК КӨРКІ

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең жақсы дене келбетіне және ең көркем адамгершілік сипаттарға ие болатын. Оның алақандарындай жұмсақ алақандар ешкімде жоқ еді. Одан аңқитын хош иістей хош иіс ешкімнен шықпайтын. Ешкім оның ақылындай кемел ақылға ие болмаған, әрі ешкім өзінің адамдармен қарым-қатынасында ол сияқты көркем болмаған, ешкім ол секілді Аллаһ туралы білмеген, әрі Оған қызмет етуде ол сияқты мойынсұнушы және ынта-жігерлі болмаған, ешкім ол секілді ержүрек, жомарт, әділ және кеңпейіл, сабырлы және Раббының алдында тағзым-итағатты[43], әрі Оның құлдарына ізгі, және ол секілді ұялшақ болған емес. Ол кек алмайтын, әрі өзіне тигізілген ренжітулерге ашуланбайтын, бірақ Аллаһтың орнатқан заң-ережелері бұзылған кездерде өзінің салиқалы ашуын білдіретін. Оның кек алуы тек Аллаһ үшін ғана болатын. Ол біреуді басқа біреуден артық санамайтын: ол әлсіз бен күштіге, алыс пен жақынға, ақсүек пен қарапайым адамға – баршаға бірдей әділ болатын.

Ол ешқашан ешқандай тамаққа мін айтпайтын: тәбеті тартқан нәрсесін жейтін, жегісі келмегенді жемейтін. Игі-хәлал тамақтан

---

[43] Абдуллаһ ибн әш-Шиххир былай деп хабарлаған: «*Мен Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол намаз оқып тұрған кезінде кіріп келдім, әрі оның көкірегінен жылағандығы себепті қазанның қайнап жатқанындай дыбыстар шығып жатқанын естідім*». Бұл хадис Абу Даудта келтіріледі (№ 904). Әл-Әлбани «Мухтасар әш-Шәмаил» кітабында оның сенімділігін (сахихтығын) растаған (№ 276).

не тура келсе, соны жейтін, әрі таңдаулы ас талап етпейтін. Ол сыйлықтар қабыл алатын, әрі оларға сыймен қайыратын, бірақ садақа алмайтын. Ол өз қолымен аяқ киімін жөндейтін, әрі киімін жамап-тігетін, қойларын сауатын және өз қажеттіліктерін ешкімнің көмегінсіз орындайтын. Одан қарапайым ешкім жоқ еді. Ол кез-келгеннің: байдың да, кедейдің де, ақсүйектің де, қарапайым адамның да – шақыруына жауап беретін. Ол кедейлерді жақсы көретін, оларды жерлеуге қатысатын, әрі науқастарын зиярат ететін. Атқа да, түйеге де, есекке де, қашырға да мініп жүретін, әрі артына өзгелерді отырғызатын. Адамдармен бірге жаяу жүріп бара жатса, оларды алға өткізетін де, өзі олардың соңынан жүретін.[44]

Ол тағып жүретін жүзік күмістен болатын, әрі ол оны оң немесе сол қолының шынашағына тағатын.

Өте жиі жағдайларда тамақтың жетіспеушілігінен оның өз белдігін қаттырақ тартып жүруіне тура келетін. Аллаһ оған бұл дүниенің қазыналарының кілтін сый етті, бірақ ол өзі үшін мәңгі дүниені таңдады.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бойы өте ұзын да, аласа да емес еді, ол қараторы да, ағарыңқы да болмайтын (яғни оның терісі күлгін қызыл болатын). Оның шаштары бұйра да, тік те болмайтын.[45] Оның алақандары мен табандары ірі болатын, әрі жүзі әдемі еді.[46] Ол аққұба әрі сүйкімді бет әлпетті еді.[47]

Ол кең иықты болатын, ал қою шаштары құлақ сырғалықтарына дейін, кейде олардың ортасына дейін жететін, ал кейде ол оларды иығына дейін түсіретін. Оның сақалы қою болатын, ал денесінде түктері өте аз еді.

Оның басы әрі буындары ірі болатын, көкірегіндегі басталатын түктің ұзынша жолағы кіндігіне дейін жететін, ал ол жүрген кезінде бейне бір баурайменен жүріп келе жатқандай шайқалып жүретін. Одан бұрын да, одан кейін де ол секілді ешкім жоқ еді. Оның аузы, көздері үлкен, әрі тобығы құрғақ болатын. Оның келбеті айдан да әдемі, ал жүзі толған ай секілді еді. Оның екі жауырынының арасында пайғамбарлық мөр бар болатын. Ол үлкендігі көгершіннің жұмыртқасындай қызыл қал еді. Бұл қалдың үстінде бір-екі қылшықтар өскендігі туралы да айтылады.

---

[44] Ахмад (3/398), Ибн Мәжаһ (№ 246), әл-Хаким (4/481), Ибн Хиббан (2099). Сондай-ақ «Силсилә әл-ахадис ас-сахиха» (№ 1557).

[45] Әт-Тирмизи «Мухтасар әш-Шәмаил» (№ 1). Бұл хабардың сахихтығын шейх әл-Әлбани растаған. Ол сондай-ақ әл-Бухариде де келтіріледі (№ 3549).

[46] Әл-Бухари (№ 5908).

[47] Муслим (№ 2340).

Ол шаштарының арасын айрықпен бөлетін әрі оларды майлайтын. Ешқашан сақалын қысқартпайтын, тек оны тарайтын ғана, әрі өзінің ізбасарларына сақал жіберіп өсіруді бұйыратын.

Ол ұйықтар алдында қабақтарға сүрме жағуды талапты түрде бұйыратын, әрі: ***«Көздеріңді ұйықтар алдында сүрмемен бояңдар. Бұл назарларыңды айқындау етеді, әрі кірпіктердің өсуіне оңды ықпал жасайды»***, – дейтін.[48] Ол сондай-ақ былай дейтін: ***«Сендер қабақтарыңа жаға алатын нәрселердің ең абзалы – сүрме. Ол назарды айқын етеді, әрі кірпіктердің өсуіне де оң ықпал жасайды».***[49]

Оның басында да, сақалында да ақ шаштар аз болатын. Ол шаштарын майлаған кезде, ақ шаштары мүлде көрінбейтін, ал майламаған кездерінде тек бір-екі ағарған (шаш пен сақал) қылшықтарын көруге болатын. Олардың саны жиырмаға жуық болатын. Ол: ***«Менің шашымды ағартқан «Һуд» және сол секілді сүрелер»,*** – деп айтатын, ал хадистің басқа бір риуаятында оның: ***«Менде ақ шаштардың пайда болуының себебі – «Һуд», «әл-Уақиға», «әл-Мурсаләт», «ән-Нәба» және «әт-Тәкуир» сүрелері»,*** – дегені келтірілген.[50]

Елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұзын көйлектер (қамис) және йеменнің ала жадағайын (әл-хибара) киюді ұнататын. Оның киімдерінен сәлде (әл-имама), әрі балтырының ортасынан дейін түсетін изар (белден төмен оранып алатын мата жыртысы) болатын.[51]

Ол хош иістерді өте ұнататын әрі: ***«Ерлерге арналған хош иістердің айқын иісі бар, бірақ олар түсін қалдырмайды, ал әйелдерге арналған хош иістер түсін қалдырады бірақ (айқын) сезілетін иісі жоқ»***, – деп айтатын.[52]

Айт күндері және өзіне келген делегациялар үшін ол әдемі киінуге тырысатын. Ол тазалықты жақсы көретін.

Ол өзінің кіріп келген кезінде біреулердің орнынан тұрып оны қарсы алғанын, немесе ол отырған кезінде оның алдында

---

[48] Әт-Тирмизи «әш-Шәмаил». Әл-Әлбани «Мухтасар әш-Шәмаил» кітабында хадисті сахих деп бағалады (№ 43).

[49] Әт-Тирмизи «әш-Шәмаил». Әл-Әлбани «Мухтасар әш-Шәмаил» кітабында хадисті сахих деп бағалады (№ 44).

[50] «Мухтасар әш-Шәмаил» (№ 34, 35). Хабардың сахихтығын әл-Әлбани растаған.

[51] «Мухтасар әш-Шәмаил» (№ 97). Хабардың сахихтығын әл-Әлбани растаған.

[52] «Мухтасар әш-Шәмаил» (№ 188). Хабардың сахихтығын әл-Әлбани растаған.

біреулердің тұрып тұрғанын ұнатпайтын, әрі оның мұндайға деген қатынасын білген сахабалар бұлай істемейтін.[53]

Ол тісін мисуакпен тазалағанды өте ұнататын, әрі үйге кірген бойда ең алдымен осыны істейтін. Түнде намаз оқу үшін ұйқыдан тұрған кезінде ол ең алдымен аузын мисуакпен тазалайтын.

Ол түннің бірінші бөлігін ұйықтайтын, кейін тұрып намаздарын оқитын. Оның түнгі намаздары ұзақ болатындығы соншалықты – ұзақ уақыт тік тұрғандықтан табандары ісіп кететін. Түннің соңында таң атуға шамалы қалғанда ол тақ ракағаттардан тұратын үтір намазын оқып, түнгі намаздарын аяқтайтын.

Ол өзгелердің Құран оқығанын тыңдауды ұнататын.

Ол науқастарды зиярат ететін, қайтыс болған адамдар үшін жаназа намаздарын оқып, оларды жерлеу рәсімдеріне қатысатын.

Оның ерекше қасиеттерінің бірі қатты ұялшақтық болатын. Егер оған әлдебір нәрсе ұнамаса, мұны оның бет әлпетінің өзгеруінен білуге болатын.

Ол Аллаһқа шынайы түрде тәуекел ететін, өйткені тәуекел етушілердің мырзасы болатын. Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: *"Мен Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) он жыл қызмет еттім, әрі мен оның тапсырмасын орындай алмаған әрбір кезде, ол тек:* ***«Егер бұны Аллаһ тағдырға жазғанда, ол болар еді»,*** *– деп қана қоятын".*[54] Алайда Аллаһ Тағалаға деген кемел тәуекел жасауына қарамастан, ол сонда да қажетті амалдарды жасап және тиісті іс-шараларды іске асырып, сыртқы себептерді де ескеретін.

Ол ешқашан қиянатшылдық жасамайтын, әрі өзгелерге де қиянат пен сатқындық жасауға тыйым салатын. Тіпті Ислам келгенге дейін де Аллаһ Өзінің болашақ елшісін надандық (жәһилиет) дәуірінің оңбаған қылықтарынан сақтады.[55]

Бала кезінде Мухаммад (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) қой бағатын, өйткені өмірінің басталу шағында қой бақпаған пайғамбар болмаған.[56] Ол пайғамбар болмаған кездің өзінде тастардың жанынан өткен кездерінде, олар оған сәлем беретін.[57]

Оның бірнеше есімдері бар. Сенімді хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: ***«Мен – Мухаммад (Мақтаулы) әрі Ахмад (Мақтаушы), әрі мен – Аллаһ ол арқылы күпірлікті өшіретін әл-Махи (Өшіруші),***

---

[53] Ахмад (3/134).

[54] Ахмад (1/352). Хадис сенімді.

[55] Әл-Бухари (№ 3829), Ахмад (4/222).

[56] Әл-Бухари (№ 2262, 3406).

[57] Муслим (№ 2277).

әрі мен – (Қиямет Күні) оның артынан адамдар жиналатын әл-Хашир (Жинаушы), әрі мен – әл-Ғақиб (Ізбен Ілесуші)». «Ізбен Ілесуші» – яғни одан кейін өзге пайғамбарлар болмайтын пайғамбар.[58]

Басқа бір хадисте Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мынандай сөздері келтіріледі: ***«Мен – Мухаммад әрі Ахмад, әрі мен – әл-Мукаффи (Ізбе-із жүруші)[59], әрі мен – әл-Хашир (Жинаушы), әрі мен – Нәбий әт-тәуба (Тәубе Елшісі), әрі мен – Нәбий әр-рахма (Мейірім Пайғамбары)»*** (Муслим (№ 2355), әт-Тирмизи «Мухтасар әш-шәмаил» (№ 316)).

Оның куниясы Әбул-Қасим болатын.

Аллаһ Тағала оны ол арқылы көркем мінезділікті кемелдікке жеткізу үшін жіберді (Ахмад (2/381, № 8939).

Оның есімін Аллаһ Тағала Құранның бірнеше жерлерінде атап айтады:

«Әли Имран» сүресінде:

وَمَا مُحَمَّدٌ إِلا رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِنْ قَبْلِهِ الرُّسُلُ

«Мухаммад – одан бұрын да елшілер болған елші ғана» («Әли Имран» сүресі; 144-аят).

«Әл-Әхзаб» сүресінде:

مَا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَا أَحَدٍ مِنْ رِجَالِكُمْ وَلَكِنْ رَسُولَ اللَّهِ وَخَاتَمَ النَّبِيِّينَ

«Мухаммад сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңы» («әл-Әхзаб» сүресі, 40-аят).

«Мухаммад» сүресінде:

وَالَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَآمَنُوا بِمَا نُزِّلَ عَلَى مُحَمَّدٍ وَهُوَ الْحَقُّ مِنْ رَبِّهِمْ كَفَّرَ عَنْهُمْ سَيِّئَاتِهِمْ وَأَصْلَحَ بَالَهُمْ

«Ал иман келтіріп, ізгі іс істегендердің, сондай-ақ Мухаммадқа Раббылары тарапынан түсірілген ақиқатқа иман келтіргендердің Аллаһ күналарын кешіріп, жағдайларын түзетті» («Мухаммад» сүресі, 2-аят).

«Әл-Фатх» сүресінде:

---

[58] Әл-Бухари (№ 3532), Муслим (№ 2354).

[59] Яғни өзінен бұрынғы пайғамбарлардың ізімен жүруші. **«Кейін Біз олардың ізімен елшілерімізді жібердік»** (Құран, 57: 27). Қ-з: «Зад әл-мәғад» (1/94).

مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ

«Мухаммад – Аллаһтың елшісі» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят).

«Әс-Сафф» сүресінде Аллаһ Исаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) мынандай сөздерін келтіреді:

وَمُبَشِّرًا بِرَسُولٍ يَأْتِي مِنْ بَعْدِي اسْمُهُ أَحْمَدُ

«Мен өзімнен кейін келетін Ахмад есімді елшімен сүйіншілеу үшін жіберілдім» («әс-Сафф» сүресі, 6-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көп уақытын Аллаһты зікір етуге және оның аяттары жайында ой-пікір жүгіртуге арнайтын әрі аз сөйлейтін. Оның намаздары ұзақ, ал құтпалары қысқа болатын.

Ол хош иістерді жақсы көретін әрі оған біреу хош иіс жағуды ұсынса, ешқашан бас тартпайтын, әрі ол ұнамсыз иістерді ұнатпайтын.

Ол кез-келген өзге адамнан көбірек күлімсірейтін, әрі азу тістері көрінетіндей өте сирек күлетін. Жәрир (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндайтын: *"Мен Исламды қабылдағалы бері Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) маған үйіне кіруге рұқсат етпей қойған жағдай болған емес. Мені кездестірген әркез ол маған қарап жымиятын. Бірде мен оған аттың үстінде мығым отыра алмайтынымды айтып, арыз шақтым, әрі ол менің көкірегімнен (жай) ұрды да: «**Уа Аллаһ, оны мығым ете гөр әрі оны тура жолға нұсқаушы және тура жолмен жүруші ете гөр!** /Аллаһумма, саббит-һу уә-жғәл-һу һадиян маһдия!/» – деді".*[60]

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қалжыңдайтын, бірақ тіпті қалжыңдаған кезінде де ол тек шындықты айтатын.

Ол ешкіммен дөрекі болмайтын, кешірім өтінулер мен ақталуларды ынтасымен қабыл ететін.

Ол үш саусағымен тамақтанатын, кейін оларды жалайтын, ал су ішкен кезінде үш рет үзіліс жасап, ыдыстан тыс демін шығаратын.

Ол қысқа сөйлейтін, бірақ оның сөздері өзіне көптеген мағыналарды қамтитын. Оның сөздері, тыңдарман естігенін есте сақтап қалатындай, түсінікті әрі анық болатын. Кейде ол, сөздерінің тыңдарманға барынша түсінікті болуы үшін, айтқанын үш рет қайталайтын. Ол ешқашан қажетсіз сөйлемейтін.

---

[60] Әл-Бухари (№ 3035, 3822, 6090).

Оның бойында барлық ардақты адамгершілік сипаттар мен ең көркем іс-әрекеттер жиналған еді. Егер ол біреуге сын айтатын болса, мұны әдетте астыртын сөзбен айтатын; адамдарға жұмсақтықты бұйыратын әрі оған шақыратын, және оларға дөрекілік пен қаталдықты тыйым салатын. Ол кеңпейілділікке, кешірімділікке, ұстамдылыққа, естілікке, байсалдылыққа, сабырлыққа, әдептілікке және көркем адамгершілік сипаттарға шақыратын.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аяқ киім киюді оң аяғынан бастауды, шашын оң жақтан тарап майлауды, дәрет алуды денесінің оң жағынан бастауды әрі өзінің қалған іс-амалдарында да осылай істеуді ұнататын. Ол шашты тым жиі тарап-реттеуді сөгетін. Сол қолын (жыныстық мүшелерін) жуыпшаю үшін және басқа да сол сияқты іс-әреттерді жасау үшін қолданатын.

Ұйқыға жатарда ол оң жамбасына жататын, әрі оң алақанын оң бетінің астына қоятын. Ұйықтар алдында ол арнайы зікірлерді (Аллаһтың еске алу сөздерін) айтатын. Таң алдында аздап көз іліп ұйықтарда ол шынтағын еденге тіке тіреп қойып, басын алақанына қоятын.

Ол адамдармен бірге отыратын жерлер білім, ақыл-парасаттылық, ұялшақтық, сенімділік, адалдық пен тыныштық жиналыстары болатын. Бұл жиналыстарда дауыстар көтерілмейтін, Аллаһтың тыйымдары бұзылмайтын, адамдар тақуалықта, қарапайымдылықта, үлкендерге құрмет көрсетуде, жастарға тілеулестік білдіруде, мұқтаждарға көмек көрсетуде бір-бірінен асып түсуге тырысатын. Адамдар сол жиындардан ізгілік жасауға және жақсылыққа шақыруға ұмтылып таралатын.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жерге отырып тамақтанатын, әрі тамағын жерге қоятын. Ол кедейлермен, жесірлермен және құлдармен олардың мәселелерін шешу үшін жүретін, әрі оларды шешіп бермей оларды тастап кетпейтін. Ойнап жатқан балалардың жандарынан өтіп жатып, ол үнемі оларға сәлем беретін. Ол ешқашан бөгде әйелдердің қолын ұстамайтын, өзінің сахабаларына достық сезім танытатын, олар туралы қам жейтін, әрі оларды зиярат жасайтын, кез-келген тайпадан болған абырой-мәртебелі адамдарға құрмет танытатын, әрі өзімен сөйлесетіннің әрбіріне, тіпті олар адамдардың ең нашарлары болса да, бетін бұрып сұхбаттасатын, әрі сонысымен олардың игі және достық қатынасын өзіне қарататын.

Оған он жыл бойын қызмет еткен Әнас былай деп баяндайтын: *«Пайғамбар бірде-бір рет маған наразылығын білдірмеген. Мен не істесем де, ол ешқашан маған: «Сен неменеге мұны істедің?», – деп, ал егер мен әлдебір нәрсені істемесем, ол: «Сен неге мұны істемедің?», – деп жазғырған емес. Адамдардан ешкімде оның мінез-құлқындай*

ең көркем мінез-құлық жоқ еді. Мен өмірімде оның алақандарынан жұмсақ не жібекке, не қыжымға қол тигізбеппін, әрі оның терінің иісінен хош болған мискті иіскеген емеспін».[61]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ешқашан жаман сөз де, жаман қылық та жасаған емес, тіпті базарда болған кезінде де айқайламаған, жауыздыққа жауыздықпен қайырмаған, керісінше, кешірген, ғафу еткен, қарапайымдылық, ұстамдылық әрі естілік танытқан. Ол бірде-бір рет қызметшісіне де, әйеліне де, жалпы адамдардан ешкімге қолын көтермеген, тек Аллаһтың жолында соғысқан жағдайлардан бөлек. Оған әлдебір істі былай немесе басқаша істеуде таңдау мүмкіндігі туындағанда, ол егер ода ешбір күнәлі нәрсе болмаса, онда өзінің таңдауын ең жеңіл нұсқасына тоқтататын. Ал егер бұда әлдебір күнә болса, ол өзін мұндай істен адамдардың кез-келгенінен алшақтау ұстайтын.

Аллаһ оған көркем-мінездің бүкіл кемелдігі мен барлық керемет сипаттарды сыйлады, Ол оған білімнен, артықшылықтардан және адам үшін бұл дүние мен Ақыретте құтылу, жетістік әрі бақыт болып табылатын барлық нәрседен жаратылыстардан өзге ешкімге бермеген үлес-несібе берді. Хат тануға үйретілмеген, оқуды да, жазуды да білмейтін, ешқашан ешбір мұғалімде оқымаған оны Аллаһ Тағала таңдап алды да, бүкіл адамзаттан – олардың алғашқы ұрпақтарынан да, кейінгілерінен де ардақты етті, әрі оған түсірілген уахиді бүкіл адамзат пен жындар үшін Қиямет Күніне дейін дін етті. Мінезі Қасиетті Құран болған[62] бұл адамға Аллаһтың таусылмас игілігі мен сәлемі болсын.[63]

Біздің әрбірімізге өз сөздері мен амалдарында, ынта-ыждағаты мен жиһадында (күресінде), зуһдтығы мен діндарлығында, шыншылдығы мен ықыластылығында оның өнегесіне ілесу әрі ұқсап-еліктеу қажет, тек оның ғана айрықша ерекшіліктеріне жататын нәрселер мен шамамыз келмейтін амалдардан бөлек.[64] Пайғамбар (оған Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Сендер шамаларын жететін нәрселерді ғана істеулерің керек! Аллаһпен ант етемін, сендердің өздерің (игі-салиқалы***

---

[61] Әл-Бухари (№ 6038), Муслим (№ 2309), әт-Тирмизи «Мухтасар әшшәмаил» (№ 269).

[62] Ән-Нәуауи «Тахзиб әл-асма уәл-луғат» (1/25-26, 31-32).

[63] Әт-Тирмизи «Мухтасар әш-Шәмаил» (13-194 беттер).

[64] Қ-з: ән-Нәуауи «Тахзиб әс-сира» (56-бет), Абдулғани әл-Мақдиси «Мухтасар әс-сира» (77-бет), әл-Қады Ғияд «Хуқуқ әл-мустафа» (1/77-215), әт-Тирмизи «Мухтасар әш-Шәмаил» (112-188 беттер).

амалдар жасаудан) жалықпасаңдар, Аллаһ (сендерді салиқалы амалдарың үшін марапаттаудан) жалықпайды».[65]

Ол сондай-ақ былай деді: ***«Мен сендерге тыйым салған нәрселерден аулақ болыңдар, ал мен сендерге бұйырған нәрселерімнен шамаларын жеткенін орындаңдар».***[66]

---

65 Әл-Бухари (№ 1970), Муслим (1/541, № 782).
66 Әл-Бухари (№ 7288), Муслим (№ 2619)).

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ҒИБАДАТТАҒЫ ЫЖДАҒАТТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АЛЛАҺ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ (ЖИҺАДЫ)

1. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мүминдер үшін үлгі-өнеге, ұқсап-еліктеуге және ізінен ілесуге шынайы лайықты имам (басшы) еді. Аллаһ Тағала ол туралы былай деді:

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِمَنْ كَانَ يَرْجُو اللَّهَ وَالْيَوْمَ الآخِرَ وَذَكَرَ اللَّهَ كَثِيرًا

«Расында, сендер үшін, Аллаһты және Ақырет күнін үміт еткендер және Аллаһты көп еске алатындар үшін, Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар» («әл-Әхзаб» сүресі, 21-аят).

Ол намаздарында ыждағатты болғаны сонша, тік аяқта ұзақ уақыт тұрғандығы себепті табандары ісіп кететін және жарылатын. Одан: «Сіз не үшін осыны істейсіз, Аллаһ сіздің бұрыңғы әрі болашақ күнәларыңызды кешіріп қойды емес пе?» – деп сұрағанда, ол: ***«Ендеше, қалайша мен Оның шүкір етуші құлы болмаймын?!»*** – деп жауап беретін.[67]

2. Әр түні ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) он бір ракағаттан, ал кейде он үш ракағаттан тұратын түнгі намазды (қиям әл-ләйл) оқитын.[68] Ал күн сайын ол парыз намаздарына қосымша, олардан бұрын әрі олардан кейін бірнеше нәпіл намаздарын (әр-рауатиб) оқитын. Олардың жалпы ракағаттарының саны он екі болатын,[69] ал кейде он болатын.[70] Бұдан тыс ол төрт

[67] Әл-Бухари (№ 1130), Муслим (№ 2819).
[68] Әл-Бухари (№ 1147), Муслим (№ 737).
[69] Муслим (№ 728).
[70] Әл-Бухари (№ 1172), Муслим (№ 729).

әрі одан да көп ракағаттардан тұратын таңертеңгі нәпіл (духа)[71] намазын оқитын.[72]

Түнгі намаз туралы айтар болсақ, ол оны өте ұзаққа созатын, тіпті бір ракағатта Құранның («жуз» деп аталатын) отыздан бір бөлігінен бесеуін оқитын.[73] Сөйтіп, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тәулік барысында орындайтын ракағаттарының саны қырықтан асатын, ал олардың он жетісі күнделікті бес уақыт парыз намаздарына (әл-фараид) тиесілі болатын.[74]

3. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза ұстауына келер болсақ, ол рамазан айындағы парыз оразасынан бөлек нәпіл (міндетті емес қосымша) оразаларын да ұстайтын. Ол ай сайын үш күн ораза ұстайтын,[75] дүйсенбі мен бейсенбі күндері ораза ұстауға тырысатын,[76] шағбан айын түгелімен немесе оның басым бөлігін ораза ұстаумен өткізетін,[77] мүминдерді шағбан айындағы алты күндік оразаны ұстауға ынталандыратын.[78]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейде көп күндерін нәпіл ораза ұстаумен өткізетіні соншалықты – адамдар оны оразаны мүлде үзбей ұстайтын шығар деп ойлай бастайтын, ал кейде ол ұзақ уақыт бойы ораза ұстамай жүретіні соншалықты – тіпті адамдар оны мүлде нәпіл ораза ұстамайтын шығар деп ойлайтын.[79] Рамазаннан басқа айлардың ішінде ол оны түгелімен ораза ұстаумен өткізетін ай жоқ болатын, тек шағбаннан басқа.

Ол Ашура күнінде (мухаррам айының оныншы күні)[80] және зул-һижжа айының тоғызыншы (Арафа) күні ораза ұстайтын.[81]

Кейде ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі немесе үш күн арасын үзбей әрі кешкісін ауызын ашпай ораза ұстайтын, бірақ өзінің ізбасарларына бұлай істеуге тыйым салатын,

---

[71] «Духа» деп араб тілінде күн найза биіктігіне көтерілген уақыттан бастап тас төбеге жеткенге дейінгі уақыт аталады. Осы уақыт аралығында жұп ракағаттардан тұратын нәпіл намазын оқыған сауапты болады.

[72] Муслим (№ 719).

[73] Муслим (№ 772).

[74] Ибн әл-Қайим «Китаб әс-соләт» (140-бет).

[75] Муслим (№ 1160).

[76] Әт-Тирмизи (№ 745), ән-Нәсәи (4/202).

[77] Әл-Бухари (№ 1969, 1970), Муслим (№ 1156, 1157).

[78] Муслим (№ 1164).

[79] Әл-Бухари (№ 1971), Муслим (№ 1156).

[80] Әл-Бухари (№ 2000-2007), Муслим (№ 1125).

[81] Әл-Бухари (№ 2000-2007), Муслим (№ 1125).

әрі оларға өзінің басқалар сияқты емес екенін, яғни күндіз ораза ұстап, түнде тамақ жемей жүре алатынын, өйткені оны Раббысы тамақтандыратынын және сусындыратынын түсіндіретін[82] (яғни ол намаздарында Аллаһқа құпия түрде жүгінулерінде ләззат, қуаныш және жан рахатын сезінетіні соншалықты, бұл оны ішіп-жеу қажеттілігінен азат ететін; әрі бұл Пайғамбардың «***өйткені Раббым мені тамақтандырады әрі сусындырады***» деген сөздерінің дұрыс түсіндірмесі). Дәл сондықтан да ол Биләлға, оның намазға азан шақыруын қалап: ***«Я Биләл, бізге намаздың рахатын жеткізші»***, – дейтін,[83] әрі: «***Менің қос жанарымның сүйініші (рахаты, ләззаты) намаз етілді»***, – деп те айтатын.[84]

4. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайыр-садақаға өте жомарт болатын. Ал Жәбірейілмен (Аллаһтың оған сәлемі болсын) кездескен күндері ол ерекше жомарттық танытатын, әрі әрбір игілікке еркін ескен желден де жомарт болатын.[85]

Ол кедей болып қалудан қорықпайтын адамның жомарттығын танытып сыйлық тарататын. Бір кісіге ол екі таудың арасын толтырған бір отар қой сыйлады. Өз тайпасына қайтып келген бұл адам: «Уа халқым! Исламды қабылдаңдар, өйткені Мухаммад кедейліктен қорықпай сыйлық таратады!» – деп үндеу салды.[86]

Адамдардың ең абзалы, ең жомарт, ең ержүрек[87] әрі олардың ең мейірімдісі, ең ұлы сыпайылықтың, әділеттіліктің, сабырлықтың, жұмсақтықтың, ұстамдылықтың, кең пейілділіктің, байсалдылықтың, ұялшақтық пен табандылықтың иесі Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), – міне, осындай болатын.

5. Ол Аллаһ жолында ынта-ыждағат танытып күресудің (жиһадтың) барлық түрін жасайтын:

– Өз нәпсіңмен күресу, әрі ол өзіне төрт құрамдас бөлігін қамтиды – нәпсіні дінге үйрету, оқып-үйренгенге сәйкес амал ету, дінге даналық пен түсінуге негізделіп шақыру, дінге шақырумен қабаттасып келетін қиындықтарға сабыр ету.

– Шайтанмен күресу, әрі ол өзіне екі құрамдас бөлікті қамтиды. Олар – оның уәс-уәстайтын күмән-шүбәларын тойтару әрі ол қоздыратын әуес-қалауларға (шахуаттарға) қарсы тұру.

---

[82] Әл-Бухари (№1961-1964), Муслим (№1102-1103).

[83] Абу Дауд (№ 8549), Ахмад (5/393).

[84] Ән-Нәсаи (7/61), Ахмад (3/128). Қ-з: «Сахих ән-Нәсаи» (3/827).

[85] Әл-Бухари (№ 6), Муслим (№ 2308).

[86] Муслим (№ 2312).

[87] «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (10/455. № 6033), Муслим (4/1804. № 2308).

– Кәпірлермен күресу, әрі ол өзіне төрт құрамдас бөлікті қамтиды: жүрек арқылы жиһад, тіл арқылы жиһад, мал-мүлікпен жасалатын жиһад, қолмен жасалатын жиһад.

– Залымдармен күресу, әрі ол өзіне үш құрамдас бөлікті қамтиды: қолмен жиһад жасау, кейін тілмен, кейін жүрекпен жиһад жасау.

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жиһадтың осы он үш құрамдас бөлігінің барлығын ең кәміл дәрежеде жасады. Оның бүкіл уақыты жиһадқа яғни Аллаһтың жолында жүрекпен, тілмен, қолымен және мал-мүлікпен ынта-ыждағат танытуға бағышталды. Осының арқасында ол данқымен бүкіл адамзаттан асып түсті әрі Аллаһ Тағаланың алдындағы ең мәртебелі орынның иесі болды.[88]

Оны мен бірқұдайшылықтың дұшпандары арасында шайқастар өтетін. Оның жеке басшылық жасауымен 27 жорық жасалып, оның тоғызы оның өзінің тікелей қатысуымен өткен шайқастар ретінде тарихта қалды. Ал оның бұйрығы бойынша, бірақ оның қатысуынсыз жасалған жорықтарға[89] келер болсақ, олардың саны елу алтыға жетеді.[90]

6. Адамдармен қарым-қатынас жасауда және олармен сөйлесіп-мәміле жасауда оған теңдес ешкім жоқ еді. Егер ол әлдебір нәрсені қарызға алса, одан да жақсырақ затпен қайыратын. Бірде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдына ол одан қарызға бір түйе алған адам келіп, одан дөрекі түрде қарызын қайыруды талап етті. Сахабалар оған ол Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осылайша қарым-қатынас жасағаны үшін сазайын тарттырғысы келді, алайда Елші (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Қойыңдар оны, өйткені, ақиқатында, құқық иесінің сөйлеуге де құқығы бар»,*** – деді де[91], содан соң: ***«Оған оның түйесінің жасындағыдай түйе қайырыңдар»,*** – деп бұйырды. Сахабалар: «Уа Аллаһтың елшісі, тек одан жақсы жастағы түйелер ғана бар», – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«(Онда) оған сондай түйе беріңдер»,*** – деп бұйырды. Түйені алған соң әлгі кісі Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Сіз менімен

---

[88] “Зад әл-мәғад” (3/5,10,12).

[89] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығымен, бірақ оның өзінің қатысуынсыз жасалған жорықтар «сариййа» деп аталады.

[90] Ән-Нәуауи «Шарх Сахих Муслим» (12/95), «Фатх әл-Бари» (7/279-281, 8/153).

[91] Бұл жерде берген қарызының қайтарылуына деген заңды құқық туралы сөз болып тұр.

толық есептестіңіз, Аллаһ сізді толығымен сыйға бөлесін!», – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Расында, Аллаһтың құлдарының ішіндегі ең жақсылары – қарызларын ең жақсы үлгіде қайыратындары»,*** – деді.[92]

Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәбир ибн Абдуллаһтан оның түйесін азғантай саудаласып сатып алды да, кейін: ***«Мен сенің түйеңді сатып алу үшін саудаласты деп ойлайсың ба, уа Жәбир?»***, – деп сұрады. «Жоқ, уа Аллаһтың елшісі», – деп жауап берді Жәбир. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Өзіңе түйені де, ақшаны да ала сал»,*** – деді.[93]

7. Ол ең көркем мінез-құлыққа ие еді, өйткені оның мінезі, бұған Айша (анамыздан (Аллаһ оған разы болсын)) жеткен хадисте нұсқалатынындай, Құран болатын.[94] Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Мен көркем мінезді кемелдікке жеткізу үшін жіберілдім»,*** – деген еді.[95]

8. Ол бұл дүниенің игіліктеріне кімнен болса да азырақ байланған еді әрі ең орташыл және қарапайым адам болатын. Ол (өсімдік талшықтарынан) тоқылған төсеніште ұйықтайтын, әрі оның жамбастарында оның батқан іздері қалып қалатын. Бірде оған (Умар ибн әл-Хаттаб) келіп әрі осыны көріп: *«Уа Аллаһтың елшісі, сіз не себепті жұмсақтау төсекке жатпайсыз»*, – деп сұрады. Аллаһтың Елшісі болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Бұл дүние мен үшін не! Мені мен бұл дүние атты салтты мен оның жолындағы тал сияқты. Жазғы күнде жол басып келген ол соның көлеңкесінің астында азғана дамылдап алу үшін тоқтап, кейін оны тастап, әрі қарай жүре береді»***.[96]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейтін: ***«Менде Ухуд тауының көлеміндей алтын болғанда, ақиқатында, мен үш күннен кейін одан қарыздарымды төлеу үшін сақтап қоятын нәрседен басқа ешнәрсе қалмағанын қалар едім!»***[97]

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деп жеткізген: *«Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тіпті қайтыс болғанға дейін не оның өзі, не оның отбасы ешқашан үш күн бойы тойып тамақ жемеген»*.[98]

---

[92] Әл-Бухари (№ 2305), Муслим (№ 1600).

[93] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (4/320. № 2097), Муслим (№ 3/1221, 715).

[94] Муслим (1/513, № 746).

[95] Әл-Байһақи (10/192), Ахмад (2/381). Қ-з: «Әс-силсилә әс-сахиха» (№ 45).

[96] Әт-Тирмизи және басқалар. Қ-з: «Әс-силсилә әс-сахиха» (№ 439), «Сахих әт-Тирмизи» (2/280).

[97] Әл-Бухари (№ 2389), Муслим (№ 991).

[98] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (9/517, 549. № 5374).

Бұның себебі оларда үнемі тамақ аз болатындығында еді. Олар өздеріне тамақты жетерліктей таба алатын, алайда басқаларды өздерінен артық көретін, әрі өздері үшін көп нәрсе талап етпейтін.[99]

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай дейтін: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тіпті арпаның нанын тойып жей алмай дүниеден өтті».[100] Ол сондай-ақ былай дейтін: «Егер Мухаммадтың жанұясы күніне екі рет тамақ жейтін болса, оның біреуі міндетті түрде тек құрмадан ғана тұратын еді».[101]*

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) басқа бір хабарында: «*Екі ай өтіп, біз жаңа туған айды үшінші рет көретін едік, әрі сол уақыт ішінде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйлерінде от жағылмайтын күндер болатын*»[102], – деп айтылады.

Айша (анамыз) оған осыны баяндап берген өзінің немере інісі Уруа одан: «Уа апатай, сонда сіздерді не қолдап тұратын?» – деп сұрағанда, ол: «Су мен құрма», – деп жауап беретін.[103] Айша (анамыз, Аллаһ оған разы болсын): «*Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) төсегі құрма ағашының талшықтарымен толтырылған қайыс төсеніш болатын*», – деп баяндаған.[104]

Бұған қарамастан Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа: ***«Я Аллаһ, Мухаммадтың отбасының ризығын қажетті тамақ[105] етe гөр!»,*** – деп дұға ететін.[106]

9. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күнә жасаудан кімнен болса да артық қорқатын. Ол былай деп айтатын: ***«Ақиқатында, мен кейде үйіме келіп төсегімнің үстінен немесе үйдің әлдебір жерінен түсіп қалған құрма тауып аламын да, оны жеу үшін көтеремін, бірақ кейіннен ол садақаның бір бөлігі болуы мүмкін деп қауіптеніп[107] оны тастай саламын».***[108]

---

[99] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (9/517, 549. № 5374, Айшаның хадисі, № 5416).

[100] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (9/549. № 5414).

[101] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (11/282. № 6455).

[102] Бұл жерде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйлерінде осы уақыт ішінде ыстық тамақ пісірілмегені меңзелуде.

[103] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (11/283. № 6459).

[104] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (11/282. № 6456).

[105] «Қажетті тамақ» (ар. «әл-қуут») дегенде артықшылыққа жол бермей өмір сүру үшін ғана жеткілікті азғандай ғана тамақ мөлшері меңзеледі. Адам қажетті нәрселерді ғана иеленсе, байлықпен де, кедейлікпен де байланысты болған қасіреттерден аман болады.

[106] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (11/283. № 6460), Муслим (№ 1055).

[107] Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның отбасына садақа алуға және адамдар садақа ретінде берген нәрсені жеуге тыйым салынған болатын.

[108] Муслим (2/751. № 1070).

Бірде әл-Хасан ибн Али зекет ретінде жиналған құрмадан бір құрманы алып ауызына салды. (Сонда) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***«Болмайды, болмайды, таста оны! Сен біздің садақа ретінде жиналған нәрсені жемейтінімізді білмейтін бе едің?»*** – деді.[109]

10. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы игі-берекелі істердің барлығын орындағанына қарамастан, адамдарға: «***Шамаларың жететін істерге ғана кірісіңдер, өйткені, расында, сендердің өздерің шаршап-шалдықпағандарыңа дейін, Аллаһ шаршамайды.***[110] ***Аллаһ үшін ең сүйікті істер үнемі жасалатындары болып табылады, тіпті олар аз болса да»,*** – дейтін.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйіші егер әлдебір істерді істей бастайтын болса, оларды үнемі жасайтын.[111]

Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) егер әлдебір намазды орындайтын болса, кейіннен оны тұрақты түрде орындайтын».[112]

Бірде сахабалардың бір тобы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) орындайтын Аллаһқа ұнамды істерінің мөлшерін өздері үшін азсынып: «Біз бұрыңғы күнәлары да, болашақ күнәлары да кешірілген Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салыстырғанда кімбіз!» – деді. Сосын олардың біреуі: «Маған қатысты айтар болсақ, онда мен әрбір түнді үзбей намаз оқумен өткізетін боламын», – деді. Екіншісі: «Ал мен үнемі (күнде) ораза ұстаймын», – деді. Басқасы: «Ал мен болсам, әйелдерге жақындамаймын әрі ешқашан үйленбеймін» – деді. [Төртіншісі болса: «Мен ет жемеймін», – деді.] Ал біраз уақыт өткен соң оларға Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақындай келіп, былай деді: ***«Пәлен және пәлен сөздерді айтып жүргендер сендерсіңдер ме? Аллаһпен ант етемін, мен сендерден көбірек Аллаһтан қорқамын, әрі сендерден көбірек Одан жасқанамын. Алайда мен кейбір күндерде ораза ұстаймын, ал басқаларында мұны істемеймін, мен түнделетіп намаз да оқимын әрі ұйықтаймын да, сондай-ақ мен әйелдермен де некелесемін, ал кім менің сүннетіме ергісі келмесе, оның маған ешқандай қатысы жоқ!»***[113]

---

[109] Муслим (2/751. № 1069).

[110] Яғни сендер игі істер істеуден жалықпағандарыңа дейін, Аллаһ сендерге сый-сауап беруден жалықпайды.

[111] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (4/213. № 1970; 11/294. № 6465), Муслим (1/541, 2/811. № 782).

[112] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (4/213. № 1970); қ-з: «Сахих әл-Бухари» (№ 6461-6467).

Бұл хадисте «сүннет» деген сөзбен парыздан бөлек істелуі міндетті болмаған сауапты істер емес, жол, өнеге меңзеледі.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізгіліктің ұлы амалдарын жасайтын, бірақ сонымен бірге ол: ***«Дұрыстықты ұстаныңдар*[114] *әрі жақындаңдар*[115]*, және ешқайсыларың өздеріңнің амалдарыңның ғана арқасында құтылмайтындарыңды біліңдер»,*** – деп айтатын. Адамдар одан: «Тіпті сіз де ме, уа Аллаһтың елшісі?» – деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Мен де, тек егер Аллаһ маған мейірімін танытып, рахымына бөлемесе ғана»,*** – деді.

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында былай деп айтылады: ***«Дұрыстықты ұстаныңдар, әрі жақындаңдар, және Аллаһтан азанда, кешке және түннің бір уақытында көмек сұраңдар, әрі осылайша аздап-аздап (мақсаттарыңа) қол жеткізесіңдер».***[116]

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа мына сөздер арқылы жалбарынатын: ***«Уа Жүректерді Аударушы! Менің жүрегімді Өзіңнің діниңде бекем ете гөр!»***[117] Ол тағы да: ***«Уа Аллаһ! Жүректерді Бағыттаушы! Біздің жүректерімізді Өзіңе мойынсұнушылыққа бағытта!»*** – дейтін.[118]

Осы тарауда баян етілгеннен көптеген пайдалы ғибраттар мен қорытындылар алуға болады. Олардың арасында келесілерге нұсқайық:

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – барлық мәселелерде түгелімен Аллаһпен шыншыл болған әрбір мұсылман үшін үлгі-өнеге, өйткені Аллаһ былай деді:

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِمَنْ كَانَ يَرْجُو اللَّهَ وَالْيَوْمَ الآخِرَ وَذَكَرَ اللَّهَ كَثِيرًا (٢١)

«Расында, сендер үшін, Аллаһқа және Ақырет Күніне үміт еткен және Аллаһты көп еске алған кісілер үшін, Аллаһтың Елшісінде өте көркем өнеге бар» («әл-Әхзаб» сүресі, 21-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – сырт келбетімен де, адамгершілігімен де адамзаттың ең абзалы.

---

[113] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (9/104. № 5063), Муслим (2/1020. № 1401); шаршы жақшалардың ішінде Муслимнің риуаятындағы қосымша келтірілген.

[114] Яғни тұрақты түрде істеуге шамаларын жетпейтін нәрселерді істеуге талпыңбаңдар, орташылдықты ұстаныңдар.

[115] Яғни өздерің үшін сендер соны күнде жасай алатын өздеріңе ыңғайлы нәрселерді таңдаңдар.

[116] Әл-Бухари (№ 6463, 6464), Муслим (4/2170. № 2816-2818).

[117] Әт-Тирмизи (5/238. № 3522) және басқалар. Қ-з: «Сахих әт-Тирмизи» (3/171).

[118] Муслим (4/2045. № 2654).

БЕСІНШІ ТАРАУ

АРДАҚТЫ ПАЙҒАМБАР – ӘЛЕМДЕР ҮШІН АЛЛАҺТЫҢ МЕЙІРІМІ

І. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл жаратылыс үшін мейірім: кәпірлерге және мүминдерге, адамзатқа, жындарға және жан-жануарларға.

Аса Жоғары Аллаһ ол туралы былай деді:

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلا رَحْمَةً لِلْعَالَمِينَ (١٠٧)

«Біз Сені (уа Мухаммад) әлемдер үшін мейірім ретінде ғана жібердік» («әл-Әнбия» сүресі, 107-аят).

Мүминдер бұл мейірімді қабыл алды да, осы үшін Аллаһқа шүкіршілік етті. Ал басқалар оны қабылдамады, әрі Аллаһтың сыйын күпірлікке айырбастады.[119]

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) (пайғамбарымыз) Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барша үшін: оған иман келтіргендерге де, кәпірлерге де мейірім екеніне нұсқап, былай деді: *«Кім Аллаһқа және Ақыретке иман келтірген болса, соған Аллаһ Тағала осы дүниеде де, мәңгі өмірде де мейірімін жазып қойды, ал Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтірмегендер өздеріне жіберілген пайғамбарларға иман келтірмеген бұрыңғы қауымдардың басына түскен жер жұту және көктен төбелеріне тас жауу түріндегі жазалардан аман етілді».*[120]

Имам әт-Табари, Аллаһ оны рахым етсін, осы аятқа қатысты былай деген болатын: «Аллаһ Тағаланың **«әлемдер үшін мейірім ретінде»** деген сөздерін түсінуге қатысты екі пікірдің дұрысрағы – бұл Ибн Аббастан жеткізілетіні. Ол Аллаһ өзінің Пайғамбары

---

[119] Әс-Сағди «Тайсир әл-карим ар-рахман» (532-бет).

[120] Әт-Табари «Жәмиғ әл-баян» (18/552).

Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл жаратылыстарға: олардың ішіндегі мүминдері үшін де, кәпірлері үшін де – мейірім ретінде жіберді деп айтқан. Мүминдерге қатысты айтар болсақ, оларға деген мейірім Аллаһ оларды Мухаммад арқылы (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тура жолға салғанында, олар оған иман келтіру арқылы және ол Аллаһтан алып келген шариғатқа сәйкес амал жасаулары арқылы олар Жәннатқа кіргізілетінінде. Ал кәпірлерге келер болсақ, Мухаммад арқылы (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардан өз пайғамбарларын өтірікші деп мәлімдеген бұрыңғы қауымдардың басына түскен жаппай қырылу бұрылып жіберілді».[121]

Аллаһтың Мухаммад арқылы (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрсеткен мейірімі бүкіл әлемдерді қамтитынына Абу Хурайрадан жеткен хадис нұсқайды. Онда бірде адамдардың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа Аллаһтың Елшісі! Аллаһтан мүшриктерге жаза жіберуін сұрап дұға етіңізші», – дегені баяндалады. (Бұған) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Мен лағынет үшін үшін жіберілмедім, керісінше мейірім ретінде жіберілдім»***, – деп жауап берді.[122]

Хузайфа Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын жеткізген: ***«Мен тек адаммын әрі барлық адамдар сияқты ашулануым мүмкін. Алайда мен Аллаһ тарапынан тек мейірім ретінде ғана жіберілгенмін. Сондықтан да мен өзімнің үмметімнен әлдебіреуді ұрысқан немесе лағынеттеген болсам, Аллаһтан мұны Қиямет Күні ол үшін игілік-салауат етуін сұраймын».***[123]

Абу Хурайрадан жеткен хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мынандай сөздері келтіріледі: ***«Мен (Аллаһтың) сыйлаған мейірімінен өзге ешнәрсе емеспін».***[124]

Ол сондай-ақ былай деген: ***«Мен – Мухаммад әрі Ахмад, әрі мен – әл-Мукаффи (Ізбе-із жүруші)***[125]***, әрі мен – әл-Хашир (Жинаушы), әрі мен – Нәбий әт-тәуба (Тәубе Елшісі), әрі мен – Нәбий әр-рахма (Мейірім Пайғамбары)».***[126]

---

[121] Әт-Табари «Жәмиғ әл-баян» (18/552).

[122] Муслим (№ 2599).

[123] Абу Дауд (№ 4659). Әл-Әлбани «Сахих Әби Дауд» кітабында оны сахих деді (3/134).

[124] Ибн Сағд (1/192), Ибн Абу Шәйба (11/504), әл-Хаким (1/35).

[125] Яғни өзінен бұрынғы пайғамбарлардың ізімен жүруші. **«Кейін Біз олардың ізімен елшілерімізді жібердік»** (Құран, 57: 27). Қ-з: «Зад әл-мәғад» (1/94).

[126] Муслим (№ 2355).

II. Пайғамбарда (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрініс тапқан мейірімнің мысалдары.

Дұшпандарға мейірім танытудың мысалдары

Дұшпандарға жиһад кезінде мейірім таныту:

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дінінде қамтылған мейірім тіпті оның дұшпандарына да олармен шайқасу кезінде таралады. Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шариғатында дұшпандармен шайқасу Аллаһтың жолында шайқасушылар ұстануға міндетті болған нақты ережелерге ие.

Аса Жоғары Аллаһ былай дейді:

وَلا تَعْتَدُوا إِنَّ اللَّهَ لا يُحِبُّ الْمُعْتَدِينَ

«Шектен шықпаңдар! Ақиқатында, Аллаһ шектен шығушыларды жақсы көрмейді!» («әл-Бақара» сүресі, 190-аят).

Аллаһтың: **«Шектен шықпаңдар!»**, – деген сөздері өзіне өлтірілген дұшпандардың денелерін көріксіз етіп қорлауға (әл-муслә), әскери олжадан ұрлауға (әл-ғуәл-мусләлул), әйел кісілерді, балаларды өлтіруге, сондай-ақ шайқастарға қатыспайтын әрі олардың пікірі соғысты жүргізуге әсер етпейтін қарт кісілерді өлтіруге деген тыйымдарды қамтиды. Монахтарды, ауруларды, зағиптарды, оңаша өмір сүріп ғибадат жасайтын адамдарды өлтіруге тыйым салынған, тек қана олар өздері соғыспаса немесе кәпірлерге кеңестерімен көмектеспесе ғана.[127]

Осыған сондай-ақ жан-жануарларды негізсіз өлтіруге, ағаш-талтарды өртеуге, егін мен жемістерді бүлдіруге, су айдындарын қолдану үшін жарамсыз етуге және құдықтарды ластауға, үйлерді қиратуға деген тыйым да кіреді.[128] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әскери жорықтарының бірінде өлтірілген әйел табылған болатын, әрі Пайғамбар бұған өзінің қатаң сөгісін білдіріп, мүминдерге әйелдер мен балаларды өлтіруге тыйым салды.[129]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әскери жорықтардың қолбасшыларын тағайындайтын кезінде, оларға Аллаһтан қорқуды және өздерінің басшылығы астына кіріп жатқан мұсылмандарға жақсы қарауды бұйыратын, ал содан соң былай дейтін: ***«Аллаһтың жолындағы әскери жорыққа Аллаһтың***

---

[127] Ибн Құдама «Әл-Муғни» (13/175-179).

[128] «Тафсир Ибн Касир» (1/227), «Ғанасир әл-қууа фил-исләм» (212-бет).

[129] Әл-Бухари (№ 3014, 3015).

атымен аттаныңдар! Аллаһқа иман келтірмегендермен шайқасыңдар! Соғысыңдар, бірақ опасыздық жасамаңдар, өздеріңе әскери олжаны заңсыз иемденіп алмаңдар, өлтірілгендердің денелерін қорламаңдар, балаларды өлтірмеңдер! Ал көпқұдайшылдардан болған дұшпандармен кездессеңдер, оларды (мына) үш нәрсенің біреуіне шақырыңдар...»[130]

Әрі қарай Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы үш нәрсеге нұсқайтын:

– Дұшпандарды шақыру керек болған алғашқы нәрсе – бұл олардың Исламды қабылдап мұсылман жерлеріне көшуі (хижра) еді. Олар көшуден бас тартқан жағдайда оларды тек Исламға шақыру керек, бірақ бұл жағдайда олардың мәртебе-дәрежесі бәдәуи (көшпелі) мұсылмандардың дәрежесі сияқты болады.

– Егер дұшпан Исламды қабылдаудан бас тартып жатса, онда оны жизия төлеуге шақыру керек болатын.

– Егер ол осының ешқайсына көнбесе, онда Аллаһтың көмегіне тәуекел етіп олармен шайқасуға кірісу керек еді.[131]

Дұшпандармен келісімшарттарды орындау:

Жиһадтың ең маңызды ережелерінің бірі келісімшарттарды бұлжытпай орындау және кез-келген қиянатшылдықтан бас тарту болып табылады. Аса Жоғары Аллаһ былай деді:

وَإِمَّا تَخَافَنَّ مِنْ قَوْمٍ خِيَانَةً فَانْبِذْ إِلَيْهِمْ عَلَى سَوَاءٍ إِنَّ اللَّهَ لا يُحِبُّ الْخَائِنِينَ (٥٨)

«Егер бір елдің опасыздығынан секем алсаң, барша тең болу үшін сен де келісілген міндеттерді тоқтататыныңды мәлімде. Расында, Аллаһ опасыздарды жақсы көрмейді» («әл-Әнфәл» сүресі, 58-аят).

Егер мұсылмандар мен кәпірлердің арасында келісімшарт және өзара қауіпсіздік кепілдігі болса, онда мұсылмандарға опасыздық жасауға және келісімшартты оның мерзімі бітпейінше қиянатшылдықпен бұзуларына тыйым салынады. Мұсылман тарапта олардың дұшпандары жасалған келісімді ешбір ескертусіз қиянатшылдықпен бұзатынына нұсқайтын объективті (шынайы) мәліметтерге негізделген олардың жағынан опасыздық жасалуынан қауіп туындап жатса, онда мұсылмандар, өздері де, дұшпан да тең дәрежеде келісімшарттың күшінің тоқтағанын білулері үшін, қарсылас тарапты келісімшарт міндеттерінің тоқтатылатыны туралы хабарлауға міндетті.

Тура осы аяттан егер жау тарапынан опасыздық жасалып қойылған болса, онда оны келісімшарттың тоқтатылғаны туралы

---

[130] Муслим (3/1357. № 1731).

[131] Муслим (3/1357. № 1731), “Зад әл-мәғад” (3/58).

хабарлаудың қажеті жоқ деген қорытынды шығаруға да болады, өйткені мұндай жағдайда опасыздық тек қауіптенудің ғана мәні емес, белгілі факт болады.

Басқа жағынан бұл аятқа сәйкес егер мұсылмандарда жаулары тарапынан опасыздық жасалуына қауіптенетін шынайы себептер болмаса, онда келісімшарттың күште болуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәлімдеме жасауға болмайды. Келісімшартты оның толық мерзімі біткенге дейін орындау мұсылмандар үшін міндетті болып табылады.[132]

Осы орайда Суләйм ибн Амир баяндаған оқиға өте ғибратты болып табылады. Онда былай деп хабарланады: «Бірде, Муғауия мен византиялықтар арасында бітімгершілік туралы келісімшарт өз күшінде болған кезінде, оның әскерлері бітімгершіліктің мерзімі бітпестен бұрын Византия шекараларына қарай қозғала бастады, бұдан мақсат бітімгершілік мерзімі біткен бойдан бірден дұшпанға шабуыл жасау болатын. Кенет арғымақ мінген бір кісі жетіп келді де: «Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы! Келісімшарттарды орындаңдар, опасыздыққа жол бермеңдер!» – деп айқайлай бастады. Атпен шауып келген бұл кісі Амр ибн Абаса еді. Муғауия (Аллаһ оған разы болсын) не болып жатқанын білу үшін оған адам жіберді. Амр болса былай дейді: «Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын естігенмін: ***«Егер әлде-кім қандай да бір қауыммен келісімшарт жасасса, оны мерзімі бітпейінше бұзбасын, немесе екі тарап та бұл туралы тең дәрежеде білуі үшін, келісімшарттың күшінің тоқтағаны туралы хабарласын».***[133] Мұндай сөздерді естіген Муғауия әскерлерін кері бұрып алып кетті».[134]

Айтылғанның барлығы жиһадтың шынайы мағынасы Аллаһ Тағаланың сөзін ұлықтау және ақиқатты орнату болып табылатынын толық дәрежеде растайды.

Дұшпандардан жазаны бұрып жіберу:

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тіпті оның дұшпандарына да таралған мейірімінің ұлы мысалы тау періштесі туралы оқиға болып табылады. Аллаһ Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы періштені мушриктер оған азап пен жанына бататын жәбір тігізген кезінде жіберген болатын. Періште: «Уа Мухаммад! Аллаһ Тағала қауымың саған

---

132 «Тафсир Ибн Касир» (2/321), «Тафсир әс-Сағди» (3/183-184).

133 Бұл егер дұшпан келісімшартты бұзады деген негізделген (дәлелденген) қауіптену болған жағдайда жасалады.

134 Абу Дауд («Китаб әл-жиһад», «Дұшпанмен келісімшарт жасасып, оған қарай (әскерімен) бағыт алған имам туралы» тарауы; 3/83. № 2759), әт-Тирмизи (№ 1580). Қз.: «Сахих Аби Дауд» (2/528).

қандай қорлық көрсеткенін естіді. Мен тау періштесімін. Раббың мені сенің басқаруыңа жіберді. Нені қалайсың? Егер қаласаң, мен олардың төбелерінен екі зәулім тауды тастаймын», – деді[135]. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Жоқ, мен тек Аллаһ олардан тек Оған ғана құлшылық ететін әрі онымен бірге басқа ешнәрсеге құлшылық етпейтін (ұрпақ) шығаруын қалаймын»,*** – деді.[136]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрегінің тазалығы және оның яһудилер мен христиандарға және басқаларға жақсылық қалауы:

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мейірімділігінің ұлы мысалы Әнастан (оған Аллаһ разы болсын) жеткен келесі хадисте қамтылған: «Бір яһуди бала Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қызмет жасайтын еді. Бірде сол бала ауырып қалады да, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны зиярат жасап (үйіне) келеді. Ол науқастың бас жағына отырып, оған: «Исламды қабылда», – деді. Бала жанындағы әкесіне қарады, ал ол болса: «Абул-Қасимге бағын», – деді. Сонда ол Исламды қабылдады. (Ал осы хадистің Нәсәидегі нұсқасында ол: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне әрі Мухаммад – Аллаһтың елшісі екеніне куәлік беремін», – деп айтқаны хабарланады.) Содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Оны Оттан сақтап қалған Аллаһқа мақтау-мадақ!»*** – деді.[137]

Мұндай оқиғалар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмір тарихында өте көп болған.

Мүминдерге мейірім танытудың мысалдары

Аса Жоғары Аллаһ былай деді:

لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ بِالْمُؤْمِنِينَ رَءُوفٌ رَحِيمٌ

«Расында, сендерге іштеріңнен ардақты бір Пайғамбар келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық, мүминдерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді» («әт-Тәуба» сүресі, 128-аят).

Аллаһ Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл адамзатқа жіберді, алайда оның мүминдерге деген қарым-қатынасы ерекше болатын. Олар оның сипаттары туралы

---

[135] Меккедегі Абу Қубайс және Қуғайкаған таулары.

[136] Әл-Бухари (№ 3231). Муслим (№ 1795).

[137] Әл-Бухари (№ 1356, 5657). См. «Фатх әл-Бари» (3/219).

өте жақсы хабардар болатын әрі одан соларды үйренетін. Ол оларға шынайы ықыласты ізгі қарым-қатынас жасайтын әрі кез-келген көмегін беруге ұмтылатын. Егер олар қиындықтар шегіп жатса, бұл оны мазалайтын. Ол оларға тек жақсылық қалайтын, олар жақсылыққа қол жеткізулері үшін бар мүмкіндіктерін сарп ететін әрі оларды тура жолға салуға ұмтылатын. Ол мүминдерге жамандық келіп тиюін қаламайтын, әрі олар одан аулақ болуды үйренулері үшін бүкіл мүмкіншіліктерін салатын. Мүмин-мұсылмандар үшін ол ата-аналарынан да артық мейрімді әрі кешірімді болатын. Сондықтан да мұсылмандардың Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) міндеттері бүкіл басқа адамдардың алдындағы міндеттерінен асып түседі. Оның үмметінің оның алдындағы міндеті оған иман келтіру, оны ардақтау, құрметтеу және жақсы көру болып табылады.[138]

Аллаһ былай деді:

النَّبِيُّ أَوْلَى بِالْمُؤْمِنِينَ مِنْ أَنْفُسِهِمْ وَأَزْوَاجُهُ أُمَّهَاتُهُمْ

«Пайғамбар мүминдерге өз жандарынан артық. Оның жұбайлары олардың аналары» («әл-Әхзаб» сүресі, 6-аят).

Адам баласы үшін ең қымбат нәрсе өз жаны, алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мүминдерге олардың өздерінен көбірек қамқорлық жасайтын. Аллаһтың Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға қатысты шынайы ықыластылығы мен игі тілеулестігі тасып, оларға ең жоғары дәрежедегі жұмсақтық, жанашырлық, кешірімділік танытып жатса, басқаша болуы мүмкін де емес еді. Сондықтан да мүминдер Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қалауын басқалардың қалауларынан, әрі тіпті өз қалауларынан да артық санаулары қажет. Олар оның сөздерін басқа адамдардың сөздерінен жоғары қоюлары керек – олар кім болса да, әрі олар оны адамдардың қайсысынан болса да көбірек жақсы көруге міндетті.[139]

Аллаһ былай деді:

فَبِمَا رَحْمَةٍ مِنَ اللَّهِ لِنْتَ لَهُمْ وَلَوْ كُنْتَ فَظًّا غَلِيظَ الْقَلْبِ لانْفَضُّوا مِنْ حَوْلِكَ فَاعْفُ عَنْهُمْ
وَاسْتَغْفِرْ لَهُمْ وَشَاوِرْهُمْ فِي الأَمْرِ فَإِذَا عَزَمْتَ فَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُتَوَكِّلِينَ (١٥٩)

«Аллаһтың мейірімен сен оларға жұмсақ болдың. Ал егер қатал әрі қатыгез жүректі болғаныңда, олар міндетті түрде сені тастап кетер еді. Ендеше оларды кешір, олар үшін

---

[138] Әс-Сағди «Тайсир әл-Карим әр-Рахман» (357-бет).
[139] Әс-Сағди «Тайсир әл-Карим әр-Рахман» (659-бет).

жарылқау тіле, әрі олармен іс жайында кеңес. Ал шешім қабылдасаң, онда Аллаһқа тәуекел ет. Өйткені Аллаһ тәуекел етушілерді жақсы көреді» («Әли Имран» сүресі, 159-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа келесі дұғамен жалбарынатын: ***"Уа Аллаһ, менің үмметімнің (мүшелерінің) үстінен әлдебір билікке ие болып, оларға қаталдық көрсететінге қатысты қатал бол, әрі менің үмметімнің (мүшелерінің) үстінен әлдебір билікке ие болып, оларға қатысты ізгі болатынға Сен де ізгі бол!"***[140]

Ол сондай-ақ былай дейтін: ***«Мен мүминдерге олардың өздерінен де жақынмын. Сондықтан да кім қарызы бола тұра қайтыс болса, әрі оны өтеу үшін қаражат қалдыра алмаса, мен оның қарызын өтеуді өз мойныма аламын. Ал кім ізінен мал-мүлік қалдырып қайтыс болса, онда ол оның мирасқорларына тиесілі болады»***[141]**.**

Жалпы барлық адамдарға қатысты мейірім танытудың мысалдары

Жәрир ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Кім адамдарға мейірімді болмаса, соған Ұлы Аллаһ та мейірімді болмайды»***, – дегенін жеткізген.[142]

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Мен Абу-л-Қасимның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Мейірімі жоқ (адам) бақытсыз»****, – дегенін естідім».*[143]

Абдуллаһ ибн Амр (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: ***«Мейірімділерді Мейірімді Аллаһ мейіріміне бөлейді. Жердегілерге мейірім көрсетіңдер, сонда сендерге аспандардың үстіндегі (Аллаһ) мейірімді болады. Туысқандық байланыс – Мейірімдіден (Аллаһтан). Кім оны үзбей ұстаса, соны Аллаһ қолдайды, ал кім оны үзсе, сонымен Аллаһ та үзеді».***[144]

---

[140] Муслим (№ 1828).

[141] Әл-Бухари (№ 6731, 2298), Муслим (№ 1619).

[142] Муслим (№ 2319).

[143] Әт-Тирмизи (№ 1923). Әл-Әлбани «Сахих әт-Тирмизи» еңбегінде хадисті жақсы (хасан) деп сипаттады (2/350).

[144] Әт-Тирмизи (№ 192). Әл-Әлбани «Сахих әт-Тирмизи» еңбегінде хадисті сенімді (сахих) деп сипаттады (2/350).

Балаларға қатысты мейірімділік танытудың мысалдары

Әнас ибн Мәлик бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір қария кісі келгенін, әрі адамдар оған орын беруге асықпағанын, сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Кім біздің жастарымызға жанашырлық танытпаса әрі біздің қарттарымызды құрметтемесе, соның бізге қатысы жоқ»***, – дегенін баяндаған.[145]

Амр ибн Шуғайб өз әкесінен, ал болса өз атасынан Аллаһ Елшісінің: ***«Жастарымызға мейірім танытпайтын әрі үлкендерімізді құрметтеуді білмейтін бізден емес»***, – дегенін жеткізген.[146]

Қыз балаларға мейірім танытудың мысалдары

Абу Сағид әл-Худри былай деп хабарлаған: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Кімнің екі қызы немесе екі әпке-қарындасы, немесе үш қызы немесе үш әпке-қарындасы болып, ол соларға деген қарым-қатынасында Аллаһтан қорқатын әрі оларға жақсылық жасайтын болса, сол міндетті түрде Жәннатқа кіреді»***.[147]

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хабарында Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Екі немесе үш қызын, не болмаса екі немесе үш әпке-қарындасын олар тұрмысқа шыққандарына дейін, немесе қайтыс болғандарына дейін, немесе өзі қайтыс болғанына дейін асырайтын адаммен біз Жәннатта мына саусақтар сияқты жақын боламыз»***, – деп, қолының сұқ және ортан саусақтарын көрсеткені жеткізілген.[148]

---

[145] Әт-Тирмизи (№ 1919). Әл-Әлбани «Сахих әт-Тирмизи» еңбегінде (2/348) хадисті сахих деген.

[146] Әт-Тирмизи (№ 1920). Әл-Әлбани «Сахих ат-Тирмизи» еңбегінде (2/348) хадисті сахих деп бағалаған.

[147] Абу Дауд (№ 5147), әт-Тирмизи (№ 1912, 1916). Әл-Әлбани «Сахих ат-таргиб уа-т-тархибта» (2/429) хадисті өзге де жеткізу жолдарының бар болуына байланысты сенімді (сахих ли ғайриһ) деген.

[148] Ахмад «Әл-муснад» (19/481. № 12498). Әл-Әлбани «Сахих әт-тарғиб уа-т-тархиб» еңбегінде (2/428) хадисті сахих деді.

Жетім балаларға мейірімділік танытудың мысалдары

1. Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: ***«Өз туысқандарынан немесе бөтендерден болған жетімге қамқорлық жасаған адам Жәннатта маған мына екеуі бір-біріне жақын болғандай жақын болады».*** Хадистің жеткізушісі болған Мәлик ибн Әнас осыны айтып болған соң сұқ және ортан бармақтарын көрсетіп ишарат жасады.[149]

2. Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) бірде бір кісінің Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз жүрегінің қаталдығына арызданғанын жеткізген. Сонда ол оған: ***«Жетімдердің басынан сипа және кедейлерді тамақтандыр»,*** – деді.[150]

Әйелдер мен әлсіздерге мейірімділік танытудың мысалдары

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: ***"Уа Аллаһ, ақиқатында, мен (адамдарға) екі әлсіздің: жетім мен әйелдің – құқықтарын бұзуға тыйым саламын!"***[151]

Амир ибн әл-Ахуастың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен, ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қоштасу қажылық кезінде Аллаһты мадақтап, кейін оған шүкіршілігін айтып, ал содан соң адамдарға құтпа айтқанын, әрі өзге де нәрселер қатарында: ***«Әйелдеріңмен әрқашан жақсы қатынас жасаңдар, өйткені, расында, олар сендердің тұтқындарың (секілді), әрі сендер (жақсы қатынастан) басқа еш нәрсеге құқықты емессіңдер»,*** – деп айтқанын естігені туралы жеткізіледі.[152]

---

[149] Муслим (№ 2983), әл-Бухари (№ 605; Сағд ибн Сәһлдің сөздерінен).

[150] Ахмад (14/558; № 9018). Имам әл-Мунзири «Әт-тарғиб уа-тархибта» (3/323) бұл хадис жайлы: «Оны Ахмад жеткізген. Оның жеткізушілер тізбегі (иснады) сенімді (сахих) хадистердің жеткізушілері болып табылатын кісілермен көрсетілген». Әл-Әлбани «Сахих әт-тарғиб уа-тархиб» еңбегінде (2/676) бұл хадисті оның басқа да жеткізу жолдары болғандығы себепті жақсы (хасан ли гайриһ) деді. «Маудуға әл-хадисия фи тахқиқ «Муснад» әл-имам Ахмад» зерттеуінің авторлары оған әлсіз хадис деген баға берді (13/21. №7576; 14/558. № 9018).

[151] Ибн Мәжаһ (№ 3678). Әл-Әлбани «Сахих Ибн Мәжаһ» еңбегінде (2/298) хадисті жақсы (хасан) деді.

[152] Ибн Мәжаһ (№ 1851). Әл-Әлбани «Сахих Ибн Мәжаһ» еңбегінде (2/120) хадисті жақсы (хасан деді).

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әдетте Мәдинада Умм Суләймнің*[153] *және өз әйелдерінің үйлерінен басқа үйлеріне кірмейтін; ал одан мұның себебі туралы сұрағанда, ол:* ***«Расында, мен оны аяймын, өйткені оның ағасы менің жанымда болған кезінде өлтірілген болатын»****, – деді*».[154]

Жесірлер мен кедейлерге мейірімділік танытудың мысалдары

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: «***Жесір мен кедейге қамқорлық жасайтын адам Аллаһтың жолында соғысушы, немесе үнемі түнде тұрып намаз оқитын және тұрақты түрде күндіз ораза ұстайтын адам секілді***».

Муслимде келтірілетін нұсқада: ««***Жесір мен кедейге қамқорлық жасайтын адам Аллаһтың жолында соғысушы, немесе түнімен жылықпай-шаршамай намаз оқитын және үзбей ораза ұстайтын адаммен бірдей***», – деп айтылған».[155]

2. Абдуллаһ ибн Абу Ауфадан (Аллаһ оған разы болсын) мынандай сөздер жеткізіледі: «*Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһты көп зікір ететін, аз сөйлейтін, ұзақ намаздар оқитын және қысқа құтпалар айтатын. Ол кедейлермен және жесірлермен бірге жүріп, олардың мәселелерін шешуге ешқашан ұнатпаушылық танытпайтын*».[156]

3. Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «*Мен мінберде тұрған Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүзіне қарайтынмын..., әрі есіме ақынның ол туралы айтқан мына сөздері түсетін:*

…Жетімдердің қамқоршысы әрі жесірлердің қорғаушысы …

Бұл ақын Абу Талиб болатын».[157]

Өзінің барлық іс-амалдарында Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесуге ұмтылатын мүминдердің әмірі Умар ибн әл-Хаттаб былай дейтін: «*Егер Аллаһ маған тағы да пәлен жыл өмір сүруді нәсіп етсе, мен міндетті түрде Ирақтың жесірле-*

---

[153] Умм Суләйм (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақын туысқандарынан болатын.

[154] Әл-Бухари (№ 2844). Қ-з: «Фатх әл-Бәри» (6/161).

[155] Әл-Бухари (№ 5353, 606, 607), Муслим (№ 2982).

[156] Ән-Нәсаи (№ 1415). Әл-Әлбани «Сахих ән-Нәсаи» еңбегінде (1/456) хадисті сахих деген.

[157] Ибн Мәжаһ (№ 1272). Әл-Әлбани «Сахих Ибн Мәжаһ» еңбегінде (1/382) хадисті хасан деген.

ріне, олар менің өлімімнен кейін ешкімге мұқтаж болмаулары үшін, ақшалай жәрдемақы тағайындаймын».[158]

Бұл хадистерден Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жесірлер мен кедейлерге мейірімділік танытатыны әрі адамдарды оларға қамқорлық жасауға және мұқтаждықтарын қанағаттандыруға ынталандыратыны әп-айқын болады.

Умм Бужәйдтан (Аллаһ оған разы болсын) оның бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп сұрақ қойғаны жеткізіледі: «*Уа Аллаһтың Елшісі, сізге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, егер менің есігімнің алдына кедей келсе, ал мен оған беретін еш нәрсе таппасам, не істейін?*» Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***«Егер тіпті үйітілген сирақтан басқа беретін ешнәрсең болмаса да, соны бер!»***[159]

Бұл мысал Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кедейлерге деген мейірімділігін баса көрсетеді, әрі ол адамдарды мұқтаждарға жанашырлық пен ізгілік танытуға әрі оларды шамалары жеткенше тамақтандыруға ынталандырғанына нұсқайды.

Білім ізденушілерге деген мейірімділік танытудың мысалдары

Абу Сағидтен (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларына былай деп айтқан сөздері жеткізілген: ***«Сендерге білім ізденуші адамдар келеді. Оларды көрген кездеріңде: «Қош келдіңдер, бізге Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мирас етілгендер!» – деп айтыңдар да, оларды біліммен байытыңдар».***[160]

Малик ибн әл-Хуайрис былай деп баяндайтын: «*Кезінде біз Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген болатынбыз әрі бәріміз жастарымыз шамалас жас жігіттер едік. Біз оның жанында жиырма күн тұрдық, ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізбен ізгі және жұмсақ болатын. Ол біздің өз отбасыларымызды сағынғанымызды көрген кезде, бізден үйлерімізде кім қалғандығы туралы сұрады, әрі біз оған бұл туралы баяндап бердік. Сонда ол:* ***«Отбасыларыңа қайтыңдар, олармен бірге өмір сүріңдер, оларға дінді үйретіңдер және жақсылық жасауды***

---

[158] Әл-Бухари (№ 3700).

[159] Абу Дауд (№ 1667). Әл-Әлбани «Сахих Аби Дауд» еңбегінде (1/464) хадисті сахих деді.

[160] Әт-Тирмизи (№ 2650, 2651), Ибн Мәжаһ (№ 247). Әл-Әлбани «Сахих Ибн Мәжаһ» еңбегінде хадисті жақсы (хасан) деді (1/98).

бұйырыңдар. Әрі намазды мен сендердің көздеріңше қалай оқыған болсам, тура солай оқыңдар, ал намаздың уақыты кірсе, біреуің азан шақырыңдар әрі араларыңдағы үлкендерің намаздарыңда имам болсын», – деді».[161]

Келтірілген мысалдар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) білім ізденушілерге деген ізгілігі мен мейірімділігіне нұсқайды.

Тұтқындарға мейірімділік танытудың мысалдары

Абу Муса (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: ***«Тұтқындарды босатыңдар, аштарды тамақтандырыңдар және ауруларды зиярат жасаңдар!»***[162]

Бұл хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тұтқын мұсылмандарға деген мейірімділігіне, оларды босатуды бұйырғанына, сондай-ақ аштарды тамақтандыруға және науқастарды зиярат жасауды бұйырғанына нұсқау бар.

Ауру-науқастарға мейірімділік және жанашырлық танытудың мысалдары

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) оның Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мынандай сөздерді естігені жеткізілген: ***«Алты нәрсе мұсылмандардың бір-біріне деген міндеттеріне жатады».*** Сонда адамдар: «Ол не нәрселер, уа Аллаһтың Елшісі?» – деп сұрады. Ол: ***«Егер мұсылманды кездестірсең, оған сәлем бер; егер ол сені қонаққа шақырса, оның шақыруын қабылда; егер ол сенен кеңес-насихат сұраса, оған кеңес-насихат бер, егер ол түшкіріп Аллаһты мадақтаса, оған: «Ярхамука-Ллаһ» (Аллаһ сені мейіріміне бөлесін), – де; егер ол ауырып қалса, оны зиярат жаса; ал егер ол қайтыс болса, оны соңғы сапарына шығарып сал»***, – деді.[163]

Саубанның (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Расында, науқасты зиярат жасаушы мұсылман қайтып оралғанына дейін Хурфату-л-Жәннат арасында жүрген болады»,*** – деп айтқаны туралы жеткізіледі. Сонда адамдар: «Уа Аллаһтың Елшісі, Хур-

---

[161] Әл-Бухари (№ 628, 631).
[162] Әл-Бухари (№ 3046).
[163] Әл-Бухари (№ 1240, 2162).

фату-л-Жәннат деген не?», – деп сұрады, әрі ол: «***Жәннаттың жемістері», –*** деді.[164]

Алиден (Аллаһ оған разы болсын) ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһ разы болсын) былай дегенін естігені туралы жеткізіледі: ***«Егер мұсылман адам басқа мұсылманды таңертең зиярат жасаса, міндетті түрде оған жетпіс мың періште кешке дейін игілік-береке тілейтін болады, ал егер ол оны кешке зиярат жасаса, оған жетпіс мың періште азанға дейін игілік-береке тілейді, әрі оған Жәннаттан бір бақ сый етіледі».***[165]

Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «***Егер әлде-біреу өмір сүру мерзімі бітпеген науқасты зиярат жасаса әрі оның жанында бола тұра: «Ұлы Аршының Рабысы Ұлы Аллаһтан саған шипа беруін сұраймын»*** /*Әс-алю-Лаһа-ль-Ғазыма, Рабба-ль-ғарши-ль-ғазыми, ән яшфияк!*/, ***– деп жеті рет айтса, Аллаһ міндетті түрде оған осы ауруынан шипа береді».***[166]

Осы хадистердің барлығы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) науқастарға қаншалықты ізгі болғанын, оларға көмектесуге барынша тырысатынын әрі олардың айығуын қатты қалайтынын, сондай-ақ ол қаншалықты өзінің ілесушілерін ауруларға барынша қамқорлық жасауға және олардың жүректеріне қуаныш сезімін егуге ынталандыратынын ең айқын түрде көрсетеді.

Жануарларға, құстарға және бүкіл жан иелеріне мейірімділік танытудың мысалдары

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен бірде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «***Бірде (өзінің жолымен) кетіп бара жатқан бір кісіні қатты шөл қысады. Ол құдыққа түсіп одан шөлін қандырып, сыртқа шыққанда өзінің алдында тілін салаңдатқан және қатты шөлдегенінен ылғал топрақты жалап жатқан итті көреді. Мұны көрген әлгі кісі іштей: «Мына итті де мені азаптағандай қатты шөл азаптап жатқан сияқты», – дейді де, (құдыққа қайта түсіп) өзінің аяқ киіміне су толтырып, оны тісімен қысып ұстап, сыртқа шығады да, иттің шөлін***

---

[164] Муслим (№ 2568).

[165] Әт-Тирмизи (№ 969). Әл-Әлбани «Сахих әт-Тирмизи» еңбегінде (1/497) хадистің сенімді екенін растады.

[166] Абу Дауд (№ 3106), әт-Тирмизи (№ 2083). Әл-Әлбани «Сахих Әби Дауд» еңбегінде (№ 3160) хадисті сахих деп бағалады.

қандырады. Ал Аллаһ бұл үшін оның күнәларын кешіруімен оған алғысын білдіреді». Адамдар: «Уа Аллаһтың Елшісі, бізге жануарлар үшін де сый-сауап бар ма?» – деп сұрады, ал ол бұған: ***«Барлық тірі жан үшін сый-сауап бар»,*** – деп жауап берді.[167]

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанын жеткізген: ***«Құдықтың алдында қатты шөлдегеннен тілін шығарып өлейін деп жатқан иттің жанынан өтіп бара жатқан бір зинақор әйел кешірілген болатын: бұл бұзық әйел аяқ киімін шешіп, оны жаулығына байлап сонымен (әлгі итке) құдықтан су алып берген еді, әрі осы үшін оның күнәлары кешірілді».***[168]

Ибн Умардың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: ***«Бір әйел мысығын ол аштықтан өліп қалғанға дейін қамап қойғаны үшін азапталған болатын, ол осынысы үшін Тозаққа түсті. Ол оған тамақ та, су да бермей, сыртқа да шығармай және жәндіктермен қоректенуіне де мұрша бермей қамап қойған болатын».***[169]

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: ***«Егер әлдебір мұсылман адам ағаш отырғызса немесе әлдебір егін ексе, ал содан соң оның отырғызған ағашынан немесе еккен егінінен құс, адам немесе жануар бір нәрсе жесе, бұл ол үшін міндетті түрде садақа болып жазылады»***.[170]

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) бірде бір кісінің мал сойғысы келгенін, әрі оны жерге жатқызып, көзінің алдында пышағын қайрай бастағаны туралы баяндаған. Сонда оның бұл ісін көрген Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) оған: ***«Сен оның бір неше рет өлім сезгенін қалайсың ба?! Пышағыңды оны бауыздауға жатқызудан бұрын қайрасаң болмас па еді?!»***, – деп айтты.[171]

Шәддад ибн Әустың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бы-

---

167 Әл-Бухари (№ 173, 2466), Муслим (№ 2244).

168 Әл-Бухари (№ 3321).

169 Әл-Бухари (№ 2365, 3482), Муслим (№ 2243).

170 Әл-Бухари (№ 2320), Муслим (№ 1552).

171 Хадисті әл-Хаким (4/233) келтіріп, оны Бухари мен Муслимнің талаптарына сәйкес келетін сенімді хадис деді. Оны сондай-ақ әл-Хайсами «Мужмағ әз-зауаид» еңбегінде (4/33) келітіріп: «Бұл хадисті әт-Табарани «Әл-кабир» мен «Әс-сағир» еңбектерінде келтірген, оның жеткізушілері – сенімді хадистердің жеткізушілері». Әл-Әлбани «Сахих әт-тарғиб уа-т-тархиб» еңбегінде (2/552) оны сахих деген.

лай дегені жеткізіледі: «***Ақиқатында, Аллаһ бүкіл істерде ізгілік танытуды бұйырды: егер өлім жазасын орындау тура келсе, мұны (сотталғанға барынша аз азап келтіретіндей етіп) жақсы тәсілмен істеңдер, және егер құрбан шалсаңдар, оны жақсы (тәсілмен) шалыңдар әрі (құрбан шалатын) әрбірің, жануарды азаптамау үшін, пышағын дұрыстап қайрап алсын***».[172]

Ибн Амр (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Аса Жоғары Аллаһ тіпті шымшықты қақысыз өлтіргенді немесе одан үлкендеу нәрсені тура осылайша өлтіргенді сұраққа алады***», – деп айтқанын жеткізген. Адамдар: «Уа Аллаһтың Елшісі, ал оның қақысы неде?» – деп сұрады. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Оның қақысы адамның оны дұрыстап сойып жеуінде, бірақ оның басын жұлып алып, лақтырып тастауында емес***», – деп жауап берді.[173]

Шейх Ибн Баз (Аллаһ оны рахымына бөлесін) осы хадиске түсіндірме жасай келе, былай деді: «Құстарды ойын-ермек үшін өлтіруге тыйым салынады. Ал адам құсты жеу үшін немесе оны басқа біреуге садақа беру үшін өлтісе, бұл күнә болып табылмайды».

Бірде Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) құсты немесе тауықты нысана ретінде іліп қойып, садақтарымен атқылап жатқан құрайш тайпасының бір топ балаларының жанынан өтіп бара жатады. Сонда нысанаға тимеген әрбір жебе құстың иесіне тиесілі болатын. Олар Ибн Умарды көрген бойдан бытырап қаша жөнеледі, ал ол болса: «*Мұны кім істеді? Бұл адамға Аллаһтың лағнеті түседі, өйткені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірі жанды нысана ретінде таңдаған адамды лағынеттеген еді!*», – деді.[174]

Ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «*Бірде, біз Аллаһ Елшісімен бірге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әскери жорықтардың бірінде болған кезімізде, ол өз қажетімен түзге шығып кетті, ал біз екі балапаны бар бір қызыл құсты көрдік. Біз оның балапандарын алдық, ал құс болса бізге жақындай келе, қанаттарын қағып, бізді айнала ұша берді. (Пайғамбар,) оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын, қайтып келген кезде:* «**Кім мына құсты балапандарынан айырып, оған азап шектіріп қойды?! Оларды оған қайырыңдар!**» *– деп бұйырды. Ал ол біз өртеп жібер-*

---

[172] Муслим (№ 1955).

[173] Ән-Нәсаи (7/239. № 4445), әл-Хаким (4/233). Хаким оны сенімді деді әрі онымен әз-Заһаби келісті. Әл-Әлбани «Әт-тарғиб уа әт-тархиб» еңбегінде (2266) бұл хадисті жақсы (хасан) деді.

[174] Әл-Бухари (№ 5515). Муслим (№ 1958).

ген құмырсқа илеуін көрген кезінде: ***«Мынаны кім өртеді?»****, – деп сұрады. Біз: «Мұны біз істедік», – деп жауап бердік. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Оттың Раббысынан басқа ешкім басқаларды отпен азаптамауы керек!»*** – деді».[175]

Жәбирдің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздерінен бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жанынан тұмсығына күйдіріп таңба басылған есек өтіп бара жатқанын көріп: ***«Оны таңбалағанды Аллаһ лағынеттесін»,*** – деп айтқаны жеткізіледі.[176]

Одан сондай-ақ Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бетке ұрып-соғуға және жануарлардың тұмсықтарын таңбалауға тыйым салғаны жеткізілген.[177]

Абдуллаһ ибн Жәғфар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деп хабарлаған: «*Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ансарлардың біріне тиесілі болған баққа кірді де, сол жерде кенеттен бір түйені көріп қалды. Ал түйе болса Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрген кезде көздері жасқа толып аянышты күйде ыңырсый бастады. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) оған жақындай келе, өркешін және құлағының артын сипалады әрі ол тынышталды. Ал Пайғамбар болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Мына түйенің иесі кім? Мына түйе кімге тиесілі?»*** *– деп сұрай бастады. Сол кезде оның жанына ансарлардан болған бір жас жігіт келді де: «Ол менікі, уа Аллаһтың Елшісі», – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған дауыстап:* ***«Не үшін сен бұл жануарға ие бола тұра оны саған бағындырған Аллаһтан қорықпайсың? Ақиқатында, ол маған сен оны аштықпен қинайтыныңды және ауыр жұмыспен шаршататыныңды айтып арызданды!»*** *– деді».*[178]

Бұлар Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұшпандар мен достарға, мұсылмандар мен кәпірлерге, ерлер мен әйелдерге, жастар мен кәрілерге, адамдар мен жануарларға деген мейірімділігінің кейбір мысалдары ғана. Оның мейірімділігінің осындай мысалдары өте көп, алайда бұл кітаптың көлемі олардың барлығын келтіруге мүмкіндік бермейді. Оған ғасырлар жалғасқанға дейін Аса Жоғары Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

---

[175] Абу Дауд (№ 2675). Әл-Әлбани «Сахих Аби Дауд» еңбегінде оны сахих деді (2/146).

[176] Муслим (№ 2117).

[177] Муслим (№ 2116).

[178] Ахмад (1/205), Абу Дауд (№ 2549). Әл-Әлбани «Сахих Аби Дауд» (1/183) еңбегінде оны сенімді деді.

ІІІ. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрегінің жұмсақтығы және оның жылауы.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ешқашан дауыстап және өксіп жыламайтын, тура сол сияқты дауыстап күлу де оның сипатынан емес еді. Оның жылауы қос жанарынан жас тамуымен, әрі көкірегінен басыңқы дауыстың шығуымен көрініс табатын. Ол әртүрлі себептермен жылайтын: қайтыс болғандарға жаны ашығаннан, өз ізбасарлары үшін қорыққаннан және оларды аяғаннан, Аллаһтың алдында қорыққандығынан. Ол Құранды тыңдап отырып жылайтын, әрі ол сүйініш пен ықылас көз жастары болатын.[179]

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жылаған кездерінің кейбір мысалдарын келтірейік:

1. Түнгі намаздарда Аллаһқа деген ықыласты сүйініштен жылауы.

Бірде Биләл (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілгі мен сәлемі болсын) жылап жатқанын естіп, одан: «*Уа Аллаһтың Елшісі, Аллаһ сіздің бұрыңғы және болашақ күнәларыңызды кешіріп қойған болса, сіз не үшін жылайсыз?*» – деп сұраған болатын. Аллаһтың Елшісі болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Қалайша маған шүкір етуші құл болмасқа?! Бүгін түнде маған:*** **«Расында, көктер мен жердің жаратылуында және түн мен күннің ауысуында ақыл иелері үшін аят-белгілер бар»** (3:190)***, – деген аяттар түсірілді. Оны оқып ойланбағанға – қасірет!»***, – деп жауап берді.[180]

2. Намаздардағы ықыласты жылауы.

Абдуллаһ ибн әш-Шиххир (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндағаны жеткізіледі: *«Бірде мен Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген кезімде, ол жылап намаз оқып тұрған болатын, әрі оның көкірегінен қайнап жатқан қазанның ішінен шығып жатқандай дыбыс шығып жатты».*[181]

3. Құран тыңдағандағы жылауы.

Абдуллаһ ибн Масғудтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Бірде маған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Маған Құран оқып берші»,*** *– деді. Мен: "Ол сізге түсірілген бола тұра, мен оны қалай сізге*

---

[179] "Зад әл-мәғад" (1/183).

[180] Ибн Хиббан «әс-Сахих» (№ 620). Шуғайб әл-Арнаут бұл хадисті Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді деді. Шейх Әл-Әлбани «әс-Силсилә әс-Сахиха» еңбегінде (№ 68) оның иснадын жақсы деді.

[181] Абу Дауд (№ 904). Әл-Әлбани «Мухтасар әш-Шәмаил» еңбегінде хадисті сахих деп бағалады (№ 276).

оқып беремін?!" – дедім. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Расында, мен оны басқалар оқығанын тыңдауды жақсы көремін»,*** *– деді. Сонда мен оған «ән-Ниса» сүресін оқи бастадым, ал «***Әр үмметтен бір куә келтіріп, сені де оларға қарсы куә етіп келтірген кезімізде қандай болмақ?***» деген аятқа жеткен кезімде, ол:* ***«Жетеді»,*** *– деді, әрі сол кезде мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көздерінен жас ағып жатқанын көрдім.*[182]

4. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қымбатты адамдарының қайтыс болған кезіндегі жылауы.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің Ибраһим деген ұлы қайтыс болған кезде жылаған болатын. Оның көзінен жас төгіле бастағанда Абдуррахман ибн Ауф (Аллаһ оған разы болсын): *"Сіз де жылайсыз ба, уа Аллаһтың Елшісі?"* – деп сұрады. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***"Уа Ибн Ауф, расында, бұл – жанашырлық танымы!"*** – ал содан соң ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***"Ақиқатында, көздер жылайды, ал жүрек мұңаяды, бірақ біз тек Раббымызға ұнайтын нәрселерді ғана айтамыз! Расында, біз сенімен қоштасқанымызға қайғылымыз, уа Ибраһим!"*** – деді.[183]

5. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қыздарының біреуі қайтыс болған кездегі жылауы.

Бұл оның қызы, Усман ибн Аффанның (Аллаһ оған разы болсын) әйелі Умм Күлсум еді деп айтылады. Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп хабарлаған: *«Біз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қызын жерлеуге қатысқан болатынбыз. Ол қабірдің ернеуінде отырды, әрі мен оның көздерінен жас ағып жатқанын көрдім. Кейін ол:* ***«Араларыңда бүгін түнде әйелімен қосылмағандарың бар ма?»*** *– деп сұрады. Абу Тальха: «Мен», – деді, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған:* ***«Қабірге түс»,*** *– деп айтты. Абу Тальха қабірге түсті де, оған Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қызын жайғастырып жатқызды».*[184]

6. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қыздарының біреуі қайтыс болған басқа кездегі жылауы.

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің жан тапсырып жатқан қызын құшақтады да, кейін

---

[182] Әл-Бухари (№ 4582), Муслим (№ 800).
[183] Әл-Бухари (№ 1303), Муслим (№ 2315).
[184] Әл-Бухари (№ 1285, 1342).

алдына қойды. Ол осылайша оның қолында жан тапсырды. Сол жерде тұрған Умм Айман, қатты дауыстап жылай бастады, бірақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***«Сен Аллаһ Елшісінің қасында бола тұра дауыстап жылайсың ба?»*** – деді. Ол болса: *«Сіздің де жылағаныңызды көріп тұрмын ғой»*, – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Мен жылап тұрған жоқпын. Сенің көріп тұрғаның жан ашырлықтан басқа еш нәрсе емес. Мүмин адам кез келген жағдайда кез-келген игіллікке ие. Тіпті жаны көкірегінен алынып жатқан кезде де ол Аллаһ Тағаланы мадақтайды»,*** – деді.[185]

7. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) немерелерінің біреуі қайтыс болған кездегі жылауы.

Усама ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндағаны жеткізіледі: *«Өз кезінде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қызы (Зайнаб, Аллаһ оған разы болсын) оған өз баласының өлім ауызында жатқанын хабарлау үшін және оны шақыру үшін адам жібереді. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл адамды қайтарып, оларға сәлеметтік тілеуді және былай деп айтып баруды бұйырды:* ***«Расында, Аллаһтың алғаны да, бергені де Оның иелігінде, әрі Ол барлық нәрсенің мерзімін белгілеп қойды, ендеше ол сабырлық танытсын әрі Аллаһтың сыйсауабынан үміт етсін».*** *Алайда біраз уақыттан кейін ол тағы да оны шақыртып адам жіберіп, үйіне келуді жалбарынып сұрады, әрі сол кезде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз орнынан тұрды да, әрі онымен бірге Сағд ибн Убада, Мұғаз ибн Жәбәл, Убай ибн Кағб, Зәйд ибн Сәбит және басқа да кейбір адамдар тұрды. Қызының үйінде Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жан тапсырып қырылдап жатқан баланы ұстатты, ал ол болса оны өз көкірегіне басып, көзі жасқа толды. Мұны көрген Сағд: «Уа Аллаһтың Елшісі, бұл не?» – деп сұрады. (Яғни Сағд (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз қызын қазаны күңкілсіз көтеруге үндеп, өзі жылап жатқанына таң қалған болатын.) Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***"Бұл – Аллаһтың өз құлдарының жеректеріне салған рахымы",*** *– деді».*

Бұл хадистің басқа бір нұсқасында: ***«Бұл – Аллаһтың өз құлдарының ішінен қалағанының жерегіне салған рахымы. Өйткені, ақиқатында, Аллаһ өз құлдарының ішінен тек рахымдыларды ғана рахымына бөлейді»,*** – деп айтылған.[186]

---

[185] Ахмад (1/268), әт-Тирмизи «Әш-шәмәил» (№ 324). Әл-Әлбани «Мухтасар әш-шәмәил» еңбегінде (№ 279) бұл хабардың сахихтығын растаған.

[186] Әл-Бухари (№ 1284), Муслим (№ 923).

8. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Усман ибн Мазғун қайтыс болған кезде де жылаған болатын.

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деп хабарлаған: «*Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Усман ибн Мазғун қайтыс болған кезде оны сүйгенін, әрі оның көздерінен жас ағып жатқанын көрдім*».[187]

9. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мута шайқасында өзінің сахабалары қаза болған кезде жылады.

Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға Зәйдтің, Жәғфардың және Ибн Рауаханың мерт болғандығы туралы хабарды шабармандар алып келуден бұрын-ақ хабарлап қойғанын, әрі ол былай деп айтқанын баяндаған: ***«Туды Зәйд алды және өлтірілді, содан соң оны Жәғфар алды және өлтірілді, ал содан соң оны Ибн Рауаха алды және ол да өлтірілді,*** – әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыны айтып жатқан кезінде көздері жасқа толы болатын, содан соң ол былай деп жалғастырды, ***– ал содан кейін оны Аллаһтың семсерлерінің бір семсері***[188] ***алды да, Аллаһ оларға жеңіс сыйлады».***[189]

10. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) анасының қабірін зиярат жасағанда жылаған болатын.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) мынандай хабар келтіріледі: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз анасының қабірін зиярат етті және сол кезде жылады, әрі онымен бірге адамдар да жылады. Кейін ол былай деді:* ***"Мен Раббымнан анам үшін кешірім сұрауыма рұқсат сұрадым, бірақ маған рұқсат етілмеді, ал мен Одан анамның қабірін зиярат етуіме рұқсат сұрағанымда Ол маған мұны рұқсат етті. Қабірлерді зиярат етіңдер, өйткені олар сендерге өлімді естеріңе салады"***».[190]

11. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сағд ибн Убаданың жан тапсырып жатқан төсегінің алдында жылады.

Абдуллаһ ибн Умардың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: «*Сағд ибн Убада қатты ауырып қалған кезде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абдуррахман ибн Ауфпен, Сағд ибн Абу Уаққаспен және Абдуллаһ ибн Масғудпен*

---

[187] Абу Дауд (№ 3163), әт-Тирмизи (№ 989), Ибн Мәжаһ (№ 1456).

[188] "Сайфу-Ллаһ" (Аллаһтың семсері) – Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Халид ибн әл-Уалидті (Аллаһ оған разы болсын) осылай деп атаған болатын.

[189] Әл-Бухари (№ 4262).

[190] Муслим (№ 108).

бірге (Аллаһ оларға разы болсын) оны зиярат жасап барды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) науқастың жанына кіргенде оны қоршап отырған туысқандарын көрді де, олардан: ***«Ол жан тапсырып қойды ма?»*** *– деп сұрады. Олар: «Жоқ, уа Аллаһтың Елшісі», – деп жауап берді, әрі сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жылай бастады. Оның жылағанын көріп, басқалар да жылай бастады. Содан соң ол:* ***«Сендер естімейсіңдер ме? Расында, Аллаһ қос жанардан аққан көз жастары үшін де, жүректің қайғырғаны үшін де азаптамайды, алайда ол тек мынау үшін ғана не азаптайды, не рахымына бөлейді»,*** *– деді де, өзінің тіліне нұсқады...».*[191]

12. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандар жерленгенде жылайтын.

Әл-Бара ибн Азибтен (Аллаһ оған разы болсын) былай деп жеткізіледі: *«Бірде біз Аллаһ Елшісімен бірге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жерлеу рәсіміне қатысқан едік. Ол қабірдің ернеуінің жанына отырды да жылай бастады, әрі оның жылағанынан жер ылғалданды, ал содан соң ол:* ***«Уа бауырларым! Тура осындай (күнге) дайындалыңдар!»*** *– деді».*[192]

13. Ол Бадр шайқасының қарсаңындағы түнде таңға дейін Раббысына дұға етіп жалбарынып, жылаған еді.

Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) былай деп хабарлады: *«Бадр шайқасы болған күні біздің арамыздан Миқдадтан басқа ешкімде ат жоқ болатын, ал шайқас қарсаңындағы түнде мен Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа ұйықтамаған ешкімді көрмедім. Ол ағаштың астында таң атқанға дейін намаз оқып, жылаған еді».*[193]

14. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күн тұтылу намазында жылаған болатын.

Абдуллаһ ибн Амр былай деп хабарлаған: *«Бірде, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен мен сәлемі болсын) тірі кезінде, күн тұтылған болатын. Осы күн тұтылу болған кезде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намаз оқуға тұрды. Кейін ол өте ұзақ сәжде жасады, содан соң ол бір нәрсеге үрлей бастады әрі жылады... Кейін ол орнынан тұрды да, Аллаһқа мадақ айтып, Оны пәктеді, содан соң былай деді:* ***«Маған Тозақ көрсетілді, әрі мен оның сендерді бүркеп алуынан қорқып, оған үрлеп: «Уа Раббым! Мен олардың***

---

[191] Әл-Бухари (№ 1304), Муслим (№ 924).

[192] Ибн Мәжаһ (№ 4195), Ахмад (4/294). Әл-Әлбани «Сахих Ибн Мәжаһ» (3/369) және «Әс-силсилә әс-сахиха» (№ 1751) еңбектерінде хадисті хасан деді.

[193] Ибн Хузайма (№ 899; 2/53), Ахмад (1/125; 2/222). Әл-Әғзами және әл-Әлбани бұл хадистің жеткізушілер тізбегінің сенімділін растады. Қ-з: «Сахих Ибн Хузайма» (2/52).

арасында болғанға дейін оларды жазаламаймын деп уәде бермеп пе едің?!», – дей бастадым».[194]

15. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Бадр шайқасында тұтқынға алынғандар үшін құн алу туралы шешім қабылдаған кезде жылаған болатын.

Ибн Аббас мына хабарды жеткізген: «*Тұтқындар алынған кезде, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакр мен Умардан:* ***«Сендер біз мына тұтқындармен не істеуіміз керек деп ойлайсыңдар?»*** *– деп кеңес сұраған болатын. Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «Уа Аллаһтың елшісі, бұл адамдар біздің туған және немере бауырларымыз немесе ағайын-туысқандарымыз болып табылады, әрі мен сіздің олардан бізді кәпірлермен болған күресімізде бекемдей түсетін құн алуыңыз керек деп ойлаймын, бәлкім, Аллаһ оларды хақ жолға салып, олар бізге көмектесер», – деді.*

Содан соң Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Ал сен не айтасың, уа Ибн әл-Хаттаб?» –*** *деді. Умар (Аллаһ оған разы болсын): «Аллаһпен ант етемін, мен Абу Бакрмен келіспеймін, әрі мен сіз бізге олардың бастарын шауып тастауға рұқсат беруіңіз керек деп есептеймін, әрі сіз Алиге Ғақил ибн Абу Талибтың басын шауып тастауға рұқсат беруіңіз керек, әрі маған пәленнің басын шауып тастауға рұқсат беруіңіз керек, – деп, өзінің туысқандарының біреуін меңзеген болатын, – өйткені бұл тұтқындар – күпірліктің жетекшілері әрі олардың ең жақсы жауынгерлері!», – деді.*

Умар бин әл-Хаттаб (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) менің айтқандарым емес, Абу Бакрдың айтқандары ұнаған болатын, әрі ол олардан бодау алды, ал келесі күні азанда мен Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және Абу Бакрге бардым әрі олардың жылап отырғандарын көрдім де: «Уа Аллаһтың Елшісі, сіз бен досыңызды не жылатып жатқанын маған айтыңыз шы? Егер мен мен де жылайтындай себеп көрсем, онда мен де жылармын, ал егер олай болмаса, онда жай сендермен қосыла жылармын», – дедім. Бұған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***"Себеп – сенің жолдастарыңның маған жаулардан бодау алуды ұсынғаны, ал маған оларға (осы үшін) төніп тұрған жаза көрсетілді, әрі ол көрініс маған анау тұрған ағаштан жақын болатын".***

Әрі сол кезде Аллаһ келесі аяттарды түсірді:

---

[194] Ибн Хузайма (№ 901). Әл-Әғзами және әл-Әлбани бұл хадистің жеткізушілер тізбегін сенімді деді. Қ-з: «Сахих Ибн Хузайма» (2/53), сондай-ақ «Мухтасар әш-Шәмаил» (№ 278).

مَا كَانَ لِنَبِيٍّ أَنْ يَكُونَ لَهُ أَسْرَى حَتَّى يُثْخِنَ فِي الأَرْضِ تُرِيدُونَ عَرَضَ الدُّنْيَا وَاللَّهُ يُرِيدُ الآخِرَةَ وَاللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ (٦٧) لَوْلا كِتَابٌ مِنَ اللَّهِ سَبَقَ لَمَسَّكُمْ فِيمَا أَخَذْتُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ (٦٨) فَكُلُوا مِمَّا غَنِمْتُمْ حَلالا طَيِّبًا وَاتَّقُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ غَفُورٌ رَحِيمٌ (٦٩)

«Ешбір пайғамбарға жер жүзінде жауға өктем болғанға дейін тұтқын ұстау тиісті емес. Сендер дүниенің пайдасын ойлайсыңдар. Аллаһ (сендерге) Ақыретті қалайды. Аллаһ өте Үстем, Дана. Егер Аллаһтан бір жазу (үкім) болмаған болса еді, (бодау) алғандарыңның салдарынан сендерді зор азап ұстар еді. Ендеше олжа түрінде алған халал, таза нәрселерді жеңдер әрі Аллаһтан қорқыңдар. Расында, Аллаһ өте Жарылқаушы, ерекше Мейірімді» («әл-Әнфал» сүресі, 67-69 аяттар).

Осылайша Аллаһ мұсылмандарға әскери олжаны халал етті».[195]

16. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметіне деген жанашырлығы мен аяушылығы себебінен де жылайтын.

Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ибраһимнің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* **«Раббым, олар (пұттар) адамдардың көбін адастырды. Ал енді біреу маған ерсе, рас ол менен»,** *– деп айтқан, әрі Исаның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* «**«Егер оларды азаптасаң – олар құлдарың, ал егер оларды жарылқасаң – онда, күдіксіз, Сен аса Үстем, Данасың»**, *– деп айтқан Аллаһ Тағаланың сөздерін оқып, содан соң екі қолын көкке көтеріп:* ***«Уа Аллаһ! Менің үмметім, менің үмметім! (яғни «Менің үмметімді кешір, менің үмметімді кешір!)»*** *– деді де, жылап жіберді. Әрі сол кезде Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ:* **«Уа Жәбірейіл, Мухаммадқа бар да –** *ал Раббың барлық нәрсе туралы жақсы біледі* **– одан: «Сені не нәрсе жылатуда?» – деп сұра**», *– деп айтты. Әрі Жәбірейіл Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келді, және ол оған өзінің сөздері туралы хабарлады, әрі бұл туралы Аллаһқа бәрінен жақсырақ мәлім еді. Сол кезде Аллаһ Тағала:* **«Уа Жәбірейіл, Мухаммадқа бар да, оған: «Расында, біз сені өз үмметіңмен разы болатындай етеміз, әрі Біз Сені мұңайтпаймыз!» – деп айт»,** *– деді».*[196]

---

[195] Муслим (№ 1763).

[196] Муслим (№ 202).

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) БАЛАЛАРҒА ДЕГЕН МЕЙІРБАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАУҒА ДЕГЕН ЫНТАСЫ

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамгершіліктің барлық саласында ең жоғары дәрежеге ие болатын әрі ең кемел өнеге еді. Оның ұлы мінезінің ең ерекше көріністерінің бірі оның бүкіл адамзат үшін ең керемет үлгі-өнегеге айналған балаларға деген қарым-қатынасы еді. Сөзсіз, ешбір адам, мейлі ол атақты психолог, немесе педагог, немесе басқа біреу болсын, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) балалармен қарым-қатынас жасаған дәрежесіне жете алмайды. Дегенмен, әрбір мұсылман адам Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жалпы өнегесіне де, әрі соның ішінде балаларға мейірбандық пен жұмсақтық танытудағы және оларды еркелетудегі өнегесіне де ілесу үшін, бар күш-жігерін салуға міндетті. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) баларға қандай қарым-қатынас жасағандығының кейбір мысалдарын келтірейік:

1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Махмуд ибн әр-Рабиғпен ойнауы.

Махмуд ибн ар-Рабиғтың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны баяндалады: «*Мен бес жаста болған кезімде, бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шелектен ауызына су алып менім бетіме (ойнап) шашып жібергенін есімде сақтап қалдым*».[197]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осылай істегені не оның баламен ойнап оның көңілін көтеруді қала-

[197] Әл-Бухари (№ 77), Муслим (1/456. № 265).

ғанымен, не, ол әдетте сахабалардың балаларына жасайтынындай, оған өзінің берекесін сыйлағысы келгенімен түсіндіріледі.[198]

Біздің ұстазымыз шейх Ибн Баз (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы хадисте суреттелген іс-әрекеті баланы қуанту және онымен ойнап, көңілін көтеру үшін жасалғандығына, әрі ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) керемет көркем мінезіне айғақ болатынына нұсқаған еді.[199]

2. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірнеше балалармен бірге ойнауы және оларды еркелеткені.

Жәбир ибн Самура (Аллаһ оған разы болсын) былай деп хабарлаған: *«Мен Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірінші намазды оқыдым, кейін ол өз отбасына қарай бет алды, әрі мен онымен бірге жүрдім. Жолда оған бір топ балалар кезікті де, ол олардың әрбірін кезек-кезектен беттерінен сипай бастады». «Ол менің бетімді сипағанда мен оның қолдарынан, бейне ол оларды қазір ғана әтір салған қобдишадан шығарғанындай, керемет әдемі хош иіс аңқитынын сездім»*, – деп жалғастырды Жәбир.[200]

3. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз немерелері Хасан мен Хусайнды еркелетуі

– Абу Хурайраның (оған Аллаһ разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Бірде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) немересі Хасан ибн Алиді (оған Аллаһ разы болсын) сүйген кезінде, оның құзырында әл-Ақрағ ибн Хабиса әт-Тамими болатын, әрі (мұны көріп тұрған) әл-Ақрағ: "Расында, менің он ұлым бар, бірақ мен олардың ешқайсысын бір рет болса да сүймеппін", – деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған қарады да:* ***"Мейірім танытпағанға мейірім танытылмайды!"*** *– деді».*[201]

– Айша (анамыздың) (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Бірде Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шөл тұрғындарынан болған бір кісі келді де (мұсылмандардың өз балаларын сүйетіндерін көріп): "Сендер балаларыңды сүйесіңдер ме?! Ал біз болсақ оларды ешқашан сүймейміз", – деді. Бұл сөздерді естіген Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***"Егер Аллаһ сендердің жүректеріңді мейірімнен жұрдай еткен болса, мен не істей алмақпын?!"*** *– деді».*[202]

---

[198] «Фатх әл-Бари» (1/172).

[199] Қ-з: «Әл-Бухари хадистеріне түсіндірме» (№ 77).

[200] Муслим (№ 2329).

[201] Әл-Бухари (№ 5997).

[202] Әл-Бухари (№ 5998), Муслим (№ 2317).

– Хасан мен Хусайн Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең сүйікті жандарынан болатын. Бірде бір адам Ибн Умардан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын): «Қажылық ихрамын киген адам шыбын өлтіре алады ма?» – деп сұрағаны туралы жеткізілген. Бұған Ибн Умар: *«Ирақ тұрғындары Аллаһ Елшісінің немерелерін өлтірген соң шыбын (өлтіру) туралы сұрайды, ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***"Бұл дүниеде олар (яғни Хасан мен Хусайн) мен үшін екі райхан гүл сияқты!"*** *– деп айтты ғой».*[203]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы сөздері оның немерелері Хасан мен Хусайнның ол үшін Аллаһтың оған берген сыйы болғанына нұсқайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды райханмен теңегенінің себебі, адамдар балаларын еркелетіп сүйген кезінде олардың жұпар иісін (ләззаттанып) иіскейтінінде еді. Оларды осы дүниедегі өзінің райхандары деп атауы арқылы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың оған бұл дүниеде үлес етіп берілген ләззаттардың бір бөлігі екенін меңзеген болатын.[204]

– Абу Бакра (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқаны жеткізілген: *«Мен мінберде тұрған Аллаһтың Елшісін көрдім, ал оның жанында немересі Хасан ибн Али тұрған болатын, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға бір қарап, Хасанға бір қарап, былай деді:* ***"Расында, менің осы ұлым – сайид[205], әрі бәлкім ол арқылы Аллаһ мұсылмандардың екі үлкен тобын бітімжарасуға келтірер"*** *».*[206]

Хасан (оған Аллаһ разы болсын) шындығында да, Аса Жоғары Аллаһ ол арқылы Муғауия мен (Аллаһ оған разы болсын) оның жақтастарын Али ибн Абу Талибтың (Аллаһ оған разы болсын) жақтастарымен бітімге келтіріп жарастырған тұлға болды. Хасанның (Аллаһ оған разы болсын) биліктен өз еркімен бас тартуы мұсылмандар арасындағы қантөгістің тоқтауына және халифатта бейбітшілік орнауына алып келді.[207]

– Әл-Бараның (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз иығына немересі Хасан ибн Алиді отырғызған күйінде:* ***"Уа Аллаһ, расында, мен оны сүйемін, Сен де оны сүйе гөр!"*** *– деп айтқанын естідім».*[208]

---

[203] Әл-Бухари (№ 5994).
[204] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (10/427).
[205] Яғни мырза, басшы – ред.
[206] Әл-Бухари (№ 3746).
[207] Әл-Бухари (№ 2704).
[208] Әл-Бухари (№ 3749).

4. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сәжде жасаған кезінде балалардың оның арқасында отыруы.

Шәддад (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: *«Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кешкі намаздардың бірін орындау үшін қолына Хасанды не Хусайнді көтеріп, адамдармен бірге мешітке шықты. Намаз орындайтын жерге келіп, ол немересін жерге отырғызды да:* ***«Аллаһ Ұлы!» (Аллаһу Акбар!)»*** *– деп намазды бастады. Намаз кезінде ол екі сәжденің бірін жасады да, осы кейіпінде өте көп уақыт тұрып қалды. Мен не болғанын білу үшін басымды көтердім, әрі сәждеде иілген Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқасында немересі отырғанын көрдім. Сонда мен қайтадан сәждеге оралдым. Ал намаз біткен кезінде, адамдар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа Аллаһтың Елшісі! Намазда тым ұзақ сәжде жасадыңыз ғой, біз тіпті бір нәрсе болып қалды ма деп, әлде сізге көктен уахи түсіп жатқан шығар деп ойлап қалдық», – деп сұрақ қоя бастады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Менімен сендер айтып жатқан ешнәрселердің ешқайсысы болған жоқ. Бар болғаны – немерем мені ерттеп алып, мен оның ойыны қанбайынша оны асықтырғым келмеді»,*** *– деді».*[209]

5. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Усама ибн Зәйдке танытқан махаббаты.

Усама ибн Зәйд (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мені өзінің бір тізесіне, ал Хасанды – екіншісіне жиі отырғызатын, сосын бізді құшақтап:* ***"Уа Аллаһ оларды рахымыңа бөлей гөр, өйткені, расында, олар менің жүрегіме қымбатты!" –*** *дейтін».*

Басқа бір риуаятта Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол кезде: ***«Уа Аллаһ, оларды сүйе гөр, өйткені, расында, мен оларды сүйемін»,*** – дегені жеткізіледі.[210]

6. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз немересін қолына көтеріп намаз оқуы.

Абу Қатада әл-Ансаридің (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірнеше жағдайларда қолына қызы Зайнаб пен (күеу баласы) Абу-л-Ас ибн әр-Рабиғтан туылған немересі Умаманы көтеріп, намаз оқығаны жеткізілген. Сәжде жасаудан бұрын Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қызды жерге қоятын, ал орнынан (қиямға) тұрғанда қайтадан оны қолына алатын.[211]

---

[209] Ән-Нәсаи (№ 1142), Ахмад (3/493). Әл-Әлбани «Сахих ән-Нәсаи» еңбегінде хадистің сахихтығын растаған (1/246).

[210] Әл-Бухари (№ 6003, 3747, 3735).

[211] Әл-Бухари (№ 516, 5996), Муслим (1/385. № 543).

7. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Умм Халидты еркелетіп сөйлегені.

Умм Халид бинт Халид ибн Сағид (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «*Бірде, мен сары көйлегімді киіп, әкеммен бірге Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген болатынмын*[212]*, әрі сол кезде Аллаһ Елшісі (мені көріп):* ***"Санах, санах!"*** *– деді, ал бұл эфиоптар тілінде "Керемет әдемі!" дегенді білдіреді. Кейін мен (Пайғамбардың арқасындағы) пайғамбарлық мөрімен ойнай бастадым, ал әкем болса мені дауыстап қуа бастады, бірақ Аллаһ Елшісі:* ***"Тиіспеші оған!"*** – деді. Ал содан соң Аллаһ Елшісі маған: ***"Киіп тоздыр, сосын тағы киіп тоздыр, сосын тағы киіп тоздыр!"***[213] – деді».[214]

Әрі Умм Халид өте ұзақ өмір сүрді. Ешқандай әйел ол сияқты ұзақ өмір сүрген емес деп айтылады. Қ-з: «Фатх әл-Бари» (1/184).

8. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) баланың жылауының себебімен намазды қысқартуы.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазда (имамдықта тұрған кезінде) намазды жеңілдететін әрі жылап жатқан сәбидің дауысын естісе, оны қысқартып[215] оқитын. Ол мұны (намазда тұрған) ана мен оның сәбиіне деген жанашырлығынан істейтін. Абу Қатаданың сөздерінен (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Расында, мен намазға кірiскен кезімде, оны ұзақ созып орындағым келеді, бірақ сәби жылауын естігенімде, оны қысқартамын, өйткені оның анасына қиындық тудырғым келмейді»,*** – дегені жеткізіледі.[216]

9. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) балаларға сәлем беруі.

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) балалардың жанынан өтіп бара жатып оларға сәлем беретіні әрі: «*Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осылайша істейтін*», – деп айтатыны жеткізілген.[217]

---

[212] Сол кезде Умм Халид, Аллаһ оған разы болсын, кішкентай қыз болатын.

[213] Яғни біздің тіліміздегі «Киімің тозсын, өзің тозба деген», – мағынаға ұқсас: «Осы киіміңді киіп тоздырған соң, тағы басқасын киіп тоздыр, сосын тағы басқасын киіп тоздыр», – деп, бұл бүлдіршін қызға Аллаһтан ұзақ өмір тілеген дұғасы.

[214] Әл-Бухари (№ 3071).

[215] Яғни оқылатын аяттар мен дұғаларды созбай, бірақ толық – ауд.

[216] Әл-Бухари (№ 707).

[217] Әл-Бухари (№ 6247), Муслим (4/1708).

10. Пайғамбардың Абу Умайрды еркелетуі.

Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай деп хабарлағаны жеткізіледі: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең көркем мінезге ие еді. Менің Абу Умайр деген інім болатын – әрі ол сол кезде емізу жасынан енді шыққан сәби болатын. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біздің үйімізге келген кездерінде оған: «Әй Абу Умайр! Шымшық не істеп қойды?!», – (деп еркелетіп) сөйлейтін*».[218]

Бұл хабарда Абу Умайрдің ол сонымен ойнайтын шымшығы туралы сөз болуда. Сол шымшық өліп қалған кезде сәбидің мұңданғанын көрген Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны хадисте келтірілген сөздермен еркелетіп жұбатқан болатын.[219]

11. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің оң жағында тұрған балаға кезекті ересектерден бұрын бергені.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (бірде өзінің жанындағы кісілерге су ұсынып жатып) алдында үлкен жастағы адамдар бола тұра, ыдысты бірінші болып оң жағында тұрған балаға берді. Сәһл ибн Сағд (оған Аллаһ разы болсын) былай деп айтқаны хабарланады: «*Бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кесемен (су) алып келінген болатын, әрі ол одан ішті. Сол кезде оның оң жағында жас бала отырған еді*[220]*, әрі ол сол жерде отырған кісілердің ішіндегі ең кішкентайы болатын, ал Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол жағында үлкен кісілер отырған еді, әрі Пайғамбар әлгі жас балаға:* ***"Сен мынаны үлкен кісілерге бірінші болып беруге рұқсат етесің бе?"*** *– деп сұрады. Бұған әлгі жас бала: "Мен өзіме сізден келген нәрсені ешкімге бермеймін!" – деп жауап берді, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кесені оған ұсынды*».[221]

12. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сәби бала оның көйлегіне сиіп қойғанда не істегені туралы.

Умм Қайс бинт Михсаннан (Аллаһ оған разы болсын) оның бірде құшағындағы сәби баласымен Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келгені туралы хабарланады. Аллаһтың Елшісі баланы өз тізесіне отырғызды, әрі біраз уақыттан соң ол Пайғамбардың көйлегіне сиіп қойды, сонда Пайғамбар (оған

---

[218] Әл-Бухари (№ 6203).

[219] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (10/583).

[220] Бұл жас бала Абдуллаһ ибн Аббас еді әрі сол кезде ол он үшке толмаған бала болатын деп хабарланады.

[221] Әл-Бухари (№ 2351, 2451).

Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) су алып келуді бұйырып, сол (ластанған) жерге су бүркеді, бірақ оны жумады.[222]

Әрі Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) балаларға деген мейірбандығын көрсететін мысалдар өте көп.

---

[222] Әл-Бухари (№ 223).

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) МІНЕЗІНІҢ КӨРКЕМДІГІ

I. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандарды көркем мінезділікке үндейтін

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мінезінің керемет көркемдігінің себебімен Исламды қабылдаған адамдардың саны есепке келмейтіндей өте көп. Адамдар оның жомарттығы, кеңпейілділігі, кешірімділігі, кішіпейілділігі, ұстамдылығы, сабырлығы, жұмсақтығы, қарапайымдылығы, әділдігі, ержүректігі, күштілігі сияқты әртүрлі адамгершілік сипаттарымен тамсанып сүйсінетін.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мүминдерді көркем мінезділік танытуға ынталандыруының көптеген себептері бар еді. Олардың кейбірін атап өтейік:

1. Жоғары деңгейдегі адамгершілікті таныту жалпы мұсылмандардың өмірінде де, солардың ішіндегі Исламды насихаттаумен айналысатындардың өмірінде де, иманның ең жоғары құрамдас бөліктеріне әрі оның ең үлкен дәрежелеріне жатады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Мүминдердің ішіндегі ең кәміл иманға – ең көркем мінездісі ие болады»,*** – деп айтқан.[223]

2. Жоғарғы адамгершілік сипат – бұл әрбір қоғамның ең керекті нәрсесі, ал кісінің өз адамгершілігі туралы қам жасауы әрбір жеке тұлғаның, әсіресе өзгелерді дінге шақырушының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Пайғамбар (оған Аллаһтың

[223] Әт-Тирмизи (3/437. № 1162), Абу Дауд (4/220. № 4682). Шейх әл-Әлбани «Сахих әт-Тирмизи» еңбегінде хадисті хасан (деді) (1/340).

игілігі мен сәлемі болсын) өзін көркем мінезбен әдемілеген адамның Қиямет күні ол үшін ең қалаулы әрі алар орны бойынша оған ең жақын адамдардың қатарында болатынын атап айтқан болатын. Ол: «***Расында, мен үшін Қиямет күні ең қалаулы әрі алар орны бойынша маған ең жақын адамдардың қатарында сендердің іштеріңдегі ең көркем мінезділерің болады»,*** – деген.[224]

3. Көркем мінез мұсылманды ең жақсы адамдардың қатарынан етеді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) болсын: ***«Сендердің ең жақсыларың – ең көркем мінезге ие болғандарың»,*** – дейтін.[225]

Бір ақын:

«Адамгершілік барда – халық та бар,

Ол жойылса – халық та жойылады», – деп айтқан екен.

4. Көркем мінезділік Аллаһқа жақындаудың ең ұлы тәсілдерінің әрі адамға берілетін ең қымбат сыйларының бірі болып табылады.

Аллаһтың дініне шақырушы осы өте зор игілікті өзі де пайдаланып, амалға асыруы және өзгелерді де осыған шақыруы үшін, оған ерекше мұқтаж. Осыны жасау арқылы, ол Аллаһтың ұлы сыйына қол жеткізеді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Қиямет күні Мизан таразысында көркем мінезден салмақты нәрсе жоқ»,*** – деп айтқан болатын.[226]

Ол сондай-ақ былай деген: ***«Расында, адам өзінің көркем мінезінің себебімен түндерін намаз оқумен, күндерін ораза ұстаумен өткізетін адамның дәрежесіне жетеді».***[227]

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абдуллаһ ибн Амрға насихат айтып, былай деді: ***«Егер сен (келесі) төрт нәрсеге ие болсаң, онда бұл дүниеде саған берілмеген әлдебір нәрсе үшін қамықпайсың, (олар): аманатшылдық, шыншылдық, көркем мінезділік әрі қарапайымдылық».***[228]

Осылайша, адам жоғары адамгершілік сипаттарға ие болу арқылы кез-келген игілік пен берекеге қол жеткізеді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Адамгершілік – бұл көркем мінез»,*** – деген.[229]

---

[224] Әт-Тирмизи (4/370. № 2019). Шейх әл-Әлбани «Сахих ат-Тирмизи» еңбегінде хадисті сахих деген (2/196).

[225] Әл-Бухари (№ 6029), Муслим (4/1810. № 2321).

[226] Абу Дауд (4/253. № 4798), әт-Тирмизи (4/362. № 2002). Әл-Әлбани «Сахих Абу Дауд» еңбегінде хадистің сахихтығын растаған (3/911).

[227] «Сахиха», 795.

[228] Ахмад «әл-Муснад» (2/177). Хадистің иснады жаман емес. Қ-з: әл-Әлбани, «Сахих әл-жәмиғ әс-сағир» (1/301. № 886).

[229] Муслим (4/1980. № 2553).

5. Көркем мінезділік Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл мұсылмандарға, әсіресе олардың ішіндегі өзін Ислам дағуатына бағыштаған адамдарға өсиет еткен нәрсесі. Ол Муғаз ибн Жәбәлді Йеменге әкім, қазы әрі Аллаһқа шақырушы ретінде жіберіп жатқанда, оған көркем мінезділікті өсиет етіп: «***Адамдармен қарым-қатынасыңда көркем мінезділікті ұстан***», – деп насихат айтқан болатын.[230]

6. Көркем мінезділіктің маңызы өте зор. Сондықтан да Аса Жоғары Аллаһ Өзінің ардақты Пайғамбарына оны ұстануды бұйырып, оның мінезін мақтап атады. Аллаһтың Елшісі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көркем мінезділіктің үлкен ерекше маңызына нұсқаған болатын.

Аллаһ Тағала Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

خُذِ الْعَفْوَ وَأْمُرْ بِالْعُرْفِ وَأَعْرِضْ عَنِ الْجَاهِلِينَ (١٩٩)

«Кешірімді бол, жақсылық жасауды бұйыр әрі надандардан бет бұр», – деп бұйырды («әл-Әғраф» сүресі, 199-аят).

Аллаһ оның мінезін сипаттап:

وَإِنَّكَ لَعَلى خُلُقٍ عَظِيمٍ (٤)

«Расында, сен ұлы мінезге иесің», – деді («әл-Қаләм» сүресі, 4-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Мен көркем мінезділікті кемелдікке жеткізу үшін жіберілдім***», – деп айтқан.[231]

Айша (анамыз) (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мінезі қандай болғандығы туралы сұраққа: «*Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мінезі Құран болатын*», – деп жауап берді.[232]

7. Көркем мінезділік – адамдарды Исламға және тура жолға шақырудың ең басты әдістерінің бірі болып табылады. Сондықтан да Аллаһтың ардақты Пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмір жолын зерттейтін адам, оның барлық нәрседе, әсіресе адамдарды Аллаһқа шақыруда ерекше көркем мінезділік танытқанына айқын көз жеткізеді. Бұл өз кезегінде

---

[230] Әт-Тирмизи (4/355. № 2389). Әл-Әлбани «Сахих Сунан әт-Тирмизи» еңбегінде хадисті хасан (жақсы) деді (2/191).

[231] Әл-Байһақи (10/192), Ахмад (2/381), әл-Хаким (2/613), сондай-ақ әл-Әлбанидің «Әс-силсилә әс-сахиха» еңбегін қараңыз (1/75. № 45).

[232] Муслим (1/513. № 746).

адамдарды Аллаһтың дініне қарай асыға ұмтылуға ынталандыратын. Ең алдымен Аллаһтың мейірімімен, ал содан соң Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көркем мінезділігінің себебімен адамдар Исламға топ-топ болып кіретін. Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлы мінезіне ғажаптанып, мұсылман болғандар қаншама десеңізші! Бір кісі Исламды қабылдап: «*Жер бетінде мен үшін сіздің жүзіңізден жек көрінішті жүз жоқ болатын, ал қазір ол мен үшін басқалардың барлығынан да сүйіктірек болды!*» – деді.[233]

Екінші біреу Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кешірімділігі мен ізгілігіне алғыс білдіре отырып, Аллаһ Тағалаға: «*Уа Аллаһ, мені мен Мухаммадты ғана рахым ете гөр, әрі басқа ешкімді емес!*» – деп дұға етті. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың бүкіл болмысты қамтитын рахымын «шектеуге» рұқсат етпеді де, Аллаһтың мейірімін меңзеп: ***«Сен кең болған нәрсені тарылтып жібердің!»***, – деп, оған игі насихат берді.[234]

Үшінші бір кісі ол туралы: «*Мен одан бұрын да, одан кейін де мұндай керемет ұстазды көрген емеспін!*» – деді.[235]

Төртіншісі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жомарттығына аң-таң болған күйінде өз тайпасына барып: «*Уа халқым! Исламды қабылдаңдар, өйткені Мухаммад кедейліктен қорықпайтын адам секілді сыйлық таратады!*» – деді.[236]

Ал бесінші бір адам болса: «*Аллаһтың Елшісі басында мен үшін ең жеккөрінішті адам еді. Бірақ ол мен үшін ең сүйікті адам болғанына дейін маған сыйлық бере берді*», – деп баяндады.[237]

Алтыншысы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кең пейілді кешіріміне ие болып[238], өз тайпасына оралған соң: «*Мен ең керемет адаммен кездесуден келдім*», – деді, ал содан соң елін Исламға шақырды, әрі олардың көбі оның шақыруына жауап беріп, мұсылман болды.[239]

Әрі мұндай мысалдарды өте көп келтіре беруге болады.

8. Көркем мінезге ие болу – әрбір мұсылманның, әсіресе өзін ықыласты түрде Аллаһтың дініне шақыру ісіне бағыштаған адамның арманы, өйткені жақсы мінез арқылы адам құтылуға әрі

---

[233] Әл-Бухари (№ 4372), Муслим (№ 1764).

[234] Әл-Бухари (№ 6010).

[235] Муслим (№ 537.

[236] Муслим (№ 2312)

[237] Муслим (№ 2313).

[238] Ибн Хәжар «Фатх әл-Бари» 6/96, 97 (хадис № 2910), Муслим (№ 843).

[239] Ибн Хәжар «Фатх әл-Бари» 7/428, «Шарх ән-Нәуауи ли Сахих Муслим»15/44.

бүкіл, яғни жеке әрі жалпы істерінде, жетістікке қол жеткізеді. Көркем мінезділіктің ұлы маңызын білген Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз Раббысынан өзі үшін де соны тілейтін. Түнгі намаздарына тұрған кезінде ол: *«Уа Аллаһ! … Мен ең жақсы адамгершілік сипаттарға бағыттай гөр, өйткені Сенен басқа ешкім оларға бағыттамайды»,* – деп дұға етіп жалбарынатын.[240] Ол сондай-ақ Аллаһқа: *«Уа Аллаһ, маған көркем келбет бергеніңдей, көркем мінез де бере гөр»,* – деп жалбарынатын.[241]

9. Көркем мінез өз иесіне адамдардың, тіпті дұшпандарының оған қатысты сүйінішін оятады. Көркем мінезді кісі түрлі әлеуметтік санаттағы адамдардың сүйіспеншілігіне ие болуы мүмкін. Мұндай кісімен қарым-қатынас жасап көрген адамның бойын оған деген махаббат пен сүйіспеншілік билейді. Бұл жағдай Исламды насихаттау ісінде елеулі демеу болады әрі онымен айналысатын адамға, Аллаһтың қалауымен, өз игі мақсаттарына жетуін жеңілдетеді. Ақиқатқа шақырушылар барлық адамды бірдей садақамен және сыйлықтармен қамти алмайды, бірақ олардың барлығына ақ көңілділік пен асыл мінезділіктің не екенін таныта алады.

10. Көркем мінезбен әдеміленбеген адам, адамдарды Исламға шақыруға кіріссе, жиі жағдайда оларды Исламнан бет бұрғызады, әрі оның білімі мен тәжірибесі азғантай-ақ адамға пайда келтіруі мүмкін. Адамдардың тума табиғаты сондай – олар өздеріне қатысты тәкаппарлықпен және жек көрушілікпен қарым-қатынас жасайтын, оларға көңіл бөлмейтін әрі құрмет көрсетпейтін адамның насихат айтуын қабылдамайды, тіпті оның сөздері – ақиқат болса да. Аса Жоғары Аллаһ Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:

فَبِمَا رَحْمَةٍ مِنَ اللَّهِ لِنْتَ لَهُمْ وَلَوْ كُنْتَ فَظًّا غَلِيظَ الْقَلْبِ لانْفَضُّوا مِنْ حَوْلِكَ فَاعْفُ عَنْهُمْ وَاسْتَغْفِرْ لَهُمْ وَشَاوِرْهُمْ فِي الأَمْرِ

«Оларға Аллаһтың мейірімі бойынша жұмсақ сыңай байқаттың. Егер тұрпайы, қатал жүректі болсаң еді, әрине, олар маңайыңнан тарқап кетер еді. Сондықтан оларды кешірім етіп, олар үшін жарылқау тіле де, іс жөнінде олармен кеңес» («Әли Имран» сүресі, 159-аят).

---

[240] Муслим (1/534. № 770).

[241] Әл-Байһақи, Ахмад (6/68). Әл-Әлбани «Ируа әл-ғалил» еңбегінде хадисті сенімді деп бағалады (1/113. № 74).

Ол сондай-ақ былай деді:

وَاخْفِضْ جَنَاحَكَ لِمَنِ اتَّبَعَكَ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ (٢١٥)

«Өзіңе ерген мүминдерге мейірім қанатыңды жай» («әш-Шуғара» сүресі, 215-аят).

Аллаһ Тағала Өз пенделеріне деген мейірімін ескертіп былай дейді:

لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ بِالْمُؤْمِنِينَ رَءُوفٌ رَحِيمٌ (١٢٨)

«Расында, сендерге іштеріңнен ардақты бір Пайғамбар келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық, мүминдерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді» («әт-Тәуба» сүресі, 128-аят).

لَقَدْ مَنَّ اللَّهُ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ إِذْ بَعَثَ فِيهِمْ رَسُولا مِنْ أَنْفُسِهِمْ يَتْلُو عَلَيْهِمْ آيَاتِهِ وَيُزَكِّيهِمْ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ وَإِنْ كَانُوا مِنْ قَبْلُ لَفِي ضَلالٍ مُبِينٍ (١٦٤)

«Расында, Аллаһ мүминдерге қамқорлық етіп, олар бұрын ашық адасушылықта болса да, олардың ішіне өздерінен болған, оларға Аллаһтың аяттарын оқитын, оларды тазартатын және оларға Кітап мен хикметті үйрететін Елші жіберді» («Әли Имран» сүресі, 164-аят).

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلا رَحْمَةً لِلْعَالَمِينَ (١٠٧)

«Біз сені әлемдер үшін тек мейірім етіп жібердік» («әл-Әнбия» сүресі, 107-аят).

مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ وَالَّذِينَ مَعَهُ أَشِدَّاءُ عَلَى الْكُفَّارِ رُحَمَاءُ بَيْنَهُمْ

«Мухаммад – Аллаһтың елшісі. Онымен бірге болғандар кәпірлерге қатал, ал бір-біріне мейірімді» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят).

يَا أَيُّهَا النَّبِيُّ إِنَّا أَرْسَلْنَاكَ شَاهِدًا وَمُبَشِّرًا وَنَذِيرًا (٤٥)وَدَاعِيًا إِلَى اللَّهِ بِإِذْنِهِ وَسِرَاجًا مُنِيرًا (٤٦)وَبَشِّرِ الْمُؤْمِنِينَ بِأَنَّ لَهُمْ مِنَ اللَّهِ فَضْلا كَبِيرًا (٤٧)

«Әй Пайғамбар! Сөз жоқ, сені куә, қуантушы әрі ескертуші етіп, Аллаһқа Оның нұсқауымен шақырушы әрі нұрлы шырақ ретінде жібердік. Ендеше, мүминдерді, оларға Аллаһтан ұлы игілік барлығымен сүйіншіле» («әл-Әхзаб» сүресі, 45-47 аяттар).

Ешбір күмәнсіз, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Исламға шақыратын әрбір адам үшін ғибрат пен өнеге болуы керек. Аллаһ Тағала бұған Өзінің мына сөздерімен нұсқайды:

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِمَنْ كَانَ يَرْجُو اللَّهَ وَالْيَوْمَ الآخِرَ وَذَكَرَ اللَّهَ كَثِيرًا (٢١)

«Расында, сендер үшін, Аллаһты және Ақырет күнін үміт еткендер және Аллаһты көп еске алатындар үшін, Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар» («әл-Әхзаб» сүресі, 21-аят).

11. Үмметтің салиқалы болуы, оның тура жолға ілесуі және қайта өркендеуі тек оның таза қайнар көзіне оралуы және барлық қиратушы және бұрыс идеялардан бас тартуы арқылы ғана мүмкін болмақ. Исламға шақырушылардың көркем мінезді болуы әрі осыған басқаларды бағыттауы – біз соларға қайта оралуымыз қажет болған сол таза қайнар көздердің бірі. Аллаһқа шақырушы адамдар ең бірінші кезекті өздері көркем мінезділікті міндетті түрде ұстанулары қажет.

Аллаһ Тағала былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لِمَ تَقُولُونَ مَا لا تَفْعَلُونَ (٢) كَبُرَ مَقْتًا عِنْدَ اللَّهِ أَنْ تَقُولُوا مَا لا تَفْعَلُونَ (٣)

«Әй иман келтіргендер! Істемейтін істеріңді неге айтасыңдар. Істемейтін істеріңді сөйлеулерің Аллаһтың алдында аса жек көрінішті» («әс-Сафф» сүресі, 2-3 – аяттар).

Аллаһ амал жасаудан бұрын білім алуды, ал басқаларды сол білімге шақырудан бұрын оған амал жасауды бұйырады. Ол былай дейді:

فَاعْلَمْ أَنَّهُ لا إِلَهَ إِلا اللَّهُ وَاسْتَغْفِرْ لِذَنْبِكَ وَلِلْمُؤْمِنِينَ وَالْمُؤْمِنَاتِ

«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екенін біл, әрі күнәң үшін және мүмин ерлер мен мүмин әйелдер үшін кешірім сұра» («Мухаммад» сүресі, 19-аят).

وَالْعَصْرِ (١) إِنَّ الإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ (٢) إِلا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَاصَوْا بِالْحَقِّ وَتَوَاصَوْا بِالصَّبْرِ (٣)

«Заманмен ант. Негізінен адам баласы зиянда. Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендерден, бір-біріне хақты үгіттесіп, бір-бірене сабырды үгіттескендерден басқа» («әл-Аср» сүресі, 1-3 аяттар).

Бұл аяттарда Аллаһ Тағала адамның салиқалы амал істеуін оның өз айналасындағыларды ақиқатқа шақыруынан бұрын атап айтты.

12. Егер адам Исламға шақыру ісінде көркем мінезділікті ұстанса, бұл оның жүрегін нұрландырады, зейінін ұшқыр етеді, ақиқатты көре білуіне септігін тигізеді, адамдарды ақиқатқа шақыруда қалыптасқан жағдаяттар мен шақырылып жатқан адамның тұлғалық кейіпіне сәйкес келетіндей дұрыс әдіс-тәсілдерді табуына көмектеседі. Осыған нұсқап, Раббымыз былай дейді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنْ تَتَّقُوا اللَّهَ يَجْعَلْ لَكُمْ فُرْقَانًا وَيُكَفِّرْ عَنْكُمْ سَيِّئَاتِكُمْ وَيَغْفِرْ لَكُمْ وَاللَّهُ ذُو الْفَضْلِ الْعَظِيمِ (٢٩)

«Әй иман келтіргендер! Егер Аллаһтан қорықсаңдар, Ол сендерге ақиқатты жалғаннан ажырату қабілетін сый етеді...» («әл-Әнфәл» сүресі, 29-аят).

13. Исламды насихаттауда көркем мінез таныту – адамның Тозақтан құтылып, Жәннат бақтарында ең жоғары дәрежелерге жетуінің ең басты себептерінің бірі болып табылады. Әрбір мұсылман ұмтылатын Аллаһтың разылығынан кейінгі ең маңызды мақсат, міне, осы.

Хадистердің бірінде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірде бір кісіден ол өзінің намаздарында қандай сөздер айтатындығы жөнінде сұрағаны туралы айтылған. Бұл кісі: «Мен алдымен ташаһһудты оқимын, ал содан соң Аллаһтан Жәннатты әрі Тозақтан сақтауын сұраймын. Алайда мен, Аллаһпен ант етемін, сіз айтатын немесе Муғаз айтатын әдемі сөздерді айта алмаймын», – деді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Біз де сен айтатын сияқты нәрселерді айтамыз»***, – деді.[242]

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жасаған бұл қорытындысы, бүкіл дұғалар, бүкіл сөздер мен істер ең алдымен Аллаһтың разылығына лайықты болуға, ал содан соң Жәннат ләззатына қол жеткізуге және Тозақ отынан құтылуға мақсатталуы қажет екендігіне нұсқайды.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көркем мінезді мүминге Жәннаттың ең жоғары дәрежесіндегі үйді кепілдік етті. Ол: ***«Мен өзінікі дұрыс бола тұра, (мақсаты тек қарсыласты жеңу болған) айтыс-тартыстан бас тартқан кісіге ол Жәннаттың ауласынан үйлі болатынына кепілдік беремін, әрі мен қалжыңдап болса да өтірік айтпайтын кісіге ол Жәннаттың ортасынан үйлі болатынына кепілдік беремін,***

---

[242] Абу Дауд (№ 792), Ахмад (3/474), Ибн Мәжаһ (№ 3847). Қ-з: «Сахих ибн Мәжаһ» (2/328).

және мен көркем мінезді кісіге ол Жәннаттың ең жоғары шектерінен үйлі болатынына кепілдік беремін», – деді.[243]

14. Көркем мінез бұл адамның Жәннатқа кіруіне ықпал ететін себептердің ең үлкені болып табылады. Бірде бір кісілер Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға Жәннатқа кіруге ең көп көмектесетін нәрсе не деп сұрағанда, ол: ***«Тақуалық және көркем мінез, ал адамдарды Тозаққа ең көп кіргізетін нәрсе – бұл [олардың] ауыздары мен жыныс мүшелері»,*** – деп жауап берді.[244]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің көркем мінезі арқылы адамдарға жақын, жұмсақ және қарапайым болатын адамға Тозаққа кіру харам болатынын баяндаған. Абдуллаһ ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірде былай деп айтқаны жеткізіледі: ***«Сендерге Тозақ отына харам болатын адам туралы хабарлайын ба? Әрбір жақын, жұмсақ және қарапайым адам".***[245] (Яғни адамдармен жақсы қарым-қатынас жасауы себепті оларға жақын болған, жұмсақтығымен әрі мінезінің қарапайымдылығымен ерекшеленетін адам.)

II. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көркем мінезділікті ұстануы

Көркем мінезділік – өзінің құрамына ұстамдылықты, байсалдылықты, парасаттылықты, жомарттықты, кеңпейілділікті, кешірімділікті, кішіпейілділікті, жұмсақтықты, ізгілікті, сабырлықты, табандылықты, әділдікті, шешім шығарарда көңіл қалауына аумауды, мейірімділікті, арлылықты, қарапайымдылықты, орташылдықты, ойланып іс қылуды, белсенділікті, ашық жүректікті, абыройлылықты, ержүректікті, сенімділікті, ықыластылықты қамтитын кең ұғым. Осы және осылардан туындайтын басқа да сипаттар Аллаһтың дініне шақыруда өте қажетті.

Аллаһ Өзінің Пайғамбарың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сипаттаған ұлы адамгершілік мінез бүкіл дінді әрі оның барлық салалары мен қырларын меңзейді. Көркем мінезділік, бұл туралы шейхул-Ислам Ибн Таймия айтқандай, – осы ұлы мінездің бір бөлігі болып табылады.[246]

---

[243] Абу Дауд (№ 4800). Әл-Әлбани «Сахих Аби Дауд» (3/911) және «Силсилә әл-ахадис әс-сахиха» (№ 273) еңбектерінде бұл хадисті хасан деді.

[244] «Сахиха», 977.

[245] «Сахиха», 938.

[246] Қ-з: "Мәжмуғ әл-фатауа" (10/658).

Ибн әл-Қайим өзінің «Мадариж әс-саликин» еңбегінде былай деп жазады: «Көркем мінезділік төрт ұстынға негізделеді. Оларсыз оның болуы мүмкін емес. Бұл ұстындар: сабырлық, ұстамдылық, ержүректілік және әділдік. Жоғары мінез сипаттарының басқалары осы аталған төртеуінен келіп шығады».[247]

Осы ардақты сипаттардың барлығы Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тән болатын.

[247] «Мадариж әс-саликин» (2/308).

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ЖОМАРТТЫҒЫ ЖӘНЕ КЕҢПЕЙІЛДІГІ

Жомарттық – ұлы адамгершілік сипаттардың бірі. Оның он көрінісі болады:

1. Өз өміріңді басқа үшін қиюға дайын болуда көрініс табатын жомарттық. Бұл – жомарттықтың ең жоғары көрінісі.

2. Басқалар үшін өз мәртебеңді қиюға және олардың қажеттіліктері орындалуы үшін өзгелерді өзіңнен абзал қоюда көрініс табатын жомарттық.

3. Басқа үшін өз тыныштығыңды қиып, оның игілігі үшін еңбек етуге дайын болуда көрініс табатын жомарттық.

4. Адамдарға білім жеткізудегі жомарттық. Бұл жомарттықтың ең жоғары көріністерінің бірі болып табылады, әрі бұл мал-мүлік таратудағы жомарттықтан едәуір жоғары.

5. Адамдарға өз абырой-мәртебең арқылы пайда келтірудегі жомарттық, мысалы, біреу үшін өтініш айту, ол үшін басқаның алдында шапағат ету.

6. Дененің күшімен жасалатын жомарттық. Жомарттықтың осы түрін танытудың нұсқалары өте көп: екі кісінің арасын әділдікпен арашалау, біреуге көлігіне мініп отыруына көмектесу, оны көлігімен қажетті жеріне алып бару немесе көлігіне жүгін жүктесу, – мұның барлығы, хадисте айтылғандай, садақа болып табылады.

7. Өзіңді ренжіткендерді және намысыңа тигендерді кешірудегі жомарттық. Бұл жоматтықтың мысалы ретінде адамның ол туралы жаман сөз таратқан, немесе оның намысын қорлаған, немесе оны сайқы-мазақ етіп келемеждеген кісіні кешіруін келтіруге болады.

8. Сабырлық пен ұстамдылық танытудағы, ашу-ызаны сыртқа шығармаудағы жомарттық. Жомарттықтың бұл түрі мал-дүние таратудағы жомарттықтан пайдалырақ болады.

9. Көркем мінез, жарқынжүзділік, ақкөңілділік танытудағы жомарттық. Бұл осыдан алдыңғы аталған жомарттықтан жоғары тұрады.

10. Адамдар иеленген нәрселерге көз салмаудағы және осыған көңіл бөлмеудегі жомарттық.

Жомарттықтың аталған түрлерінің әрбірінде өз артықшылығы әрі жүрекке деген ерекше ықпалы мен әсері бар. Аллаһ Тағала жомарт кісіге оның қолындағы игіліктерді көбейтетініне, ал сараң адамға оны азайтатынына кепілдік берді.[248]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жомарттықтың барлық түріне ие еді. Төменде оның жомарттығының және мал-мүлік таратуының бернеше мысалдары келтіріледі.

1. Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жомарттығын суреттеуі.

Әнастан мынандай сөздер жеткізіледі: *«Кімде-кім Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Исламның атымен не сұраса да, ол оны оған міндетті түрде беретін. Бірде оған бір кісі келді де, ол оған екі таудың арасын толтыратындай болып көрінетін өте көп қой берді. Әрі әлгі кісі өз руластарына қайтып барып: "Уа адамдар, Исламды қабылдаңдар, өйткені Мухаммад кедейліктен қорықпайтын кісі сияқты сыйлық таратады!" – деді».*[249]

Бұл керемет мысал Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жомарттығының ұлылығын паш етуде.[250] Ол мал-мүлікті Аллаһтың разылығына ұмтылып әрі адамдардың Исламды қабылдауға деген құштарлығын оятып, жүректерін соған тарту үшін тарататын. Әрі адам басында Исламды дүниелік қызуғушылықтары үшін қабылдағаны байқалса да, бірақ көп ұзамай Аллаһтың мейірімімен, ал содан соң Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның алып келген дінінің нұрының арқасында ол шынайы иман иесіне айналған кездер болатын. Ол оның жүрегін билеп алатын, әрі Ислам ол үшін бүкіл дүниеден әрі ондағы барлық нәрседен де сүйікті болатын.[251]

---

[248] Қ-з: Ибн әл-Қайим «Мадариж әс-саликин» (2/293 – 296).

[249] Муслим (4/1806. № 2312).

[250] Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жомарттығының көптеген мысалдары «Сахих әл-Бухари» (1/30 – № 6; 10/455 – № 6034; 11/264 – № 6445; 11/303 – № 6470; 4/474 – № 2296; 13/217 – № 7228) және «Сахих Муслим» (4/1805, 1806 – № 2311-2314; 2/730 – № 1056 –1058; 2/687 – № 991) еңбектерінде келтірілген.

[251] «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (15/72).

2. Сафуанның (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жомарттығын суреттеуі

Муслим өзінің «Сахихында» Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеге жеңісті жорық жасағаны, ал содан кейін өзіне ілескен мұсылмандармен бірге Хунейнге шыққаны, әрі сол жерде орын алған шайқастарда Аллаһ мұсылмандарға жеңіс сыйлағаны туралы баяндаған. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сафуан ибн Умайяға жүз қой береді, кейін тағы жүз қой, кейін тағы да жүз қой береді. Сафуан: «*Аллаһпен ант етемін, Аллаһтың Елшісі маған ең алғаш сыйлық берген кезінде мен үшін ең жек көрінішті адам болатын. Бірақ ол мен үшін ең сүйікті адамға айналғанға дейін маған сыйлық бере берді*», – деді. Муслим (4/1806. № 2313).

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «*Егер тіпті адам исламды тек дүниелік игіліктер үшін қабылдаған болса да, шамалы уақыт өтісімен-ақ ислам ол үшін осы дүниеден де, ондағы бар барлық нәрседен де сүйіктірек болатын*». Муслим (4/1806. № 58 – (2312)).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) иманы әлсіз адамды көрсе, оған жомарттықпен сыйлықтар беретін. Ол: ***«Расында, мен белгілі бір адамды Аллаһ Отқа бетімен тастауынан қорқып, оған әлдебір нәрселер сыйлаймын, бірақ осы орайда басқа бір адамды одан қаттырақ жақсы көретін болсам да»,*** – деп айтатын.[252] Сондықтан да ол таяуда ғана Исламды қабылдаған құрайштықтарға жүз-жүзден түйелер сый ететін.[253]

3. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көпқұдайшыл әйелге жақсылық жасауы.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлы кеңпейілділігі мен көркем мінезінің мысалы ретінде оның «торсық иесі» (деп аталып кеткен) көпқұдайшыл әйелге қандай қарым-қатынас жасағанын келтіруге болады. Ол оның екі торсығындағы сумен өз сахабаларын сусындандырған соң, оның торсықтары бұрыңғысынан да суға молайды. Кейін ол сахабаларына ол үшін тамақтанар азық жинауды бұйырды. Адамдар ол үшін көп тамақ жинады: құрма, ұн, сауиқ, – әрі соның барлығын жерге төселген киімге салып, сосын әлгі әйелді түйеге отырғызып, ас салынған түйіншекті оның алдына қойып берді. Ал Пайғамбар болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***"Біздің себебімізден сенің суың азайған жоқ екенін, өйткені бізді Аллаһ сусындандырғанын біл!",*** – деді.

---

[252] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (3/340. № 1478), Муслим (2/733. № 1059).

[253] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/249. № 3143 – 3349).

Кейін бұл хадисте әлгі әйел өз руластарына келіп: «Жолда мен ең ұлы сиқыршы адамды көрдім, немесе ол олар айтпақшы шындығында да Пайғамбар болып табылады», – деді. Әрі соның себебімен Аллаһ оның тайпасын Исламға келтірді. Ол және оның руластары мұсылман болды.[254]

Осы хадистің басқа бір нұсқасында: «Мұсылмандар оның тайпасына жақын тұратын көпқұдайшылдарға әскери жорықтар жасайтын, бірақ оның ауылын айналып өтетін. Әрі бірде ол өз руластарына: «Мен бұл адамдар бізді бекерден-бекер тиіспей кетіп жатқан жоқ деп ойлаймын, бәлкім Исламды қабылдауды қаларсыңдар?» – деді. Әрі олар оған құлақ салып, Исламды қабылдады», – деп айтылған.[255]

Сөйтіп, бұл әйелді Исламға келтірген себеп екеу болатын.

Біріншісі – ол куә болған муғжиза: Пайғамбар мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның сахабалары оның торсықтарынан су алса да, ол су азаймады. Бұл муғжиза Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шынайы Пайғамбар екенін дәлелдеді. Екінші себеп – Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларына ол үшін тамақ жинап беруді бұйырғандығында, әрі олар ол үшін көп азық-түлік жинап бергенінде көрініс тапқан оның жомарттығы.

Осы әйелдің себебімен оның руластары Исламды қабылдады, мұсылмандар әдейі оның ауылында шайқас жасаудан өздерін тыятын, өйткені олар сол ауылдың тұрғындарының жүректерін Исламға қаратқысы келетін, әрі осы олардың ақиқат дінге бет бұруына себеп болды.[256]

Келтірілген мысалдар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жомарттығының теңізінен бір тамшы ғана. О, біз ислам шақыруында әрі басқа мәселелердің барлығында да оған ұқсауға және оның жарық жолына ілесуге нендей мұқтажбыз десеңізші! Әрі Аллаһ бізге осыда көмектескей!

---

[254] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/580. № 3571, № 344, 348), Муслим (1/476. № 682).

[255] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/448. № 344).

[256] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (1/453).

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ӘДІЛДІГІ

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларын әділ болуға және не нәрседе болса да алалық жасамауға үндейтін. Мұның мысалы ретінде оның келесі сөздерін келтіруге болады: *«Аллаһ жарататын көлеңкеден басқа көлеңке болмайтын (Қиямет) күні сол көлеңкеде жеті түрлі адамдарға пана беріледі: әділ елбасшыға, Аллаһқа ғибадатта өскен жасөспірімге...»*.[257]

Абдуллаһ ибн Амрдан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: ***«Расында, әділдер екі Қолы да оң болып табылатын Мейірімдінің оң қолы жағындағы нұрдан жасалған мінберлерде болады. Олар – өз үкімдерінде, отбасыларында және басшылық жасайтын нәрселерінде әділдікті ұстанатындар».***[258]

Әділдіктің көрініс табатын салалары өте көп: басқарудағы әділдік, сот шешімдерін шығарудағы әділдік, шариғи жаза тағайындаудағы әділдік, адамдардың өзара қарым-қатынастарындағы әділдік, адамдарды жарастырып татуластырудағы әділдік, дұшпандарға жасалатын әділдік, балалар, әйелдер арасындағы әділдік т.б.

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әділдігінің бірнеше мысалдарын келтірейік.

1. Бану махзум руының әйелі туралы оқиға.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық нәрседе ең әділ адам болатын. Оның әділдігінің Қиямет Сағатына

---

[257] Әл-Бухари (№ 660), Муслим (№ 1031).

[258] Муслим (№ 1827).

дейін ұмытылмайтын мысалы бану махзум атты атақты рудан шыққан әрі біреудің затын ұрлаған әйел туралы оқиға болып табылады. Ол әйелге Усама ибн Зәйд Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдында араша түсіп, жаза қолданбауын өтініш жасағанына қарамастан, ол оның қолын шабуды бұйырды. Ол Аллаһ орнатқан жаза туралы сөз болғанда, бұра тартуға жол бермеді.

Айша анамыздың сөздерінен (Аллаһ оған разы болсын) бірде құрайштықтар Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде Мекке алынғаннан кейін ұрлық жасаған бану махзум тайпасынан болған бір әйелге қам жеп, олардың арасындағы біреулер: «Кім ол туралы Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөйлесе алады екен?», – дей бастады, ал басқалары болса: «Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол туралы тек оның (өз немересі сияқты) жақсы көретін сүйіктісі Усама ибн Зәйдтен басқа кім сөйлесе алмақ», – деді. Әрі Усама ол әйелге араша түсіп, Пайғамбардың алдына келгенде, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ашудан өңі өзгеріп кетті де: ***"Сен сонда Аллаһ орнатқан жазалардың бірінің күшін жоюды сұрап тұрсың ба?!"*** –деді, ал Усама болса (өз істеген ісінің кесірінен қорқып): *"Мен үшін Аллаһтан кешірім сұраңызшы, уа Аллаһтың Елшісі"*, – деді. Ал кешкісін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға құтпа жасады да, әрі Аллаһқа мақтау-мадақтар айтып, кейін былай деді: ***"Расында, сендерден бұрын өмір сүргендерді егер олардың араларындағы бай-беделді кісі ұрлық жасаса, олар оған тиіспейтіні, ал ұрлықты әлсіз біреу жасаса, олар оны орнатылған жазамен жазалайтыны опат етті. Аллаһпен ант етемін, егер тіпті Мухаммадтың қызы Фатыма бір нәрсе ұрласа, мен міндетті түрде оның да қолын шабар едім!"***

Сосын оның әмірімен әлгі әйелдің қолы білезігінен шабылды.

Айша былай деп баяндайтын: *«Бұл әйел ең жақсы таубемен тәубе етті, ал содан соң күйеге шықты, әрі мені зиярат жасап тұратын, ал мен болса Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның қажеттеріне қатысты өтініштерімді айтатынмын».*[259]

Аса Жоғары Аллаһ Өзінің құлдарына әділ болуды әрі кез-келген жәбірлеушілік пен біреудің құқықтарын бұзудан аулақ болуды міндетті етті. Ол былай деді:

---

[259] Әл-Бухари (12/86 – № 6786; 12/87 – № 6788; 6/513 – № 3475; 5/255 – № 2648), Муслим (3/1315 – № 1688. Сондай-ақ «Шарх ән-Нәуауи» (11/186), «Фатх әл-Бари» (12/95, 96).

وَإِذَا قُلْتُمْ فَاعْدِلُوا وَلَوْ كَانَ ذَا قُرْبَى

«Жақындарың болса да, әділдікті айтыңдар» («әл-Әнғам» сүресі, 152-аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

إِنَّ اللَّهَ يَأْمُرُكُمْ أَنْ تُؤَدُّوا الأَمَانَاتِ إِلَى أَهْلِهَا وَإِذَا حَكَمْتُمْ بَيْنَ النَّاسِ أَنْ تَحْكُمُوا بِالْعَدْلِ

«Расында, Аллаһ сендерге аманаттарды иелеріне тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік жасасаңдар, әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді» («ән-Ниса» сүресі, 58-аят).

Әділдік – Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең ұлы сипаты, әрі оның басқа сипаттары сияқты, бұл сипаты да әрбір мұсылманның адамгершілік келбетінде көрініс табуы керек. Бұл тақырыпқа байланысты дана мысалдар көптеген кітаптарда келтіріледі.[260]

2. Ән-Нуғман ибн Башир мен оның әкесі туралы хикая (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын).

Бірде ән-Нуғман ибн Башир (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) мінберде тұрып былай дегені туралы жеткізілген: *«Бірде әкем маған сыйлық жасады, бірақ (анам) Амра бинт Рауаха оған: "Сен Аллаһ Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы сыйлыққа куә етпегеніңше, мен бұған келіспеймін", – деді. Сонда әкем Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп: "Мен (әйелім) Амра бинт Рауахадан туған ұлыма сыйлық жасадым, бірақ ол маған бұған сізді куәгер етуімді айтты!" – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан: **"Ал сен басқа да балаларыңа тура сондай сыйлықтар жасадың ба?"** – деп сұрады. Әкем: "Жоқ", – деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: **"Аллаһтан қорқыңдар әрі барлық балаларыңа бірдей әділетті болыңдар!"** – деді. Ал содан соң әкем қайтып келіп, өз сыйлығын қайтарып алды».*

Осы хадистің басқа бір нұсқасында: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкемнен: **"Уа Башир, сенің одан басқа балаларың бар ма?"** – деп сұрады»*, – деп айтылады. Ол: "Ия", – деп жауап берді, содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***"Онда менен куә болуымды сұрама, өйткені, расында, мен әділетсіздікке куә болмаймын!"*** – деді.

[260] Қ-з: «Сунан Әби Дауд» (2/242), әт-Тирмизи (3/137), ән-Нәсаи (7/64), әл-Бухари (3/292 – № 1423; 2/143 – № 640; 11/312 – № 6479; 12/112 – № 6806), Муслим (3/1458. № 1827 – 1830), «Хаза әл-хабиб я мухибб» кітабы (534-535 беттер).

Хадистің үшінші нұсқасында: «*Әкем Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Мен мына ұлыма құл сыйладым», – деді. Пайғамбар болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Сен өзіңнің балаларыңның әрбіріне осындай сыйлық жасадың ба?»*** *– деп сұрады. Әкем: «Жоқ», – деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***"Сенің барлық балаларың саған бірдей құрметпен қарауын қалайсың ба?"*** *– деп сұрады. Әкем: "Әрине!" – деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***"Мен куәлік етпеймін!"*** *– деді».*[261]

Бұл хадис Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әділдікке деген ұмтылысына нұсқайды әрі оның өз ілесушілеріне жасаған Аллаһтан қорқу әрі балалардың және басқа да адамдардың арасында әділетті болу керектігі туралы өсиетін қамтиды. Шейх Абдулазиз ибн Баз, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деген: «Балалардың әлдебіреуін басқаларынан не нәрсемен болса да ерекшелеуге болмайтыны айдай анық, өйткені бұл нәрсе олардың арасында өзара жеккөрушілік пен дұшпандықтың себебі болуы мүмкін. Дұрыс пікірге сәйкес, ұлға, бұл мирасты бөлуде жасалатынындай, екі қыздың үлесін беру керек. Барлық балаға, олардың тыңдайтынына да, тыңдамайтынына да бірдей әділетті қарау қажет, бірақ осы орайда тыңдамайтындарды насихаттап игілікке бағыттау қажет». Мен шейхтың осы сөздерін оның әл-Бухаридің «әс-Сахих» кітабындағы № 2586 хадиске түсіндірме жасауында естіген болатынмын.

3. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз әйелдерінің арасындағы әділдігі.

Айша (анамыздан) (Аллаһ оған разы болсын) мынандай сөздер келтіріледі: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің барлық әйелдерінің арасында кезек-кезегімен түндерін бөлетін, әрі оларға әділ болатын. Осы орайда ол:* ***«Уа Аллаһ! Мен өз иелігімдегіні осылай бөлемін. Өзіңнің иелігіңдегі және маған бағыныштты болмаған нәрсе үшін мені жазғыра көрме»,*** *– деп дұға ететін».*[262]

Шейх Ибн Баз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «***Өзіңнің иелігіңдегі және маған бағыныштты болмаған нәрсе үшін мені жазғыра көрме»*** деген сөздері туралы, оларда жүрек және онымен байланысты мәселелер айтылуда деп айтқан. Махаббат пен ынтықтық – жүректегі сезімдер, әрі ер адам оларды өз әйелдерінің арасында бірдей бөлуге шамасы жетпейді. Ер адамды өз әйелдерін әртүрлі жақсы көруге мәжбүрлейтін

---

[261] Әл-Бухари (№ 2586, 2587, 2650), Муслим (18 – № 1623).

[262] Абу Дауд (№ 2134), әт-Тирмизи (№ 1140), ән-Нәсәи (7/64), Ибн Мәжәһ (№ 1971).

діндарлықпен, жастықпен немесе т.б.с.с. нәрселермен байланысты себептер болады. Оның әйелдері арасында күндер мен түндерді, нәпақаны, игі қатынасты, жұмсақ әрі жылы сөйлеуді әділ бөлуге шама-құдіреті жетеді. Ал енді құштарлық пен жүрек сезімдеріне келер болсақ, бұлар оның иелігінде емес».[263]

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: ***«Егер ер адамның екі әйелі бола тұра, ол оның біреуне артықшылық беріп ауатын болса, онда Қиямет Күні ол бір жамбасына қисайған күйінде тіріледі».***[264]

Бұл хадис адамның өз әйелдеріне бірдей әділдік жасай алатын нәрселерде бір әйелін басқаларынан абзал етіп ерекшелеуге тыйым салынғанына нұсқайды. Ал әділдік жасау адамның иелігінде болмаған мәселелерде Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде келтірілген ереже күшіне енеді:

لا يُكَلِّفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلا وُسْعَهَا

«Аллаһ адамға оның шамасы жетпейтін нәрсені жүктемейді» («әл-Бақара» сүресі, 286-аят).

فَاتَّقُوا اللَّهَ مَا اسْتَطَعْتُمْ

«Аллаһтан барынша шамаларың жеткенше қорқыңдар» («әт-Тағабун» сүресі, 16-аят).

وَلَنْ تَسْتَطِيعُوا أَنْ تَعْدِلُوا بَيْنَ النِّسَاءِ وَلَوْ حَرَصْتُمْ فَلا تَمِيلُوا كُلَّ الْمَيْلِ فَتَذَرُوهَا كَالْمُعَلَّقَةِ

«Сендер қанша тырыссаңдар да барлық әйелдеріңе бірдей әділ бола алмайсыңдар. Ендеше, біреуін іліп қойылған (нәрсе) сияқты тастап қойып, басқасына толық қисайып (ауып) кетпеңдер» («ән-Ниса» сүресі, 129-аят). Яғни бір әйеліңе бүкіл көңіліңді бөліп, басқасын, ол куеуі бола тұра өзін ерсіз әйелдей сезінетіндей жағдайда тастап қойма.

Келтірілген хадисте әйеліне қасақана әділетсіздік пен жәбір жасайтын кез-келген адамға қорқыту бар. Мұндай адам жазаға тартылатыны айқын – яғни ол Қиямет Күні бір жағына қисайған күйінде қайта тіріледі. Бұл – менің құрметті шейхымыз Абдул-Азиз ибн Баздың «Булуғ әл-марам» кітабындағы хадистерге жасаған түсіндермесінен естіген сөздерден.

---

[263] Ибн Баз «Шарх Булуғ әл-марам», № 1084 хадистің түсіндірмесі.

[264] Ахмад (2/347), Абу Дауд (№ 2133), әт-Тирмизи (№ 1141), ән-Нәсәи (7/63), Ибн Мәжаһ (№ 1969). Әл-Әлбани «Сунан Әби Дауд» жинағында хадистің сахихтығын растаған (1/593).

Егер адам бұрын тұрмыста болмаған қызға үйленсе, әрі оның одан басқа әйелдері болса, онда ол онымен жеті түн бірге өткізеді, ал тек содан кейін ғана басқа әйелдеріне рет-ретімен түндерін және күндерін бөледі. Бұған Әнастан жеткізілген мына хадис нұсқайды: «*Сүннетке сәйкес егер әйелдері бар ер адам қызға үйленсе, онда ол оның жанында жеті күн болады, ал содан соң өз әйелдеріне кезек-кезегімен барады. Ал егер ол бұрын тұрмыста болған әйелге үйленсе, онда ол онымен үш түн бірге болады, ал содан соң әйелдеріне рет-ретімен барады*».[265]

Умм Сәләмадан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған үйленген кезінде онымен үш түн өткізгені және оған: ***«Кейеуің сені қадірлемейді деп ойлама. Егер қаласаң, мен сенімен бірге жеті түн боламын, бірақ мұндай жағдайда мен әрбір әйеліммен жеті түннен болуым міндетті болады»***, – дегені жеткізіледі».[266]

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) Сауда бинт Замғаның оған өз түнін сыйлағанын, әрі содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның өзіне тиісті болған түнді әрі Сауданың түнін де Айшамен өткізетіні туралы жеткізіледі.[267]

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) сондай-ақ былай деп айтқаны жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біздің әрібірімізге кезек-кезегімен келетін, әрі ешкімге артықшылық жасамайтын. Күн сайын дерлік ол әрбір әйеліне кіріп шығатын, әрі олардың әрбіріне жыныстық қатынасқа дейін бармай жақындасатын, әрі тек содан соң ғана сол түнін бөлетін әйеліне баратын. Сауда бинт Замға (Аллаһ оған разы болсын) қартайған кезінде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған талақ береді ме деп қорқатын, сол үшін ол: «Уа Аллаһтың Елшісі, мен өз түнімді Айшаға сыйлаймын», – деді, әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сауданың ұсынысын қабыл етті. Мен:*

وَإِنِ امْرَأَةٌ خَافَتْ مِنْ بَعْلِهَا نُشُوزًا أَوْ إِعْرَاضًا فَلا جُنَاحَ عَلَيْهِمَا أَنْ يُصْلِحَا بَيْنَهُمَا صُلْحًا وَالصُّلْحُ خَيْرٌ

«Егер әйел күеуінің оған ұнатпаушылық танытуынан немесе оның одан бет бұруынан қорықса, онда егер олар өзара бітімге келсе, екеуіне де күнә болмайды, өйткені бітіммен болған шешім – жақсырақ» («ән-Ниса» сүресі, 128-аят), – *деген*

---

[265] Әл-Бухари (№ 5214), Муслим (№ 1461).

[266] Муслим (№ 1460).

[267] Әл-Бухари (№ 5212), Муслим (№ 1413).

аят соған және сол сияқты әйелдерге байланысты түсті деп ойлаймын», – деді.[268]

Шейх Ибн Баз, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деді: «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Саудаға Хадижа қайтыс болғаннан кейін және Айшамен некелесуінен бұрын үйленген болатын. Ол онымен көп жыл неке құрды. Ол кәрілікке шалдыққан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған талақ береді ме деп қорқа бастады, әрі: «Уа Аллаһтың елшісі! Мен өз күнімді Айшаға сыйлаймын», – деді. Бұл жөнінде Абу Дауд келтіретін хадисте баяндалған. Бұл жәйт әйел кісінің өзіне тиісті болған күнін күйеуінің басқа әйеліне сыйлауына болатынын білдіреді, әрине, егер бұған күеуі келіссе ғана деген шартпен. Сөйтіп ол түнін сыйлаған әйелде күйеуі онымен бірге болатын екі түн, ал басқаларында – бір түннен болады». Мен бұл сөздерді шейх Ибн Баздан оның «Булуг әл-марам» хадистер жинағына жасаған түсіндірмесінде естідім.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің барлық әйелдерін күн сайын айналып өтуі аср (екінті) намазынан кейін орын алатын.

Бұған Айшадан жеткен және онда: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екінті намазын оқып болған соң өз әйелдерін айналып өтетін әрі оларға жақындасатын...»*, – деген хадис нұсқайды.[269]

Шейх Ибн Баз, Аллаһ оған рахым етсін, былай деді: «Бұл жағдай Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз әйелдеріне нендей жақсы қарайтынына нұсқайды. Ол өз әйелдеріне кімнен де болсын ең жақсы үлгіде қарым-қатынас жасайтын. Күн сайын екінті намазынан кейінгі уақытта ол өзінің әйелдерін айналып шығатын, олардың қажеттіліктерін өтейтін, бірақ осы орайда олармен жыныстық қарым-қатынас жасамайтын. Ал кейде, оларды айналып өту кезінде, бұл туралы Әнастан жеткен хадисте айтылатынындай, ол олармен жыныстық қарым-қатынаста болатын. Онда оның өз әйелдерінің әрбірімен жыныстық қатынас жасайтыны, әрі барлығынан кейін бір толық ғұсыл алатыны туралы айтылған. Бірақ бұл өте сирек орын алған сияқты. Әнастың хадисі мен Айша анамыздан жеткен хадисті дәл осылай етіп біріктіруге болады, яғни ол әдетте оларды айналып өту кезінде олармен жыныстық қарым-қатынас жасамайтын, бірақ кейде мұны істейтін. Мұндай қорытынды жасауға бізді әлдебір жәйтты

---

[268] Абу Дауд (№ 2135). Әл-Әлбани «Сахих Аби Дауд» еңбегінде (1/594) хадисті хасан және сахих деді. Сауданың өз кезегін Айшаға беруі әл-Бухари (№ 5212) мен Муслимде де (№ 1463) келтіріледі.

[269] Әл-Бухари (№ 5268), Муслим (№ 1474).

растаушы хабарға (мусбит) оны теріске шығарушы хабарға қарағанда (нәфи) артықшылық беріледі деген ереже итермелейді».[270]

Әнастан жеткен хадисте былай деп айтылады: «Бірде Әнас (Аллаһ разы болсын) былай деді: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір күнмен түн уақытысында өзінің барлық әйелдерін айналып өтетін, ал олардың саны он бір болатын»*. Одан: «Оның бұған шамасы жететін еді ме?» – деп сұрағанда, Әнас: *«Біз бір-бірімізге оның отыз ердің күшіне ие екендігін жиі айтатынбыз»*, – деп жауап берді. Бұл хадистің Сағид Қатададан жеткізетін нұсқасында Әнас Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тоғыз әйелі туралы айтты деп келтірілген. Әл-хафиз Ибн Хажәр бұл екі түрлі айтылудың себебін, бірінші жағдайда оның әйелдерінің қатарына оның Мария мен Райхана атты күңдері де жатқызылғанын айтады».[271]

Шейх Ибн Баз, Аллаһ оны рахым етсін, бұл хадиске байланысты былай деді: «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өте үлкен күшке ие болатын: оның тоғыз әйелі әрі екі– Райхана және Мария деген – күңдері болатын». Мен бұл сөздерді шейхтың әл-Бухари (№ 268) хадистеріне түсіндірме жасаған кезінде естіген едім.

«Бұл хадис ер адамның барлық әйелдерімен рет-ретімен олардың барлығына ортақ уақытта жақындасуына болатынына нұсқайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осылайша істейтін, әрі бұл оның жомарттық сипатының көрінісі болатын».

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) басқа бір хадисінде: *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тоғыз әйелі болатын, әрі ол олар арасында түндерді бөлетін кезінде, олардың біріншісіне тек басқа сегізін (өз күндерінде) айналып өткен соң ғана қайтатын. Күн сайын кешке оның әйелдері ол сол түні қайсы әйелінің үйінде болса, сонда жиналатын»*, – деп айтылған.[272]

Шейх Ибн Баз, Аллаһ оны рахым етсін, бұл хадиске қатысты былай деді: «Онда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз әйелдерін күнде аср намазынан кейін айналып өтуінен бөлек, ол олармен кешкісін де кездесетініне нұсқау бар. Оның әйелдері бірге жиналып бірін бірі жақсы танитын. Бұл кездесулер әйелдер арасындағы қарым-қатынаста орын алуы мүмкін алшақтықты жоюға әрі олар арасында келісімнің қалыптасуына ықпал ететін».[273]

---

[270] Ибн Баз «Шарх Булуг әл-марам»» (№ 1089).

[271] «Фатх әл-Бари» (1/389).

[272] Муслим (№ 1462).

[273] Ибн Баз «Шарх Булуғ әл-марам» (№ 1089 хадис).

Оның өз әйелдеріне деген әділдігі сондай-ақ оның сапарға шығар кезінде олар арасында жеребе тастайтындығында да көрініс табатын. Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сапарға шығуды ниет етсе, әйелдері арасында жеребе тастайтын, әрі жеребе кімге түссе, соны өзімен бірге алып кететін*».[274]

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мінез-құлқының ардақтылығына Әнастың баяндаған мына оқиғасыда нұсқайды: «*Бірде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің бір әйелінің үйінде болған кезінде, мүминдердің басқа бір анасы оған табақшаға тамақ салып беріп жіберді. Пайғамбарымыз сол күні оның үйінде болған әйелі тамақты алып келген қызметшінің қолынан бір ұрды, әрі ас салынған табақша оның қолынан түсіп кетті де, сынып қалды. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сынық ыдыстың ұсақтарын жинай бастады да, төгілген тамақты соларға жинап жатып: «Аналарың қызғаныш көрсетті», – деп айта берді. Кейін ол сол үйдегі әйеліне тиісті болған табағын алдырмайынша қызметшіні ұстап тұрды, әрі оған сол ыдысты, ал үйінде ыдыс сынған әйеліне сынық ыдысты қалдырды*».[275]

Осы бапта келтірілген хадистер Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлықтығына әрі оның өз әйелдерімен қарым-қатынасында әділетті, көркем мінезді, ізгі, оларға жанашыр әрі қамқоршы болғанын көрсетеді.

---

[274] Әл-Бухари (№ 2593), Муслим (№ 2770).
[275] Әл-Бухари (№ 2481, 5225).

ОНЫНШЫ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) СЫПАЙЫЛЫҒЫ

Сыпайылық бұл ұлы әрі ардақты сипат. Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында сыпайы адамдарды мақтап, былай дейді:

وَعِبَادُ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الأَرْضِ هَوْنًا وَإِذَا خَاطَبَهُمُ الْجَاهِلُونَ قَالُوا سَلامًا (٦٣)

«Мейірімдінің құлдары – жерде сыпайы түрде жүріп, оларға білмейтіндер тіл тигізсе: "Сәлеметшілік", – деп жауап беретіндер» («әл-Фурқан» сүресі, 63-аят).

Бұл аятта жер бетінде сыпайылық танытып, тәкаппарлық пен менмендік көрсетпей әрі мақтанбай, байсалдылықпен әрі абыроймен жүретін мүминдер туралы айтылған. Бұл адамдар – білім мен ақыл-парасат, бекзаттық пен ізгілік иелері. [276]

Сыпайылық пен тағзым-итағат танытатын мұсылманның мәртебесін Аллаһ бұл дүниеде де, Ақыретте де жоғарылатыды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Садақа мал-дәулетті кемітпейді. Адам қаншылықты көп кішіпейілділік танытқан сайын, Аллаһ та оған соншылықты көп ұлылық сыйлайды. Кім Аллаһ үшін сыпайылық танытса, Аллаһ соны жоғары етеді»*** (Муслим (4/2001. № 2588)).

Аллаһ мұсылманның сыпайылығын оған өзге адамдардың жүректерінің ашылуының себебі етті. Сыпайыларды Аллаһ бұл дүниеде де, Ақыретте де, ұлықтайды, олардың адамдар арасындағы және адамдардың жүректеріндегі мәртебесін бекем әрі жоғары етеді. Ал айналасындағы адамдарға қатысты тәккапарлықпен қарайтындарды Аллаһ Тағала олар үшін екі дүниеде де қорлық пен жексұрындық болатынымен қорқытты. Бұған Абу Хурайра мен Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын)

---

[276] «Мадариж әс-саликин» (997-бет).

жеткізілген Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан хадисі нұсқайды: *«**Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ былай деді: “Ұлылық – Менің изарым[277], ал тәкаппарлық – Менің ридам. Кім осыларда Менімен таласса, соны Мен азапқа саламын!”**»*[278]

Ешбір адам сыпайылықта Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) теңдесе алмайды. Оның осы ардақты қасиетті қалай танытқандығының бірнеше мысалдарын келтірейік.

1. Ғадба атты іңгеннің уақиғасы.

Әнас (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізілген: *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүйріктігінде алдына ешкімді салмайтын Ғадба атты іңгені болатын, бірақ бірде алты жасқа толмаған түйе мінген бір бәдәуи келіп, оны озып кетті. Мұсылмандар бұған қатты қынжылды, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұны байқап, оларға:* ***“Не нәрсе бұл дүниеде жоғарыласа, Аллаһ міндетті түрде оны төмендетеді”****, – деді»* (әл-Бухари (11/340. № 6501)).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды Исламға шақыруда қандай сыпайылық көрсеткені – бүкіл мұсылмандарға керемет үлгі болып табылады.

2. Ибн Масғудтың Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сыпайылығын суреттегені.

Ибн Масғудтан келесідей оқиғаның орын алғаны жеткізілген: *«Бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір кісі сөйлесу үшін келді, бірақ оны көрген бойдан мазасы кетіп, қалтырай бастады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған:* ***«Тыныштала ғой. Мен бір патша емеспін. Бар болғаны қақталған ет жеген бір әйелдің баласымын ғана»****, – деді».* Бұл хадистің әл-Хаким оны Жәрир ибн АбдуЛлаһтан жеткізген нұсқасында: ***«…осы Батха алқабында қақталған ет жеп жүрген әйелдің баласымын ғана»****,* – деп айтылған. Жәрир осыны баяндап болған соң Аллаһ Тағаланың мына сөздерін оқыған:

وَمَا أَنْتَ عَلَيْهِمْ بِجَبَّارٍ فَذَكِّرْ بِالْقُرْآنِ مَنْ يَخَافُ وَعِيدِ (٤٥)

«Сен оларға зорлаушы емессің. Кім азаптан қорықса, соларға Құранмен үгіт бер» («әл-Қаф» сүресі, 45-аят).[279]

---

[277] Изар – дененің белден төмен бөлігін орайтын мата түріндегі киім.

[278] Муслим (16/173. № 2620.

[279] Ибн Мәжәһ (№ 3312), әл-Хаким (2/466). Әл-Хаким оны сахих деді, әрі онымен әз-Зәһаби келісті. Әл-Әлбани «Сахих ибн Мәжәһ» (3/128) және «Силсилә әс-сахиха» (4/497. № 1876) еңбектерінде бұл хадисті сенімді деп бағалаған).

Біздің әрбіріміз өзінің адамдармен жасайтын қарым-қатынасында және оларды Исламға шақыруда сыпайылық танытатын Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үлгі-өнеге алуымыз керек. Ол балалардың жанынан өтіп бара жатып, оларға сәлем беретін. Күң қыз оның қолынан ұстап өзінің жұмыстары бойынша ертіп жетектеп кете алатын. Ол өз әйелдеріне үй шаруасында көмектесетін, өз аяқ киімін өзі жөндейтін, киімін өзі жамап-тігетін, қой сауатын, түйелеріне өзі жем-шөп беретін, өз қызметшісімен бірге бір табақтан тамақтанатын, кедейлердің ортасында отыратын, жетім-жесірлерге көмектесу үшін солармен бірге шаруаларын бітіріп жүретін, өзімен кездесіп қалған адамдарға бірінші болып сәлем беретін, біреу оны дәм-тұз татуға шақырса, тіпті ол өте қарапайым тамақ болса да, баратын. Ол сыпайы болатын, бірақ жағымпаздық танытпайтын, жомарт болатын, бірақ ысырапшылдыққа жол бермейтін. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барша мұсылмандарға керемет жұмсақтығымен, мейірімділігімен, оларға сыпайылық танытуымен және ізгілігімен ерекшеленетін[280]

3. Пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа пайғамбарларды өзінен артық көргені туралы.

Бірде бір адам Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа адамдардың ең абзалы!» – деп сөз бастаған болатын. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Сенің айтқаныңдай Ибраһим (әләйһи-с-сәләм) болып табылады»,*** – деп жауап берді.[281]

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Ешкім мені Юнус ибн Маттадан жақсырақ деп айтпасын»***, – деді.[282]

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлар мен елшілердің абзалы, әрі адамзаттың мырзасы болғаны күмәнсіз. Ол былай деп айтатын: ***«Мен Қиямет Күні адамзаттың мырзасымын».[283]***

Бірақ сонымен бірге ол: ***«Мені Мусадан артық етпеңдер[284], өйткені, расында, Қиямет Күні барлық адамға өлім келіп тиеді, әрі маған да солармен бірге өлім тиеді, бірақ мен бірінші болып тірілемін, әрі сонда Аллаһтың Курсисінен ұстап тұрған Мусаны көремін. Әрі өлім басқаларға тиген сияқты, оған да келіп тиеді.***

---

[280] Ибн әл-Қайим «Мадариж әс-сәликин» (3/328, 329).

[281] Муслим (№ 1369).

[282] әл-Бухари (№ 4630), Муслим (4/1846. № 2376).

[283] әл-Бухари (№ 3340, 3361, 4712), Муслим (№ 194).

[284] Яғни Мусаның беделін түсіру үшін мені одан артық етпеңдер.

(Бірақ) ол менен бұрын тіріледі ме, әлде ол Аллаһ оны (өлімнен) ерекшелегендерден болады ма – білмеймін», – деп айтқан.[285]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сыпайылығына оның есігінің алдында адамдардың оның алдына келуіне бөгет жасайтын есік сақшысы болмағыны[286], оның науқастарға дем салатыны және оларға дұға ететіні, балалардың бастарынан сипайтыны әрі олар үшін Аллаһқа дұға ететінін[287], сахабалары үшін басқалардың алдында өтініш жасайтыны және: ***"Сұраушылар үшін өтініш жасаңдар, сонда сый-сауап аласыңдар. Ал Аллаһ Өзінің қалаған шешімін Пайғамбары арқылы жариялайды",*** – деп айтып, оларға да осыны үйрететіні куә болады. Ол Әнасқа «балақаным» деп сөйлейтін, әрі бұл ізгілік пен сыпайылықтың көрінісі болып табылатын.[288]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сыпайылығының тағы бір мысалы ретінде Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) жеткен мына оқиғаны келтіруге болады. Онда мешіттің еденін сыпаратын бір қара түсті әйел (немесе ер кісі) болатыны, әрі күндердің бір күнінде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны жоғалтып, ол туралы сұрағаны туралы баяндалады. Сонда адамдар оған: "Ол қайтыс болды", – деп айтады. Мұны естіген Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***"Сендер ол туралы маған айтпағансыңдар ма?!»*** – деді, әрі олар оны Пайғамбарға ол туралы айтатындай маңызды емес деп санағандарындай болды. Содан кейін ол: ***"Маған оны (немесе оның қабірін) көрсетіңдер!"*** – деді, әрі адамдар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның қабіріне алып келгенде, ол оған жаназа намазын оқыды да, сосын былай деді: ***"Расында, бұл қабірлер ондағы адамдарды орап алған түнекке батқан. Әрі расында, Аллаһ Тағала оларды менің жасаған дұғаммен (намазыммен) олар үшін нұрландырады".***[289]

Әнас ибн Мәлик (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: *«Мен Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) он жыл қызмет жасадым, әрі сол уақыт барысында ол маған бірде-бір рет: «Сен не үшін былай істедің?», – немесе: «Сен не үшін былай істемедің?" – деген емес, әрі ол барша адамдардан көркем мінезге ие еді».*[290]

---

[285] Абу Дауд (№ 4763). Әл-Әлбани «Сахих аби Дауд» еңбегінде (№ 3/138) бұл хадисті сахих деп атады.

[286] Әл-Бухари (№ 1283).

[287] Әл-Бухари (№ 7210)

[288] Муслим (№ 2151, 2152).

[289] Муслим (№ 956).

[290] Әл-Бухари (№ 6038), әт-Тирмизи «әш-Шәмәил».

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ҰСТАМДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КІШІПЕЙІЛДІЛІГІ

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа шақыру жолында ұстамдылық пен кешірімділік танытудың кемел үлгісіне жеткен болатын. Мұның мысалдары өте көп, әрі олардың барлығын атап айту мүмкін емес, сондықтан да мұның кейбір мысалдарын келтірумен ғана шектелейік.

1. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әскери олжаны әділетсіз бөлді деп есептеген адамның оқиғасы.

Ибн Масғуд (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндаған: «*Хунайн шайқасы болған күні Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олжаны бөлу кезінде кейбір адамдарға басқаларға қарағанда артықшылық жасады. Сөйтіп ол әл-Ақрағ ибн Хабиске жүз түйе берді, әрі Уяйна ибн Хиснге де дәл сонша түйе үлес етіп, кейбір атақты арабтарға ерекше жомарттық танытып, оларға басқаларға қарағанда абзалдық берді*[291]*. Бір адам осыны көріп: "Аллаһпен ант етемін, бұл бөлуде әділдік жоқ, әрі бұл Аллаһ үшін жасалмады!" – деді. Сонда мен: "Аллаһпен ант етемін, мен міндетті түрде бұл (сөздерің) туралы Аллаһтың Елшісіне хабарлаймын!» – дедім де, сосын оған барып, әлгі адамның не айтқаны туралы хабарладым. Ол менің сөздерімді естіген кезде жүзі өзгеріп, қызарды да:* ***"Аллаһ пен Оның Елшісі әділетсіз болса, онда кім әділетті болғаны?!"*** *– деп, соңынан:* ***"Бұдан да үлкен ренжітулерді басынан кешіріп сабыр еткен Мұсаны Аллаһ рахым етсін!"*** *– деп айтты*».[292]

---

[291] Пайғамбар мұны кейбір тайпа басшыларының жүректерін Исламға толығымен бұру мақсатымен жасаған болатын.

[292] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/251, № 3150), Муслим (2/739. № 1062).

Бұл хадисте баяндалған нәрсе – Аллаһқа шақыру жолында танытылған ұлы ұстамдылық пен парасаттылықтың бір мысалы. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олжаны өзінің даналығымен жүректерін Ислам дініне бұру керек болғандардың арасында бөліп, ал жүректерінде имандары бекемделген өз сахабаларын олардың имандарына тапсырған еді.[293]

2. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Йеменнен келген алтынның оқиғасында ұстамдылық танытқаны.

Абу Сағид әл-Худри (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндағаны жеткізілген: *«Али ибн Абу Талиб (оған Аллаһ разы болсын) Йеменнен Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайыс қапшаның ішінде кеннен тазартылмаған бір кесек алтынды жіберген болатын, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны төрт адамға бөліп берді. Бұл алтынның бөліктері Уяйна ибн Бадрге, Акраъ ибн Хабиске және Зәйд әл-Хәйлге үлес етілді, ал төртінші кісіге келер болсақ, онда ол не Әлқама, не Ғамир ибн әт-Туфайл болатын. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларының бірі бұл туралы естігенде: "Оларға қарағанда бұл алтынға біз көбірек құқықты едік!" – деді. Бұл сөздер Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткенде, ол: "Маған аспандағы (Аллаһ) сенгеніне, әрі мен азанда және кешке аспаннан уахи алуыма қарамастан, сендер маған сенбейсіңдер ме?" – деді. Сол кезде көздері кіріп кеткен, жақтары кең, маңдайы дөңес, сақалы қалың, басы қырылған, изарының (етегі) биік көтерілген бір кісі орнынан тұрып: «Аллаһтан қорық, ей Аллаһтың Елшісі!» – деп дауыстап жіберді. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***"Қасірет саған, жер бетінде өмір сүріп жатқандардың ішінде Аллаһтан ең көбірек қорқу керек болған мен емей кім?!"*** *– деді. Сонда әлгі адам кетіп қалды, ал Халид ибн әл-Уалид: "Уа Аллаһтың Елшісі, бұл адам Аллаһтың заңдарын бұзды ғой, оған өлім жазасын өтеуіме бұйрық беріңіз!" – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сонда:* ***"Жоқ, өйткені ол намаз оқитындардан болуы мүмкін",*** *– деп жауап берді. Халид: "Тілдерімен жүректерінде жоқ нәрселерді айтып жүрген намаз оқитындар недей көп!" – деп дауыстап жіберді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған:* ***"Расында, маған адамдардың жүректеріне кіру де, олардың іштеріндегіні жарып (көру де) бұйырылмады!"*** *– деді. Содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлгі адамның ізінен қарады да, былай деді:* ***"Расында, осы адамның ұрпақтарының ішінде Құранды жұмсақ дауыстарымен оқитын,***

---

[293] «Фатх әл-Бари» (8/49).

[294] Яғни олар дінді тек сырттай ұстанады

бірақ оқығандары олардың кеңірдектерінен ілгері бармайтын адамдар пайда болады[294], әрі олар діннен, жебе садақтан ұшып шығып кететіні сияқты, ұшып шығып кетеді ..."».[295]

Бұл хадис Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қаншалықты ұстамды және парасатты болғанына нұсқайды. Ол адамдарға олар өздерін сырттай қалай көрсетсе, соған лайық қарым-қатынас жасайтын, әрі оған адамдардың жүректеріне кіру де, олардың іштерін жарып көру де бұйырылмаған болатын. Осы хадисте сөз етілген адам өлім жазасына сөзсіз лайық еді, алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны өлтіруді бұйырмады, өйткені ол адамдардың ол туралы ол өзінің сахабаларын, әсіресе олардың намаз оқитындарын өлтіріп жатыр деп айтуын қаламады.[296]

3. Әт-Туфайл ибн Амр туралы оқиға (Аллаһ оған разы болсын).

Әт-Туфайл ибн Амр әд-Дауси (Аллаһ оған разы болсын) және оның тайпасымен орын алған оқиғада да Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұстамдылығы мен парасаттылығының керемет мысалы көрініс тапқан болатын. Әт-Туфайл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға қоныс аударғанына дейін-ақ Меккеде Исламды қабылдаған болатын. Кейін ол өз тайпасын исламға шақыру үшін еліне оралды. Ол өз шақыруын үй-ішінен және туған-туысқандарынан бастады, әрі әкесі мен әйелі оның шақыруын қабылдап мұсылман болды. Содан кейін ол өз руы мен тайпасын хақ дінге шақыра бастады, бірақ олар Исламды қабылдаудан бас тартып, мойынсұнбаушылық танытып, оның шақыруына жауап беруге асықпады. Сонда әт-Туфайл Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайта барып, өзінің халқы, яғни даус тайпасы иманнан бас тартып және мойынсұнбаушылық танытып, өзерін-өздері опат болуға салғанын хабарлады.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) келесі сөздер жеткізілген: «*Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әт-Туфайл ибн Амр әд-Дауси келіп: "Уа Аллаһтың елшісі, расында, даус тайпасының адамдары тыңдамады әрі иман келтіруден бас тартты. Оларға Аллаһтың лағынетін шақырыңызшы!" – деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қыблаға жүзін бұрып, екі қолын көтерді. Мұны көрген адамдар: "Даус тайпасы опат болатын болды!" – деп ойлап қалды, бірақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***"Уа Аллаһ, дaустықтарға тура жол көрсет әрі***

---

[295] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (8/67. № 4351), Муслим (2/741. № 1064).

[296] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (8/69).

оларды келтіре гөр! Уа Аллаһ, даустықтарға тура жол көрсет әрі оларды келтіре гөр!» *– деді.*[297]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы хадисте сүреттелген ісі парасаттылықтың, сабырлықтың және байсалдылықтың нендей керемет үлгісі болып табылады! Ол Исламды қабылдаудан бас тартқандарды жазалауға және оларды лағынеттеуге асықпады. Ол олардың хақ жолға түсуін сұрап дұға етті, әрі Аллаһ оның дұғасын қабыл етті. Сабырлықтың, байсалдылықтың және асықпаудың жемісі әт-Туфайлдың өз руластарына қайтып келіп, оларға жұмсақ сөздермен сөз жолдағанда, олардың көбі иман келтіргені болды. Кейін ол даустықтардың сексен немесе тоқсан отбасыларымен бірге Мәдинаға қаласына Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көшіп келді.[298]

Аллаһу Акбар! Аллаһ Ұлы! Даналықтың жемістері, міне, осындай – сексен немесе тоқсан отбасының Исламды қабылдауы болды!

Бұл мысал Исламды тарату жолына өзін бағыштаған адамдарды өз миссияларын орындау барысында ұстамдылық пен парасаттылық сияқты ұлы сипаттардың өз бойларында көрініс табуына қам жеуге міндеттейді. Ал бұған тек Аллаһтың мейірімімен, ал содан кейін дінге шақыруда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолданған әдістері мен жолдарын білу арқылы ғана қол жеткізуге болады.

4. Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлтіргісі келген адамның оқиғасы.

Әл-Бухари мен Муслимнің хадистер жинақтарында Жәбир ибн Абдуллаһтан (Аллаһ оған разы болсын) бірде ол Аллаһ Елшісімен бірге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Нәжд өңіріне әскери жорыққа қатысқаны, әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол жорықтан қайтқан кезінде де ол онымен бірге болғаны туралы жеткізіледі. Олар тікенді талдар өсетін бір алқапқа жеткенде, түскі ұйқы уақыты келді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол жерде тоқтады, әрі адамдар талдарды көлеңкелеп, тарай бастады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Самура талының астында тоқтап, сол жерге қылышын ілді. Жәбир былай деген: *«Біз жақсы ұйықтап кеттік, кенеттен Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізді шақыра бастады, әрі*

---

[297] «Сияр әғләм ән-нубәлә» (1/346), «Зад әл-мәғад» (3/626), «Әл-исаба фи тамйиз әс-сахаба» (2/225).

[298] «Сияр әғләм ән-нубәлә» (1/346), «Зад әл-мәғад» (3/626), «Әл-исаба фи тамйиз әс-сахаба» (2/225).

біз оның жанына келгенде, оның қасында бір бәдәуи отырғанын көрдік. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Мен ұйықтап жатқанда мына адам менің қылышымды алып алыпты. Әрі оянсам, ол төбемде қылышты жалаңаштап ұстап тұрып, маған: «Сені менен кім қорғайды?», – дейді. Мен оған: «Аллаһ», – дедім. (Ол тағы да маған: «Сені менен кім қорғайды?», – деді. Мен оған: «Аллаһ», – дедім. Кейін ол қылышты тастады.) Енді, міне, ол осында отыр»,*** *– деді. Әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны жазаламады».*[299]

Қараңыздаршы, нендей тең келмес адамгершілік, оның адамдардың жүректеріне деген ықпалы нендей керемет! Бәдәуи адам Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлтіруді ойластырады, бірақ Аллаһ Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қорғап, оған қаскүнемді жазалуға мүмкіндік берді. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны кешірді. Расында, бұл – ұлы мінезден өзге еш нәрсе емес. Әрі Аллаһ Тағаланың Өз пайғамбары туралы айтқан:

وَإِنَّكَ لَعَلَى خُلُقٍ عَظِيمٍ (٤)

«Расында, сен ұлы мінезге иесін» («әл-Қаләм» сүресі, 4-аят), – деген сөздері ақиқат.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дана мінезі бұл бәдәуи адамның жүрегінде үлкен әрі өшпес із қалдырды, әрі осы оқиғадан соң ол Исламды қабылдап, көптеген адамдардың тура жолға түсуіне себеп болды.[300]

5. Яһуди діндары болған Зәйд атты кісінің оқиғасы.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жазалауға құдіреті жететін кезде кешірімділік пен қайырымдылық танытатын, ашу кезінде парасаттылық пен ұстамдылық көрсететін, әрі жамандыққа жақсылықпен қайыратын. Осы жоғары адамгершілік қасиеттер адамдардың оның шақыруына жауап беруінің және олардың жүректерінің оның төңірегіне шоғырлануының ең негізгі себептерінің бірі болып табылатын. Осы жерде оның атақты яһуди діндары әрі машайыхы болған Зәйд ибн Санағамен қалай мәміле жасағаны баяндалған оқиғаны келтіруге болады.[301]

---

[299] «Әл-Бухари мағә әл-Фатх» (6/96, 97 – № 2910; 7/426 – № 4135), Муслим (4/1786, 1/576 – № 843), Ахмад (3/311, 364). Қ-з: әл-Майдани: «Әл-ахләқ әл-исләмия уа усусуһа» (2/335).

[300] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (7/428), «Шарх ән-Нәуауи ғалә «Сахих» Муслим» (15/44). Ибн Хәжар бұл бәдәуидің есімі Ғаурас ибн әл-Харис болғанын айтқан.

[301] Қ-з: «Хаза әл-хабиб я мухибб» (528-бет), «Хидая әл-муршидин» (384-бет).

Бірде Зәйд ибн Санаға Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарызын төлеуін талап етіп келіп, оның көйлегінің жағасынан жармасып тартты әрі оған дөрекі сөздер айтты. Ол Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дөкір көзбен қарады да: «Мухаммад, қарызыңды қайтарасың ба? Сендер –Абдулмутталиб әулеті – қарыз төлеуді созып жүретін адамдарсыңдар!» – деп, басқа да өте өткір, ащы сөздер айтып тастады. Осыған куә болған Умар осы келген адамға қарап, ашу мен ызадан көздері айналып кете жаздады да: «*Ей, Аллаһтың дұшпаны! – деп дауыстап жіберді. – Сен Аллаһ Елшісіне мен естіп тұрған нәрселерді айтуға және мен көріп тұрған нәрселерді істеуге батылың барды ма?! Оны ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етемін, егер мен оның тарапынан сөгіс алуымнан қорықпағанымда, қылышыммен басыңды шауып тастар едім!*» – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Умарға байсалдылықпен жымия қарады да, сосын: ***«Мен әрі мына кісі сенің басқа сөздеріңе мұқтажбыз, уа Умар! Сен маған қарызымды барынша көркем түрде төлеуімді, ал оған берген қарызын барынша көркем түрде талап етуін насихат етуің қажет еді. Онымен бірге бар да, оған қақылы болған нәрсесін бер, әрі үстінен жиырма сағ құрма қосып бер»***, – деді.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұндай мінез-құлық танытуы Зәйдтің исламды қабылдауына себеп болды, әрі ол: «Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, әрі Мухаммад Аллаһтың Оның құлы әрі елшісі деп куәлік етемін», – деді.

Осы оқиға орын алғанға дейін Зәйд былай деп айтатын: «Мен Мухаммадтың жүзінде пайғамбарлықтың барлық сипаттарын көрдім. Алайда мен оның бойында бар екендігін тексеріп көрмеген тағы екі сипат қалған болатын: бұл оның момындығы мен парасаттылығының ашу мен ойсыздықты жеңетіні, әрі оған жасалған әділетсіздік оның одан сайын көбірек момындық пен парасаттылығын туындататыны».[302]

---

[302] Бұл оқиғаны Ибн Хәжар «Әл-исаба фи тамйиз әс-сахаба» кітабында әт-Табараниге, әл-Хакимге, Абу әш-Шейхке, Ибн Сағдқа т.б. сілтеме жасап келтіреді де, кейін былай дейді: «Бұл хабардың жеткізушілері сенімді... Мухаммад әс-Сирриді Ибн Муғин сенімді деді. Ал әл-Уалидке келер болсақ, ол бұл хабарда мұны оған өз шейхы риуаят еткенін ашық айтып тұр» (1/566).

Бұл хадисті сондай-ақ Ибн Касир де «Әл-бидая уа-н-ниһая» (2/310) кітабында Абу Нұғаймға сілтеме жасап келтірген. Әл-Хайсами «Мужмағ әззауаид» еңбегінде былай деп жазған: «Бұл хабарды әт-Табарани келтіреді. Оның жеткізушілері сенімді болып табылады».

Зәйд хадисте баяндалған нәрселерді әдейі, яғни Пайғамбарда осы екі сипаттың бар екендігін тексеру үшін, істеген болатын, әрі олардың бар екендігіне көз жеткізген кезде ол Исламды қабылдап иман келтірді.[303]

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлы адамгершілігі арқылы өзінің шыншылдығы мен адамдарды шақырып жатқан дінінің ақиқат екендігін сан алуан рет даусыз дәлелдеді.

6. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екіжүзділердің басшысымен қалай қарым-қатынас жасағаны туралы.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға көшіп келуінің қарсаңында, оны мекендеген әл-аус пен әл-хазраж тайпалары Абдуллаһ ибн Убайды өздерінің патшасы етіп сайлауға келіскен болатын. Оның атақтылығын жалпы мойындаған еді, әрі әл-аус пен әл-хазраж тайпалары осы екі рудың біреуіне жататын қандай да бір адамның үміткерлігіне келіскен жағдай бұрын солды болған емес еді. Олар оның таққа отыру күніне арнап тіпті тәжді де дайындап қойған болатын. Әрі тура сол кезде Аллаһ Тағала оларға Өзінің Елшісін жіберді. Мәдиналықтар Исламға қарай ұмтылып, Абдуллаһ ибн Убайды тастап кеткенде, ол қатты ашуланды, әрі жүрегін Пайғамбар мен оның алып келген дініне деген жеккөрушілік кернеді. Ол Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның билігін тартып алды деп санады. Алайда халықтың Исламнан басқа ешнәрсені қаламайтынына көзі жеткен соң оның өзі де Исламды қабылдады, бірақ жүрегі оған деген жек көрушіліктен өртеніп, екіжүзділікте табанды түрде қала берді. Ол адамдарды Исламнан бет бұрғызуда әрі мұсылман қауымын бөліп-жіктеуде өз күш-жігерін аямай салды, мұсылмандарға дұшпандық пиғыл танытатын яһудилерді қорғады әрі оларға барынша көмектесіп отырды.

Оның тарапынан ислам шақыруына қарсы үнемі дұшпандық іс-әрекеттер жасалып отырды, алайда ол мұны жасырын түрде, яғни өзіне тән болған екіжүзділікпен жасайтын. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған кешірімділікпен, кішіпейілділікпен және ұстамдылықпен жауап қайыратын, өйткені Ибн Убай сырттай өзінің Ислам дінінде екенін көрсететін. Бұдан тыс, оның арқысында оны қолдайтын екіжүзділер де болатын. Ол солардың жетекшісі еді, әрі олар оған бағынатын. Сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) онымен жұмсақтық танытатын, әрі көп жағдайда оның

---

[303] «Әл-исаба фи тамйиз әс-сахаба» (1/566).

жасаған жауыздықтарына ізгілік пен кешірімділікті қарсы қоятын. Мұның бірнеше мысалдарын ғана келтірейік.

7. Бану кайнукағ тайпасының яһудилері мұсылмандармен жасасқан келісімшартты бұзғанда Абдуллаһ ибн Убайдың оларға араша түсуі.

Бадр шайқасынан кейін бану қайнуқағ тайпасының яһудилері базарда жүрген бір мұсылман әйелінің әуретін (ұятты жерлерін) ашып масқаралады әрі оның ар-намысын қорғаған мұсылман ер кісіні өлтіріп, мұсылмандармен жасасқан бейбітшілік және ізгі көршілестік туралы келісімшартты бұзды.[304]

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің Мәдинаға қоныс аударғанынан кейін жиырма ай өткенде, шәууәл айынның орта шағында, сенбі күні өз әскерімен бану қанукағ тайпасы мекендеген ауданға қарай жорыққа шықты, әрі оларды тығыз қоршауға алды. Қоршау он бес күн жалғасты. Аллаһ Тағала яһудилердің жүректеріне үрей салды да, олар қамалдарының сыртына шығып, өздерінің халін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шешіміне тапсыруды шешті. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың арасындағы соғысқандардың қолдарын байлауды бұйырды, әрі мұндайлардың саны 700 адам болды. Олар Аллаһтың қалауымен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолына түскенде, оның жанына Абдуллаһ ибн Убай келді де: «Уа Мухаммад! Менің одақтастарыма ізгілік танытшы!» – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған бірден жауап қайырған жоқ, сонда ол талабын тағы қайталап айтты. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан теріс бұрылды, бірақ ол өз қолын оның сауытының омырауына салып: «Аллаһпен ант етемін! Сен менің одақтастарыма ізгілік танытпағаныңа дейін мен сені жібермеймін. Осы төрт жүз қарулы, әрі үш жүз қарусыз сарбаздар мені дүниедегі барлық адамнан қорғайтын, ал енді сен оларды бір-ақ таңда жойып жібермексің бе? Аллаһпен ант етемін, мен мұның нашар зардаптарынан қорқамын!» – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның өтінішін қанағаттандырды, әрі оларды босатып жіберді[305], алайда оларға Мәдинадан кетуді әрі одан жақын жерде қоныстанбауды бұйырды, сонда олар Шам жеріндегі Азриғат деген жерге қоныс тепті. Олардың мал-мүлкі мұсылмандарға олжа болып тиді, әрі Аллаһтың Елшісі оның бестен бір бөлігін ажыратуды бұйырды[306]. Ол Абдуллаһ ибн Убайды осы жасаған араша-

---

[304] Қ-з: «Сира Ибн Хишам» (2/216), «Әл-бидая уа-н-ниһая» (4/157).

[305] «Сира Ибн Хишам» (2/428), «Әл-бидая уа-н-ниһая» (4/4).

[306] "Зад әл-мағад" (3/126, 190).

лауы үшін жазаламады, әрі оның өзіне қатысты танытқан жиркенішті дөрекілігін кешірді.

8. Абдуллаһ ибн Убай Ухуд шайқасы күні Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жасаған іс-әрекеті туралы.

Көпқұдайшыл құрайштықтар мұсылмандарға шабуыл жасауды шешкен күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің әскерімен бірге Мәдинаны қорғауға шықты. Ол жарты жолға жеткен кезде, Абдуллаһ ибн Убай кенеттен әскердің үштен бір бөлігін артқа қайырып, қайтадан Мәдинаға алып кетті. Жәбирдің әкесі Амр ибн Харам (Аллаһ олардың екеуіне разы болсын) олардың іздеріне түсіп жетіп алды да, оларды мұндай шешімдері үшін сөге бастады әрі Пайғамбарға қайтуға үндеді. Ол оларға: «Қайтыңдар да, Аллаһтың жолында соғысыңдар, немесе тым болмағанда өздеріңді қорғаңдар!» – деп айтып жатты, алайда олардың жауабы: «Егер біз шайқастың болатынын білсек еді, онда қайтар едік», – деген сөздер болды. Өзінің оларды көндіре алмайтынына көзі жеткен Амр оларды сөгіп, қайта оралды.[307]

Абдуллаһ ибн Убайдың осы жан түршігерлік қылмысына әрі оның мұсылмандарды ауыр сәтте көмексіз қалдырып тастап кеткендігіне қарамастан, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны жазаламады.

9. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ислам шақыруына кедергі жасау.

Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сағд ибн Убадаға бара жатқан жолында өз руластарының ортасында отырған Абдуллаһ ибн Убайді кездестірді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың жанына тоқтап, сәлем берді де, қастарына кішкене отырып, Құран оқып, оларды Аллаһқа шақырып, Оны естеріне түсіргісі келді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды Аллаһқа мойынсұнбау үшін болатын ауыр жазадан сақтандырып ескертті әрі Оған мойынсұнғандарды Аллаһтың сый-сауаптарымен сүйіншіледі. Ол өз сөзін аяқтаған соң, Абдуллаһ ибн Убай оған: «Бұл сенің әңгімең нендей керемет. Егер ол шындық болса, онда үйіңде отырып, оны өзіңе келгендерге айтып бере бер. Ал келмегендерді онымен қинама, әрі олардың мәжілістеріне жүректері қаламайтын сөздеріңді айтып келмей-ақ қой», – деді.[308]

---

[307] "Зад әл-мәғад" (3/194), «Сира Ибн Хишам» (3/8, 3/57), «Әл-бидая уан-ниһая» (4/51).

[308] «Сира Ибн Хишам» (2/218, 219).

Бұл өте дөрекі және бетпақ сөз еді, бірақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны кешірді әрі одан өш алудан өзін ұстады.

10. Бану надир тайпасына қолдау көрсету.

Бану надир деген яһуди тайпасы Аллаһ Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлтіруді жоспарлап, онымен жасасқан келісім-шартты бұзған кезде, ол оларға Мухаммад ибн Мәсләманы жіберіп, ол арқылы олардың Мәдина қаласы мен оның төңірегіндегі жерлерден кету талабын жолдады. Абдуллаһ ибн Убай басшылық еткен екіжүзділер болса өз кезегінде яһудилерге өздерінің өкілін жіберіп, оларға барынша қолдау көрсететіндерін сендіріп айтты. Олар яһудилерді: «Мығым болыңдар әрі қарсылық жасаңдар, ал біз болсақ сендерді қолдаусыз қалдырмаймыз. Егер мұсылмандар сендермен шайқасса, біз сендер жақтан қарумен шығамыз, ал егер олар сендерді жерлеріңнен қуып шығарса, біз де сендермен бірге кетеміз», – деп сендіре бастады, әрі олар осылайша олардың батылдығын нығайтқаны соншалықты, яһудилер тіпті Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жасасқан келісім-шартын ашық түрде бұзды. Сонда Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылман әскерімен оларға қарай жол алды да, олардың қоныстарына жетіп, оларды қоршауға алды. Аллаһ Тағала бану надир тайпасының жүректеріне үрей мен қорқыныш салып, олар берілді, әрі содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды қоныстарынан көшіріп жіберді. Олардың бір бөлігі Хайбарға, ал басқалары Шамға кетті.

Абдуллаһ ибн Убайдың бұл жексұрын қылығы да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тарапынан жазасыз қалдырылды.

11. Әл-Мурайсиғ жорығында Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және мұсылмандарға қарсы айлалар құру және сатқындық жасау.

Бұл жорық барысында Абдуллаһ ибн Убай қатал жаза мен өлім жазасына лайықты бірнеше іс-әрекеттер жасаған болатын:

1. Бұл жорықта екіжүзділер мүминдердің анасы Айшаға (Аллаһ оған разы болсын) ұятсыз жала жабуды ойластырды, әрі осы жалалы қастандықтың басында дәл Абдуллаһ ибн Убай тұрды.[309]

---

[309] Екіжүзділердің Айша анамызға жала жапқан оқиғасы әл-Бухариде (7/431 – № 4141; 8/452 – № 4750) және Муслимде (4/2129 – № 2770) баяндалады. Сондай-ақ "Зад әл-мәғад" еңбегін қараңыз (3/256-268).

2. Осы жорықта Абдуллаһ ибн Убай былай деді: «Біз Мәдинаға оралғанда, араларымыздағы күштілеріміз міндетті түрде одан жексұрындарды қуып шығарады».[310]

3. Бұл жорықта Аллаһтың дұшпаны Абдуллаһ ибн Убай былай деді: «Аллаһ Елшісінің жанындағылар оны тастап кетуі үшін, оларға ешнәрсе бермеңдер».[311]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айқын даналығы мен парасатты саясаты осы жағдайлардың барлығында бүліктің отын сөндіріп, жауыздыққа тосқауыл болып отырды. Бұл ең алдымен Аллаһтың мейірімімен, ал содан соң Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абдуллаһ ибн Убайға қатысты танытқан сабырлығы арқасында орын алған болатын. Ол оның шабуылдарына ұстамдылықпен төзімділік танытты, әрі оған ізгілікпен қайырып, жексұрын қылықтарына кешірімділікпен жауап берген болатын, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың Ислам шақыруына зиян тигізуінен қауіптенді. Бұған қоса олардың барлығы өздерінің Исламды ұстанатындарын көрсететін, сондықтан да Умар (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Маған осы екіжүздінің басын шабуға рұқсат беріңіз!»* – дегенде, ол: ***«Адамдар: «Мухаммад өз сахабаларын өлтіріп жатыр», – деп айтпауы үшін, оған тиіспе»,*** – деді.[312]

Егер Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абдуллаһ ибн Убайды өлім жазасымен жазалағанда, бұл іс-әрекет көптеген адамдарды Ислам дінін қабылдаудан кері қайтарар еді, өйткені ол олардың көзінде мұсылман болып табылатын. Олар: «Қараңдаршы, Мухаммад мұсылмандарды өлтіріп жатыр!» – деп айтуы мүмкін еді, әрі бұл, шүбәсіз, ислам шақыруына зиян тигізетін еді әрі оны көптеген пайдалардан айырған болар еді.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) даналығы оны Исламға зиянды болған кейбір нәрселерге сабырлық танытуға үндеді, өйткені ол оларды жоюдың одан да үлкен зиянға алып келуі мүмкін болуынан қауіптенді әрі мұсылмандардың күш-қуатының артуын қалады. Сондықтан да ол адамдарға олар сырттай нені танытса, соның негізінде қарым-қатынас жасауды

---

[310] Қ-з: «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (8/648, 652 – № 4905; 6/546 – № 3518), Муслим (4/1998 – № 2584). Сондай-ақ «Сира Ибн Хишам» кітабын қараңыз (3/334).

[311] Қ-з: «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (8/648 – № 4904), Муслим (4/2140 – № 2772).

[312] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (8/648, 652; 6/546 – № 4905), Муслим (4/1998 – № 63 (2584)).

әрі олардың жүректерінде не жасырылғанын Аллаһтың үкіміне қалдыруды бұйыратын.

Кейін Умар ибн әл-Хаттаб та Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абдуллаһ ибн Убайды өлім жазасына тартпағанының дана мағынасын түсініп: *«Аллаһпен ант етемін, мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шешімінің менің шешімімнен салыстыруға келмейтіндей пайдалырақ екенін түсіндім»,* – дейтін.[313]

Өзін адамдарды Аллаһқа шықыру ісіне бағыштаған әрбір адам өз шақыруында даналықты ұстануы, әрі сонысымен Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өнегесіне ілесуі қажет.

12. Сумама ибн Усәл туралы хикая.

Әл-Бухари мен Муслим өздерінің хадистер жинақтарында Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен келесі мазмұндағы оқиғаны келтірген: *«Өз кезінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Нәжд тарапқа салтты жауынгерлер тобын жіберген болатын, әрі олар өздерімен бірге Ямама тұрғындарының мырзасы, бану ханифа тайпасынан болған Сумама ибн Усәл атты кісіні ұстап алып келіп, оны мешіттің бөренесіне байлап қойды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның қасына шығып:* ***"Не айтасың, уа Сумама?"*** *– деп сұрады. Сумама: "Менде бәрі жақсы, уа Мухаммад, өйткені, егер сен мені өлтірсең, мен үшін өш алатындар бар, ал егер маған ізгілік жасасаң, онда алғысты кісіге жақсылық жасаған боласың; ал егер ақша қалап тұрған болсаң, онда менен қалағаныңды сұра!" – деп жауап берді. Ол оны келесі күнге дейін қалдырды, ал келесі күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан тағы да:* ***"Не айтасың, уа Сумама?"*** *– деп сұрады. Ол: "Сол айтқан нәрсемді айтамын: егер маған ізгілік жасасаң, онда алғысты кісіге жақсылық жасаған боласың", – деп жауап берді, әрі ол тағы да бір күнге осы күйінде қалдырылды. Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан тағы да:* ***"Не айтасың, уа Сумама?"*** *– деп сұрады, ал ол: "Мен тек сол өзім айтқан нәрсемді ғана айтамын", – деді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***"Сумаманы босатыңдар!"*** *– деп бұйырды. Содан соң Сумама мешітке жақын орналасқан құрма бағына қарай бет алды да, сол жерде ғұсыл құйынып, сосын мешітке келіп: "Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік беремін, әрі Мухаммад – Оны құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін! Уа Мухаммад, Аллаһпен ант етемін, жер бетінде мен үшін сіздің жүзіңізден жек көрініші жүз жоқ болатын, бірақ енді ол мен үшін барлығынан сүйікті жүзге айналды! Аллаһпен*

[313] «Әл-бидая уа-н-ниһая» (4/185). Сондай-ақ «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (16/139) және «Хаза әл-хабиб я мухибб» (336) кітаптарын қараңыз.

ант етемін! Мен үшін сіздің дініңізден жек көріншті дін жоқ болатын, ал енді сіздің дініңіз мен үшін ең сүйікті болды! Аллаһпен ант етемін! Мен үшін сіздің қалаңыздан жек көріншті қала жоқ болатын, бірақ енді бұл қала мен үшін ең сүйікті қалаға болды! Расында, сіздің салтты сарбаздарыңыз мені умра жасауға бара жатқанымда ұстап алды, ендеше бұл туралы не айтасыз?» – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны игі хабармен сүйіншіледі, әрі оған осы ниеттенген умрасын өтеуді бұйырды, ал Сумама Меккеге келгенде, оған біреу: «Сонда сен дініңнен бездің бе?» – дегенде, Сумама оған: "Жоқ, бірақ мен Мухаммадпен бірге Исламды қабылдадым, әрі мен енді сендерге Ямамадан[314] Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рұқсатынсыз бір түйір бидай келмейтін болады деп Аллаһпен ант етемін», – деп жауап берді».[315]

Кейін Сумама Ямамаға оралды да, Мекке тұрғындарына әлдебір нәрсе жіберуге тыйым салды. Сонда меккеліктер Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Сен туысқандық байланысты үзбей ұстауды бұйырасың, ал өзің болса бізбен туысқан екеніңді ұмытасың: әкелерді қылышпен, ал сәбилерді аштықпен өлтіресің!» – деп хат жазды. Осыдан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сумамаға Меккеге азық-түлік жеткізуге тыйым салмауды бұйырып хат жазып жіберді.[316]

Ибн Хәжар Ибн Мундахтан, ал ол оны Ибн Аббастан Сумаманың Исламды қабылдап, сосын Ямамаға қайтып, құрайштықтарға азық-түлік жіберуге тыйым салғаны, әрі осыған байланысты **«Рас, оларды азапқа алдық. Сонда да Раббыларына мойынсұнбады әрі жалбарынбады»** деген аят («әл-Муъминун» сүресі, 76-аят) түскені туралы баяндалған хабарды келтіреді».[317]

Сумама Исламды қабылдаған соң, өзінің дінге деген адалдығын дәлелдеді: Ямама тұрғындары діннен шыққан кезде, ол өзіне бағынған руластарымен бірге мұсылмандардың әл-Ғалә ибн әл-Хадрами басқарған сарбаздарына қосылып, олардың қатарында Бахрейннің діннен шыққан бүлікшілеріне қарсы соғысты.[318]

Аллаһ Ұлы! Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) нендей таңғажайып даналыққа ие еді! Ол адамдардың жүректерін Исламға қаратуға тырысатын, Исламды

---

[314] Ямама Араб түбегінің көптеген аудандарын, соның ішінде Меккені, де ауыл-шаруышылық өнімдерімен қамтамасыз ететін жер өңдеумен айналысатын ірі аудан болатын.

[315] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (8/87. № 4372), Муслим (3/1386. № 1764).

[316] «Сира Ибн Хишам» (4/317), «Фатх әл-Бари» (8/88).

[317] Бұл хабар туралы Ибн Хәжар: «Оның жеткізушілер тізбегі жақсы (хасан)», – деген. Қ-з: «Әл-исаба фи тамйиз әс-сахаба» (1/203).

[318] «Әл-исаба фи тамйиз әс-сахаба» (1/203).

қабылдайтынына үміт еткен атақты адамдарға жұмсақтықпен қарайтын, өйткені олардың Исламды қабылдағандарынан кейін басқа көптеген адамдар да мұсылмандыққа келетін. Ислам шақыруымен айналысатын әрбір адам да дәл осылай істеуі, яғни ұстамдылықтың, парасаттылықтың, кешірімділіктің және кеңпейілділіктің өте ұлы маңызын түсінуі керек. Сумама Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған адал ниетпен танытқан ұстамдылығын, кешірімділігін және кеңпейілділігін көргенде, өзінің жеккөрушілігінің бір сәтте сүйіспеншілікке айналғанына ант етті. Бұл кеңпейілділік оның қалған өмірінің барлығына, оның Исламда және оған шақыруда бекем болуына өте үлкен әсерін тигізді.[319]

Бұған оның мына сөздері куә болады:

Пайғамбар танытқан мейірімді
Айтпасқа мүлде енді келмейді.
Бұйырған еді шешуге кісенімді
Ажал келіп көз алдыма жеткенде.[320]

13. Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) киімінен тартқан адамның оқиғасы.

Әнас ибн Малик (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндаған: «*Бірде мен Пайғамбармен бірге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір жаққа бара жатқанымызда, оның үстінде Нәжрандық*[321] *дөрекі әдіптелген шапан болатын. Сол кезде оған бір бәдәуі кісі жетіп алды да, оны шапанының етегінен қатты тартқаны сонша, тіпті осыдан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мойнында оның іздері қалды. Сөйтіп ол (Пайғамбарға): "Маған өзіңдегі Аллаһтың байлықтарынан әлдебір нәрсе беруді бұйыр!" – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыны естіп, оған бұрылды да, күліп жіберді, ал содан кейін оған бір нәрсе беруді бұйырды*».

Бұл – Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұстамдылығының, момындығының және адамгершілігі мен көркем мінезінің кемелдігінің, және жүректерін Исламға тартып онда бекем еткісі келген адамдардың ренжітулеріне төзімділік танытуының және олардың дөрекіліктерін кешіруінің тағы бір мысалы. Адамдарды Аллаһқа шақыратын әрі басқа адамдардың үстенін басшылық ететін кісілер Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) парасаттылығынан, ұстамдылығынан

---

[319] «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (12/89), «Фатх әл-Бари» (8/88).
[320] «Әл-исаба фи тамйиз әс-сахаба» (1/203).
[321] Йеменде орналасқан мекен.

әрі кешірімділік, кеңпейілділік, жамандықты жақсылықпен қайыру сияқты ұлы адамгершілік касиеттерінен үлгі-өнеге алулары керек.[322]

14. «Уа Аллаһ! Менің қауымымды кешіре гөр! Расында, олар білмейді!»

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұстамдылығының тағы бір ұлы мысалы ол Аллаһтан оған зәбір тигізген өз руластарын жазалауын сұрамағаны болып табылады. Егер ол осылай жасанда, Аллаһ оларды жойып жіберер еді. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дана әрі ұстамды болатын, сондықтан да ол өзінің аса ұлы мақсатына, яғни осы адамдардың немесе олардың ұрпақтарының Исламды қабылдауына барынша ұмтылатын. Ибн Масғудтың (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір пайғамбар туралы, оны өз руластары қанға бояп ұрып тастағанын әрі ол жүзінен қанын сүртіп: «***«Уа Аллаһ! Менің қауымымды кешіре гөр! Расында, олар (не істеп жатқандарын) білмейді!»** *– деп айтқанын баяндап тұрғаны әлі де менің көз алдымда тұр».*[323]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұстамдылық пен парасаттылыққа мақтауын білдіретін, әрі олардың маңыздылығына нұсқайтын. Бірде ол Әшаж Абд әл-Қайс деген бір кісіге: ***"Расында, сенде Аллаһ және Оның Елшісі жақсы көретін екі сипат бар: ұстамдылық пен сабырлық",*** – деп айтқан болатын.[324]

Осы хадистің нұсқаларының бірінде ол Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Уа Аллаһтың Елшісі, мен бұл сипаттарды (тәрбие) арқылы қабылдадым ба, әлде Аллаһ мені осылай етіп тума жаратты ма?»* – деген сұрақ қойғаны жеткізілген. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***«Аллаһ сені осылай етіп тума жаратты»,*** – деп жауап берді, әрі сонда Әшажж: *«Мені Аллаһ және оның Елшісі жақсы көретін екі сипаттың иесі етіп жаратқан Аллаһқа мақтау-мадақтар болсын!»* – деп дауыстап жіберді.[325]

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұстамдылық пен парасаттылықты жақсы көретін әрі өзі де соларға ие болатын.

---

[322] «Фатх әл-Бари» (10/506). «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (7/146, 147).

[323] «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (6/514. № 3477), Муслим (3/1471. № 1792).

[324] Муслим (1/48. № 17/25).

[325] Абу Дауд (4/357. № 5225), Ахмад (4/206, 3/23).

15. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны сиқырлаған яһудиді кешіруі.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кеңпейілділігі мен кешірімділігінің тағы бір ұлы мысалы оның өзін сиқырлаған яһудиге ешнәрсе істемегені әрі тіпті қайтыс болғанына дейін оның бетіне бір қарамағаны болып табылады.[326]

---

[326] Ахмад (4/367. № 19286).

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) САЛМАҚТЫЛЫҒЫ ӘРІ БАЙСАЛДЫЛЫҒЫ

Ақиқатқа шақырушы адам өзінің бүкіл іс-әрекеттерінде сақтық, байсалдылық әрі парасаттылық танытқанда ғана жетістікке жете алады. Бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы сипаттарға ие болғандығы туралы хабарлайтын сенімді түрде жеткен көптеген хадистер растау болады. Олардан кейбір мысалдар келтірейік.

1. Усама ибн Зәйд туралы оқиға.

Усама ибн Зәйдтің (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Өз кезінде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізді Жухайна тайпасының Хуракат руына қарсы жорыққа аттандырды, әрі біз оларға таңертеңгісін шабуыл жасадық. Мен және бір ансар олардың біреуін қуа бастадық та, оны қуып жеткенімізде, ол: «Лә иләһа иллә-Ллаһ (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ)!», – деп дауыстап жіберді. Мұны естіген әлгі ансар оны қудалауын қоя салды, ал мен оған найзаммен соққы беріп, өлтірдім. Біз Мәдинаға оралғанда, бұл (орын алған оқиға) туралы хабар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жетті. Әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) маған:* ***«Я Усама! Ол: «Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешкім жоқ!» – деп айтса да, сен оны өлтірдің бе сонда?!»*** *– деді*[327]*. Мен: «Уа Аллаһтың Елшісі, ол мұны тек өлімнен құтылу үшін ғана айтты ғой!» – дедім. Бірақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы да:* ***«Сонда сен оны ол: «Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешкім жоқ!» – деп айтса да, өлтірдің бе?!»*** *– деді де, осы-*

---

[327] Яғни «ол Ислам куәлігін айтқан соң, оның өмірі қол сұғылмайтын болғаннан кейін де, сен оны өлтірдің бе»?

ны қайта–қайта айта бергені сонша, тіпті мен өзімнің не үшін Исламды осы күннен кейін қабылдамағаныма өкіндім[328]».[329]

Осы хадистің басқа бір нұсқасында Усаманың (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені келтіріледі: «*Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***"Ол: "Лә иләһа илләЛлаһу", – деп айтқан болса да, сен оны өлтірдің бе?!"*** *– деп дауысын көтеріп айтты. Мен: "Уа Аллаһтың елшісі, бірақ ол осы сөздерді тек біздің қаруымыздан қорыққанынан айтты ғой!" – дедім. Бұған ол:* ***"Сен оның бұны не себепті айтқанын жүрегін тіліп білдің бе?!"*** *– деді де, осы сөздерді қайталай бергені сонша, мен Исламды дәл бүгін қабылдамағаныма өкініп қалдым».*[330]

Хадистің үшінші нұсқасында: «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Усамадан: ***"Ал Қиямет басталғанда сен осы "Лә иләһа илләЛлаһ" сөздерімен не істемексің?!"*** – деп сұрады. Усама: *"Уа Аллаһтың Елшісі, Аллаһтан мені кешіруін сұраңызшы!"* – деді, алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы да: ***"Ал Қиямет басталғанда сен осы "Лә иләһа илләЛлаһу" сөздерімен не істемексің?!"*** – деп сұрай берді, әрі ол осы сөздердерге басқа ешнәрсе қоспай, оларды ұзақ қайталай берді».[331]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа ешкіммен салыстыруға келмейтіндей сақ әрі парасатты болатын. Ол әлдебір тайпаның кәпір екенін анық білмей, ешқашан олармен соғыспайтын. Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізбен бірге әлдебір тайпаның адамдарына қарсы әскері жорыққа шыққанда, таң атқанша оларға шабуыл жасамайтын, әрі егер таңда азанның дауысын естісе, бұл адамдарға тиіспейтін, ал егер оны естімесе, онда оларға шабуыл жасайтын».*[332]

2. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандарды әскери жорыққа аттандырғанда оларға беретін өсиеті.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларын Исламға шақыру сияқты аса маңызды істе парасаттылық, байсалдылық және сақтық танытуға тәрбиелеп үйрететін.

---

[328] Усама өзінің нендей ауыр күнә жасағанын ұғынып, «Әттең, Исламды осыдан кейін қабалдаған болғанымда ғой, өйткені Исламды қабылдау одан бұрынғы барлық күнәларды өшіреді ғой» дегенді меңзеген болатын.

[329] «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (7/517; 12/191 – № 4269), Муслим (1/97 – № 159 – (96)).

[330] Муслим (1/96 – № 97).

[331] Муслим (1/97 – № 97).

[332] «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (2/82 – № 610), Муслим (1/288 – № 382).

Сондықтан да ол мұсылмандарды әскери жорықтарға жіберерде олардың басшыларына дұшпанмен соғысудан бұрын оларды келесі үш нәрсенің бірін қабылдауға шақыруды нұсқайтын:

1. Исламды қабылдап, мұсылмандардың жеріне көшу. Егер олар мұны қабылдамаса, онда көшусіз Исламды қабылдау (мұндай жағдайда оларға бәдәуи мұсылмандардың мәртебесі беріледі).

2. Егер олар Исламды қабылдаудан бас тартса, онда жизия төлеу.

3. Егер олар ұсынылған нәрселердің барлығынан бас тартса, онда Аллаһқа тәуекел етіп олармен соғысу керек еді.[333]

3. Намазды орындауда салмақтылық пен байсалдылық таныту.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларын байыптылық пен байсалдылыққа тәрбиелегеніне оның келесі өсиет сөздері нұсқайды:

«Намаздың басталуы хабарланған соң, оған жүгіріп келмеңдер, алайда оған әдеттегідей жүріп келіңдер де, тыныштық сақтаңдар, әрі үлгерген ракағаттарыңнан бастап оқыңдар, ал өткізіп алған (ракағаттарыңды) ізінен толықтырыңдар».[334]

«Намазға иқамат айтылса, мен оны орындауға шыққанымды көрмегендеріңе дейін орындарыңнан тұрмаңдар».[335]

Салмақтылық пен байсалдылықтың маңызы өте жоғары болғандықтан, олар Аллаһ Тағала жақсы көретін сипаттар болып табылады. Бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Әшәжж атты сахабаға: ***«Сенде Аллаһ жақсы көретін екі сипат бар: ұстамдылық пен сабырлық"***, – деп айтқан сөздері нұсқайды.[336]

Ең ұстамды, ең сабырлы әрі ең байсалды адамдар – пайғамбарлар болатын, ал олардың ішіндегі осы аталған сипаттардың ең ұлы өнегесіне пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ие еді.

4. Әскери жорықтар жасағанда ұстамдылық әрі байсалдылық таныту.

Әнас (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұшпандарға таң қызарып атқанда шабуыл жасайтын. Шабуыл жасаудан бұрын ол осы тайпада намазға азан шақырылатын-шақырылмайтынын білу үшін зейін қойып тыңдайтын, әрі егер азан дауысын естісе, онда бұл*

---

[333] Муслим (3/1357 – № 1365), "Зад әл-мәғад" (3/100).

[334] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (2/390 – № 908), Муслим (1/420 – № 602).

[335] Муслим (1/422 – № 604).

[336] Муслим (1/48. № 17/25).

тайпаға тиіспейтін, ал егер естімесе, онда оған шабуыл жасайтын. Бірде ол азаншының «Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы!» /Аллаһу Акбар! Аллаһу Акбар!/, деген сөздерін естіп: ***«Бұл елді мекен Исламда!»,*** *– деді, ал азаншы: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік етемін, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік етемін!» /Әшһаду ән лә иләһа иллә-Лаһ, әшһаду ән лә иләһа илля-Лаһ/, – деп айтқанда, ол:* **«Сен Оттан құтылдың!»** *– деді».*[337]

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) мынандай сөздері де жеткізілген: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізбен бірге әлдебір тайпаның адамдарына қарсы әскері жорыққа шыққанда, таң атқанша оларға шабуыл жасамайтын, әрі күтетін. Егер ол таңда азанның дауысын естісе, онда бұл адамдарға тиіспейтін, ал егер оны естімесе, онда оларға шабуыл жасайтын».*[338]

Бұл хадистер Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сабырлығына, байсалдылығына әрі сақтығына, сондай-ақ ол асығушылықтан қашқақтайтынына куә болады. Абдуллаһ ибн Сиржис әл-Музаниден Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: ***«Жылыжүзділік, байсалдылық әрі ұстамдылық – пайғамбарлықтың жиырма төрт бөліктерінің бірі болып табылады»****.*[339]

Осыдан байсалдылықтың кез-келген істе мақтаулы екені түсінікті болады. Ақырет үшін жасалатын амалдарды істеуге ғана асығыстық танытқан жөн, бірақ бұл жерде де, асығыстық Аллаһ Тағалаға ұнамды болуы үшін, Ол орнатқан шекараларды ұстану міндетті шарт болып табылады.[340]

---

337 Муслим (1/288 – № 382).

338 «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (2/89 – № 610).

339 Әт-Тирмизи (4/366 – № 2010). Қ-з: «Сахих Сунан әт-Тирмизи» (2/195).

340 «Шарх әс-Сунна» (13/177), «Тухфа әл-ахуази» (6/153).

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ЖҰМСАҚТЫҒЫ ӘРІ МОМЫНДЫҒЫ

1. Оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметін жұмсақтық пен ізгілікке үндеуі.

Айша (анамыздан) (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған былай дегені жеткізіледі: ***«Кімге жұмсақтықтан үлес бірілген болса, соған бұл дүние мен Ақырет игіліктерінен үлес берілген болады. Туысқандық қатынастарды үзбей ұстау, көркем мінезділік және көршілердің арасындағы игі қарым-қатынас елдердің гүлденуін қамтамасыз етеді әрі адамдардың өмір жастарының ұзақ болуына ықпал жасайды».***[341]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық мәселелерде жұмсақтықтың ұсталуына өте үлкен маңыз беретін әрі сөздерімен де, өнегелі істерімен де осыны өзінің ізбасарларына толық түсіндіріп берген болатын. Ол өзінің сахабаларын барлық нәрселерде, әсіресе Исламға шақыру ісінде, жұмсақтықты ұстануға ынталандырғысы келетін. Сондықтан да Исламға шақырушы кісілер өз үгіт-насихаттарын іске асыруда әрі басқа да іс-әрекеттерінде ізгілік пен жұмсақтық танытуға басқаларға қарағанда едәуір көбірек мұқтаж. Жоғарыда келтірілген хадис әрі төменде келтірілетін басқа да хадистер жұмсақтықтың биік мәртебесі мен артықшылықтарын растайды, осы аса құнды қасиетке ие болуға үндейді, әрі дөрекілікке және соған құштар адамдарға сөгіс білдіреді.

---

[341] Ахмад (6/156). Бұл хадистің жеткізушілер тізбегі сенімді. Қ-з: шейх әл-Әлбани: «Силсилә әс-сахиха» (№ 519).

Жұмсақтық – кез-келген игілікке қол жеткізудің себебі болып табылады, өйткені сол арқылы дөрікіліктпен қол жеткізілмейтін мақсаттар мен сый-сауаптарға қол жеткізіледі.[342]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізді дөрекіліктен әрі мұсылмандарға қаталдық танытудан сақтандырып ескертетін. Айша (анамыздың) былай дегені жеткізіледі: «*Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) менің үйімде болған кезінде былай деп айтқанын естідім: "**Уа Аллаһ, менің үмметімнің үстінен қандайда бір билікке ие болып, сосын оларға қатал болғанға Сен де қатал бол, әрі менің үмметімнің үстінен қандайда бір билікке ие болып, сосын оларға ізгі-жұмсақ болғанға Сен де ізгі-жұмсақ бол!**"*».[343]

Ол өзінің сахабаларын әлдебір тапсырмалармен жіберіп жатып, оларға адамдарға жеңілдік алып баруды әрі оларда Исламға деген жек көрушілік туғызбауды бұйыратын. Абу Мусадан былай деп жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларынан әлдебіреуді белгілі бір тапсырмамен бір жерге жіберген кезінде оған:* ***«(Адамдарды) игі хабармен сүйіншілеп-қуантыңдар, әрі оларда (Исламға деген) жек көрушілік тудырмаңдар, жеңілдетіңдер, әрі қиындатпаңдар»,*** *– деп айтатын»*.[344]

Айша (анамыз) Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: ***«Егер Аллаһ әлдебір үйге игілік қаласа, оларды жұмсақтыққа келтіреді».***[345]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Муса әл-Әшғари мен Муғазды (Аллаһ оларға разы болсын) Йеменге ел басқару қызметімен жіберіп жатып, оларға былай деді: ***«(Адамдарға) жеңілдетіңдер әрі оларға қиындатпаңдар, қуантыңдар әрі жек көрушілік оятпаңдар, бір-біріңе көмектесіңдер әрі келіспеушілікке түспеңдер».***[346]

Әнас (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтатын:* ***«Жеңілдетіңдер, бірақ қиындатпаңдар, адамдарды жақсы хабарлармен қуантыңдар, бірақ оларда (Исламға деген) жеккөрушілік туғызбаңдар»***».[347]

---

[342] «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (16/145), «Фатх әл-Бари» (10/449), «Тухфа әл-ахуази» (6/154).

[343] Муслим (3/1458 – № 1828).

[344] Муслим (3/1358 – № 1732).

[345] Ахмад (6/71). Шейх әл-Әлбани «Силсилә әс-сахиха» кітабында бұл хадис туралы: «Айшадан жеткен риуаятта ол сахих», – деген (3/219 – № 1219).

[346] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (8/62 – № 4344, 2345), Муслим (3/1359 – № 1733).

[347] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/163 – № 69), Муслим (3/1359 – № 1732).

Жоғарыда келтірілген хадистерде адамдарға әрі қуаныш келтіру бұйрығы, әрі сонымен бірге оларда жеккөрушілік туғызуға деген тыйым қамтылған. Яғни Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздері белгілі істі істеу бұйрығы мен оның қарама-қарсысы болған іске тыйым салуды біріктірген. Бұның даналығы адам әлдебір уақыттарда адамдарға қуаныш келтіріп, басқа кездерде оларға қиындық туғызуы, бір кезде оларды қуантып, басқа кез жеккөрушілік тудыруы мүмкін екендігінде. Егер Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тек жеңілдету және қуанту бұйрығымен ғана шектелгенде, онда осыны анда-санда істеп тұратын, бірақ басқа кездерде адамдарға қиындық әкелетін әлдебір адам діннің талабын орындаған болып табылар еді. Бірақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қиындық және жек көрушілік туғызуға тыйым салуымен адамдарға кез-келген жағдайларда және кез-келген кейіпте қиындық туғызу орынсыз болатынын бекітті. Тура сол нәрсе оның ***«бір-біріңе көмектесіңдер әрі келіспеушілікке түспеңдер»*** деген сөздеріне де қатысты. ***«Келіспеушілікке түспеңдер»*** деген сөздер қажет болды, өйткені адамдар бір-біріне әлдебір нәрселерде көмектесуі, ал басқа бір істерде келіспеулері, бір кезде ынтымақта, ал басқа кезде бытыраңқы болулары мүмкін.

Осы әрі басқа да хадистерде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды Аллаһтың мейірімімен, Оның ұлы сый-сауабымен және шексіз жомарттығымен сүйіншілеуді бұйырады, әрі оларға қуанышты нәрселерді айтусыз оларды түрлі қауіп-қатерлермен қорқытуға тыйым салады. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы нұсқауларын орындау Исламды енді қабылдаған, немесе жұмсақтықты талап ететін әрі оларға қатысты қаталдықты қолдануға болмайтын адамдардың жүрегінде оның орнықты болуына мүмкіндік береді.

Бұл ұлағатты өсиеттерді орындау балиғат жасына жақындап қалған балаларға да, сондай-ақ күнәларына тәубе етіп салиқалылық жолына түскен адамдарға да қатысты өте маңызды болып табылады. Аталған санаттағы барлық адамдар оларға қатысты жұмсақтық танытуға мұқтаж болып табылады. Оларды діннің бұйрықтарын орындауға жай-жай, бірте-бірте алып келу керек. Өйткені Ислам әмірлерін адамдарға жүктеу де бірден емес, ізбе-із әрі рет-ретімен болып отырды ғой. Егер Аллаһқа мойынсу жолына түскен немесе осыны ниеттенген адамға діннің нұсқаулары бірте-бірте жеңілдетілген кейіпте берілетін болса, ол үшін оларды орындау қиын болып көрінбейді, әрі әдетте осының нәтижесінде оның Аллаһқа деген бағынушылығы барған сайын өсіп ұлғая береді. Ал керісінше, оған қатысты қатаңдық қолданылатын әрі қиындықтар жасалатын адам болса, Аллаһқа бағынушылық жолына мүлдем

түспеуі, немесе осы жолға түскенімен, онда көпке қалмауы әрі салиқалылықтың тәтті дәмін сезінбеуі де мүмкін.[348]

Діни білімді үйрету де тура сол секілді ақырындап әрі біртіңдеп жасалуы қажет. Міне, сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларының жалығуын туғызудан қауіптеніп, оларға күнде емес, уақыт-уақытымен уағыз айтатын. «Фатх әл-Бари» (1/162, 163).

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің ізбасарларына кез-келген жақсылыққа нұсқап, оларды кез-келген жамандықтан сақтандырды. Бұл Айша анамыздың хадисінде хабарланғанындай, ол Аллаһтан өзінің ізбасарларына қиындықтар туғызатын адамдарды жазалауын сұрады, әрі оларға жұмсақтық танытатындарға дұға етті. Бұл жағдай мұсылман адамды басқа адамдарға қиындық туғызудан ұстап қалуы және олармен жұмсақ қарым-қатынас жасауға ең күшті ынталандыру болуға тиіс. «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (12/213).

2. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұмсақтығы мен ізгілігі.

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізгі болатын, жұмсақтықты жақсы көретін әрі адамдармен қарым-қатынасында соны көрсететін. Осының көптеген мысалдарының ішіндегі кейбіреуін ғана келтіріп кетейік.

1. Зинақорлық жасауға рұқсат сұраған жас жігітке танытылған жұмсақтық.

Абу Умамадан (Аллаһ оған разы болсын) келесі хадис баяндалады: «Бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір жас жігіт келіп: «Уа Аллаһтың елшісі, маған зина жасауға рұқсат беріңізші!» – деді. Әлгі жас жігіттің осындай сөздерін естіген адамдар оған айқайлап, одан ауызын жабуды талап ете бастады. Ал Пайғамбар болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***«Жақын келші!»*** – деді де, әлгі жігіт жақындаған соң, одан: ***«Сен біреудің сенің анаңмен зина жасауын қалайсың ба?»*** – деп сұрады. Жігіт: «Аллаһпен ант етемін, жоқ! Жаным сіз үшін пида болсын!» – деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Тура сол сияқты басқа адамдарға да әлдебіреулердің олардың аналарымен зина жасауы ұнамайды»,*** – деді.

Кейін ол: ***«Сен біреудің сенің қызыңмен зина жасауын қалайсың ба?»*** – деп сұрады. Жігіт: «Әрине, жоқ! Жаным сіз үшін пида болсын!» – деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сонда оған: ***«Міне, тура сол сияқты басқа адамдар***

---

[348] Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (12/41), «Фатх әл-Бари» (1/163).

да біреулердің олардың қыздарымен зина жасауын ұнатпайды», – деді.

Кейін ол: «***Сен әлдебіреудің сенің әпкеңмен не қарындасыңмен зина жасауын қалайсың ба?»*** – деп сұрады. Жігіт: «Әрине, жоқ! Жаным сіз үшін пида болсын!» – деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сонда оған: ***«Міне, тура сол сияқты басқа адамдар да біреулердің олардың әпке-қарындастарымен зина жасауын ұнатпайды», –*** деді.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) содан соң одан: ***«Сен әлдебіреудің сенің әкеңнің әпке-қарындасымен зина жасауын қалайсың ба?»*** – деп сұрады. Жігіт: «Әрине, жоқ! Жаным сіз үшін пида болсын!» – деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сонда оған: ***«Міне, тура сол сияқты басқа адамдар да біреулердің олардың әкелерінің әпке-қарындастарымен зина жасауын ұнатпайды», –*** деді.

Содан кейін ол: ***«Сен біреудің сенің нағашы әпкеңмен зина жасауын қалайсың ба?»*** – деп сұрады. Жігіт: «Әрине, жоқ! Жаным сіз үшін пида болсын!» – деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сонда оған: ***«Міне, тура сол сияқты басқа адамдар да біреулердің олардың нағашы әпкелерімен зина жасауын ұнатпайды», –*** деді.

Содан соң ол қолын әлгі жігітке қойды да: ***«Уа Аллаһ! Оны кешіре гөр әрі оның жүрегін тазарта гөр, және оған арлылық сыйлай гөр!»*** – деп дұға етті.

Бұл жігіт Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) орын алған осы сұхбатынан соң ешқашан ешбір харам нәрсеге қарамайтын болды».[349]

Осы ұлы өнеге өздерін ислам шақыруына бағыштаған адамдарға жұмсақтықтың және адамдармен, әсіресе олардың ішіндегі жүректерінің Исламға бұрылуын қалайтын және имандарының мығым болуларына көмектескісі келетін кісілермен ізгі қарым-қатынас жасаудың ұлы маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сөздерімен де, іс-амалдарымен де жұмсақтықтың маңыздылығына нұсқайтын әрі барлық мәселелерде оны ұстануды бұйыратын.

2. Яһудилермен орын алған оқиға.

Айша анамыздың (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)*

---

[349] Хадисті имам Ахмад «Әл-муснад» жинағында келтірген (5/256, 257). Оны сондай-ақ әл-Хайсами де «Мужмағ әз-зауаид» (1/129) жинағында әт-Табараниге сілтеме жасап келтірген, әрі оның иснады сенімді хадистерді жеткізген риуаятшылардан құралған деп айтқан. Қ-з: әл-Әлбани «Силсилә әл-ахадис әс-сахиха» (т. 1, № 370).

яһудилер келіп: «Әс-самму ғаләйка», – деді[350]. Мен олардың не айтып тұрғанын түсіндім де: «Сендерге де өлім және лағынет болсын!» – дедім. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Тоқтай тұр, Айша! Аллаһ барлық істе жұмсақтықты жақсы көреді!»*** *– деді. Мен болса: «Сіз олардың не айтқанын естімедіңіз бе?!» – дедім. Сонда ол:* ***«Иә, сондықтан мен де оларға: "Сендерге де /Уа ғаләйкум/!" – деп жауап бердім»,*** *– деді».*[351]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейін Айшаға былай деді: ***«Расында, Аллаһ Ізгі-Жұмсақ, Ол жұмсақтықты жақсы көреді, әрі Ол жұмсақтық үшін қаталдыққа да, басқа нәрсеге де бермеген нәрсені береді».***[352]

Ол тағы да былай деген: ***«Жұмсақтық не нәрседе болса да, соны көркем етеді, ал не нәрсе жұмсақтықтан айырылса, бұл міндетті түрде абыройсыздыққа алып келеді».***[353]

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізгілік пен жұмсақтықтан жұрдай адам бүкіл жақсылықтан жұрдай болатынын баяндап: ***«Кімде жұмсақтық болмаса, сода жақсылық жоқ»,*** – деген.[354]

Абу әд-Дардадан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: ***«Кімге жұмсақтықтан үлес берілген болса, соған жақсылықтан үлесі берілген болады, ал кім жұмсақтықтан үлессіз болса, сол жақсылықтан да үлессіз қалғаны».***[355]

Одан сондай-ақ Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені де жеткізіледі: ***«Кімге жұмсақтықтан үлес берілген болса, соған жақсылықтан үлес берілгені. Мизан Таразысында көркем мінезден салмақтырақ еш нәрсе жоқ».***[356]

3. Мешітте кіші әжетін өтеген бәдәуи туралы оқиға.

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндағаны жеткізіледі: «*Бірде, біз Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге мешітте болғанымызда, бір бәдәуи адам келіп, мешіттің ішіне кіші әжетін өтей бастады. Сонда мешітте Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге отырған сахабалар: «Доғар! Доғар!» – деп айқайлай бастады. Ал Аллаһтың Елшісі болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* ***«Қоя салыңдар***

---

[350] Яғни: "Әс-сәләму ғаләй-ка / Сәлем саған/", – деудің орнына олар: "Әс-самму ғаләй-кә /Өлім саған/", – деді.

[351] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (10/449 – № 6024).

[352] Муслим (4/2004 – № 2593).

[353] Муслим (4/2004 – № 2594).

[354] Муслим (4/2003 – № 2592).

[355] Әт-Тирмизи (4/367 – № 2013). Қ-з: «Сахих әт-Тирмизи» (2/195).

[356] Ахмад (6/451). Қ-з: әл-Әлбани «Силсилә әл-ахадис әс-сахиха» (№ 876).

оны, бөлмеңдер!» *– деді, әрі сонда адамдар ол қажетін өтеп біткенге дейін оған тиіспеді. Содан соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны шақырды да:* ***«Мешіттерде қажеті өтеуге және оларды ластауға болмайды. Олар – Аллаһты зікір ету үшін, намаз оқу үшін және Құран оқу үшін арналған»,*** *– деді, немесе осы сияқты сөздерді айтты.*

Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір кісіге шелекпен су алып келуді және әлгі бәдәуи адам өз кіші әжетін өтеген жерге төгуді бұйырды».[357]

Әл-Бухаридің «әс-Сахих» жинағында және басқа да хадистер жинақтарында дәл осы бәдәуи адамның: «Уа Аллаһ! Мені және Мухаммадты рахымыңа бөлей гөр, әрі бізден басқа ешкімді емес!» – деп айтқаны жеткізілген. Әл-Бухариде Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) оны былай деп айтқан хабары келтірілген: *«Бірде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазға тұрды, әрі біз де онымен бірге тұрдық, сонда бізбен бірге намаз оқып тұрған бір бәдәуи адам: «Уа Аллаһ! Мені және Мухаммадты рахыма бөлей гөр, әрі бізден басқа ешкімді емес!» – деді. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таслим сөздерін айтқан соң (яғни намазын аяқтаған соң) сол бәдәуиге:* ***"Сен өте кең нәрсені тарайтып жібердің!"*** *– деді, яғни ол Аллаһтың мейірімін меңзеген болатын».*[358]

Басқа хадис жинақтарында Абу Хурайраның бұл хадисі келесі үлгіде келтіріледі: *«Бірде мешітке бір бәдәуи кіріп келді де, сосын екі ракағат намаз оқып болып: «Уа Аллаһ! Мені және Мухаммадты рахымыңа бөлей гөр, әрі бізден басқа ешкімді емес!» – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған бұрылды да:* ***"Сен өте кең нәрсені тарайтып жібердің!"*** *– деді. Біраз уақыт өткен соң бұл бәдәуи адам мешіттің ішінде тұрып кіші әжетін өтей бастады. Адамдар оны тоқтатуға асықты, ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға:* ***"Қоя салыңдар оны, өйткені, расында, сендер қиындық туғызу үшін емес, жеңілдету үшін жіберілгенсіңдер! Оның зәрінің үстіне шелекпен су құя салыңдар",*** *– деді».*[359]

Кейінірек, осы бәдәуи адам дінді танып алған соң былай деп айтатын: *«Әкем мен шешем Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өтем болсын! Ол орнынан тұрып менің жаныма келді, әрі мені ұрыспады да, жазғырмады да, ұрмады да!»*[360]

---

[357] Муслим (1/236 – № 285), «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/322 – № 219, сондай-ақ 1/223, 10/4449, 10/525).

[358] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (10/438 – № 6010).

[359] Әт-Тирмизи (1/275 – № 147), Ахмад (12/244 – № 7254; 20/134 – № 10540), Абу Дауд (2/39).

[360] Ахмад (20/134 – № 10540), Ибн Мәжаһ (1/175 – № 529, 530).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – адамдардың ең данасы! Оның барлық іс-амалдары ерекше даналық-хикметпен безенген болатын. Оның адамгершілік сипаттарымен, ізгілігімен, кеңпейілділігімен, ұстамдылығымен танысқан адам, осыған толық және айқын көзі жетеді.

Хадистерде аталған осы бәдәуи адам айналасындағы адамдардың ашу-ызасын және және оның жазалануын туғызатын бірнеше теріс іс-әрекеттер жасады. Дәл сондықтан да сахабалар оның жанына келіп, оны жазғырған және оған айқалай бастаған болатын. Бірақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға бәдәуиді тоқтатуға тыйым салды, әрі оның осы шешімі ең жоғары жұмсақтықтың, ұстамдылықтың және мейірімділіктің, әрі, әрине, даналықтың көрініс табуы болатын. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы бәдәуидің әдепсіз іс-әрекеттеріне ең дана үлгіде жазғыру жасады. Ол адам: «Уа Аллаһ! Мені және Мухаммадты рахыма бөлей гөр, әрі бізден басқа ешкімді емес!» – деген сөздерін айтқанда, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***"Сен өте кең нәрсені тарайтып жібердің!"*** – деді, яғни ол Аллаһтың бүкіл болмысты қамтитын мейірімін меңзеген болатын. Өйткені Аллаһ былай деді:

وَرَحْمَتِي وَسِعَتْ كُلَّ شَيْءٍ

«Әрі мейірімім бүкіл нәрсені қамтыған» («әл-Әғраф» сүресі, 156-аят).

Бәдәуи Аллаһтың мейірімін басқаларға сараңдық жасады, ал Аллаһ оны басқаларға тілейтіндерді, керісінше, мақтайды. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

وَالَّذِينَ جَاءُوا مِنْ بَعْدِهِمْ يَقُولُونَ رَبَّنَا اغْفِرْ لَنَا وَلِإِخْوَانِنَا الَّذِينَ سَبَقُونَا بِالإِيمَانِ

«Сондай олардан кейін келгендер де: "Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген бауырларымызды жарылқай көр!" – дейді» («әл-Хашр» сүресі, 10-аят).

Бәдәуи адамның дұғасы бұл аятта келтірілген дұғаға толығымен қарама-қайшы болды, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған осы үшін ескерту айтты, бірақ мұны жұмсақтықпен, ізгілікпен әрі мейірімділікпен жасады.[361]

Ал бұл бәдәуидің екінші теріс қылығына, яғни оның мешіттің ішінде кіші әжетін өтегеніне келер болсақ, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны бөлмеуді бұйырды, әрі оған әжетін өтеп болғанына дейін мұрша берді, өйткені егер оның

---

[361] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (10/439).

бұл іс-әрекетін, яғни мешіттің бір бұрышын ластауын әлдебіреу тоқтатуға кіріссе, бұл бұдан да көбірек зиянға әкеп соқтырар еді. Өйткені егер Пайғамбар осы бәдәуи адамға өз әжетін соңына дейін өтеуге тыйым салғанда, бұның зиянды салдары келесі екі нәрсенің біріне келтірер еді:

1. не ол әжетін өтеуді тоқтата алар еді, бірақ бұл оның денсаулығына зиянды болар еді;

2. не ол өзінің үстін де, мешіттегі басқа жерлерді де ластар еді.

Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үлкен зиянды болдырмау үшін, кіші пайдадан бас тартып, басым пайданы таңдады.[362]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шешімі барлық пайдалы әрі зиянды жақтарды ескерген дана әрі кемел еді. Ол осындай жағдайлардағы мінез-құлқымен әрі өнегесімен өзінің ізбасарларына, әсіресе өзінен кейін Исламға шақыру ісін жалғастыратындарға білімсіз адаммен жасалатын қарым-қатынас қандай жұмсақ болуы керек екенін көрсетті, әрі қырсықтық және елемеуішілік танытпайтын білімсіз адамға қажетті білімді үйрету дөрекілікпен, ұрысып-сөгумен, ренжітумен және артық қаталдықпен жүргізілмеу керек екендігін түсіндіріп берді. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұмсақтығы осы бәдәуи кісінің де, басқа адамдардың да өмірлеріне өте үлкен әсерін тигізді. Әрі бұрын білімсіз болған осы адам діни білімге ие болған соң біз жоғарыда келтіріп кеткен: *«Әкем мен шешем Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өтем болсын! Ол орнынан тұрып менің жаныма келді, әрі мені ұрыспады да, жазғырмады да, ұрмады да!»* – деген сөздерін айтты.[363]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлы мінез-құлқы бұл адамның өмірін күрт өзгертті.[364]

4. Муғауия ибн әл-Хакам оқиғасы.

Муғауия ибн әл-Хакам әс-Суләмиден былай деп хабарланады: *«Бірде біз Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге намаз оқып тұрған кезімізде, намаз оқып тұрғандардың біреуі түшкірді, әрі мен оған: "Ярхамука-Ллаһ (Аллаһ сені рахым етсін)!" – дедім. Сонда адамдар маған қарай бастады да, мен болсам оларға: «Не болды?! Неменеге маған қарап қалдыңдар?!" – дедім. Адамдар алақандарымен сандарына ұра бастағанда мен олардың маған: «Сөйлеме!» – деп айтқысы келгенін түсіндім де, сөзді доғардым. Содан кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)*

---

[362] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (1/325), «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (3/191).

[363] Ахмад (20/134 – № 10540), Ибн Мәжаһ (1/175 – № 529, 530).

[364] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (1/325), «Шарх ән-Нәуауи» (3/191), «Ғаун әл-мағбуд шарх Сунан Аби Дауд» (2/39), «Тухфа әл-ахуази» (1/457).

намазын аяқтады. Әкем мен анам Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өтем болсын. Мен одан бұрын да, одан кейін де осындай керемет ұстазды көрген емеспін. Ол мені ренжітпеді, ұрмады әрі ұрыспады да. Ол тек: ***"Намаз оқып жатқанда адамдармен сөйлесуге болмайды, өйткені намаз – бұл Аллаһты мақтап ұлықтау және Құран оқу",*** *– деді, не осы сияқты сөздерді айтты. Сонда мен оған: "Уа Аллаһтың Елшісі! Жуырда ғана мен білімсіз адам едім, бірақ Аллаһ бізге Исламды жіберді. Біздің арамызда көріпкелдерге баратын адамдар бар (еді)", – дедім. Ол:* ***"Ал сен оларға барма",*** *– деді. Сонда мен оған: "Біздің арамызда жаман ырымдарға сенетін адамдар бар", – дедім. Ол:* ***"Адамдар өз жүректерінде осындай нәрселерді сезіп жатады, бірақ олар осы нәрселердің себебінен өздерінің істерінен бас тартпаулары керек»,*** *– деді*[365]*. Мен оған: "Біздің арамызда жерге сызықша сызып жорамал жасайтын адамдар бар", – дедім. Ол болса:* ***"Пайғамбарлардың біреуі осындаймен айналысатын, егер олар оның сызықшаларын дәлме-дәл қайталағанда, онда бұл рұқсат етілген болар еді",*** *– деді»*[366].

Муғауия сондай-ақ былай деген: «*Менің бір жас күңім болатын, ол Ухуд пен әл-Жәуания жанында менің қойымды бағатын. Бірде мен оның бір қойын қасқыр алып кеткенін көрдім. Мен де Адамның басқа*

---

[365] Ғалымдар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздеріне түсіндірме беріп, былай дейді: адамдар өз жүректерінде міндетті түрде әртүрлі ырымдарға деген талпыныстарды сезіп жатады, әрі адамның жүрегінде осындай нәрсенің пайда болғаны үшін олар жазғырылмайды. Бірақ адамдар ырымдарға көңіл бөлулеріне әрі олардың себебінен өз жоспарлары мен істерінен бас тартуларына болмайды. Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (5/22).

[366] Ғалымдар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы сөздерінің түсіндірмесінде бірнеше пікірлер айтқан. Алайда олардың ең дұрысы – сызықшалар арқылы жорамал жасау тек осы сызықшалар әлгі пайғамбардың сызықшаларымен дәлме-дәл болғанда ғана рұқсат етілетін еді деген пікір. Алайда ешкім өзінің сызықшалары олармен бірдей деп айта алмайды, сондықтан да, бұндай іс-амал кез-келген жағдайда тыйым салынған, яғни харам болады. Сөйтіп, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздерінің мағынасы сызықшалар бойынша жорамал жасау рұқсат етілмейді дегенге ұштасады, өйткені бұған деген рұқсат осы сызықшалардың пайғамбардың бірінің сызықшаларымен дәлме-дәл болуымен шартталады, ал олардың бірдей болуын білу мүмкін емес. Сонымен бірге, бұндай жорамалдауға рұқсат сол пайғамбардың шариғатында рұқсат болған, бірақ біздің шариғатымызда тыйым салынған деген пікір де айтылған. Қалай болғанда да, ғалымдардың бұл мәселе бойынша айтқан пікірлерінің барлығы бір жерге – яғни бұның қазіргі кезде рұқсат етілмейтініне келіп ұштасады. Сөйтіп ғалымдар сызықшалар бойынша жорамалдау харам екеніне бірауызды келіскен. Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (5/23).

*ұрпақтары сияқты адам баласымын ғой. Мен де басқалар ренжитін сияқты ренжуім мүмкін. Сөйтіп, мен оны (бетінен) ұрып қойған жағдай болып қалды. Ал мен Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келгенімде, ол бұны үлкен күнә деді. Сонда мен: "Уа Аллаһтың елшісі! Оған бостандық берсем қайтеді?" – дедім. Ол оны алып келуді бұйырды да, одан: **"Аллаһ қайда?"** – деп сұрады. Ол: "Аспанда", – деді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **"Ал мен кіммін?"** – деп сұрады. Сонда ол: "Сен – Аллаһтың елшісісің", – деп жауап берді. Сол кезде ол: **"Оны босат, өйткені ол иман келтірген",** – деді».* Муслим (1/381 – № 537). Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (5/20).

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Муғауияның (намазда) жасаған іс-әрекетіне көрсеткен қатынасы – оған сый етілген даналықтың ең керемет әрі ең көрнекті көріністерінің бірі болатын. Осы жәйт бұл адамның өмірі мен рухани мәртебесіне кешікпей-ақ ең көркем түрдегі әсерін тигізді. Өйткені адам жанының табиғаты ол өзіне жақсы қарым-қатынас және жақсылық жасайтындарды жақсы көретіндей етіп жаратылған. Осы ізгі қатынас Муғауияны: «*Әкем мен анам Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өтемі болсын. Мен одан бұрын да, одан кейін де осындай керемет ұстазды көрген емеспін*», – деген сөздерді айтуға ықпал етті.

5. Табақтың жан-жағына қолын соза берген баланың оқиғасы.

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өгей баласы Умар ибн Абу Сәләманың былай дегені баяндалады: «*Мен әлі бала болған әрі Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарауында болған кезімде, әдетте тамақ жеп жатып, қолымды табақтың жан-жағына соза беретінмін, әрі бірде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) маған: **"Балам, (жеуден бұрын) Аллаһтың атын айт, оң қолыңмен же әрі өзіңнің алдыңнан же"**, – деді, әрі содан кейін мен тек солай жейтін болдым*».[367]

6. Өз әйелімен тыйым салынған кезде жыныстық қатынасқа барған адам туралы оқиға.

Ансарлардан болған Сәләма ибн Сахр әл-Ансари деген бір адам рамазан айында оразасын бұзып қоюдан қорқып, зихар жасады, яғни өз әйеліне ол оған анасының арқасы сияқты (харам) деп мәлімдеді. Бұл жағдаят ол үшін өз әйелімен тек күндіз ғана емес, түнде де, ол осы істеген ісінің өтемін жасап болғанынша, жыныстық қатынас жасауға тыйым салды, яғни харам етті. Бірақ ол

[367] Қ-з: «Сахих әл-Жәмиғ әс-сағир», 7958.

өзін ұстай алмады да, өтемін жасаудан бұрын әйелімен қосылып қойды. Сонда ол (істеп қойған ісінен) қорқып әрі толғанып, істеген ісінің шешімін білу үшін Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барды. Сәләма былай деп баяндаған болатын: *«Мен үйімнен шықтым да, Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарай жол алдым. Оның жанына келіп, мен өзіммен орын алған жағдай туралы айтып бердім. Ол:* ***«Осындайды жасаған сенсің бе?»*** *– деп сұрады. Мен: «Иә, бұл менмін», – деп жауап бердім. Сонда ол тағы да:* ***«Осындайды жасаған сенсің бе?»*** *– деп сұрады. Мен тағы да: «Иә, бұл менмін», – деп жауап бердім. Сонда ол үшінші рет:* ***«Осындайды жасаған сенсің бе?»*** *– деп сұрады. Мен: «Иә, бұны жасаған менмін. Маған қатысты шешімізді орындаңыз, мен оны сабырлықпен көтеремін», – деп жауап бердім. Сонда ол маған:* ***«Бір құл босат!»*** *– деді. Мен өзімді желкемнен бір ұрып: «Сізді ақиқатпен жіберген (Аллаһпен) ант етемін! Мен өз желкемнен басқа ешкімнің желкесіне иелік етпеймін!» – дедім. Сонда ол:* ***«Егер олай болса, онда екі ай үзбей ораза ұста», –*** *деді. Мен: «Уа Аллаһтың Елшісі, менімен орын алған нәрсе ораза кезінде болды емес пе?!» – дедім. Сонда ол:* ***«Онда садақа бер»,*** *– деді. Мен болса: «Сізді ақиқатпен жіберген (Аллаһпен) ант етемін, біз осы түнде кешкі ассыз аш күйде ұйықтадық», – деп жауап бердім. Мұны естіген ол:* ***«Бану зурайқ тайпасының зекет жинаушысына бар да, оған жинаған садақасын саған берсін деп айт. Сосын істеген ісіңнің өтемі ретінде кедейлерді бір уасақ құрмамен тамақтандыр да, қалғанын өз қажеттеріңе және отбасыңның қажеттеріне қолдан»,*** *– деді.*

Содан соң мен өз тайпама келіп: «Мен сендерден аурлық пен жаман ой таптым, ал Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеңілдік пен береке таптым. Ол сендердің зекеттерің маған тиесілі деп айтты, сондықтан да оны маған беріңдер», – дедім, әрі олар оны маған берді».[368]

7. Қабірдің алдында дауыстап жылап отырған әйелдің оқиғасы.

Әнас ибн Мәлик (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірдің басында дауыстап жылап отырған әйелдің жанынан өтіп бара жатып, тоқтады да, оған:* ***"Аллаһтан қорық та, сабырлық сақта",*** *– деді. Оны келбетінен танымаған әлгі әйел: «Тиіспеші маған, өйткені сенің басыңа мұндай қайғы түспеді ғой!» – деп дауыстап жіберді. Сосын біреулер оған: "Бұл Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) еді ғой!" – деді, әрі ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі*

[368] Ахмад, Абу Дауд, әт-Тирмизи, Ибн Мәжаһ. Қ-з: «Сахих әт-Тирмизи» (1/352), «Ируа әл-ғалил» (7/179).

мен сәлемі болсын) есігінің алдына келді де, ол жерде күзетшілердің жоқ екеніне таң қалды. Өйткені ол Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) патшалар сияқты өмір сүретін шығар деп ойлайтын.

Ол оған: "Мен сіз екеніңізді білмедім!" – деді, ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***"Расында, сабырлық алғашқы соққы кезінде талап етіледі"****, – деді».* Бұл хабар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) білімсіз адамдармен қарым-қатынас жасауында жұмсақ әрі оларға кешірімді болғанына нұсқайды.

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) САБЫРЛЫҒЫ

Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды исламға шақыруда шынайы сабырлық танытудың және Аллаһ Тағала осы үшін беретін сый-сауапқа ықыласты түрде ұмтылудың көптеген өнегелерін көрсеткен болатын. Ол ислам дағуаты жасырын жүретін кезден бастап өзінің Раббысына қайтқанына дейінгі уақыт аралығында өзінің басына түскен барлық жағдайларда тағзым-итағатпен және сауаптан үміт етіп сабырлық танытқаны баршаға белгілі шындық болып табылады. Оның ислам дағуаты алаңында танытқан сабырлығының мысалдары өте көп, әрі оның барлығын атап өтуге біздің шамамыз жетер емес, сондықтан да олардың азғантай бір бөлігін ғана келтірейік.

1. Құрайштықтарға ас-Сафа төбесінен үндеу тастау.

Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлық миссиясының басталуынан біршама уақыт өткен соң Аллаһ Тағала оған өз жақын туыстарын уағыздауды бұйырып, былай деді:

وَأَنْذِرْ عَشِيرَتَكَ الأَقْرَبِينَ (٢١٤)وَاخْفِضْ جَنَاحَكَ لِمَنِ اتَّبَعَكَ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ (٢١٥)فَإِنْ عَصَوْكَ فَقُلْ إِنِّي بَرِيءٌ مِمَّا تَعْمَلُونَ

«Өзіңнің жақын туыстарыңды ескерт! Әрі саған ілескен мүминдерге (мейірім) қанатыңды жай. Ал егер олар саған мойынсұнбаса, онда (оларға): «Мен сендердің істеп жатқандарыңа қатыссызбын», – деп айт» («әш-Шуғара» сүресі, 214-216 аяттар).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз Раббысының исламға ашық шақыруды бастау және туған-туысқандарына уағыз-насихат жасау туралы қалауын орындауға асыға

кірісті. Оның осы миссияны орындау барысындағы дана іс-әрекет жасауы арқылы Аллаһ Тағала ислам шақыруына жеңіс сыйлады, Өзінің Елшісінің даналығын, ержүректігін, сабырлығын, көркем мінезділігін және ықыластылығын паш етті, көпқұдайшылық пен оның жақтаушыларын жеңіп-құлатты әрі оларды Қиямет күніне дейін қорлыққа салды.

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: ««**Өзіңнің жақын туыстарыңды ескерт...**» *деген аят түскен соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әс-Сафа төбесіне шықты да:* ***«Уа бану фихр! Уа бану ғадий! ...»*** *– деп, құрайштықтардың әртүрлі руларына үндеу тастай бастады, әрі олар жиналды, ал өз үйлерінен шыға алмағандар, не болып жатқанын білу үшін, өздерінің өкілдерін жіберді. Сол жерге Абу Ләһаб пен басқа құрайштықтар да келді, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардан:* ***«Айтыңдаршы, егер мен сендерге осы алқапта сендерге шабуыл жасауға әзір тұрған атты әскер тұр десем, сендер маған сенетін едіңдер ме?»*** *– деп сұрады. Олар: «Иә, өйткені біз сенен шындықтан өзге ешнәрсе естіген емеспіз!» – деп жауап берді. Сонда ол:* ***«Ендеше, мен, ақиқатында, сендерді азапты жазадан сақтандырып ескертемін!»*** *– деді. Оның осы сөздерін естіген Абу Ләхаб:* ***"Құрып кет! Сен бізді осы үшін жинадың ба?!»*** *– деді, әрі осыдан соң* **«Абу Ләхабтың қолдары құрысын…!»** (111:1-5) *деген аяттар түсті».*[369]

Осы хадистің Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен нұсқасында Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әр құрайш тайпасына рет-ретімен, олардың аттарын жеке атап үндеу жасағаны, әрі олардың әрбіріне: ***«Өз жандарыңды Оттан құтқарыңдар!»*** – деп айтқаны, содан соң: ***«Уа Мухаммадтың қызы Фатыма, өзіңді Оттан құтқар, өйткені мен, Аллаһпен ант етемін, сені Аллаһтың жазасынан құтқара алмаймын, алайда біз сендермен туысқандық қатынаста тұрамыз, әрі мен осы туыстық байланысты үзбей ұстаймын!»*** – дегені жеткізіледі.[370]

Бұл оқиға адамдарды уағыздаудың және оларға ақиқатты жеткізудің ұлы өнегесін көрсетуде. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің ең жақын адамдарына онымен олардың арасын байланыстыратын ең басты буын өзі алып келген хаққа иман келтіру екенін, әрі арабтардың рулық даңдайсуы мен олардың соқыр түрдегі рушылдық-жікшілдігі оның Аллаһ

---

[369] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (8/501, 737 –№ 4770; 6/551), Муслим (1/194 – № 208).

[370] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (8/501 – № 4771; 5/382), Муслим (1/192 – № 206).

Тағаладан жеткізген ғибрат-өнегесінің қайнауында жойылғанын түсіндіріп берді. Өзінің осы ұлы құтпасында ол өзінің халқын Исламға шақырып, оларға пұттарға құлшылық етуге тыйым салды, оларды Жәннатқа ұмтылуға үндеп, Тозақтың отынан сақтандырды.

Мекке дүрліге түсті де, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілімін жат әрі өрескел деп санап, оның шақыруын қабылдамай қойды, әрі бұған қоса олар өздерінің ата-бабаларынан мирас етіп алған надандық әдет-ғұрыптарын шайқалтатын осы қуатты үгітті өшіріп тастауға ниеттенді. Бірақ олардың айқайлаулары ардақты Елшіні тоқтуға қауқарсыз еді, өйткені оны Ұлы әрі Аса Құдіретті Аллаһ жіберген болатын, әрі ол қалай болғанда да адамдарға әлемдердің Раббысының жолдауын айқын түрде жеткізуге міндетті еді. Ол осыны, тіпті егер бүкіл әлем оған қарсы көтеріліп шығып, оның шақыруын теріске шығарса да, орындау керек еді. Әрі ол осыны орындады да.[371]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды күндіз-түні, жасырын да, жария да ақиқатқа шақыра берді. Ешкім және ешнәрсе оны өзіне жүктелген миссиясын орындаудан бет бұрғыза алмайтын еді. Ол адамдар жиналатын жерлерге баратын, қажылық маусымын қажылыққа келгендерді дінге шақыру үшін пайдаланатын. Ол өзінің өмірлік жолында кездестірген әрбір адамды: ол еркін болса да, құл болса да, қуатты болса да, әлсіз болса да, бай болса да, кедей болса – хаққа шақыратын, әрі ол үшін осыда барлық адам бірдей еді.

Құрайш көпқұдайшылдарының ақсүйек мықтылары оның өзіне де және оған ілескендерге де сөздерімен және амалдарымен қысым жасайтын. Меккеліктерді ашу-ыза кернеп алды – олар пұттар мен жансыз мүсіндерге ғибадат етулерін тастағысы келмейтін. Бірақ осы қарсылықтың барлығына қарамастан, Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің үгіт-насихатын әлсіретпеді, әрі Исламға кірген адамдардың тәрбиесіне ерекше қамқорлық жасауын тастамады. Ол құрайштықтардың көрер көздерінен жасырынып, мұсылмандармен бірге жиналып тұрды, әрі оларға тәлім берді. Міне, осылайша адамдардың ерекше табы – яғни өз имандарында бекем, өз сенімдерінде мығым, өз жауапкершіліктерін сезінетін, өз Рабысының әмірлеріне мойынсұнатын әрі Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бағынып, оның әрбір бұйрығын теңдессіз ынтамен әрі әзірлікпен орындайтын, әрі оны басқа ешбір адамды жақсы көрмейтіндей жақсы көретін алғашқы мұсылмандар табы қалыптасты.

---

[371] Қ-з: «Әр-рахиқ әл-махтум» (78-бет).

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің дана іс-әрекеттерімен және ізгі-салиқалы ізбасарларын тәрбиелеуі арқылы өзіне сеніп тапсырылған миссияны орындай алды, әрі бізге хаққа шақыруымыздағы, іс-әрекеттеріміздегі, өмір сүру тәсіліміздегі соған ілесуіміз керек болған тура жолды сызып көрсетті. Ол – біз үшін үлгі-өнеге, ол – біздің имам, әрі оның жолы – біздің жолымыз, ал даналығы – біздің сол жолымызды жарық етететін нұр болуы керек.

Ол Исламға шақыруын ең алдымен өзі таңдаған және тәрбиелеген адамдарға бағыттаудан бастады. Кейін оны барша адамдарға жолдаумен жалғастырды, бірақ осы орайда ерекше зейінін өз иықтарында дін істерін алып жүруге қабілетті деп санаған адамдарға шоғырландырды. Кейін осы жеке тұлғалардан ислам шақыруының ғимараты соған негізделген мығым іргетас қалыптасты.

Бірақ өзінің ұлы ыждағаты мен аса зор ынтасына қарамастан, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Исламның таралуына тосқауыл қойып жатқан кейбір тұлғалардан құтылу үшін саяси астыртын қаскүнемдік жасау сияқты әдіске бірде-бір рет болса да жүгінген емес. Оның осыны істеуге барлық мүмкіндіктері болса да, әрі ол үшін өзінің сахабаларына әл-Уалид ибн әл-Муғира әл-Махзуми, әл-Ас ибн Уәил әс-Сахми, Абу Жәһл Амр ибн Хишам, Абу Ләһаб Абдул-ғузза ибн Абдулмутталиб, Надр ибн әл-Харис, Уқба ибн Абу Муғайт, Убайй ибн Халәф, Умайя ибн Халәф сияқты күпірліктің көсемдерінің әлдебіреуіне немесе кез-келген басқаға қастандық жасауды тапсыру ешбір қиынға соқпас еді. Бұл адамдар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ерекше зұлымдықтар жасаған әрі оған азап шектірген болса да, ол, бұған қарамастан, өзінің ешбір сахабасына оларға, не Исламның басқа жауларына қастандық жасауды бұйырмады. Не үшін? Өйткені мұндай іс-әрекеттер дұшпандар тарапынан кері іс-қимылдарды туғызар еді, әрі олардың бұрынғысынан да қатты ашу-ызасын келтіруі мүмкін еді, ал бұл, өз кезегінде, бүкіл мұсылман қауымының опат болуына әкеп соқтырар еді, немесе Ислам шақыруын ұзақ уақытқа тоқтатып қояр еді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аса Дана Аллаһтың елшісі еді, сондықтан да оған мұсылмандар әлсіз болған кезеңде күпірліктің жетекшілерін өлтіру бұйырылмаған болатын.

Дүниенің кез-келген бөлігіндегі Исламға шақырушылар кез-келген уақыт кезеңдерінде осындай қағидаларды ұстанулары керек. Олар өз үгіт-насихаттарында Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұстанған жолын ұстануға міндетті, әрі осы орайда оның өміріннің Мәдинаға көшуінен кейінгі кезеңін де, оған дейінгі кезеңін де ескерулері тиіс. Дағуаттың дұрыс жолы

– бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолын қайталау, оның адамгершілік принциптерін, дана шешімдерін әрі іс-амалдарын үлгі ретінде ұстану, әрі оның осыдағы меңзеген мақсаттарын ескеру.[372]

2. Құрайш ақсүйектерінің Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қудалауы.

Құрайштықтардың Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның дініне қарсы күресі нәтиже бермегеннен соң, олар өзінің құрамына қызықтыру мен қорқытуды қоса біріктірген басқа бір әдісті қолданып көруді шешті. Олар Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арнайы адам жіберіп, оған өз шақыруынан бас тартуын ұсынды, әрі егер ол осыған көнсе, онда оған кез-келген қалаған дүниелік игіліктер болатынын айтты. Олар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қорғау жасап жүрген оның көкесі – Абу Талибке де арнайы адам жіберіп, оған өз немере інісіне жасап жатқан қорғауы мен көмегінің салдары ол үшін жаман болатынын ескертіп, әрі оларды Мухаммад пен оның дінінен құтқаруды талап етті.[373]

Олардың бұл ісі де күткен нәтиже бермегендіктен, атақты әрі абыройлы құрайштықтар Абу Талибке барып, былай деді: «Уа Абу Талиб! Біз сенің жасыңды, тектілігіңді әрі мәртебеңді құрметтейміз. Алайда біз сенен өз немере ініңді тоқтатуды сұрап едік, сен мұны істемедің. Аллаһпен ант етеміз, біз ұстанатын дінімізді ақымақтық деп аталатындай, ал табынатын құдайларымыз сөгіске ұшырайтындай өз әкелеріміздің осыншалық қорлануына шыдап отырмаймыз! Оны осынысын тоқтатуға мәжбүрле, әйтпесе біз онымен де, сенімен де екі жақтың біреуі опат болғанға дейін күресетін боламыз!»

Кейін олар оның жанынан кетіп қалды. Әрі олардың қорқытуы мен қоқан-лоққы көрсетуі Абу Талибтің жүрегін терең мұңға бөледі, өйткені ол үшін өз халқымен қарым-қатынасын үзу әрі олармен жауласу өте ауыр еді. Дегенмен ол Пайғамбарды да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға тапсырып, көмексіз қалдыра алмайтын еді. Сонда ол Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне шақырып алды да, оған былай деді: «Уа менің бауырымның баласы! Сенің халқыңның адамдары маған келіп, осындай-осындай нәрселерді айтты. Ендеше маған рақымшылдық таныт, әрі мені сен де, мен де көтере алмайтын нәрсені бастан кешіруіме мәжбүрлеме. Өз халқыңа олардың нәпсілеріне ұнамайтын нәрселерді айтуды қой!» Бірақ Пайғамбар

---

[372] Махмуд Шакир «Ат-тарих әл-исләми» (2/65).

[373] Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/41).

(оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің Аллаһтың дініне шақыруын жүргізу шешімінде қайсар еді. Ол ешкімнің айыптауларынан қорықпады, өйткені өзінің ақиқатты қорғап жатқанын әрі Аллаһ Тағала Өзінің дініне міндетті түрде жеңіс сыйлайтынын әрі Өзінің сөзін ұлық ететінін білетін. Абу Талиб Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) беріктігін көріп, ол құрайштықтардың бірқұдайшылыққа шықыруды тоқтату талаптарын ешбір жағдайда орындамайтынына көзі жеткенде, былай деді: «Аллаһпен ант етемін, мен қабірге кіргеніме дейін олар саған қолдарын жеткізе алмайды. Өзіңнің ісіңді істей бер – әрі саған жазғыру жоқ! Әрі менің сөздерім саған қуаныш әрі жұбаныш болғай».[374]

3. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Утба ибн Рабиғамен болған сұхбаты.

Хамза ибн Абдулмутталиб пен Умар ибн әл-Хаттаб (Аллаһ ол екеуіне де разы болсын) Исламды қабылдаған соң бұлттар сейіле бастады, мұсылмандар тыныштық пен қорғауға қол жеткізді, әрі бұл көпқұдайшылдарды мазалай түсті. Оларды бұдан да көбірек қорқытып, үрейге салған нәрсе мұсылмандардың саны барған сайын көбейіп жатқаны әрі мүміндер көпқұдайшылдардың оларға көрсетіп жатқан дұшпандық әрекеттеріне қарамастан өздерінің Исламды ұстанатындарын ашық түрде айта бастағаны болды. Сонда олар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өздерінің кейбір талаптарын орындатқысы келіп, ол қажет етуі мүмкін болған барлық нәрсені ұсынып көруді, әрі осылайша онымен келісім-шарт жасасуды ұйғарды. Осы мақсаттарын іске асыру үшін олар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Утба ибн Рабиғаны жіберді. Утба Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, оның жанына отырды да, оған былай деді: «Уа менің бауырымның ұлы! Сен туыстарыңның арасында қандай құрметке ие екеніңді әрі қандай атақты руға жататыныңды өзің білесің. Алайда сен өз руластарыңа өте ауыр нәрсе алып келгенің соншалық, тіпті адамдар арасына бытыраңқылық салуға шамаң жетті. Сен олардың көзқарастарын ақымақтық дедің, олардың құдайлары мен дінін сөктің, әрі олардың ата-бабаларын кәпір дедің. Ал енді мені тыңдашы. Мен саған бір нәрселерді ұсынайын, ал сен осы туралы ойланып, сосын, бәлкім, осы ұсыныстардың біреуін қабыл етерсің». Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***«Айт, уа Абу-л-Уалид, мен тыңдап тұрмын»,*** – деді. Ол былай деді: «Уа бауырымның ұлы, егер сен осы алып келген нәрсең арқылы тек байлыққа қол жеткізуді қалап жатқан болсаң, онда біз саған сен

---

[374] Қ-з: «Сира Ибн Хишам» (1/278), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/42).

арамыздағы ең бай адам болатындай ақша жинап береміз; егер сен құрметке ұмтылып жатқан болсаң, онда біз сені өзіміздің үстімізден қоямыз әрі сенсіз ешнәрсе шешпейтін боламыз; егер сен билікке ұмтылып жатқан болсаң, біз сені өзіміздің әміріміз етеміз; егер саған көзіңе көрініп жүрген әрі сен солардан құтыла алмай жүрген жын-шайтандар келіп жүрген болса, біз сені емдеуге тырысамыз әрі сені одан құтқару үшін ақшамызды аямай саламыз, өйткені жын-шайтан адамды өзіне бағындырып алып, емделгенге дейін оны жібермейтін жағдайлар болады ғой». Утба сөйлеуін аяқтан кезде, оны тыңдап отырған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Сен біттің бе, уа Абу-л-Уалид?»*** – деді. Ол: «Иә», – деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: ***«Енді мені тыңда»,*** – дегенде, ол: «Айта бер», – деді, әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді:

حم (١)تَنْزِيلٌ مِنَ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ (٢)كِتَابٌ فُصِّلَتْ آيَاتُهُ قُرْآنًا عَرَبِيًّا لِقَوْمٍ يَعْلَمُونَ (٣)بَشِيرًا وَنَذِيرًا فَأَعْرَضَ أَكْثَرُهُمْ فَهُمْ لا يَسْمَعُونَ (٤)وَقَالُوا قُلُوبُنَا فِي أَكِنَّةٍ مِمَّا تَدْعُونَا إِلَيْهِ وَفِي آذَانِنَا وَقْرٌ وَمِنْ بَيْنِنَا وَبَيْنِكَ حِجَابٌ فَاعْمَلْ إِنَّنَا عَامِلُونَ (٥)

«Ха. Мим. Аса Мейірімді, ерекше Рахымды тарапынан түскен, бұл Кітап білген ел үшін аяттары ашық-ашық баян етілген араб тіліндегі Құран. Ол қуантушы, қорқытып-ескертуші, алайда олардың көбі теріс бұрылады әрі құлақ салмайды. (Мухаммад) олар: «Сен бізді шақырған нәрсеге жүрегімізде бір перде, құлақтарымызда бір кереңдік бар, әрі біз бен сенің арамызда жамылғы бар. Сондықтан сен өзіңше істе, біз де өзімізше істейік», – деді» («Фуссыләт» сүресі, 1-5 аяттар). Кейін ол оған осы сүренің аяттарын оқуды жалғастырды.

Ал Утба болса екі қолын артына тіреп отырып, оны зейін қойып тыңдай бастады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сәжде туралы аятқа жеткен кезде, сәжде жасады да, сосын оған: ***«Уа Абу-л-Уалид, сен естігеніңді естідің, ал енді не істейтініңді өзің біл»,*** – деді.[375]

Бұл хабардың басқа бір риуаятында Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланың:

---

[375] Бұл хабарды Ибн Исхак «Әл-мағази» еңбегінде келтірген (1/313). Әл-Әлбани оның иснадын хасан (жақсы) деген. Қ-з: «Тафсир Ибн Касир (4/61), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/62), «Әр-рахиқ әл-махтум» (стр. 103), «Фиқһ әс-сира» (113-бет).

فَإِنْ أَعْرَضُوا فَقُلْ أَنْذَرْتُكُمْ صَاعِقَةً مِثْلَ صَاعِقَةِ عَادٍ وَثَمُودَ (١٣)

«Ал егер олар бет бұрса, онда (оларға): «Мен сендерді Ғад пен Самуд азабындай азаптан сақтандырып ескертемін» («Фуссыләт» сүресі, 13-аят), – деген сөздерін оқи бастағанына дейін Утба оны тыңдап отырғаны, ал осы аяттарды естіген кезінде бойын қорқу кернеп, орнынан тұрып, осы нәрсе шынында да орын алуынан қауіптеніп, қолымен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауызын жауып: «Мен сенен Аллаһтың атымен әрі туысқандық байланыспен талап етемін!» – деп айта бастағаны, сосын басына бір жаза түсетінінен қорыққан адам секілді өз жолдастарына асыға қайтып барып, олардан Мухаммадты тыныш қалдыруларын талап етіп, және оларды осыған көндіргісі келгені туралы жеткізілген.[376]

Аллаһтың мейірімімен, ал содан соң өзінің даналығымен Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Утбаға жауап қайтару үшін өз таңдауын дәл осы аяттарға тоқтатты. Ол Утбаға шын мәнісінде елшінің міндеті не екінін және елшінің өзі кім екенін, әрі ол Жаратушының Өз жаратылыстарына жіберген жолдауы болып табылатын Кітабын алып келгенін хабарлау үшін дәл соларды оқыды. Бұл Кітап оларды адасушылықтардан шығарып бүкіл жамандықтан құтқаруға арналған болатын, әрі Құранға иман келтіру және оған сәйкес өмір сүру және оның әмір-қағидаларын орындау ең алдыдымен оған, яғни Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқалардан бұрын міндетті етіп жүктелген еді. Егер Аллаһ Тағала адамдарға Оның Кітабынан ұстануды әрі осыда турашыл болуды бұйырған болса, онда осы бұйрықты ең бірінші болып орындауға тиіс адам – бұл Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болуы керек. Ол ақша, билік немесе атақ-данқ іздемейді, Аллаһ Тағала ол үшін бұл нәрселерді қолжетімді етіп қойды, бірақ ол олардан бас тартып, өзін өткінші, жоқ болып кететін нәрселерден биік етті, – өйткені ол өз шақыруында шыншыл, әрі өзінің Раббысына қатысты ықыласты еді.[377]

Бұл оқиға Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сый етілген сабырлық пен даналықтың жарқын мысалын көрсетуде. Ол өзінің шақыруында бекем әрі шыншыл болып қала берді, әрі оны ақшаға да, атақ-данққа да, билікке де, әйелдерге де ауыстыруды қаламады. Утбамен болған сұхбатында ол оған

---

[376] «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/62), әз-Заһаби «Тарих әл-исләм» (158), «Фиқһ ас-сира» (114), «Хаза хабиб я мухибб» (102), «Тафсир Ибн Касир» (4/62).

[377] «Фиқһ әс-сира (113-бет).

ең лайықты болған сөздерді тауып жауап берді, ал бұл оның тең келмес даналығы мен ұлы мінез-құлқының шүбәсіз дәлелі болып табылады.

4. Абу Жәхлдің ойластырған ісі.

Көпқұдайшылдар Исламмен күресуге және Пайғамбар мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Исламға кіргендерді ренжітіп жәбірлеуге және азаптауға күштерін аямай жұмсауды шешті. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жария түрде адамдарды жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақыра бастағалы әрі Исламға дейінгі надандық дәуірінің көзқарастарын теріске шығуға кіріскелі бері меккеліктерді ашу мен ыза сезімдері кернеп алды. Он жыл бойы олар мұсылмандарға бағынудан шыққан бүлікшілер ретінде қарым-қатынас жасады, оларға қудалаулар ұйымдастырды, олардың өміріне, мал-мүліктеріне және ар-намыстарына қол сұғып, қастандықтар жасады. Осы қысым көрсетулердің барлығы мұсылмандарды қорлаумен, кемсітумен және келемеждеп мазақтаумен, өтірікшілер деп айыптаумен, ислам ілімін жаман көрсетуге деген талпыныстармен, күмән-шүбалар таратумен, жалған идеологияларды насихаттаумен, Құранға қарсылық білдірумен, ол ескілердің аңыздарынан өзге ешнәрсе емес деген мәлімдемелермен қабаттасып жатты. Көпқұдайшылдар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол бір жыл олардың құдайларына құлшылық етуге, ал келесі жылды олар Аллаһқа құлшылық етуге көндіруге тырысты әрі оған басқа да осы сияқты күлкілі ұсыныстар жасады. Олар Аллаһтың Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ақылдан азған жынды, сиқыршы, өтірікші деп айыптап, оны көріпкел және балгер деп атады. Бірақ осы қорлаулардың барлығына қарамастан ол бекем әрі бұлжымастай берік болып қала берді, сабыр етті, Аллаһ Тағаланың сый-сауабына және Ол Өзінің дінін қолдап оған жеңіс сыйлайтынына үміт етті.[378]

Көпқұдайшылдар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа көптеген иман келтіргендерді қорламағандай етіп қорлады. Бірде Абу Жәһл Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бас салып, оның жүзін жерге аунатып былғағысы келді, бірақ Аллаһ Тағала Өзінің Елшісін қорғап, оның дұшпанының арам ойын өзіне қаратты. Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «*Бірде Абу Жәһл адамдардан: «Мухаммад сендердің көздеріңше намаз оқиды ма?" – деп сұрады. Олар оған: «Иә», – деп жауап берді. Сонда ол: «Әл-Ләт және әл-Уззамен ант етемін, егер мен оның намаз оқып жатқанын*

[378] Қ-з: «Фиқһ әс-сира (106-бет), «Әр-рахиқ әл-махтум» (80, 82 – беттер) және басқалар.

көрсем, онда аяғыммен оның желкесінен басып, бетін топыраққа былғаймын!» – деді. Кейін ол Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намаз оқып тұрған кезінде келіп, оның желкесіне басқысы келгенде, біреуден қолымен қорғанғандай қимыл жасап, бірден артына қарай шегініп кетті. Адамдар одан: «Не болды саған, уа Абул-Хакам?» – деп сұрады. Ол: «Расында, мені мен оның арасында жалынды ор, және өте қорқынышты нәрсе, және қанаттар!» – деді. Ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын: ***«Егер ол маған жақындағанда, періштелер оны бөлшек-бөлшек етіп жыртып тастайтын еді!»*** *– деп айтты.*

Міне, сол кезде Аллаһ Тағаланың мына сөздері түскен болатын:

كَلا إِنَّ الإِنْسَانَ لَيَطْغَى (٦)أَنْ رَآهُ اسْتَغْنَى (٧)إِنَّ إِلَى رَبِّكَ الرُّجْعَى (٨)أَرَأَيْتَ الَّذِي يَنْهَى (٩)عَبْدًا إِذَا صَلَّى (١٠)

«Сөз жоқ, адам баласы шектен шығады; ол өзін ешнәрсеге мұқтажсыз мұңсыз көргендіктен. Бірақ, шын мәнінде, қайту Раббың жаққа. Көрдің бе, сондай тыйым салғанды. Бір құл намаз оқыған сәтте» («әл-Ғаләқ» сүресі, 6-10 аяттар)».[379]

Аллаһ Тағала Пайғамбарын (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы және басқа залымдардың жамандықтарынан қорғады. Ал Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келер болсақ, ол Аллаһ Тағаланың Дидарына ұмтылып, осы қудалаулар мен ренжітулердің барлығына бекем түрде сабыр ететін, әрі Оның жолында өзінің жанын, мал-мүлкін және уақытын құрбандыққа салатын.

5.Түйенің ішек-қарыны жайлы оқиға.

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басынан өткізген зәбірлерінінің бірі жайлы Ибн Масғудтан жеткен хадисте айтылған. Ол былай деді: «*Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаның қасында намаз оқып тұрған болатын, ал Абу Жәхл сол кезде өз серіктерімен бірге жақын жерде отырды. Бұдан бір күн бұрын (Меккеде) інген сойылған еді және Абу Жәхл: «Сендерден кім пәлен тайпаның адамдары құрбандыққа шалған түйенің ішек-қарынын*[380] *алып келіп, оны Мухаммад сәждеге жығылғанда, оның арқасына қояды?», – деп сұрады. Олардың ең бақытсызы (яғни Уқба ибн Абу Муғайт) ішек-қарынды алып келіп, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сәждеге жығылғанын күтіп, оны оның арқасына, яғни екі жауырынының арасына қойды. Кейін олар (күлкіден) бір-біріне қарай құлай бастады. Менің*

---

[379] Муслим (4/2154 – № 2797), Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (17/140).

[380] Мәтінде – «салә» (іштегі нәрсенің қабығы).

ешнәрсе істеуге шамам болмай қарап тұрдым, өйткені жанымда мені қолдайтын адам болмады. Егер мені қолдайтын адамдар болғанда[381], *мен міндетті түрде әлгі ішек-қарындарды Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқасынан алып тастар едім. Ал Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келер болсақ, ол сәждеден басын көтермеген халде қала берді. Сонда бір адам (болған жағдайды) Фатымаға (хабарлауға) кетті, ал ол сол кезде бой жетпеген қыз болатын. (Фатыма) сол жерге жүгіріп келді де, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқасынан ішек-қарындарды алып тастады, кейін ол әлгі құрайыштықтарға барып, оларды ұрыса бастады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазын оқып болғаннан соң, дауысын көтеріп, Аллаһқа осы құрайыштықтарды жазалауын сұрап дұға етті. Ол өз дұғасын үш рет қайталап айтты, өйткені ол Аллаһтан бірдеңе сұраса, соны үш рет сұрайтын... Ол: «**Уа Аллаһ, құрайыштықтарды жазалай гөр!**», – деп үш рет дауысын көтеріп айтты, әрі олар оның дауысын естігенде, күлкілері бірден басылды. (Өйткені) олар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дұғасынан қорқып кетті.*

*Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Уа Аллаһ! Абу Жәхл ибн Хишамды жазалай гөр, әрі Утба ибн Рабиғаны да, Шайба ибн Рабиғаны да, әл-Уалид ибн Утбаны да, Умайя ибн Хәләфты да және Уқба ибн Абу Муғайтты да жазалай гөр!**», – деді»*[382].

АбдуЛлаһ ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ақиқатпен жіберген (Аллаһпен) ант етемін, мен Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) атап айтқандардың әрбірін Бадр күні жансыз халде көрдім, кейін (мұсылмандар) оларды ескі құдықтардың біріне сүйреп алып барып, соның ішіне лақтырды*!».[383]

6. Уқба ибн Абу Муғайттың жауыздығы.

Көпқұдайшылдардың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жасаған ең жиіркенішті қорлауы жайлы имам әл-Бухаридің «Сахихында», Уруа ибн әз-Зубайрдан жеткен хадисте баяндалады. Уруа ибн әз-Зубайр былай деген: «*Бірде мен АбдуЛлаһ ибн Амр ибн әл-Астан (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын): «Маған көпқұдайшылдардың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі*

[381] Яғни Меккеде маған қолдау көрсететін біреу болса, мен оны Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқасынан өзім алып тастар едім.

[382] Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеті адамның атын атап айтты, алайда хадисті жеткізуші жетінші адамның атын есінде сақтамады.

[383] «Әл-Бухари мағა әл-Фатх» (1/349 – № 240), Муслим (2/1418 – № 1794).

болсын) жасаған ең жаман қастандығы жайлы айтып беріші», – деп сұрадым. Сонда ол былай деді: «Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаның Хижр бөлігінде[384] *намаз оқып тұрған кезінде, Уқба ибн Абу Муғайт оның артынан келіп, (Пайғамбардың) мойынына өзінің киімін лақтырып орап алды да, оны қаты (буып) қысты. Бұны көрген Абу Бакр оған жүгіріп барып, иығынан жармасып, оны Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әрі лақтырып жіберді де*: **«Сендер адамды ол: «Раббым Аллаһ», – деп айтқаны үшін ғана өлтірмексіңдер ме?»** – деді («әл-Ғафир» сүресі, 28-аят)»».[385]

Көпқұдайшылдардың Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабаларына көрсеткен қорлауының қатты болғаны сонша, бір сахаба Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көмек іздеп келіп, Аллаһтан оларды бұдан құтқаруын тілеп дұға етуін сұрады. Бірақ дана Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең қиын уақыттарда да Аллаһ Тағаланың мүминдерді көмек пен қолдаусыз қалдырмайтынына және ең соңында жеңіс тақуаларда болатынына күмәнсіз сенетін.

Хаббаб ибн әл-Араттың (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бірде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаның көлеңкесінде, басының астына жамылғысын қойып жатқанда, біз оған: «Сіз біз үшін көмек сұрамайсыз ба? Біз үшін Аллаһқа дұғамен жүгінбейсіз бе?», – деп шағымдана бастадық (яғни көпқұдайшылдардың істеп жатқан жауыздықтарына шағымдана бастадық). Сонда ол: «**Сендерден бұрын өмір сүргендердің араларында, (иман келтірген) адамды ұстап, ол үшін жерде шұңқыр қазылып, оны сол жерге (басына дейін көміп) қойып, кейін ара алып келіп, оны оның басына қойып, екіге бөліп аралаған жағдайлар болатын, алайда тіпті бұл да оны өз дінінен бас тартқыза алмайтын. Әрі адамды темір тырмамен жыртып, еті мен сіңірлерін сүйектерінен ажыратқан жағдайлар да болған, бірақ тіпті бұл да оны өз дінінен бас тартқыза алмайтын. Аллаһпен ант етемін! Аллаһ міндетті түрде бұл істі (Ислам дінін) соңына дейін жеткізеді, әрі (тіпті) Санадан Хадрамаутқа шапқан салтты адам Аллаһтан басқа немесе қойларына қасқырлардың шабуыл жасауынан басқа ешнәрседен қорықпайтын кез келеді, бірақ сендер тым асығып жатырсыңдар!**», – деп жауап берді*».[386]

---

[384] Хижр – Қағбаның солтүстік-шығыс қабырғасына тиіп тұрған және әл-Хатим деп аталытан аласа жартылай домалақ қабырғамен қоршалған жер.

[385] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7:165 – № 3856; 8/553; 7/22 – № 3678).

[386] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/619 – № 3612; 7/164 – № 3852; 12/315 – № 6943).

Кәпір құрайыштықтар Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабаларына, міне, осындай қатал қорлау көрсетті, бірақ олар жер бетінде Аллаһтың сөзі ұлы болу үшін, ақиқатты жариялау және орнату үшін, адамдарды таза бірқұдайшылыққа (таухидке) шақырып, Исламға дейінгі надандық кезінің салт-дәстүрлерін, олардың пұтқа табынушылығы мен ырымдарын жойып тастау үшін, осының бәріне табандылықпен төзім етті.

7. Абу Ләхабтың әйелі жайлы оқиға.

Көпқұдайшылдар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қатты ренжітетін. Олардың осынысында тереңдегені сонша, оның өзін және ол алып келген дінді қорлауды қалап, тіпті оның атын бұрмалады. Көреалмаушылықтары мен жек көрушіліктерінен тұншыққан көпқұдайшылдар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шын атымен атамай, мағынасы бойынша теріс атпен атады. Олар «Мухаммад» (Мақтаулы) дегеннін орнына «Музаммам» (Сөгіс айтылушы) деп айтатын. Олар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөккісі келгенде: «Аллаһ Музаммамға пәлен және пәлен нәрсе жасасын», – деп айтатын. Алайда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аты «Музаммам» болмады, сондықтан олардың ол жайлы айтқан нәрселері оған қатысты болмады.[387]

Абу Хурайраның (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен бірде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: «***Сендерді Аллаһ менен құрайыштықтардың балағаттары мен лағнеттерін қалай кері бұрып жіберетіні таң қалдырмайды ма? Олар «музаммамды» балағаттайды және «музаммамды» лағнеттейді, ал мен Мухаммадпын***».[388]

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бес аты бар, бірақ олардың арасында «Музаммам» деген ат мүлде жоқ.[389]

Бірде Абу Ләхабтың әйелі Умм Жәмил Құранда ол және оның күйеуі жайлы туралы не түсірілгені жайлы естігенде Абу Бакр әс-Сыддықпен бірге Қағбаның жанындағы мешітте отырған Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келеді. Әрі Умм Жәмилдің қолында жұдырықтай тас болатын. Ол олардың үстіне келіп тұрғанда, Аллаһ Тағала оны Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрмейтіндей етіп қойды, әрі ол тек Абу Бакрды көрді. Ол: «Уа Абу Бакр! Досың қайда?

---

[387] «Фатх әл-Бари» (6/558).

[388] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/554 – № 3533).

[389] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/554 – № 3532).

Маған оның менің үстімнен күліп жүргені жетті. Аллаһпен ант етемін! Егер мен оны тапсам, оның ауызын мына таспен бұзамын! Мен ақынмын ғой!», – деді де, кейін:

«Біз Музаммамға бойсұнбадық,
Оның ісін жоққа шығардық,
Оның дінін жек көрдік!», – деп шумақтаты.

Кейін ол кетіп қалды. Ал Абу Бакр: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Қалай ойлайсыз, ол сізді көрді ме?*», – деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Ол мені көрмеді, өйткені Аллаһ оның көру қабілетін менен бұрып жіберді***», – деді.[390]

Көпқұдайшылдар Аллаһ Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және Исламды қабылдаған оның сахабаларын қорлауды жалғастырды. Мұсылмандардың саны едәуір өскенде, көпқұдайшылдардың оларға деген жек көрушілігі де арта түсті. Олар мұсылмандарға бұрынғысынан да көп жауыздықпен жәбір тигізіп, оларды тілдерімен қорлайтын болды. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандардың осындай азап шеккендерін, олар қатал азапқа тартылып, кейбіреулері тіпті осының салдарынан көру қабілетінен айырылғандарын, әрі өзінің оларды көпқұдайшлыдардың жәбірлеулерінен қорғай алмайтындығын көріп, өз сахабаларына Эфиопияға көшуіне рұқсат берді.

Исламдағы осы бірінші көшуге (һижраға) қатысқан сахабалардың саны 12 ер кісі мен 4 әйел болды. Олардың басшылығында Усман ибн Аффан (Аллаһ оған разы болсын) болды. Аллаһ Тағала оларға теңіз жағалауына жеткен бойларынан-ақ оларды бірден екі кеме қарсы алып, Эфиопияға жеткізуін нәсіп етті. Бұл пайғамбарлықтың басталғанынан бес жыл өткенде, ражаб айында орын алған болатын. Құрайыштықтар олар жайлы білгенде іздерінен қуа жөнелді, бірақ олар теңіз жағасына жеткенде, мұсылмандар кемеде жүзіп кетіп, қауіпсіздікте болды.

Біраз уақыт өткен соң көшкен мұсылмандарға құрайыштықтардың Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қудалауын қойғандары жайлы хабар жетті және олар Меккеге оралуды шешті. Бірақ қалаға жетуге аз қалғанда, олар бұл хабар жалған екенін және құрайыштықтардың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген дұшпандығы керісінше бұрынғысынан да артық өсе түскенін білді. Олардың кейбірі Эфиопияға оралды, ал қалғандары Меккеге жасырын күйде, немесе Ибн Масғуд істегендей, әлдебір құрайыштықтардың қолдайтындығы және қорғайтындығы туралы уәдесін алып кірді. Көшкен мұсылмандар қалаға кіргенде, Мекке тұрғындарының Исламды қабылдағандары жайлы хабар толық жалған екенді-

[390] Қ-з: «Сира ибн Хишам» (1/378).

гіне көз жеткізді. Ақырында оларға және басқа мұсылмандарға қарсы қуғын күшейді және Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға тағы да Эфиопияға қоныс аударуды кеңес айтуды жөн көрді. Бұл жолы қоныс аударғандардың саны сексен үш еркек пен он тоғыз әйел болды. Қоныс аударғандардың араларында Аммар ибн Ясир де болғаны жеткізіледі. Қоныс аударған мұсылмандар Асхама атты нажашидің елінде жақсы қарсы алу мен қауіпсіздік тапты. Құрайыштықтар бұл жайлы білгенде нажашиге қымбат сыйлықтар жіберіп, мұсылмандарды қайтаруларын сұрады. Бірақ нажаши бұны жасаудан бас тартты және мұсылмандар оның елінде Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға Хайбар алынған жылы қайтпағанша бейбіт өмір сүрді.[391]

8. Абу Талиб мөлтек ауданындағы қоршау (оқшаулау).

Ислам ештеңеге қарамастан таралып жатқанын және оны ұстанатындардың саны тоқтамай өсіп жатқанын көрген және мүминдердің Эфиопияда қандай жақсы қарсы алуға жолығып, оларға нендей сый-құрмет көрсетіліп, қауіпсіздік берілгенін, ал өздерінің делегациясы нажашиден бос қол оралғанын көрген көпқұдайшылдар Исламды бұрынғысынан артық жек көре түсті. Олар өзара бану хашим, бану абдулмутталиб пен бану манаф руларына бойкот ұйымдастыру жайлы келісімге отырды. Келісімге сәйкес, көпқұдайшылдар өздеріне бұл рулардың өкілдерімен, олар Аллаһтың Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жаза үшін оларға бермегенге дейін, олармен некелеспеуді, сауда қарым-қатынастарын жүргізбеуді, олармен сөйлеспеуді және араласпауды міндетті етті. Бұл келісім жасалғаннан кейін, оның мәтіні Қағбаның ішіне ілінді, ал бану хашим мен бану абдулмутталиб руының Абу Ләхабтан басқа иман келтіргендері де, иман келтірмегендері де басқа құрайштықтардан бөлініп, Абу Талиб тұрған мөлтек ауданға шоғырланды. Абу Ләхаб құрайыштықтарды олардың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және аталған екі руға қарсы күресінде жақтады.

Аллаһ Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Талиб мөлтек ауданында оқшаулау пайғамбарлықтың жетінші жылында, мухаррам айының бірінші түнінде басталды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және онымен бірге болғандар бұл ауданда бекем қоршауға алынды. Оларға азық-түлік пен күнделікті қажетті заттар жеткізілетін жолдардың барлығына барынша бөгет қойылды, соның нәтижесінде қоршалғандардың жағдайы шекке жетті және олар тұрып жатқан

---

[391] «Зад әл-мәғад» (3/23, 36, 38), «Әр-рахиқ әл-махтум» (89-бет), «Хаза хабиб, я мухибб» (120-бет), «Сира ибн Хишам» (1/343) және басқалар.

жерден аштықтан жылаған балалардың дауыстары естілетін болды. Міне, осындай хәлде олар үш жыл өмір сүрді. Кейін Аллаһ Өз Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл келісім жазылған (қағаздағы) туыстық қатынастарды үзуге, әділетсіздік пен жәбір жасалуға қатысты жазылған барлық жерлерін жеп қойған ақ құмырсқаларды жібергенін және онда тек Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ туралы айтылған сөздер ғана қалғанын уахи етіп хабарлады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл жайлы көкесіне айтты, ал ол құрайыштықтарға: «Менің інім осылай деп айтуда», – деп, әрі егер ол (яғни Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)) өтірік айтса, оларға оны беруге дайын екенін, ал егер керісінше ол шындықты айтқан болса, онда олар қарым-қатынасты үзуден және жәбір жасаудан бас тарту керекетігін ұсынды. Құрайыштықтар: «Сенің сөздерің әділ», – деді. Олар (Қағбаның ішінен) келісімді алғанда, іс тура Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқандай екенін көрді.

Міне, бұл келісім осылайша өз күшін жойды. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және онымен бірге болған адамдар өздерінің паналаған жерлерінен шығуға мүмкіндік алды, ал көпқұдайшылдар пайғамбарлықтың ұлы аят-белгілерінің бірін көрді, бірақ олар бұл аят-белгіден де теріс бұрылды, ал олардың күпірлігі одан сайын арта түсті.

Бойкот пайғамбарлықтың оныншы жылы тоқтады. Бұдан алты ай өткен соң Абу Талиб қайтыс болды, ал тағы үш күн өткен соң Хадиша анамыз да дүниеден өтті. Бірақ соңғы ақпарат жайлы басқа да мәліметтер келген.[392]

Бұл екі қайғылы оқиғалардың арасын бірнеше күн ғана бөлді, және Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрегі қайғы мен аурудан қатты сыздады. Бұған қоса, құрайыштықтардың оған қарсы қудалаулары да тоқтамады, олар Абу Талиб қайтыс болған соң, Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ашық қудалауға кірісті. Осылайша, оның бір қайғысына басқа қайғы қосылды. Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың тоқтайтындарынан үмітін үзгенде, Таифқа аттанып, оның тұрғындарының оның шақыруына жауап беретініне немесе оған баспана беріп, тайпаластарына қарсы көмек жасайтындарына үміттенді, алайда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) онда баспана да, қолдау да таппады. Бұған қоса, Таиф жерінде оған ол тіпті құрайыштықтардан көрмеген жаңа реніштер мен қорлаулар көрсетілді.[393]

---

[392] Қ-з: «Зад әл-мәғад» (3/30), «Сира ибн Хишам» (1/371), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/64), «әр-Рахиқ әл-махтум» (112-бет) және т.б.

[393] «Зад әл-мәғад» (3/31), «Әр-рахиқ әл-махтум» (113-бет).

9. Таифтағы оқиғалар.

Пайғамбарлықтың оныншы жылындағы шәуүәл айында (619-жылдың мамыр айының соңы немесе маусымның басында) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сақиф тайпасынан оның шақыруына жауап беретін және оған қолдау көрсететін адамдарды табуға үміттеніп, Таифқа аттанды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Таифқа озінің азат етілген құлы Зәйд ибн Харисамен бірге (Аллаһ оған разы болсын) жаяу барып, жаяу қайтты және жолдағы әр тайпаны Исламға шақырды, алайда оның шақыруына ешкім жауап бермеді.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Таифқа келгенде, оның көсемдеріне барып, олармен сөйлесіп, Исламға шақырды, алайда олар оның шақыруына жиіркенішпен қарап, одан бас тартты.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Таифта он күн болып, қаланың әрбір атақты адамымен кездесіп, сөйлесті. Бірақ олардың барлығы: «Қаламыздан кет!», – деп, оған парықсыз адамдарды айдап салды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кеткісі келгенде, әлгі парықсыз адамдар оның артынан ерді. Олар жиналып, Пайғамбардың жолына екі сап болып тұрып алды да, екі жақтан оған қарай (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) тастар лақтырып, ренішті сөздер айтты. Олар оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тізе асты сіңірлерін жарақаттады, және содан оның аяқ-киімі қанға боялды. Зәйд ибн Хариса (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің денесімен қорғаштап жауып, басынан терең жарақат алды.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Таифтан кетіп, Меккегі жаралы жүрекпен, қайғы мен мұңға толы қайтып бара жатты. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолда кетіп бара жатқан кезінде, Аллаһ Тағала оған Жәбірейілді және онымен бірге Тау періштесін қоса жіберді. Тау періштесі одан Меккенің үстіне оның екі жағында орналасқан тауларды (яғни Абу Қубайс пен Қуғайқаған тауларын) төбелерінен құлатып жаудыруды сұрады.[394]

Айшадан бірде оның Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Сіз үшін Ухуд шайқасы*[395] *күнінен ауыр күн*

---

[394] Қ-з: «Зад әл-мәғад» (3/31), «Әр-рахиқ әл-махтум» (122-бет), «Хаза хабиб, я мухибб» (132-бет), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/135).

[395] 625 жылы мұсылмандар Ухуд маңында меккеліктерден ауыр жеңіліске ұшырады. Бұл шайқаста жетпістен аса мұсылмандар қаза тапты, олардың арасында Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі Хамза да (оған Аллаһ разы болсын) болған еді.

болған ба?», – деп сұрағаны жеткізіледі. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Мен сенің тайпаластарыңнан (яғни құрайыштықтардан) көп нәрселерге төзуге мәжбүр болдым, алайда мен үшін ең ауыр күн Ақаба күні***[396] ***болды, онда мен Ибн Абди Ялил ибн Абди Куләлге***[397] ***маған еруді ұсындым, алайда ол маған мен күткен жауапты бермеді. Сол кезде мен мұңды болып қайттым әрі Қарн әс-Сағалибке***[398] ***жеткенімде ғана өз-өзіме келдім. Ол жерде мен басымды көтердім, сөйтсем өзімнің бұлттың көлеңкесінде тұрғанымды көрдім, әрі оған қарағанымда, оның үстінде Жәбірейілді көрдім. Ол маған: «Расында, Аллаһ сенің тайпаластарыңның саған не айтқанын және қандай жауап қайтарғанын естіді. Аллаһ саған сен оған оларға қатысты қалағаныңды бұйыруың үшін Тау періштесін жіберді», – деді. Кейін Тау періштесі маған сәлем беріп: «Мухаммад, қалағаныңды бұйыр! Қаласаң мен оларға екі тауды*** (яғни жоғарыда аталған екі тауды) ***үстілерінен құлатып жаудырамын», – деді***», – деп жауап берді.

Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Жоқ, мен Аллаһтан олардың белдерінен жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық ететін және Онымен қатар ешкімге құлшылық етпейтін (адамдарды) шығаруларын сұраймын***», – деп жауап берді.[399]

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) періштеге берген жауабында оның теңдесі жоқ бірегей тұлға екендігі және Аллаһ оған берген ұлы адамгершілік мінезі толық күйде көрініс тапты.

Бұл оқиға Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз халқына деген аяушылығы мен мейірімділігі нендей ұлы және ол нендей сабыр мен байсалдылықтың иесі болғанына нұсқайды. Аллаһ Тағала оған былай деген:

فَبِمَا رَحْمَةٍ مِّنَ اللَّهِ لِنتَ لَهُمْ وَلَوْ كُنتَ فَظًّا غَلِيظَ الْقَلْبِ لَانفَضُّوا مِنْ حَوْلِكَ

«**Аллаһтың мейірімі бойынша, сен оларға жұмсақ болдың. Егер тұрпайы, қатал жүректі болғаныңда, әрине, олар маңайыңнан тарап кетер еді**» («Әли-Имран» сүресі, 159-аят).

---

[396] Ақаба – Таифтың қасындағы жердің атауы.

[397] Ибн Абди Ялил ибн Абди Куләл – Таиф және оған жақын жерлерді мекендеген сакиф тайпасының басшыларының бірі.

[398] Қарн әс-Сағалиб тауын сондай-ақ Қарн әл-Мәнәзил деп те атайды. Бұл жер Меккеге Нәждтен қажылық жасауға аттанған адамдардың ихрамға кіретін миқаты. Қазір ол әс-Сәйл әл-Кәбир деп аталады.

[399] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/312 – № 3231), Муслим (3/1420 – № 1795).

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلْعَالَمِينَ

«**Біз сені бүкіл әлемдерге мейірім етіп қана жібердік**» («әл-Әнбия» сүресі, 107-аят).

Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.[400]

Жоғарыда баяндалған тау періштесімен орын алған кездесуінен кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеге сапарын жалғастырды, әрі Уәди Нахлә деген жерге жетіп, онда бірнеше күнге тоқтады. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеге оралып, Исламға шақыруы мен адамдарға Аллаһтың мәңгі жолдауын жеткізуді жаңа күшпен қайта бастауды шешті. Сонда Зәйд ибн Хариса Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Олар сізді қуып жіберді ғой, ендеше сіз оларға қалай ораласыз?*», – деп сұрады. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Уа Зәйд! Расында, Аллаһ жеңілділік беріп, бұл хәлден шығатын жолды көрсетеді және, расында, Аллаһ Өзінің дініне қолдау көрсетіп, Өз Пайғамбарына көмектеседі!***», – деп жауап берді.[401]

Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сапарын жалғастырды. Меккеге жақындағанда ол хузаға тайпасынан болған бір адамды әл-Мутғим ибн Ғадиге ол оны (яғни Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз қауіпсіздік кепілдігіне алып, Меккеге кіргізуін өтініш етіп жіберді, және әл-Мутғим: «Мақұл», – деп жауап берді. Мутғим қаруланып, әрі өзінің балалары мен тайпаластарын шақырып, оларға: «Қару алып, Қағбаның қасында күтіңдер, өйткені мен Мухаммадқа қорғауымды кепіл еттім», – деді.

Кейін ол Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз адамын жіберіп, Меккеге кіруге шақырды, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қалаға Зәйд ибн Харисамен бірге (Аллаһ оған разы болсын) кіріп, Харам мешітіне дейін жетті. Мутғим ибн Ғади түйесінде отырып, адамдарға: «Уа құрайыштықтар! Мен Мухаммадты қорғауыма алдым, сондықтан сендерден ешкім тіпті оның үстінен күлуші де болмасын», – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қағбаның шетіне барып, оны ұстап, екі ракағат намаз оқып, әл-Мутғим ибн Ғади мен оның балаларының қоршауында үйіне жөнелді, олар оны ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үйіне кіргеніне дейін шығарып салды.[402]

---

[400] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (6/316), «Әр-рахиқ әл-махтум» (112-бет).

[401] Қ-з: «Зад әл-мәғад» (3/33).

[402] Қ-з: «Зад әл-мәғад» (3/33), «Сира ибн Хишам» (2/28), «Әл-бидая уә-ниһая» (3/137), «Әр-рахиқ әл-махтум» (125-бет).

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Таифқа, оның тұрғындарын исламға шақыру үшін, барғанында, осы сапардағы қиын сынақтарға төзуінде оның еш қиындықтарға қарамастан өз шақыруын жалғастыруға деген қайратты табандылығының және адамдардың оны тыңдаудан бас тартуына түңілмегенінің айқын дәлелі бар. Шақыру (дағуат) бір жерде мүмкін емес болған кезде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны жалғастыру үшін басқа жерлерді іздей бастады.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Таифтағы іс-әрекеті оның ұлы даналығына нұсқайды. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Таиф жеріне келгенде, бірінші кезекте оның басшыларымен және сақиф тайпасының көсемдерімен кездесті, өйткені ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) егер олар оған ерсе, онда Таифтың барлық тұрғындары да оған еретіндігін білді.

Таиф тұрғындарының Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрсеткен жәбірлері, оның табандарының жарақаттардан қанға боялуы, басқа адамдарды Аллаһқа құлшылық етуге шақырған адамның қандай қиындықтар мен қудалауға төтеп беруі керектігіне айқын дәлел болады.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз халқы мен Таиф тұрғындарына Аллаһтың лағнетін шақырмауында және Тау періштесінің Мекке тұрғындарына тауларды құлату туралы ұсынысын қабылдамауында, мүмин адамның оның дағуатын теріске шығарып жатқандарға қатысты қандай сабырлық танытуға тиіс екенінің айқын үлгісі бар. Мүмин адам егер оның шақыруы жетістікке жетпей жатса, түңілмеуі керек. Бәлкім, Аллаһ бүгін оның шақыруын теріске шығарған адамдардың белдерінен Оған ғана құлшылық етіп, Оған ешкімді серік қоспайтын адамдарды шығаруы мүмкін.

Сондай-ақ Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) даналығына оның Меккеге, оның беделді тұрғындарының бірінің қорғау кепілдігін алмай кірмегендігі де жатады. Аллаһқа (Аллаһтың дініне) шақырып жатқан адам Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы амалына сүйеніп, ислам дағуатын дұрыс жүргізу үшін, оны жаулардың ойластырған дұшпандықтарынан қорғайтын адамды іздеуі керек.[403]

10. Адамдарды базарлар мен маусымдық жәрмеңкелерде Исламға шақыру.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлықтың оныншы жылы, зул-қағда айында Таиф-

[403] Мустафа әс-Сабағи «Әс-сира ән-набауийя» (58-бет), «Хәзә хабиб, я мухибб» (134-бет).

тан қайтқан соң бірден өз шақыруын қайта жалғастырды. Ол бүкіл араб тайпаларының адамдары сауда тірліктерімен немесе ақындарды тыңдау үшін соларға жан-жақтан ағып келетін Ғуказ, Мәжәнна, Зул-Мәжәз базарларында ұйымдастырылатын маусымдық жәрмеңкелерге барып, осы тайпалардың өкілдеріне жолығып, оларды жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақыратын. Қажылық маусымы басталғанда, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы мүмкіндікті пайдаланып, тайпалардың бірінен кейін біріне барып, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұны пайғамбарлықтың төртінші жылынан бастап жасайтындай әдісімен, адамдарға Исламды қабылдауды ұсынып, оларды осы дінге шақырды.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Исламды қабылдауды тек тайпалар мен қажылыққа келген топтарға ғана емес, жеке адамдарға да ұсынатын, әрі олардың бір бөлігі оның шақыруына жауап берді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзімен сөйлескен әрбір адамға, ол Исламды қабылдаған жағдайда оны қандай бақыт күтетіні жайлы айтатын. Абд әр-Рахман ибн Абу әз-Зинад өз әкесінің мына хикаясын жеткізген: «*Бану әд-дәйл тайпасынан болған Рабиға ибн Аббад атты адам иман келтірмеген кезінде Зул-Мәжәз базарында Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көргенін баяндаған. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің айналасында жиналған адамдарға: «**Уа адамдар! «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», – деп айтып, бақытқа қол жеткізіңдер**», – деп айтатын. Оның артында көркем жүзді, қыли көзді, шашы екі бұрымға өрілген адам тұрып: «Оны тыңдамаңдар, өйткені ол – діннен безген өтірікші!» – деп айтатын. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайда барса да, әлгі адам оның артынан еретін. Мен адамдардан бұл адамдардың кім екендігі жайлы сұрадым және маған Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қандай рутайпадан шыққаны туралы, ал оның артынан ерген адам оның көкесі Абу Ләхәб екендігі жайлы айтылды*».[404]

Мәдиналық әл-аус пен әл-хазраж тайпалары да басқа араб тайпалары секілді Меккеге қажылық жасайтын. Болашақ ансарлар Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның дағуатымен танысқанда, оның яһудилер оларды

---

[404] Ахмад (4/341, 3/492). Хадистің иснады жақсы (хасан). Ибн Хиббанда (№ 1683) осы хадис басқа иснадпен келген – Тариқ ибн АбдуЛлаһ әл-Махарибен, бұл Ахмадтың хадисінің сенімділігін арттырады. Әл-Хаким «әл-Мустадрак» (1/15) еңбегінде екі хадисті де келтіреді. Ол бірінші иснад жайлы: «Ол әл-Бухари мен Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді болып табылады, өйткені оның барлық жеткізушілері сенімді және адал», – деп айтқан.

соның келуімен әрдайым қорқытатын пайғамбар екендігін түсінді. Мәдиналықтар яһудилерден озып, Пайғамбарды олардан бұрын қолдауды қалады, алайды олар сол жылы әлі оған ант бермей, Мәдинаға қайта оралды.[405]

Пайғамбарлықтың он бірінші жылы қажылық маусымында Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылық жасау үшін келген тайпаларды Исламға қайтадан шақырды. Бірде Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мина алқабында орналасқан Ақаба деген жерден өтіп бара жатып, өзара сөйлесіп жатқан адамдардың дауыстарын естіді де, сол жерге барды. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға жақындағанда, олардың Ясрибтік[406] алты жас жігіт екенін көрді.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың жанына келіп, Исламның мәнін түсіндіріп, оларды оған шақырды, және әлгі адамдар оның шақыруын түсініп, оны қабылдады. Олар Мәдинаға оралғанда, өздерімен бірге онда Ислам шақыруын әкелді және көп ұзамай, ансарлардың үйлерінің арасында Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жайлы сөз етілмейтін бірде бір үй қалмады.[407]

Бұның нәтижесінде келесі қажылық маусымында яғни пайғамбарлықтың он екінші жылында, Меккеге Ясрибтен он екі адам келді, олардың араларында Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былтыр сөйлескен алты адамның бесеуі де болды. Олар сол кезде Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіскендей, Ақабада кездесіп, одан Исламды қабылдады әрі оған ант берді.[408]

Ақаба антының қатысушыларының бірі Убада ибн әс-Самиттің (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен, сол кезде сахабаларымен бірге болған Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға былай дегені жеткізіледі: «***Жақындаңдар да, маған Аллаһтан басқа ешкімге және ешнәрсеге құлшылық етпейтіндеріңе, ұрлық, зина жасамайтындарыңа және балала-***

---

[405] Қ-з: «Зад әл-мәғад» (3/43), «Әт-тарих әл-исләми» (2/136), «Әр-рахиқ әл-махтум» (129-бет), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/149), «Сира ибн Хишам» (2/31).

[406] Ясриб – Мәдинаның исламнан бұрынғы атауы.

[407] «Әт-тарих әл-исләми» (2/137), «Хаза әл-хабиб, я мухибб» (2/145), «Әр-рахиқ әл-махтум» (132-бет), «Зад әл-мәғад» (3/45), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/149), «Сира ибн Хишам» (2/38).

[408] «Зад әл-мәғад» (3/46), «Әр-рахиқ әл-махтум» (139-бет), «әт-тарих әл-ислями» (2/139), «Хаза әл-хабиб, я мухибб» (145-бет), «Сира ибн Хишам» (2/38).

рыңды өлтірмейтіндеріңе, жүректерің ойластыратын өтірікті таратпайтындарыңа, шариғат мақұлдаған нәрсенің барлығында маған қарсы шықпайтындарыңа ант беріңдер. Сендерден осы антты орындағандарыңды Аллаһ сыйға бөлейді, ал бұдан бірдеңе бұзған адам осы өмірде жазаланады, әрі бұл жаза оның өтемі болады, ал осы антты бұзып, Аллаһ оның күнәсін жасырған адамға байланысты шешімді Аллаһтың Өзі қабылдайды, әрі қаласа – оны жазалайды, ал қаласа – кешіреді».

Убада: «*Әрі біз оған (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (осыда) ант бердік*», – деді.[409]

Бұл ант берілгеннен кейін және қажылық маусымы біткен соң Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ясрибке ант бергендермен бірге, сол жерде тұратын мұсылмандарға Исламның заңдарын үйретіп, діннің мәнін түсінуге көмектесу, әрі көпқұдайшылықта қалғандардың арасында Исламды тарату үшін, өзінің өкілін жіберді. Бұл мақсатты орындау үшін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мусғаб ибн Умайрды (Аллаһ оған разы болсын) таңдады. Мусғаб өз алдына қойылған міндетті тамаша орындады. Келесі қажылық маусымында, яғни пайғамбарлықтың он үшінші жылы Ясрибтен Меккеге қажылық жасау үшін жетпіс үш еркек пен екі әйел келді, әрі олардың бәрі мұсылман еді.

Меккеге келгенде, олар Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ақабада кездесуге келісті, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға келісілген уақытта келді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға өз сөзін айтып болған соң олар: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Біз сізге не нәрседе ант беруіміз керек?*», – деп сұрады. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Кез-келген жағдайда тыңдап, бағынуға, кедейлік пен байлықта (Аллаһ жолына) мал-мүлік жұмсауға, шариғат құптайтын нәрселерге шақырып, ол құптамайтын нәрселерден қайтаруға, айыптаушылардың айтыптауларына қарамастан Аллаһқа қызмет етуге, мен сендерге келген кезімде маған көмектесулеріне әрі өз бастарыңды, әйелдеріңді, балаларыңды қорғаған нәрселерден мені де қорғайтындарыңа ант беріңдер және бұл үшін сендерге Жәннат болады***», – деп жауап берді[410]. Сонда жиналғандардың барлығы Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақындап, оған ант берді.

---

[409] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/219 – № 3892; 1/64 – № 18).

[410] Ахмад (3/322), әл-Байһақи (9/9), әл-Хаким (2/624). Әл-Хаким хадисті сенімді деп атады және әз-Зәһаби онымен келісті. Әл-Хафиз хадисті жақсы деп атады («Фатх әл-Бари» 7/117).

Бұл ант берілгеннен кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың ішінен өз тайпаластарының арасында басшылық[411] ететін он екі жетекшіні тағайындады. Олардың тоғызы әл-хазраж тайпасынан, ал үшеуі әл-аус тайпасынан болды. Кейін бұл адамдар Ясрибке оралып, онда Исламды ашық ұстана бастады және бұл Аллаһтың қалауымен ислам дағуатында маңызды рөл атқарды.[412]

Екінші Ақаба антынан кейін және Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жетістікті түрде ислам елінің негізін құрғанынын кейін, бұл жайлы хабар Меккеде кеңінен тарады. Ясрибтің тұрғындары Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ант бергенін білгеннен кейін құрайыштықтар Исламды ұстанған меккеліктерге қарсы қудалауын күшейтті. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мүминдерге Меккеден кетіп Мәдинаға қоныс аударуды бұйырды. Осылайша Хижра – қоныс аудару үрдісі басталды, және бұл құрайыштықтарды одан сайын қауіпке салып алаңдатты.

Пайғамбарлықтың он төртінші жылы, сафар айының жиырма алтыншы күні құрайыштықтар жиналып, Аллаһ Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлтіруді бірауызды шешті. Аллаһ Тағала Пайғамбарға олардың қастандығы жайлы айтып, Мәдинаға кетуді бұйырды. Құрайыштықтар қастандығын жасауды келіскен түні Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Алиге (Аллаһ оған разы болсын) оның төсегіне жатып, түнді өткізуді бұйырып, ал өзі үйінен көзге түспей шығып кетті. Пайғамбардың бұл жоспары Аллаһ Тағаланың оған берген ұлы даналығына, және оның неткен керемет басшы болғандығына нұсқайды. Көпқұдайшылдар түні бойы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйінің есігінің алдында күтіп, есіктегі тесік арқылы Пайғамбардың орнында жатқан Алиге, оны Мухаммад деп ойлап, мезгіл-мезгілімен қарап қойып тұра берді. Ал Аллаһтың Елшісі болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрге барып, кейін онымен бірге Меккеден шығып кетті.[413]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы оқиғалар кезіндегі жасаған іс-әрекеттері оның даналығына,

---

[411] Яғни олар Мәдинадаға Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ант берген тайпаластарының анттарын орындауын қадағалауы керек еді.

[412] «Сира ибн Хишам» (2/49), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/158), «Әт-тарих әл-исләми» (2/142), «Әр-рахиқ әл-махтум» (143-бет).

[413] Қ-з: «Сира ибн Хишам» (2/95), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/175), «Зад әл-мәғад» (3/54) және басқалар.

сабырлығына және батылдылығына айқын және талассыз нұсқайды.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрайыштықтардың бүкіл рұқсат етілген шектеулерді бұзғанын және ол шақырған нәрседен үзілді-кесілді бас тартқанын көргенде, ислам дағуатының тірек орыны бола алатын басқа жерді іздей бастады. Ол осындай орын бола алатын жерді тапқанда, оның өзіне сапар шегіп келген мүмин тұрғындарынан Исламға кез-келген көмек көрсететіндері туралы ант алды. Бұл бірінші және екінші Ақаба анты деп аталған екі кездесуде орын алды.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны ислам дағуатының таралуының орталығы қыла алатын жерді тауып, олардың тұрғындарын өзіне көмекшілер еткен соң, өз сахабаларына сол жерге көшуді бұйырды.

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрайыштықтардың оған қарсы ойластырып жатқан қастандығы жайлы білгенде, белгілі сақтық шараларын жасады, алайда бұл сақтық қорқақтық немесе өлімнен қашу жолы емес еді. Қажетті шараларды орындап, әрі осы орайда Аллаһ Тағалаға тәуекел ету – міне, осы Исламға шақырған адам соны ұстануы керек болған дұрыс және дана жол, әрі бұл сондай-ақ жетістікке жетудің маңызды себептерінің бірі. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл осы жолды ұстанды, әрі ол Исламға шақыратын әрбір адам үшін үлгі болып табылады.[414]

11. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ухуд шайқасында алған жарақаттары.

Бірде Сәхл ибн Сағд Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ухуд шайқасында алған жарақаттары жайлы сұралғаны туралы жеткізіледі. Сонда ол былай деді: «*Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүзі жараланып, екінші алдыңғы тісі және басындағы дулығасы сынды. Фатыма оның бетіндегі қанды жуды, ал Али су құйып тұрды. Фатыма қанның одан сайын тоқтамай ағып жатқанын көргенде, (қамыстан, не киізден жасалатын) төсеніштің бір бөлігін алып, оны жандырып, жарақаттанған жерге күлін басты, әрі содан кейін қан тоқтады*».[415]

Аллаһтың Пайғамбарының (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тайпаластары оған (ауырлығынан) таулар сілкінетіндей ұлы реніштер мен қасіреттер көрсетті. Бірақ, бұған қарамастан ол Аллаһ Тағаладан оларды лағнеттеуін немесе жазаға тартуын сұрамай, керісінше, оларды кешіруін сұрады, өйткені олар не жасап жатқанын білмеді.

---

[414] Қ-з: «Әс-сира ән-набауийя дурус уә ғибар» (68-бет).

[415] «Әл-Бухари мағა әл-Фатх» (6/96 – № 2911), Муслим (3/1416 – № 1790).

Ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Менің көздерімнің алдында қазір де тайпаластары қанға бояп ұрған, әрі ол бетіндегі қанды сүртіп:* **«Уа Аллаһ! Менің тайпаластырымды кешір, өйткені олар не істеп жатқандарын білмейді»,** *– деп тұрған пайғамбарлардың бірі жайлы айтып жатқан Аллаһтың Елшісі тұр*».[416]

Пайғамбарлар, әрі солардың басында біздің Пайғамбарымыз Мухаммад (олардың барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), ұлы байсалдылық пен сабырлық танытатын, өз халықтарына деген шынайы кешірімділік пен пен тілектестіктерін білдіретін, олар үшін Аллаһтан тура жол мен кешірім сұрайтын[417]. Олар өз халықтарының оларға қатысты жасаған қылмыстарын кешіретін, өйткені ол адамдар өздерінің не жасап жатқандарын білмейтін[418]. Бірақ «***Аллаһтың Елшісімен осылай жасаған адамдарға деген Аллаһтың қахары күшті***[419]», және «***Аллаһтың Елшісі оны Аллаһтың жолындағы өлтірген адамға деген Аллаһтың қахары күшті***».[420]

Ухуд шайқасында Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басына түскен нәрселер, өзін ислам дағуатына арнаған және осы жолда басына ренжітулер, денелік және рухани жәбірлеулер, қудалаулар, қысым, бас бостандығынан немесе өмірінен айырылу келіп түсетін адам үшін жұбаныш болуы керек. Өмірі кез-келген мұсылман үшін айқын үлгі болған Аллаһтың Елшісі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) зардаптар мен ауыр қиыншылықтар көрді, алайда ол әрдайым сабырлы және берік болып қала берді.[421]

---

[416] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/514 –№ 3477; 12/282 – № 6929), Муслим (3/1417 – № 1792).

[417] «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (12/148).

[418] «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (12/150).

[419] Бұл сөздерді Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сынған тісіне нұсқап айтты.

[420] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/372 – № 4073), Муслим (3/1417 – № 1793).

[421] «Әс-сира ән-набауийя дурус уә ғибар» (116-бет).

ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ЕРЖҮРЕКТІЛІГІ

Ержүректілікке анықтама беретін болсақ, онда оны соғыс алаңында көрініс табатын сабырлықтың бір түрі деп сенімді түрде айтуға болады. Ол өзінің құрамына қорқыныш қысымының алдындағы байсалдылық пен беріктікті және қорқақтық сөгіске лайық әрі зиянды болатын жерде оған жол бермеуді қамтиды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сипаттың ең керемет өнегесі болған. Бұл төменде келтірілетін мысалдардан айқын болады. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың жолында жүрегімен, тілімен және қылышымен жігер танытатын. Оның жеке басшылығымен жиырма жеті жорық орын алды, әрі олардың тоғызы оның өзі тікелей қатысқан шайқастар ретінде тарихта жазылып қалды. Ал оның бұйрығымен жасалған, бірақ ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға қатыспаған жорықтардың санына келер болсақ, олар елу алтыға жетеді.[422]

1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұлы Бадр шайқасында көрсеткен ержүректілігі

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шайқасқа шығу жайлы шешім қабылдаудан бұрын бұл жайлы өз сахабаларының пікірлерін анықтап алды, әрі оның бұл ісі өзіне үлкен даналықты қамтыған болатын. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұнымен ансарлардың бұл шайқасқа қатысуға деген жігері қаншалықты үлкен екендігін білгісі келді. Олар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Минада (яғни Ақабада) ант берген кезінде, оны (оған Аллаһтың

---

[422] Ән-Нәуәуи «Шарх Сахих Муслим» (12/436).

игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаның ішінде өз жандарын, мал-мүліктерін, балаларын және әйелдерін қорғағандай етіп қорғауға ант берген болатын, алайда олар оны өз қалаларынан тыс жерде қорғауға ант бермеген еді. Сондықтан да Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың көзқарастарын білгісі келді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларын жинап, олардың бұл жайлы не ойлайтындығы туралы сұрады. Бірінші болып орнынан Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) тұрып, жақсы сөздер айтты, кейін Умар ибн әл-Хаттаб та (Аллаһ оған разы болсын) дәл осылай жасады.

Содан кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) тағы да адамдардан кеңес сұрады, әрі сол кезде әл-Миқдад ибн Амр (Аллаһ оған разы болсын) орнынан тұрып: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Аллаһ сізге әмір еткен нәрсені жасауды жалғастырыңыз, ал біз сізбен бірге боламыз. Аллаһпен ант етеміз, біз сізге исраилдықтар Мусаға:* **«Сен және Раббың барып соғысыңдар. Әрине, біз осында отырамыз»,** – *деп айтқандай айтпаймыз, алайда біз: «Сіз және Раббыңыз соғысыңдар, әрі, расында, біз де сіздермен бірге соғысамыз! Біз сіздің оң жағыңызда, сол жағыңызда, алдыңызда және артыңызда соғысамыз*», – деді.

Бұл үш адам мухажирлерден еді, ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ансарлардың көзқарасын білгісі келді. Сондықтан ол адамдардан үшінші рет кеңес сұрады. Ансарлар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) оларды меңзеп тұрғанын түсінді. Сонда Сағд ибн Муғаз (Аллаһ оған разы болсын) өз орнынан тұрып: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Менің ойымша, сіз бізден сұрап тұрғандайсыз?*», – деді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«*Иә*»,** – деп жауап берді, өйткені Ақаба келісіміне сәйкес олар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсы) Мәдинаның ішінде кез-келген жаудан қорғауға міндетті болатын, бірақ өз қалаларынан тыс жерде соғысуға міндетті емес еді. Шайқас үшін басқа жерге аттануды шешкен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ансарлардың пікірін тыңдап, олардың оның шешіміне деген көзқарастарын білуді жөн көрді. Сонда Сағд: «*Бәлкім, сіз ансарлар сізге тек өз қаласының ішінде ғана көмектесуге міндетті деп ойлады деп қорқып жатқан шығарсыз? Бірақ мен ансарлардың атынан сөйлеп, олар үшін жауап беремін: «Қалаған жеріңізге барыңыз, қалаған адамдармен келісіңіз, қалаған адамдармен қатынастарды үзіңіз, бізге қалаған нәрсеңізді беріңіз, ал сіз бізден алған нәрсеңіз, бізде қалдырған нәрсеңізден қымбаттырақ болады*[423]*. Бізге не нәрсе бұйырсаңыз да, біздің ісіміз сіздің әміріңізге ілесу.*

---

[423] Яғни сізге өзімізге тиісілі болған нәрсені беруіміз біз үшін ұлы құрмет.

Аллаһпен ант етемін, егер сіз тіпті Барқ әл-Ғимадқа[424] *барсаңыз да, біз сізбен бірге барамыз. Аллаһпен ант етемін, егер сіз бізді теңізге апарып, оған кірсеңіз, біз де сізге ілесіп соған кіреміз, әрі бізден ешкім артта қалмайды! Біз сіздің ертен бізді жауға қарсы апаратындығыңыздан қорықпаймыз, өйткені біз соғыста және шайқаста берікпіз. Бәлкім, Аллаһ сізге біздің тарапымыздан сізді қуантатын нәрселерді көрсетер, сондықтан да бізді Аллаһтың берекесімен бастап апарыңыз!*», – деді.

Сағдтың сөздері мен әзірлігі Аллаһтың Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қуантты. Ол (оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі болсын): ***«Ендеше барыңдар және қуаныңдар, өйткені Аллаһ маған екі нәрсенің бірін уәде етті*[425]*, Аллаһпен ант етемін, қазір мен сол адамдардың (құрайыштықтардың) соғыс алаңында жеңіліске ұшырағанын көріп тұрғандаймын!***», – деді.[426]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Бадр шайқасында көрсеткен мінез-құлқының ұлылығы оның Ұлы әрі Құдіретті Аллаһқа деген толық тәуекел етуінде де анық көрініс тапты. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеңістің сан және қарудың себебімен келмейтіндігін және оны Аллаһ Тағала ғана сыйлайтынын айқын білді. Адам қажетті іс-шараларды жасап, сыртқы жағдайларды ескеруі қажет, бірақ оларға тәуекел етпеуі және сенім артпауы керек. Аллаһтың Елшісі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл осылай жасады.

Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бадр шайқасы болған күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) саны мың болған көпқұдайшылдарға және саны үш жүз он тоғыз болған өзінің сахабаларына қарады да, кейін Қыбылаға бет бұрып, қолын көтеріп, дауысын қатты шығарып, Раббысына былай деп жалбарына бастады: «**Уа Аллаһ! Маған уәде еткеніңді орындай гөр! Егер бүгін мына адамдар (мұсылмандар) жойылса, онда жер бетінде Саған құлышылық ететін ешкім қалмайды!**». Әрі ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа осылайша ынта-жігермен қолдарын биік көтеріп дұға етуін жалғастарғаны сонша, тіпті оның иықтарынан жамылғысы түсіп кетті. Сонда оған Абу Бакр жақындап, жамылғысын көтерді де, оны оған кигізіп: «Жетер, уа Аллаһтың Елшісі! Сіз Раббыңызға дұға етуде табандылық*

---

[424] Барқ әл-Ғимад – Йемендегі жердің аты. Басқа сөздермен айтқанда, сахабалар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артынан тіпті жердің соңына дейін еруге дайын екендіктерін білдірді.

[425] Яғни құрайыштықтардың керуенін басып алу немесе оларға қарсы шайқаста жеңу.

[426] «Сира ибн Хишам» (2/253), «Фатх әл-Бари» (7/287), «Зад әл-мәғад» (3/173), «әр-Рахиқ әл-махтум» (200-бет).

таныттыңыз, Ол сізге уәде еткенді міндетті түрде орындайды», – деді. Сол кезде Аллаһ Тағала мына аятты түсірді:

إِذْ تَسْتَغِيثُونَ رَبَّكُمْ فَاسْتَجَابَ لَكُمْ أَنِّي مُمِدُّكُم بِأَلْفٍ مِّنَ الْمَلَائِكَةِ مُرْدِفِينَ

«Сол уақытта Раббыларыңа жалбарынған едіңдер. Сонда Ол: «Расында, Мен сендерге бірінің ізінен бірі ерген мың періштемен көмек етемін», – деп тілектеріңді қабыл етті» («әл-Әнфәл» сүресі, 9-аят). *Әрі Аллаһ Пайғамбарға (оған Аллаһтың Елшісі) періштелерді жіберіп, қолдау көрсетті*».[427]

Бұдан кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шатырынан мына сөздерді айтып шықты:

سَيُهْزَمُ الْجَمْعُ وَيُوَلُّونَ الدُّبُرَ

«**Ол топ, таяуда жеңіліске ұшырап, арттарына бұрылып қашады»** («әл-Қамар» сүресі, 45-аят).[428]

Шайқас басталғанда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқалармен бірге шайқасып, өзін ең күшті және ең ержүрек жауынгерлердің бірі ретінде көрсетті. Оның жанында Абу Бакр да шайқасты. Шатырдың астында ынталы дұғамен және Аллаһқа жалбарынумен жиһад жасаған бұл екі адам енді қолдарына қару ұстап жиһад жасап, басқаларды да шайқасуға ынталандырды, әрі осылайша екі ардақты әрі ізгі амалды біріктірді.[429]

Шайқас барысында Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) баршадан ержүректілеу болды. Али ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: *«Бадр күні біз Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жанында қорғау табатынбыз, ал ол арамыздағы жауға ең жақын әрі ерекше күшпен және ерлікпен шайқасқандардың бірі еді».*[430]

Али сондай-ақ былай баяндайтын: «*Шайқас басталып, мүминдердің жасағы кәпірлердің жасағымен қақтығысқанда, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізді қорғап жауып тұрды және бізден ешкім жауға одан жақын болмаған*».[431]

---

[427] Муслим (3/1383 – № 1763). Әл-Бухари бұл хадисті қысқартылған түрінде келтірді. Қ-з: «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (7/287 – № 3952)); «Әр-рахиқ әл-махтум» (208-бет).

[428] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/287).

[429] «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/278).

[430] Ахмад (1/86), Әл-Хаким (2/143). Әл-Хаким хадисті сенімді деп атаған және әз-Зәһаби онымен келіскен.

[431] Әл-Хаким (2/143). Ол хадисті сенімді деп атады және әз-Зәһаби онымен келісті. Ибн Касир «Әл-бидая уә-н-ниһая» еңбегінде хадисті ән-Нәсәиге тісті деп айтқан.

2. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ухуд шайқасында көрсеткен ержүректілігі.

Ухуд шайқасында Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ержүректілігі және кәпір тайпаластарының оған көрсеткен реніштеріне қатысты табандылығы мен сабырлығы қайта көрінді.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және ол басшылық еткен мұсылмандар ерлік пен батырлық көрсетіп шайқасты, және шайқастың басында басымдылық солардың жағында еді. Жау жеңіліске ұшырап, шайқас алаңынан қаша жөнеліп, өздерінің әйелдерін орналастырған жерге дейін жетіп қалды.

Пайғамбар (оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі) таудың үстіне орналастырып, оларға сол жерден ешбір жағдайда кетпеуді бұйырған және мұсылмандардың артын қорғау керек болған мұсылман садақшылар көпқұдайшылдардың жеңіліске ұшырағанын көріп, өздеріне берілген бұйрықты бұзып, орналасқан жерін тастап кетті. Олар жау қашып енді оралмайды деп ойлап, өздеріне олжа алу үшін таудан түсуді шешті. Олар тауды тастап кеткен соң, көпқұдайшылдардың атты әскері садақшылар қорғап тұрған жердің ашылып қалғанын көріп, сол арқылы мұсылмандардың артқы жағынан соққы беріп, оларды қоршауға алды. Мұсылмандардың жетпіске жуық бөлігін Аллаһ Тағала шәһидтік өліммен құрметтеді, ал олардың қалғандары кері шегінді. Көпқұдайшылдар Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жетіп, оны жарақаттады. Олар оның жүзін жарақаттап, астыңғы тісін сындырып, басын қорғаған дулығасын зақымдады.

Сахабалар өздерінің Пайғамбарын (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ашына қорғады[432]. Оның қасында жеті ансар мен екі құрайыштықтан (мухажирден) тұратын топ болды. Көпқұдайшылдар оларға шабуыл жасағанда, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Кім оларды бізден кері лақтырып тастаса, соған бұл үшін Жәннат болады***», – немесе: «***Кім оларды бізден кері лақтырып тастаса, сол Жәннатта менің жолдасым болады***», – деді. Сол кезде ансарлардың бірі алға шығып, қаза болғанша шайқасты. Көпқұдайшылдар қайтадан Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шабуылдағанда, ол қайтадан: «***Кім оларды бізден кері лақтырып тастаса, соған бұл үшін Жәннат болады***», – деді, сонда алға басқа бір ансар шығып, қайтыс болғанша шайқасты. Әрі осылайша жеті адам қайтыс болғанша жалғасты. Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың

---

[432] Қ-з: «Зад әл-мағад» (3/196, 199), «Әр-рахиқ әл-махтум» (255-256 беттер).

игілігі мен сәлемі болсын) құрайыштықтардан болған екі сахабасына: «***Біз сахабаларымызға әділетсіз болдық***!»[433], – деді.[434]

Мұсылмандар бір топқа жиналып, Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге шатқалға қарай көтеріле бастады. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасында Абу Бакр, Умар, Али, әл-Харис ибн әс-Симма және басқа да сахабалар болды. Сол кезде Убай ибн Хәләф атының үстінде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізіне түсіп: «Қайда кеттің, уа Мухаммад? Егер ол құтылса, мен тірі қалмайын!», – деп қайталап жатты. Сонда адамдар: «Уа Аллаһтың Елшісі! Біздің біреуіміз онымен шайқаспадық па?», – деп сұрады, бірақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Қоя салыңдар оны***», – деді. Алайда ол жақындай келгенде, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Харис ибн әс-Симмадан (Аллаһ оған разы болсын) оның найзасын алды да, дірілдегені сонша, адамдар одан денесін сілкіп қағып жатқан түйенің арқасынан жан-жаққа ұшқан шаштар секілді қашты. Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Убаймен бетпе-бет кездесіп, дулығасы мен сауытының арасындағы жырық арқылы бұғанасын көріп, оған найзасымен соққы берді, әрі сол соққыдан ол атынан ұшып түсіп, бірнеше рет домалады. Ол құрайыштықтарға оралғанда, олар кішкентай жарақатты көрді, бірақ кейін Убай бұл жараға қан құйылып келіп жатқанын сезіп: «Аллаһпен ант етемін! Мухаммад мені өлтірді!», – деді. Адамдар оған: «Аллаһпен ант етеміз, сенің рухың түсті, бірақ сенімен қорқынышты ештеңе болған жоқ», – деді. Сонда Убай: «Расында, ол Меккеде болған кезінде-ақ маған: «Мен сені өлтіремін![435]», – деп айтқан болатын, әрі Аллаһпен ант етемін, ол маған жәй түкірсе де, дәл осылай болар еді», – деді. Аллаһтың бұл жауы Сарифте[436], көкұдайшылдар Меккеге оралғанда қайтыс болды.[437]

---

[433] Бұл сөздер мына мағынада айтылған: құрайыштықтар ансарларға қатысты әділетсіздік жасағаны неткен өкінішті, өйткені ансарлардан жетеуінің барлығы көтерілді, ал құрайыштықтардан біреуі де көтерілмеді!

[434] Бұл хадис Муслимде келтірілген (3/1415 – № 1789).

[435] Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеде болғанда, Убай онымен әр кездескенінде: «*Уа Мухаммад! Мен күнде оған мынанша қамыс беретін жылқым бар, мен сені сол жылқының үстінде отырып өлтіремін!*», – деп айтатын, ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Аллаһ қаласа, мен сені өлтіремін!***», – деп жауап беретін.

[436] Сариф – Меккенің маңындағы жер.

[437] «Зад әл-мәғад» (3/199), «Әр-рахиқ әл-махтум» (263-бет), «Әл-бидая уән-ниһая» (4/32), әт-Табари (2/67).

3. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Хунайн шайқасында көрсеткен ержүректілігі.

Мұсылмандар мен кәпірлердің арасында болған Хунайн шайқасында, мұсылмандарға жан жақтан жаудың жебелері шашыла төгілігіп, олар шегінген жағдай болған[438]. Сол кезде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) теңдесі жоқ батырлық танытып, қашырын кәпірлерге қарай бағыттады. Бұдан кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өте қатты дауыстың[439] иесі болған көкесі әл-Аббасқа (Аллаһ оған разы болсын) сахабаларға ұран салып шақыруын бұйырды. Әл-Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Сонда мен бар күшіммен: «Талдың астында ант бергендер қайда?», – дедім. Аллаһпен ант етемін, олар менің дауысымды естіп, бұзауларына тартылған сиырлар секілді менің қасыма тартылып: «Міне, біз сенің алдыңдамыз!», – деді. Кейін мұсылмандар кәпірлерге қарсы шайқасқа кірісті. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шайқас алаңына қарады да: «**Міне, (шынайы) шайқас қызған кез!**», – деді*».[440]

Батыл ерлердің жүректері дірілдеген бұл жағдайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шындығында да теңдесі жоқ батырлық танытты.[441]

Бірде бір адам әл-Бараға: «Уа Абу Амара! Сендер шынымен де Хунайн күні шайқас алаңынан қаштыңдар ма?», – деген сұрақ қойды. Әл-Бара: «*Иә, бірақ Аллаһпен ант етемін, Аллаһтың Елшісі шайқас алаңынан кетпеді. Бірақ онымен бірге бұл жорыққа сахабалардан болған жасөспірімдер шыққан болатын, әрі олар осы жорыққа жеңіл шығып, не қарусыз, не нашар қаруланған еді. Олар хауазин және бану наср тайпаларының нысанаға қатесіз тигізетін садақшыларын кесдестіргенде, әрі жау оларды атқылауға алғанда, кері қарай жөнелді. Адамдар Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қарай жүгірді, ал Абу Суфиян ибн әл-Харис сол кезде оның қашырының ауыздығынан ұстап тұрды. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қашырынан түсіп Аллаһқа дұға етіп, Одан көмек сұрап:*

---

[438] Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл жорыққа екі мың Мекке тұрғындары мен Мәдинадан Меккені алу үшін шыққан он мың сахаба шықты. Қ-з: «Зад әл-мағад» (3/468).

[439] Оның айқалаған дауысын сегіз миль жерден естуге болатындығы жеткізіледі.

[440] Муслим (3/1398 – № 1775).

[441] Қ-з: «Әр-рахиқ әл-махтум» (401-бет), «Хаза әл-хабиб, я мухибб» (498-бет).

«***Мен Пайғамбармын, бұда жалған жоқ!***
Мен – Ибн Абд әл-Мутталиб!
Уа Аллаһ! Бізге көмегіңді жібере гөр!», *– деп айқайлады*[442]».

Әл-Бара былай деп баяндайтын: «*Аллаһпен ант етемін, қиян-кескі шайқастар кезінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біздің қорғауымыз болатын және біздің арамызда онымен бірге бір қатарда ең ержүректілер ғана тұратын*».[443]

Муслим Сәләмадан жеткен мына сөздерді келтіреді: «*Мен Хунайн шайқасы кезінде жаудан қашып бара жатқанымда өзінің қашырының үстінде отырған Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасынан жүгіріп өттім, сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мені көріп:* «***Ибн әл-Ақуа қорықты ма****?*», *– деді. Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір уыс жер алып, оны кәпірлердің беттеріне қарай лақтырып:* **«Олардың түрлері бұзылсын**!», *– деді, әрі бұл шашылған жер дұшпанның әрбірінің көзіне кірді де, содан кейін кәпірлер қаша жөнелді, және Аллаһ оларды жеңіліспен масқаралады. (Шайқастан кейін) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алынған олжаны мұсылмандардың арасында бөлді*».[444]

Ғалымдар былай дейді: «Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соғыс пен қиян-кескі шайқастар барысында қашыр мінгені оның асқан ержүректілігі мен табандылығына нұсқайды. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл ісі адамдарды қолдап, олардың жүректеріне тыныштық пен сенімділік салатын. Міне, осылайша Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жылқылары бар болса да, ол әдейі қашырға отыратын».

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) ерлігіне сондай-ақ адамдар оны тастап қашқан кезде өз қашырын жауға қарсы шаптырғаны да куәлік етеді. Ал ержүректілік пен табандылығының ең биік шегі – бұл оның жау шабуылы кезінде қашырынан жерге түскені болды. Ғалымдардың айтуынша, ол бұны жаяу мұсылмандарға жаны ашығандығынан және оларға қолдау көрсету үшін жасаған болатын.

Сахабалар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық жағдайларда ержүректілік танытқанын жеткізген.[445]

---

[442] Яғни мен Абд әл-Мутталибтің ұрпағымын.
[443] Муслим (3/1401 – № 79).
[444] Муслим (3/1402 – № 1777).
[445] «Шарх ән-Нәуәуи ғалә Муслим» (12/114).

4. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларын қорғауға әзір болғандығында көрініс тапқан ержүректілігі.

Әл-Бухари мен Муслим Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хабарды келтірген, ол онда былай деген: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдардың ең жақсысы, ең жомарты және ең ержүректісі еді. Түндердің бірінде Мәдинаның тұрғындары (қатты дыбысты естігеннен) қорқып, дыбыс шыққан жерге қарай аттанды, бірақ өздерінің алдынан келе жатқан Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрді. Сөйтсе ол (Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлгі дауыс шыққан жаққа басқалардан бұрын барып, қайтып келе жатқан екен. Ол Абу Тальхадан алған ер-тоқымсыз аттың үстінде отырып:* «***Қорықпаңдар, қорықпаңдар!***», *– деді әрі сол кезде оның иығында қылыш ілініп тұрған болатын. Кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* «***Мына ат теңіз секілді (жылдам) болды!***», *– немесе:* «***Расында, мына жылқы – теңіз***», *– деді*»[446].

Бұл және осы секілді мысалдар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең ержүрек адам болғанына нұсқайды. Әлем ол секілді ержүрек адамды бұрын-солды көрмеген. Өздері де ержүректілікпен және батырлықпен танымал болған адамдар да оны осылай сипаттаған.[447]

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) айтқандай, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдардың ең жақсысы, олардың ең жомарты және ең ержүректісі болған.

5. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ақыл-парасатының батылдығы.

Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығы Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рухының батылдығы жайлы баяндаған болатын. Ал оның ақыл-парасатының батылдығы жайлы айта келе, біз мың дәлелдің орнын баса алатын бір ғана масылмен шектелеміз. Бұл мысал – Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Суһәйл ибн Амрдың Худайбия келісімінің мәтіні жазылып жатқан кездегі көрсеткен

---

[446] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Тальхадан алған аты өзінің жайбасарлығымен танымал болатын. Алайда оған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) отырғанда, ол жылдам әрі шапшаң болды, сондықтан ол оны теңізбен теңеді. Бұл хадис «Әл-Бухари маға әл-Фатхта» (10/455 – № 6033) және Муслимде (4/1802 – № 2307) келтірілген.

[447] Қ-з: Али ибн Абу Талибтен жеткен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ерлігі жайлы хадис Ахмадтың «әл-Муснад» (1/86) еңбегінде келтірілген. Сондай-ақ оны әл-Хаким келтіріп, оның сенімділігі жайлы айтқан, әз-Зәһаби онымен келіскен (2/143).

қыңырлығы мен мінегіштігіне қарсы жасаған мәмілесі. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көпқұдайшылдардың келісімде «Аса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен» деген сөздердің орнына «Сенің атыңмен, уа Аллаһ» деп, ал «Мухаммад, Аллаһтың Елшісі» деген сөздердің орнына «Мухаммад ибн АбдуЛлаһ» деп жазу керек деген талаптарына көнді. Бұдан бөлек, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Суһәйлдің мұсылмандар меккеліктерге Мәдинаға келген әр құрайыштықты, тіпті ол мұсылман болса да, қайтару керек деп қойған шартын да қабылдады. Осы секілді әділетсіз шарттардың қойылуы сахабалардың қатты ашуын туғызды. Ал Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келер болсақ, ол мұсылмандарға анық жеңіс алып келген бұл келісім жазылып аяқталғанға дейін сабырлы әрі табанды болып қала берді.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрайыштықтармен худайбия бітімгершілік шартында келісімге келуі, рухани батылдықтың да, ақыл-парасат батылдығының да, көрегендік пен ой дұрыстығының да ең керемет үлгісі болып табылады. Ұлы мақсатқа жету үшін үлкен зиян тудырмайтын кейбір нәрселерден бас тарту – Аллаһқа шақырушы адамның оны қолдануы керек болған даналыққа толы ереже.[448]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ерлігі мен табандылығының біз келтірген мысалдары, бұл жайлы жазылған және айтылған барлық сөздермен салыстырғанда, теңіздегі тамшы секілді. Оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ержүректілігінің мысалдарын жан-жақты сипаттау үшін көптеген томдар қажет болады. Әрбір мұсылман, әсіресе ислам дағуатын жүргізетін адам, ардақты Пайғамбарымызды барлық жағдайлар мен істерде өзіне үлгі етіп алуы керек. Тек осы жолмен ғана жеңіске және жетістікке жетіп, осы және мәңгі өмірдегі бақытқа қол жеткізуге болады.

لَّقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِّمَن كَانَ يَرْجُو اللَّهَ وَ الْيَوْمَ الْآخِرَ وَ ذَكَرَ اللَّهَ كَثِيرًا

«Расында, сендер үшін, Аллаһқа және Ақырет күніне үміт еткендер және Аллаһты көп еске алатындар үшін, Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар» («әл-Әхзаб» сүресі, 21-аят).

448 «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (5/329 – № 2731, 2732), Ахмад «әл-Муснад» (4/328 – 331). Қ-з: «Хаза әл-хабиб, я мухибб» (532-бет).

ОН АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) МҮМИНДЕРДІҢ АРАСЫНДА БЕЙБІТШІЛІКТІ ОРНАТУДАҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҮРЕКТЕРІН БІРІКТІРУДЕГІ ДАНАЛЫҒЫ

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келуінің қарсаңында оның тұрғындары бір-бірінен сенімдерімен, мақсаттарымен және әлеуметтік тұрмыс салттарымен ерекшеленетін бірнеше топқа бөлінген болатын. Бұл топтардың арасында басым бөлігі ата-бабаларынан мирас етіп алынған, ал кейбіреулері жақында пайда болған келіспеушіліктер болды. Негізгі топтар үшеу еді:

1. Аустықтар мен хазраждықтардан тұратын ансарлар мен мухажирлерден болған мұсылмандар.

2. Исламды қабылдамаған аустықтар мен хазраждықтардан болған көпқұдайшылдар.

3. Яһудилерден болған үш топ – хазраждықтармен одақтастық қатынастарда болған бану қайнукағ және аустықтармен одақтас болған бану ән-надир мен бану құрайза тайпалары.

Исламның келуінен бұрын мәдиналық аус пен хазраж тайпаларының араларында ежелден келе жатқан терең дау болатын, әрі олар кейде қантөгісті шайқастарға алып келетін. Олардың соңғысы тарихта Буғас шайқасы деп аталып қалды. Бұл қақтығыстардың ізі Мәдина тұрғындарының жүректерінде ұзақ уақытқа дейін сақталып қалған еді.[449]

---

[449] Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/214), «Сира Ибн Хишам» (2/114), «Зад әл-мәғад» (3/62), «әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/524 – № 428), Муслим (1/373, 374 – № 524) және басқалар.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл мәселелердің барлығын өзінің ұлы даналығының негізінде шешіп, өзін керемет әрі теңдесі жоқ үздік басшы ретінде көрсетті. Қаладағы қоғамдық-саяси ахуалды реттеу, ондағы мәселелерді шешу және мұсылмандарды біріктіру үшін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) төмендегідей бірқатар шараларды қолданды:

1. Мешіт құру.

Мұсылман қоғамында бейбітшілік орнатудағы және оның тұтастығын нығайтудағы ең бірінші шара – мешіт соғу болды, кейін бұл мешіт «әл-Мәсжид ән-Нәбауи» – Пайғамбарлық Мешіт деп аталды. Барлық мұсылмандар өздерінің имамдары болған Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басшылығымен бұл мешіттің салынуына қатысты, әрі бұл олардың жүректерін біріктіріп, ортақ мақсаттарын ашып көрсеткен ең алғашқы бірлесіп жасаған еңбектері болды.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келуінен бұрын әр рудың өзінің олар сонда бір-бірімен кездесетін, кештер мен түндерді әңгімеде өткізетін және өлеңдерді көркемдеп оқитын орыны болатын. Бұндай жағдай Мәдина тұрғындарының арасында бөлінушілік пен бытыраңқылық бар болғанына нұсқайтын. Ал осы мешіт соғылған соң, ол барлық мүминдердің үнемі жиналатын, олар Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұрақтар қою үшін және одан білім мен насихат алу үшін келетін орталыққа айналды[450]. Бұл әртүрлі топтардың бірігуіне, рулардың араласуына, тайпалардың бір-бірімен жақындасуына және олардың араларында өзара сүйіспеншілік пен достықтың орнауына себеп болды. Осылайша бытыраңқылық бірлікке айналды, ал бірқатар бөлек-бөлек топтардан біртұтас үммет құрылды. Көптеген басшылар мен көсемдердің орнына бір ортақ басшы пайда болды, ол – Аллаһтан Оның құлдарына байланысты бұйрықтар мен тыйымдар алып отыратын және өзінің ілесушілерін бұл дүние мен Ақыретте пайда әкелетін нәрселерге үйрететін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болды. Осылайша мұсылмандар бір ұйымшыл топты құрды. Олардың жандары мен ойлары бірлесіп тұтас болды, жүректерді өзара жақындады, ал денелері бір-бірі үшін тірек болды.[451]

Мешіттер тек бес уақыт намаз оқылатын орындар ғана емес, мұсылмандар Исламның ереже-қағидаларын үйренетін бейне бір университеттердің де рөлін атқаратын. Олар Исламға дейінгі надандық кезіндегі түрлі даулар мен соғыстардың себебінен бір-

---

[450] Қ-з: «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/239, 240 – № 3906).

[451] Қ-з: «Әт-тарих әл-исләми» (2/161, 162), «Әр-рахиқ әл-махтум» (179-бет).

бірімен жауласқан әртүрлі тайпалардың өкілдері өзара кездесіп, бірігіп кететін орындар болатын. Бұдан тыс, мешіттер – солардан адамдар жан-жаққа ислам дағуатын жүргізу үшін жіберілетін, онда мұсылман мемлекетінің кеңесші және атқарушы органдары жиналатын бүкіл істердің басқару орталығы да еді.

Сол себепті Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келгеннен кейін қай жерге көшсе де, бірінші кезекте жасайтыны – мүминдер жинала алатын мешіт соғу еді. Осылайша ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаның маңындағы Қубада тұрған кезінде, онда мешіт салды. Қубадан Мәдинаға көшу барысында ол бану салим ибн ауф ауданында тоқтап, жұма намазын оқыған, кейін сол жерде мешіт соғылды. Мәдинаның өзіне келгенде де, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы да мешіт соғудан бастады.[452]

2. Яһудилерді Исламға дана сөзбен шақыру.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келгеннен кейін бейбітшілікті орнату және мұсылман қоғамының өмірін ұйымдастыру үшін жасаған шараларының бірі АбдуЛлаһ ибн Сәләмнің дәнекерлігі арқылы жергілікті яһудилермен байланыс орнатып, оларды Исламға шақыру болды.

Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*АбдуЛлаһ ибн Сәләм*[453] *(оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келгенін білгенде, оған келіп: «Мен сенен тек Пайғамбар ғана біле алатын үш нәрсе жайлы сұрағым келіп тұр. Маған Сағаттың*[454] *бірінші белгісі не болатынын, Жәннатқа кіргендердердің бірінші ауыз тиетін нәрселері не болатынын және нәрестенің не себепті әкесіне немесе анасына ұқсайтынын айт», – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұған: «**Бұның барлығы жайлы Жәбірейіл маған жақында ғана айтқан еді**», – деп жауап берді. АбдуЛлаһ: «Ол яһудилер үшін періштелердің арасынан болған жау», – деп айқайлап жіберді. Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: **«Қиямет күнінің бірінші белгісіне келсек, бұл – адамдарды шығыстан батысқа қарай Жиын орнына (Махшарға) қуып келетін от болады. Жәннат тұрғындарының ең бірінші ауыз тиетін тағамына келсек, бұл – киттің бауырының тілімі болады. Нәрестенің ұқсастығына келсек, онда іс келесідей: егер жыныстық қатынас барысында еркектің суы әйелдің суынан озса, нәресте еркекке ұқсайтын болады, ал әйелдің суы еркектің***

---

[452] «Әс-сира ән-набауия дурус уә ғибар» (74-бет), «Хаза әл-хабиб, я мухибб» (180-бет) және басқалар.

[453] АбдуЛлаһ ибн Сәләм (оған Аллаһ разы болсын) яһуди болған.

[454] Яғни Қиямет күнінің.

суынан озса, нәресте әйелге ұқсайтын болады*». Сонда АбдуЛлаһ: «Сіз – Аллаһтың Елшісі екендігіңізге куәлік етемін!», – деп айқайлап жіберді. Кейін: «Уа Аллаһтың Елшісі! Расында, яһудилер өтірікшілер, егер олар менің Исламды қабылдағанымды сіз оларды мен жайлы сұрағаныңыздан бұрын білсе, маған жала жаба бастайды», – деді. Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) яһудилерді шақыру үшін адам жіберді, олар келгенде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «****Сендердің араларыңда АбдуЛлаһ ибн Сәләм қандай орынға ие?****», – деп сұрады. Олар: «Ол арамыздағы ең білгір және арамыздағы ең білгірдің баласы, ол біздің ішіміздегі ең жақсымыз және ең жақсымыздың баласы», – деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «****Егер АбдуЛлаһ Исламды қабылдаса не істер едіңдер?****», – деп сұрады. Олар: «Аллаһ оны бұдан сақтасын!», – деді. Сонда АбдуЛлаһ оларға шығып: «Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне куәлік етемін және Мухаммад – Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік етемін!», – деді. Әрі осыдан соң олар: «Ол арамыздағы ең жаманымыз және ең жаманымыздың баласы!», – дей бастады да, оны жамандауды жалғастыра берді».*[455]

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келгенінің бірінші күніндегі яһудилермен алғашқы байланыс тәжірибесі осындай болған.[456]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) даналығының көрініс табуының бірі, оның АбдуЛлаһ ибн Сәләмді яһудилерден олармен сөйлескен кезде және олардан оның араларындағы орыны жайлы сұрағанға дейін жасырғаны болды. Олар оны мақтап, оған жоғары баға берген кезде ғана, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) АбдуЛлаһқа шығуды бұйырды. АбдуЛлаһ шығып, өзінің Исламды қабылдағанын жариялап, білімді яһудилер жете жасыратын Мухаммадтың шыншылдығын ашық түрде растады.

Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) яһуди қауымымен өз қатынасын реттеп, олармен төменде баяндалатын келісімдерге отырды.

3. Мухажирлер мен ансарларды бауырластыру.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тек мешіт салу мен яһудилерді Исламға шақыру ғана емес, оның даналығы, ақыл-парасаттылығы және басшы ретіндегі кемелдігі

---

[455] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/362 – № 3329; 7/250 – № 3911; 7/272 – № 3938; 8/165 – № 4480), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/210).

[456] «Әр-рахиқ әл-махтум» (175-бет), «Хаза әл-хабиб, я мухибб» (175-бет) және басқалар.

айқын көрініс тапқан басқа да ең керемет амалдардың бірін жасады.[457]

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бастамасымен мухажирлер мен ансарлар Әнас ибн Мәликтің (оған Аллаһ разы болсын) үйінде бауырласты. Олар – жартысы мухажирлерден, қалған жартысы ансарлардан болған тоқсан адам еді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) оларды мал-мүлкінен айырылған мухажирлер үшін жұбаныш болатын бауырластыққа әкелді, өйткені аталған бауырлардың бірі қайтыс болған жағдайда, басқа бауыры оған қандас туыстарына қоса мирасқор болуы керек еді. Бұндай жағдай Бадр шайқасына дейін сақталып тұрды, бірақ Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ:

وَأُولُو الْأَرْحَامِ بَعْضُهُمْ أَوْلَى بِبَعْضٍ

«...**және туысқандар Аллаһтың Кітабында бір-біріне тағы жақын**...» («әл-Әнфәл» сүресі, 75-аят), – деген аятты түсірген соң, бауырласқан адамдардың мирасқор болуы жойылды, бірақ бауырлық байланыстың өзі қалды.[458]

Бұл бауырласудың мағынасы, оның себебімен жаһилия заманына тән тайпа аралық бітіспестіктің жойылуында, адамдар тек Исламды ғана ұстануында, әрі шыққан текке, нәсілге және туған жерге байланысты айырмашылықтар өшіріліп, кез-келген адам басқалардан тек ерлігімен немесе салиқалылығымен ерекшелене алуында еді. Осы бауырластық қатынастарымен байланған адамдар бауырларын өздерінен артық көретін, оларға жаны ашитын және оларға дос ретінде қарайтын, әрі жаңа қоғамға адамгершілік қарым-қатынастың керемет үлгісін көрсететін. Бұл бауырластық ислам дінінің адамгершілік пен әдептілік заң-ережелеріне қатысты мәселелердегі әділеттілігінің ең көрнекті көрініс табуы болды.[459]

Бұл бауырласу тек қағазда ғана немесе сөзбен бекітілген келісім емес еді. Ол жүректерде мөрленді, адамдардың өмірлері мен мал-мүліктеріне қатысты және жүзеге асырылусыз бос сөзбен шектелмеген іс болды. Ол адамдарды қуаныште да, қайғыда да сөздермен, істермен, өмірлерімен және мал-мүліктерімен байлады. «Әт-тарих әл-исләми» (2/165).

Әл-Бухари мухажирлердің Мәдинаға келгенде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абд әр-Рахман ибн Ауф пен Сағд ибн әр-Рабиғті (олардың екеуіне де Аллаһ разы болсын) бауырластырғаны жайлы хадисті келтіреді. Сағд ибн

---

[457] «Хаза әл-хабиб, я мухибб» (178-бет).

[458] «Зад әл-мәғад» (3/63), «Әр-рахиқ әл-махтум» (180-бет).

[459] «Зад әл-мәғад» (3/63), «Әр-рахиқ әл-махтум» (180-бет).

әр-Рабиғ Абд әр-Рахманға: «*Расында, мен ансарлардың арасындағы ең бай адаммын және мен саған өз иелігімде болғанның жартысын беремін. Менің екі әйелімнің қайсысы саған ұнайтынын қара, мен одан (сен үшін) бас тартайын, ал оның талақтан кейін күту мерзімі*[460] *өткенде, сен оған үйленерсің*», – деді. Абд әр-Рахман ибн Ауф (оған Алаһ разы болсын): «*Бұда қажеттілік жоқ*», – деді де, кейін: «*Бұл жерде адамдар сауда жасайтын базар бар ма?*», – деп сұрады. Сағд: «*Қайнуқағ базары бар*», – деді. Абд әр-Рахман сол жерге сүзбе мен май апарды, кейін базарға үнемі баратын болды да, әрі шамалы-ақ уақыт өткен соң ол денесінде хош иістерден қалған сары іздермен келді[461]. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан: «***Сен үйлендің бе?***», – деп сұрады. Ол: «*Иә*», – деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Кімге?***», – деп сұрады. Ол: «*Ансарлардан болған бір әйелге*», – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Сен қанша бердің***[462]*?*», – деп сұрақ қойды. Ол: «*Дәнектің*[463] *салмағына тең алтын*», – деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «***Сен бір қоймен болса да ас беруің керек***», – деді.[464]

Осылайша, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жасаған осы бауырласу рәсімі өз даналағымен ерекше іс әрі ең дұрыс саяси қадам, және мұсылмандар сол кезде бетпе бет кездескен мәселелердің көбінің керемет шешімі болды.

4. Дана тәрбие.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандардың рухани өмірлерлеріне байланысты да үздіксіз қамқорлық танытатын. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға тәлім-тәрбие беріп, жүректерін тазартты, оларды әдептілікке ынталандырды, бойларына өзара сүйіспеншілік пен бауырлық сезімдерін сіңдірді, бүкіл мақтаулы әрі ардақты істерге бағыттап отырды, және Аллаһқа ғана құлшылық етіп Оған бағынуға ынталандырды.[465]

---

[460] Яғни «идда» – әйел адам ажырасқаннан кейін жаңадан тұрмысқа шығуға болмайтын мерзім.

[461] Осылайша сауда жасауының себебімен оның ақшасы пайда болды.

[462] Яғни «махр» – неке қиылған кезде күйеуі әйеліне беретін зат немесе ақша. Махр тек әйелге тиесілі және ажырасқан жағдайда күйеуіне қайтарылмайды.

[463] Бұл жерде құрманың сүйегі жайлы айтылған.

[464] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/112 – № 3780, 3781).

[465] Қ-з: «Әр-рахиқ әл-махтум» (179, 181, 208 – беттер), «Әт-тарих әл-исләми» (2/165).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтатын: «***Уа адамдар! Сәлем таратыңдар, адамдарды тамақтандырыңдар***[466]***, туыстық қатынастарды ұстаныңдар, басқа адамдар ұйықтап жатқанда намаз оқыңдар, сонда Жәннатқа есендікпен кіресіңдер***».[467]

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ: «***Көршісі оның зұлымдығынан қауіпсіздікте болмаған адам Жәннатқа кірмейді***», – деген.[468]

Ол тағы да: «***Мұсылман – басқа мұсылмандарға тілімен және қолымен зиян тигізбейтін адам***», – деп айтқан.[469]

«***Сендерден ешкім (исламдағы) бауырына өзіне қалағанды қаламайынша иман келтірмейді***».[470]

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деді: «***Расында, мүминдер бір-біріне деген қарым-қатынастарында жеке бөліктері бір-бірін бекемдейтін құрылыс секілді***». Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұны айтқанда қолдарының саусақтарын айқастырды.[471]

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ: «***Бір-біріңе көре алмаушылық танытпаңдар, бағаларды аса көтермеңдер, бір-біріңді жек көрмеңдер, бір-біріңе теріс қарамаңдар***[472]***, бір-біріңнің саудаларыңды бұзбаңдар***[473]***, әрі бір-бірлеріңе бауыр болыңдар, уа Аллаһтың құлдары, өйткені мұсылман басқа мұсылманның бауыры. Сондықтан ешбір мұсылман басқаға қысым көрсетпеуі, оған жиркенішпен қарамауы, оны көмексіз қалдырмауы керек. Ал тақуалық мына жерде!***» – деп, қолымен кеудесіне үш рет нұсқады да, кейін былай деп жалғастырды: «***Адамның зұлымдық жасауына исламдағы бауырын***

---

466 Бұл жерде қонақтарды тамақтандыру және кедейлердің аштығын басу жайлы айтылған.

467 Бұл хадисті әт-Тирмизи келтіреді (4/652 – № 2485), ол бұл хадис жайлы: «Жақсы, сенімді хадис», – деген. Сондай-ақ оны Ибн Мәжәһ (2/1083 – № 3251), әд-Дарими (1/156), Ахмад (1/165, 2/391) келтірген. Қ-з: «Сахих әт-Тирмизи» (2/303).

468 Муслим (1/68 – № 46).

469 «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (1/54 – № 11), Муслим (1/65 – № 41).

470 «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (1/56 – № 13), Муслим (1/67 – № 45).

471 «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (1/565 – № 481), Муслим (4/1999 – № 2585).

472 Бұл жерде мұсылмандардың арасындағы қатынастардың бұзылуы меңзелуде. Оның нәтижесі – мұсылман үмметі мүшелерінің бір-біріне қатысты белгілі міндеттерді орындаудан бас тартуы болады.

473 Бұл жерде сатып алушы мен сатушының келісіміне соңғысының рұқсатынсыз үшінші бір адам кіріп, сол тауарды арзанырақ немесе сол бағаға жақсырақ нәрсені ұсынатын жағдай меңзелген.

жақтырмауы жеткілікті, және әрбір мұсылман үшін басқа мұсылманның өмірі, мал-мүлкі және ар-намысы қол сұғылмайтын харам болып табылады!»[474]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтатын: «***Мұсылман адамға өз бауырымен қарым-қатынасын, олар өзара кездескенде бір-біріне теріс бұралатындай етіп, үш күннен артық үзуге болмайды! Ол екеуінің жақсысы, басқасына (бауырына) бірінші болып сәлем бергені болады!***».[475]

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы былай деген: «***Жәннаттың қақпалары дүйсенбі және бейсенбі күндері ашылады және бауырын жек көргені үшін айырылысқан адамнан басқа, Аллаһқа ешнәрсені серік қоспай құлшылық еткен әрбір құлдың күнәлары кешіріледі. Сонда: «Мына екеуі бір-бірімен татуласпайынша күтіңдер! Мына екеуі бір-бірімен татуласпайынша күтіңдер!», – деп айтылады***».[476]

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «***Бауырыңа, ол жәбірлеуші немесе жәбір көруші болса да, көмектес!***» (Бұны естіген бір адам: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Егер ол жәбір көріп жатса, мен оған көмектесе аламын, бірақ ол жәбірлеуші болса, мен оған қалай көмектесе алатынымды айтыңыз*», – деді). Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Оны жәбір жасаудан тый (ұстап қал), әрі расында, бұл ол үшін көмек болады***», – деп жауап берді.[477]

Сондай-ақ ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі бослын) былай деген: «***Алты нәрсе мұсылмандардың бір-біріне қатысты міндеттеріне кіреді: егер сен мұсылманды кездестірсең, оған сәлем бер; егер ол сені шақырса, оның шақыруына жауап бер; егер ол сенен кеңес сұраса, оған кеңес бер; егер ол түшкіріп, ізінен: «Әл-хамду ли-Лләһ», – деп (Аллаһты мадақтаса), оған: «Ярхамука-Лаһ», – деп игілік тіле; егер ол ауырса, оны зиярат етіп бар; ал егер ол қайтыс болса, оны соңғы сапарына шағырап сал***».[478]

Әл-Бара ибн Азиб былай деген: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге жеті нәрсені бұйырып, жеті нәрсені тыйым салды. Ол бізге науқас адамды зиярат етуді, мәйіт салынған табытты шығарып салуды, түшкірген адамға игілік тілеуді, ант бер-*

---

[474] Муслим (4/1986 – № 2564).

[475] «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (10/491 – № 6077), Муслим (4/1986 – № 2560).

[476] Муслим (4/1987 – № 2565).

[477] Муслим (4/1998 – № 2584), Ахмад (3/99), «әл-Бухари мағa әл-Фатх» (5/98 – № 2443, 2444; 12/223 – № 6952).

[478] «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (3/112 – № 1240), Муслим (4/1705 – № 2162).

ген адамның антын орындауды[479]*, жәбір көрген адамға көмектесуді, шақыруды қабылдауды және адамдарға сәлем беруді бұйырды. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге алтын сақина тағуға, күміс ыдыстан ішуге, жібектен жасалған ер-тоқым мен әл-касси*[480] *қолдануға, сондай-ақ жібек, истабрақ пен дибаж*[481] *киюге тыйым салды».*[482] (Бұл жерде тек еркектерге ғана қатысты тыйымдар аталған).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы да былай деді: «***Жаным Қолында болған (Аллаһпен) ант етемін, сендер иман келтірмейінше Жәннатқа кірмейсіңдер және бір-біріңді жақсы көрмейінше иман келтірмейсіңдер. Мен сендерге егер соны істесеңдер бір-біріңді жақсы көретін нәрсеге нұсқайын ба? Араларыңда сәлем таратыңдар***[483]*!*»[484]

Бірде бір адам Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Исламның ең жақсы көрінісі не?*», – деп сұрады. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Адамдарды тамақтандыруың***[485] ***және танитынға да, танымайтынға да сәлем беруің***», – деп жауап берді.[486]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деді: «***Мүминдер бір-біріне деген сүйіспеншілікте, мейірімділікте және өзара жанашырлықта біртұтас дене сияқты: егер оның бір бөлігі ауруға шалдықса, бүкіл дене ұйқысыздық және қызумен (мазасыздық танытып) жауап береді***».[487]

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтатын: «***(Басқаларға) рахымды болмаған (адам) рахым етілмейді!***»[488]

---

[479] Яғни бұл жерде бір адамның басқаға: «Аллаһпен ант етемін! Сен міндетті түрде менің тағамымның дәмін татуың керек!», – деп айтқан жағдайлар меңзелген.

[480] Әл-касси – жолақ секілді жібек ендірмемен безеңдірілген жібектен тігілген киім.

[481] «Истабрақ» пен «дибаж» – жібек матасының түрелерінің атаулары.

[482] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (3/112 – № 1239).

[483] «Сәләм» (бейбітшілік) сөзі «сәлем» мағынасында да келеді. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздерін, бауырыңа: «Әс-сәләму ғаләйкум» (Саған сәлем) деген сөздермен сәлем беру жайлы бұйрық деп те, өзара жақсы қарым-қатынас сақтап, қоғамда бейбітшілік пен тыныштықтың сақталуына барынша мүмкіндік туғыздыру жайлы бұйрық деп те түсіну керек.

[484] Муслим (1/74 – № 54).

[485] Бұл жерде кедейлерге қайыр ретінде берілетін және қонақтар мен көршілерді тамақтандыратын тағам жайлы айтылады.

[486] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/55 – № 12), Муслим (1/65 – № 39).

[487] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (10/438 – № 6011), Муслим (4/2000 – № 2586).

[488] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (10/438 – № 6013), Муслим (4/1809 – № 2319).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы да былай деген: «***Адамдарға рахым танытпаған адамды Аллаһ Тағала рахымына бөлемейді***».[489]

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ: «***Мүмин адамды балағаттау – пасықтық, ал онымен соғысу – күпірлік***», – деген.[490]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы және басқа да өсиеттері ансарларға қандай жолмен жетсе де – мейлі олар бұны оның өзінен тікелей естісе де, немесе (бұл өсиеттер жайлы) хижрадан бұрын білген мухажирлердің жеткізулерімен естісе де – пайғамбарлық өсиеттер олардың және басқа да сахабалардың бойларына исламдық тәрбиені сіңдірді. Бұл өсиеттер жеткен немесе Қиямет Күніне дейін жететін әрбір адам үшін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сабағы болып табылады.

Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандар солармен тәрбиеленген басқа да көптеген өсиеттер жеткізілген. Онда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды мал-мүліктерін игі мақсаттарға жұмсауға ынталандырған, әрі құлшылықтың бұл ұлы түрінің артықшылығы мен үстемдігіне нұсқап, олардың оны жасауға деген ыстық ұмтылыстарын оятқан. Бұнымен қоса Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарды өтініштерден бас тартуға табанды түрде ынталандырып, олардың сабырлық пен талап етпеушіліктің артықшылықтарын ескертіп отырған. Бұған қоса ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға құлшылықтардың түрлерінің артықшылықтары жайлы және олар үшін уәде етілген Аллаһтың сыйы жайлы да баяндайтын. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға өзіне түсірілген уахилар жайлы айтатын, оларға осы аяттарды оқитын, әрі олардың соларды оқығандарын да тыңдайтын. Бұндай зерделеп оқу, оны түсіну мен ол жайлы ойланудың міндетін айтпағанның өзінде, оларға дағуаттың міндеттері мен осы жолдауды таратудың міндеттері жүктелгендігіне нұсқау болатын.

Осы секілді әдістердің көмегімен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларының рухани дәрежесін көтеріп, оларға ең жоғары рухани байлықтардың не нәрселерде екенін түсіндіретін және оларға ең жақсы үлгі-өнеге көрсететін, міне, соның нәтижесінде олар кемелдіктің тарихтағы ең жоғары үлгісіне айналды.

---

[489] Муслим (4/1809).

[490] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/110 – № 48), Муслим (№ 64).

Осының барлығының себебімен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамзат тарихындағы ең керемет және ең лайықты қоғам болған жаңа мұсылман қоғамын құра алды және бұрын надандық пен ескішілдіктің қараңғылығында болған адамдардың мәселелерінің шешімін таба алды. Бұл жаңа қоғам өзінің құрамына адамдардың ең кемел әлеуметінің барлық негіздерін жинап, өзіне адамдарға қол жетімді болған кез-келген кемелдікті сіңдірді. Бұның барлығы бірінші кезекте Аллаһтың мейірімімен, кейін Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) даналағы мен кемеңгерлігінің арқасында болды. Сондықтан ислам дағуаты саласында еңбектенген адамдар оның жолын ескермеуге әрі оның өнегесінен бас тартуға құқығы жоқ.[491]

5. Мухажирлер мен ансарлардың арасындағы келісім және яһудилермен бітім шарт жасасу.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мүминдерді бауырластырғаннан кейін, мухажирлер мен ансарлардың араларында, барлық тайпа аралық тартыстарды жеңуге және исламға дейінгі надандық дәстүрлерінің сақталуына орын қалдырмауға мүмкіндік берген тағы бір келісім жасады. Мұсылмандардың бір-бірімен орнатқан бұл келісімінің құрамдас бөлігі – мәдиналық яһудилермен бітім келісімі болған. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл келісімді орнатуға сарп еткен күш-жігері қоғамдағы бейбітшілікті дұрыстау және онда тәртіп орнату үшін жасалған ең көрнекті шаралардың бірі болды.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мухажирлер мен ансарлардың арасында, мұсылмандардың яһудилермен жасасатын келісімінің шарттары баяндалған жазба құжат дайындады. Бұл құжат яһудилердің өз мал-мүліктеріндегі құқықтарын бекітіп, екі жақтың да құқтары мен міндеттерін реттеді.[492]

Бұл келісім өте мұқиятты және дәлдікпен жасалған болатын. Онда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басшы ретіндегі ұлы дарыны мен оның саяси даналығы өз көрінісін тапты. Келісім Мәдинаның мұсылман және мұсылман емес тұрғындарының арасындағы байланыстарды реттеді, ал бұл нәрсе, өз кезегінде, оларға қалаға зиян тигізуге ниеттенген әркімге біртұтас сап болып қарсы шығуға мүмкіндік берді.

Бұл бес қадам: мешіт соғу, яһудилерді Исламға шақыру, мүминдерді бауырластыру, оларды тәрбиелеу, және барлық топтардың арасында келісім орнату – Аллаһтың мейірімімен

---

491 «Әр-рахиқ әл-махтум» (183-бет).

492 Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (3/224 – 226), «Зад әл-мәғад» (3/65). Келісімнің мәтіні «Сира Ибн Хишамда» келтірілген (2/119 – 123).

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаның тұрғындарының арасындағы жылдар бойы сақталып келе жатқан терең жанжалдың шешілуіне және ескіліктің орынсыз елестерінің жойылуына себеп болды. Бұл шаралар мүминдерді біртұтас етіп біріктірді. Олардың көмегімен Мәдинада әртүрлі топтағы адамдардың арасында нық және кемшіліксіз қарым-қатынас жүйесі орнатылды және ол кейін ислам дағуатымен қатар дүниенің әр түкпіріне таралды.[493]

[493] «Әр-рахиқ әл-махтум» (171, 178, 185 – беттер), «Хаза әл-хабиб, я мухибб» (174, 176 – беттер) және басқалар.

ОН ЖЕТІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) АДАМДАРДЫҢ ЖҮРЕКТЕРІНЕ АҚИҚАТТЫ ЖЕТКІЗУДЕГІ ТЕҢІ ЖОҚ ҚАБІЛЕТІ

Құран Кәрімнің адамдардың жүректеріне қандай әсерге ие екендігі жайлы көптеген хадистерде айтылады. Олардың бірі – Жубайр ибн Мутғимнен (оған Аллаһ разы болсын) жеткен хадис. Жубайр былай баяндаған: «*Бірде мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шам намазында «әт-Тур» сүресін оқығанын естідім, әрі ол*:

أَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ أَمْ هُمُ الْخَالِقُونَ أَمْ خَلَقُوا السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ بَل لَّا يُوقِنُونَ أَمْ عِندَهُمْ خَزَائِنُ رَبِّكَ أَمْ هُمُ الْمُصَيْطِرُونَ

«**Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма[494]? Не жаратушы өздері ме[495]? (35) Яки олар көктер мен жерді жаратты ма? Жоқ, олар нанбайды[496]. (36) Немесе Раббыңның қазыналары олардың қасында ма? Немесе олар игеруші ме?**» («әт-Тур» сүресі, 35-37 аяттар) – *деген аяттарға жеткен кезінде менің жүрегім ұшып кете жаздады[497]. Бұл менің жүрегімде иманның ныгая бастаған кезі еді*».[498]

Бұл хадис Құран Кәрімнің адамдардың жүректеріне үлкен әсер тигізетіндігіне нұсқайды. Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың

---

[494] Яғни Жаратушысыз.

[495] Яғни: «Немесе олар өздерін өздері жаратты ма?».

[496] Яғни оларда бұны Аллаһ жаратқандығына мықты иман жоқ.

[497] Бұл аяттардың мағынасы мен қисыны Жубайрға (оған Аллаһ разы болсын) әсер еткені сонша, ол солардың әсерімен Исламды қабылдады.

[498] Әл-Бухари (6/86 – №4854), Муслим (1/338 – № 463).

игілігі мен сәлемі болсын) көктерден түсірілген екінші уахи болып табылатын оның хадистерінің де (адамдардың жүректеріне) әсері өте мол. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан сөздерінің адамдарға әсер тигізуінің және оның оларға керекті ақпаратты жеткізу дарындығына (нұсқайтын) бірнеше мысалдарды келтірейік.

1. Думад жайлы оқиға.

Думад жауыз тылсым рухтарға қарсы дем салу сөздерін оқи алатын. Ол Меккеге келіп, оның парықсыз тұрғындарынан: «*Расында, Мухаммад – жын соққан әңгі!*», – деп айтып жатқанын естіп, өзіне: «*Мен осы адамға барайыншы? Бәлкім, Аллаһ оған менің қолдарымнан шипа берер*», – деді. Кейін ол Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кездесіп, оған: «*Уа Мухаммад! Расында, мен жауыз тылсым рухтарға қарсы дем салу сөздерін оқи аламын, саған бұл керек емес пе?*» – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Біз Оны ғана мадақтап, Одан ғана көмек сұрайтын Аллаһқа бүкіл мақтаулар! Кімді Аллаһ тура жолға салса, соны ешкім жолдан адастыра алмайды, ал кімді Ол қолдаусыз қалдырса, соны тура жолға салар ешкім жоқ. Мен серігі жоқ Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне куәлік етемін және Мухаммад – Оның құлы және Елшісі екендігіне куәлік етемін, ал содан кейін...***», – дегенде, Думад: «*Маған осы сөздеріңді қайталашы*», – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған бұл сөздерді үш рет қайталады. Бұдан кейін Думад: «*Мен көріпкерлердің, сиқыршылардың және ақындардың сөздерін естідім, бірақ мен сенің осы сөздеріңе ұқсас ештеңе естімегенмін! Олар (жүректің) түкпіріне кіреді! Маған қолыңды бер, мен саған Исламға берік болатыныма ант беремін*», – деді де, кейін Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол антты берді.[499]

2. Әт-Туфәйл ибн Амрдың оқиғасы.

Ол (әт-Туфәйл ибн Амр) асыл текті, өлен жазатын және өз тайпасының көсемі болған адам еді. Бірде ол Меккеге келеді, және құрайштықтар оны Мухаммадпен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кездесуден қатты сақтандарып ескертеді. Олар: «Оның сөздері сиқыр секілді, ол әкені баладан, бауырды бауырдан, күйеуді әйелден айырады және біз сенің және тайпаластарыңның біз ұшыраған нәрсеге ұшырауынан қорқамыз», – деп қайта-қайта ескертіп айта бергені сонша, ол әл-Харам Мешітіне құлақтарын жауып кіремін деп шешті де, құлақтарына мақта тығып, мешітке кірді. Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасына жақындап тұрғанда, оның айтып жатқан сөздерінің

[499] Муслим (2/593 – № 868).

кейбірін естіді, және оның сөздері оған ұнады. Сонда ол өзіне: «*Мен есті адаммын және көркем нәрсені ұсқынсыз нәрседен ажырата аламын. Аллаһпен ант етемін! Мен бұл адамды тыңдаймын! Егер оның сөздері жақсы болса, онда мен онымен келісемін, ал егер олар жаман болса, мен олардан бас тартамын!*», – деді. Ол құлақтарынан мақтаны алып тастап, бұрын-соңды естімеген ең көркем сөздерді естіді. Кейін ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артынан еріп барды да, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйге кіргенде, ол да оның ізінен кіріп, өзімен орын алған жағдайды айтып берген соң оған: «***Маған осы ісіңіз жайлы айтып беріңізші***», – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған Ислам жайлы айтып берді және ол оны қабылдады.[500]

Адамдардың естеріне Құран сөздері мен Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүннетінен болған нақыл сөздерді салу – бұл өзгелерді Ислам мен Аллаһқа бағынуға шақыратын кез-келген адамның немқұрайлы қарауына болмайтын нәрсе.

[500] Әз-Зәһаби «Сияр әғләм ән-нубәлә» (1/345).

ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) МҰҒЖИЗАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПАЙҒАМБАРЛЫҒЫНЫҢ БҰЛТАРТПАЙТЫН ДӘЛЕЛДЕРІ

Кітап иелері мен басқа да кәпірлерді Исламға даналықпен шақырудың ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – оларға Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) барлық адамзатқа (жіберілген) Аллаһтың шынайы Елшісі екендігіне нұсқайтын айқын дәлелдірді түсіндіру болып табылады.

Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көптеген әртүрлі мұғжизалар мен оның шыншылдығын растайтын айқын дәлелдер берілген еді. Олар одан бұрынғы Пайғамбарларға берілген мұғжизалардан көбірек және олардан едәуір ұлы болып табылады. Оған берілген мұғжизалар екі топқа бөлінеді: Муса мен Исаның мұғжизалары секілді кезінде болып қойған әрі сенімді мәтіндерде жазылып қалған мұғжизалар; және Қиямет күнінің басталуына дейін адамдардың арасында сақтылып келе беретін мұғжизалар. Соңғыларына Қасиетті Құран Кәрім, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесушерінің арасында осы күнге дейін сақталып келе жатқан діни білім мен иман, ол алып келген кәміл діни заң – шариғат, Аллаһ Тағала оның үмметінен болған салиқалы адамдарға мерзім-мерзімімен көрсететін аят-белгілер, оның дінінің өз бұлтартпас айқын дәлелдері арқылы жетіп жатқан жеңісі, одан бұрынғы Пайғамбарлардың Кітаптарында оның сипаттарының сүреттемесі, және олардың барлығын бұл қысқа еңбекте келтіру мүмкін емес болған басқа да көптеген мұғжизалар жатады[501].

---

[501] Қ-з: «Әл-жауаб әс-сахих лиман баддалә дин әл-масих» (4/67 – 71).

Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлық миссиясының ақиқаттығын дәлелдеу барысында біз тек екі аспектті ғана қозғаймыз:

1. Оған түсірілген Құранның мұғжизалары;

2. Аллаһ Тағала ол арқылы көрсеткен физикалық тұрғыдағы мұғжизалар.

1. Құранның мұғжизалары.

Бұл тақырыпты баяндауға кірісуден бұрын, алдымен «мұғжиза» сөзіне анықтама беру керек. Аталған жағдайдағы муғжиза (арабша «әл-муғжиза») деп Аллаһ Тағала пайғамбарлардың қолдарымен жасайтын және оларды қайталауға адамдар мен жындардың, мейлі олар тұтас барлығы жиналса да, мейлі олардың жеке біреуі болса да, ешқайсысының шама-құдіреті жетпейтін тылсым (ғажайып) құбылыстар. Олардың мақсаты – Пайғамбарлардың шыншылдығын және олар хабарлаған мәліметтердің ақиқаттығын дәлелдеу[502].[503]

Аллаһ Тағаланың Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірген Сөзі – Құран Кәрім аят-белгілермен мұғжизалардың ең ұлысы. Ол барлық ғасырлар мен дәуірлерде мұғжиза болып қала береді, және ешкім ешқашан ол секілді нәрсені жасамаған және жасай алмайды да[504]. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «***Әр Пайғамбарға, адамдар***

---

[502] Пайғамбарлардың мұғжизалары мен ізгі (салиқалы, тақуа) адамдардың мұғжизаларының (карамат) арасындағы айырмашылығына келсек, бірінші түрге Пайғамбарлар деп айтылған адамдардың қолдарымен жасалған және адамдарға олардың тура осы секілді құбылысты жасауға шамасы жетпейтіндігін көрсету үшін жасалатын үндеу болып табылатын тылсым (ғажайып) құбылыстар жатады. Екінші түрге Пайғамбарлыққа талаптанбаған адамдарға берілген және құрамында осындай шақыру жоқ ғажайып құбылыстар жатады. Ғажайып құбылыстар оны жасап жатқан адамның сыртқы келбеті салиқалы және діни сенімі дұрыс болса әрі сол амалдар жақсы болса ғана, карамат болады. Егер ғажайып құбылыстар тура жолдан тайған адамдардың қолымен жасалса, онда бұл шайтанның істерінен. Егер ғажайып құбылыстарды жасап жатқан адам белгісіз біреу болса, оның сенімінің және амалдарының Құран мен Сүннетке сәйкестігін анықтау керек. Имам әш-Шәфиғи (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: «Егер сендер біреудің судың үстінде жүргенін немесе ауада ұшқанын көрсеңдер, онымен ғажаптануға асықпаңдар. Алдымен оның сенімі мен амалдарының Құран мен Сүннетке сәйкестігін анықтаңдар». Қ-з: «Шарх әл-ақида әт-тахауия» (510-бет), «Сияр ағләм ән-нубалә» (10/23) және басқалар.

[503] Қ-з: әз-Зурқани «Мәнәхил әл-ғирфан фи ғулюм әл-Қуран» (1/66), «Әл-муғжам әл-уасыт» (2/585), Салих әл-Фаузан «Әл-иршад илә сахих әл-иғтиқад» (2/157).

[504] Қ-з: әл-Анбари «Әд-дағи илә әл-исләм» (311-бет).

оған сол арқылы сене бастайтын әлдебір мұғжизалар берілетін[505], ал маған келсек, маған Аллаһтан түсірілген уахилар берілді, және мен Қиямет күні менің ілесушілерімнің саны олардың кезкелгенінен көп болатындығына үміттенемін»[506]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздері Құранның оған берілген жалғыз мұғжиза екендігін және оның басқа мұғжизалары болмағандығын меңземейді. Хадистің мағынасы, Құран бұл Аллаһ Тағаланың сол арқылы тек Мухаммадты ғана (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ардақтап одан басқа ешкімді бұндай ұлы құрметпен ардақтамаған бүкіл мұғжизалардың ең ұлысы екендігінде. Әр пайғамбар Аллаһ Тағаладан өзіне ғана тән ол соның көмегімен өзінің осыны жасауға шама-құдіреті жетпейтін басқа адамдардан ерекше екендігін дәлелдейтін осындай бір муғжиза алатын. Бұған қоса әр Пайғамбардың мұғжизасы ол жіберілген халықтың ерекшеліктеріне сәйкес болған. Мысырлық перғауынның халқының арасында сиқыршылық өте кеңінен таралған еді, сондықтан Мусаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) ол сол арқылы Мысырдың барлық сиқыршыларынан үстем болған асатаяқ берілді. Муса дәл сиқыршылар жасаған әрекетті жасады, яғни дәл солар секілді асатаяғын жерге лақтырды, алайда оның асатаяғы жыланға айналып, олардың (яғни сиқыршылардың) лақтырған арқандары мен таяқтарын жеп қойды. Бұндай мұғжиза тек Мусаға ғана берілген еді және одан басқа ешкімге берілмеді.

Исаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) кезінде емшілік өнері ерекше гүлденуге жетті, сондықтан оның қолдарымен барлық емшілерді таң қалдырған мұғжизалар жасалынды. Өлілерді тірілту, зағип-соқырларды және алапес адамдарды емдеу – бұл мұғжизалардың барлығы емшілікке ұқсайды, алайда бұны жасауға ешбір емші-дәрігердің күші жетпейді.

Араларына Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жіберілген арабтар ділмарлық бен қызыл тіл шешендіктің асқан шеберлері болатын, олар көркем сөз өнерінің озық білімдарлары болып саналған. Сол себепті Аллаһ Тағала Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны басқа Пайғамбарлардан ерекшелеген мұғжизасын оның **«Алдынан да артынан да бос сөз келмейді (араласпайды). Аса Дана, өте Мақтаулы Аллаһ тарапынан түсірілген», –** деп сипатталған Құран Кәрім қылды[507] («әл-Фуссыләт» сүресі, 42-аят).

---

[505] Яғни мұғжиза жасау қабілеті.

[506] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (9/3 – № 4981), Муслим (1/134 – № 152).

[507] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (9/6), «Шарх ан-Нәуауи ғалә Муслим (2/188), «Ағләм ән-нубуа» әл-Мауариди (53-бет), «Изхар әл-хаққ» (2/101).

Бірақ Құранның мұғжизасы басқа мұғжизалардан, оның уақыт пен дәуірдің ауысуы оған әсер ете алмайтын мәңгі дәлел екендігімен ерекшеленеді. Басқа Пайғамбарларға берілген мұғжизалардың мерзімі, олардың өмірінің мерзімімен шектелген еді, және қазір олар жайлы тек хабарлар ғана қалған. Құранға келсек, ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұлтартпас дәлелі болуын жалғастыра береді және оны естіген әрбір адам, оны Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл өзінен естігендей болады. Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Мен Қиямет күні ілесушілерімнің саны пайғамбарлардың кез-келгенінен көп болатындығына үміттенемін***», – деген сөздерінің сыры да дәл осы Құранның дәлел ретінде өзгермейтіндігінде.[508]

Құран Аллаһтың анық баяндалған мұғжизасы. Оның кемелдігі көптеген аспектілерден көрініс табады: оның сөздерінде, мәнерінде, ондағы бұйрықтар мен хабарларда және басқа да көптеген нәрселерде. Әр ғалым Аллаһ оның жүрегіне ашқан әлдебір аспектіні сипаттаған[509]. Біз Құранның теңдесі жоқтығының көптеген қырларының ішінен төртеуі туралы ғана қысқаша айтып өтеміз.

1. Құранның баяндаудағы және шешендіктегі теңдесі жоқтығы.

Құранның теңдесі жоқтығының қырларының бірі – оның шешендігі, оның баяндауының, мәнерінің, құрылысының толық кемелділігі. Адамдар мен жындарға Құран секілді бірдеңе құрастыруға үндеу тасталды, бірақ олар бұны жасауға құдіретсіз болды. Аллаһ былай деген:

قُل لَّئِنِ اجْتَمَعَتِ الْإِنسُ وَالْجِنُّ عَلَى أَن يَأْتُوا بِمِثْلِ هَذَا الْقُرْآنِ لَا يَأْتُونَ بِمِثْلِهِ وَلَوْ كَانَ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ ظَهِيرًا

««Егер адамдар, жындар осы Құранның ұқсасын келтіруге жиналса, тіпті олар бір-біріне көмекші болса да келтіре алмайды», – де» («әл-Исра» сүресі, 88-аят).

---

[508] Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (6/54, 65), әз-Заркаши «Әл-бурхан фи ғулюм әл-Құръан» ((2/90 – 124) және басқалар.

[509] Қ-з: «Әл-жауаб әс-сахих» (4/74, 75), әл-Мауариди «Ағләм ән-нубуа» (53-70-беттер), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (6/54, 65), әз-Заркаши «Әл-бурхан фи ғулюм әл-Құръан» (2/90-124), «Мәнәхил әл-ғирфан фи ғулюм әл-Құръан» (2/227-308).

أَمْ يَقُولُونَ تَقَوَّلَهُ بَل لَّا يُؤْمِنُونَ فَلْيَأْتُوا بِحَدِيثٍ مِّثْلِهِ إِن كَانُوا صَادِقِينَ

«Не болмаса олар: «Құранды өзі жасап алды», – дей ме? Жоқ, олар иман келтірмейді. Ендеше, егер олар шыншыл болса, Құран сияқты бір сөз келтірсін» («әт-Тур» сүресі, 33-34 аяттар).

Аллаһтың бұл үндеуі жауапсыз қалды. Оны қабылдауға ешкімнің батылы бармады. Сонда Аллаһ Тағала талап дәрежесін азайтып, Құран сүрелері секілді он сүрені ойдан шығаруға үндеу тастады. Ол былай деді:

أَمْ يَقُولُونَ افْتَرَاهُ قُلْ فَأْتُوا بِعَشْرِ سُوَرٍ مِّثْلِهِ مُفْتَرَيَاتٍ وَادْعُوا مَنِ اسْتَطَعْتُم مِّن دُونِ اللَّهِ إِن كُنتُمْ صَادِقِينَ

«Немесе олар: «Құранды өзі жасады», – дей ме? (Мухаммад,) оларға: «Егер айтқандарың шын болса, Аллаһтан өзге көмекке шақыра алатындарыңды шақырыңдар да, сол сияқты жасама он сүре келтіріңдер», – де» («Худ» сүресі, 13-аят).

Аллаһ Тағаланың бұл үндеуі де жауапсыз қалды, сонда Ол талап деңгейін тағы да түсіріп, былай деді:

أَمْ يَقُولُونَ افْتَرَاهُ قُلْ فَأْتُوا بِسُورَةٍ مِّثْلِهِ وَادْعُوا مَنِ اسْتَطَعْتُم مِّن دُونِ اللَّهِ إِن كُنتُمْ صَادِقِينَ

«Олар: «Оны Мухаммад өзі шығарды», – дей ме? (Мухаммад, оларға:) «Егер шыншыл болсаңдар, онда Аллаһтан өзге кімге шамаларың келсе шақырып, осы тәрізді бір сүре жасап әкеліңдер», – де» («Юнус» сүресі, 38 аят).

Кейін Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға көшкенінен кейін түсірілген сүрелердің бірінде үндеуін қайталап, былай деген:

وَإِنْ كُنْتُمْ فِي رَيْبٍ مِمَّا نَزَّلْنَا عَلَى عَبْدِنَا فَأْتُوا بِسُورَةٍ مِنْ مِثْلِهِ وَادْعُوا شُهَدَاءَكُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ (٢٣)فَإِنْ لَمْ تَفْعَلُوا وَلَنْ تَفْعَلُوا فَاتَّقُوا النَّارَ الَّتِي وَقُودُهَا النَّاسُ وَالْحِجَارَةُ أُعِدَّتْ لِلْكَافِرِينَ (٢٤)

«Егер құлымызға түсіргенімізден күдіктенсеңдер, онда сендер де соған ұқсаған бір сүре келтіріңдер, әрі Аллаһтан өзге көмекшілеріңді де шақырыңдар, егер сөздерің рас болса. Егер оны істемесеңдер (ал сендер оны ешқашан істей алмасыңдар), онда отыны адамдар мен тастар болған кәпірлер үшін әзірленген оттан қорқыңдар!» («әл-Бақара» сүресі, 23-24 аяттар).

Аллаһ Тағаланың бұл сөздері өткен замандарда жаратылыстардан ешкімнің Құран сүресіндей бір сүре ойдан жаза алмаған-

дығы сияқты, болашақта да олардан ешкім бұны жасай алмайтындығына нұсқайды. Бұның мүмкін еместігі жайлы Аллаһ Тағала Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол әлі Меккеде болған кезінде түсірген аятта да айтқан болатын. Онда былай деп айтылған:

قُل لَّئِنِ اجْتَمَعَتِ الْإِنسُ وَالْجِنُّ عَلَى أَن يَأْتُوا بِمِثْلِ هَذَا الْقُرْآنِ لَا يَأْتُونَ بِمِثْلِهِ وَلَوْ كَانَ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ ظَهِيرًا

«(Мухаммад, оларға:) «Егер адамдар, жындар осы Құранның ұқсасын келтіруге жиналса, тіпті олар, бір-біріне көмекші болса да келтіре алмайды», – де» («әл-Исра» сүресі, 88-аят).

Аллаһ барлық жаратылыстарға олар бұны жасау үшін барлықтары жиналып, бір-біріне барынша көмектессе де, Құран секілді әлдебір нәрсені ойдан шығаруға күшсіз екендігін табанды түрде жеткізуді бұйырды. Бұл үндеу жалпыға да, жеке әрбіреуге де қатысты еді. Құранның сөздері құлағына жеткен адамдар қанша? Ол туралы білген түрлі адамдар қанша? Алайда Аллаһ Өзіне қарсы ешкім сөйлей алмайтынын әрі Құран сүрелеріне ұқсас бір сүре ойдан шығара алмайтынын білді. Бұл үндеу Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Пайғамбарлығының басталуынан бүгінгі күнге дейін ашық болып қалуда.[510]

Демек, Құранда мыңдаған теңдесі жоқ мұғжизалар бар. Неге екенін түсіндірейік. Аллаһ Тағала жаратылыстарға Құран сүресі секілді бір сүре болса да ойдан шақыруға үндеу тастады. Құрандағы ең кысқа «әл-Кәусар» сүресі үш қысқа аяттан тұрады. Зерттеушілердің барлығы Құран аяттарының саны 6200-ден көп екендігіне бірауызды келіскен. Құранның кез-келген үзіндісі, мейлі ол бірнеше аятты қамтыса да, немесе ұзын аяттың бір бөлігі болса да, егер оның көлемі «әл-Кәусар» сүресіне тең болса, онда ол сол секілді сүрені жазу мүмкін емес болған және ол Аллаһ Тағаланың осы үндеуіне кіретін мағынадағы сүре мәртебесіне жетеді[511]. Осылайша, Құран Кәрімнің өзі-ақ «**жүректері бар және тыңдайтыңдар**» үшін басқа, мейлі олар рухани болсын, немесе физикалық болсын, мұғжизаларға мұқтаждық қалдырмайтын өздігінше жеткілікті мұғжиза болып табылады.

2. Ғайып (құпия) нәрселер жайлы хабарлар.

Құранның теңдесі жоқтығының басқа қыры, оның Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) білуі мүмкін емес болған және ол жайлы білім адамдардан ешкімге мәлім болмаған нәрселер жайлы хабарларды қамтуында. Ал бұл, өз кезегінде,

---

[510] «Әл-жәуаб әс-сахих» (4/71 – 77), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (6/65).

Құранның Одан бірде-бір құпия жасырын қалмайтын Аллаһ Тағаланың сөзі екендігін дәлелдейді. Раббымыз былай деді:

وَعِندَهُ مَفَاتِحُ الْغَيْبِ لَا يَعْلَمُهَا إِلَّا هُوَ وَيَعْلَمُ مَا فِي الْبَرِّ وَالْبَحْرِ وَمَا تَسْقُطُ مِن وَرَقَةٍ إِلَّا يَعْلَمُهَا وَلَا حَبَّةٍ فِي ظُلُمَاتِ الْأَرْضِ وَلَا رَطْبٍ وَلَا يَابِسٍ إِلَّا فِي كِتَابٍ مُّبِينٍ

«Көместің кілттері Оның жанында. Оны Ол Өзі ғана біледі. Және Ол құрлықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де, Аллаһ оны біледі және жердің қараңғылықтарындағы ұрыққа дейін, әрі құрғақ және ылғал нәрсеге дейін ашық Кітапта бар» («әл-Әнғам» сүресі, 59-аят).

Құранда келген ғайып жайлы хабарлар бірнеше түрге бөлінеді:

1. **Өткен уақыт жайлы хабарлар.** Бұған Құрандағы өткен уақыт пен дәуірлер жайлы оқиғалар мен хабарлар кіреді;

2. **Қазіргі уақыт жайлы хабарлар.** Аллаһ Өз Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның өмір сүрген уақытындағы болып жатқан көптеген жасырын оқиғалар жайлы хабарлаған. Мысалы, Ол оған (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екіжүзділердің сырларын ашып беретін, кейбір мұсылмандар жасаған қателіктері жайлы және басқа да тек Өзіне ғана белгілі нәрселер жайлы хабарлайтын;

3. **Болашақ жайлы хабарлар.** Аллаһ Тағала Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлі орын алмаған оқиғалар жайлы хабарлар түсіретін, әрі олар содан кейін дәл хабарда айтылғандай орын алатын. Ал бұл, өз кезегінде, Құранның – бүкіл нәрсені Білуші Жаратушының сөзі екендігін, ал Мухаммад – Оның Елшісі екендігін дәлелдейді.[512]

3. Заңдар мен қағидалардың теңдесі жоқтығы.

Құранның ғажаптығы мен теңдесі жоқтығының тағы бір қыры – оның бүкіл адамдар мен уақыттар үшін толық және кемел басшылықты қамтуында. Бұның баяндамасы, оның бүкіл нәрсені білетін, адамдарды жаратқан және оларға не нәрсе пайдалы, ал не нәрсе зиянды болатынын, олар үшін не нәрседе жақсылық, әрі не нәрседе бұзылу мен жамандық бар екендігін бәрінен жақсы білетін Жаратушы Аллаһ Тағаладан түсірілгендігінде. Аллаһ Тағала бекіткен кез-келген нәрсе өзіне кемел даналық пен білімді қамтиды.

---

[511] Қ-з: Ибн Нәжм «Истихраж әл-жидәл мин әл-Құръан әл-Карим» (100-бет), «Фатх әл-Бари» (6/582) және басқалар.

[512] Қ-з: әл-Анбари «Ад-дағи илә әл-исләм» (424-425 – беттер), «Изхар әл-хақҡ» (65 – 107) және басқалар.

أَلَا يَعْلَمُ مَنْ خَلَقَ وَهُوَ اللَّطِيفُ الْخَبِيرُ

«Жаратқан білмей ме? Ол өте Қырағы, әр нәрседен Хабардар» («әл-Мулк» сүресі, 14-аят).

Бұл аспект адамдардың ойлап шығарған жүйелері мен заңдарды қарастырғанда ерекше анық көрінеді. Адамдар ойлап шығарған заңдар олардың мәселелерін шешуге күшсіз болып шығады әрі барлық уақыт пен жағдайларға сәйкес келе бермейді. Сондықтан да адамдар үнемі оларға бірдеңе қосу немесе олардан бірдеңе өшіру арқылы оларды өзгертуге мұқтаж болады. Бүгін олар әлдебір заңды бекітіп, ал келесі күні оның күшін жойып жатады. Әрі бұл түсінікті де, өйткені адам баласы кәміл емес және қателерге бейім болып жаратылған. Ол адам жанының барлық түкпірлерін де білмейді, қоғамның жағдайында ертеңгі күні қандай өзгерістер болатынын да білмейді, әрі кез-келген мекен мен уақытқа жарамды бола алатын заң-ережелерді елестете де алмайды.

Бұл адамзаттың өзіне өзі әмбебап түрде жарамды бола алатын және оның моральдық-адамгершілік кейіпін дұрыстай алатын құрылыс пен жүйені ойлап таба алмайтындығын талассыз дәлелдейді. Сондай-ақ бұл Аллаһтың сөзі болған және кез-келген кемшіліктерден алыс Құранның оны бұлжытпай басшылыққа алатын адамдарға олардың мүдделерінің қамқорлыққа алынуын қамтамасыз ететіне және оларды бұл дүние мен Ақыреттегі кез-келген игілікке бағыттайтынына куә болады[513]. Аллаһ Тағала былай деді:

إِنَّ هَذَا الْقُرْآنَ يَهْدِي لِلَّتِي هِيَ أَقْوَمُ وَيُبَشِّرُ الْمُؤْمِنِينَ الَّذِينَ يَعْمَلُونَ الصَّالِحَاتِ أَنَّ لَهُمْ أَجْرًا كَبِيرًا

«Негізінде, осы Құран ең тура жолға салады. Әрі игі-салиқалы амалдар істеген мүминдерді олар үшін әрине зор сый бар екендігімен сүйіншілейді» («әл-Исра» сүресі, 9-аят).

Құран әкелген шариғат үш негізгі қағиданың үстіне құрылады:

1. Адамдардан алты басты адами құндылыққа (әд-дарурат), яғни: дінге, өмірге, ақылға, текке (ұрпаққа), ар-намысқа және мал-мүлікке – зиян тигізетін нәрселерді тойтару;

2. Пайданы (әл-хажият) қамтамасыз ету. Құран адамның барлық салаларда пайдаға қол жеткізуіне есік ашып, әрі оны зиянға апаратын кез-келген жолды жапты;

3. Ізгі мінездер мен лайықты дәстүрлерге байланысты қамқорлық.

Құран Кәрім (өзіне) адамзаттың оларды шешуге шамасы келмейтін барлық ғаламдық мәселелердің шешімін қамтиды. Ол адамдардың бұл дүние мен Ақыретте тіршілік етуіне қатысты

барлық салалардағы заң-ережелер мен қағидаларды орнатты, олардың бақытқа жетуі үшін қажетті ең тура және ең дұрыс жолын нұсқады.[514]

4. Қазіргі заман ғылыммен танылған фактілер жайлы хабарлар.

Құранның болашақта жасырылған құпиялар жайлы хабарларындағы теңдесі жоқтығының қырларына сондай-ақ ғылымның жақында ғана ашқан, ал Құранда олар жайлы сан ғасырлар бұрын айтылған мағлұмматтардың да қатысы бар. Бұл жағдай Аллаһтың мына сөздерін растайды:

سَنُرِيهِمْ آيَاتِنَا فِي الْآفَاقِ وَفِي أَنفُسِهِمْ حَتَّى يَتَبَيَّنَ لَهُمْ أَنَّهُ الْحَقُّ أَوَلَمْ يَكْفِ بِرَبِّكَ أَنَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ شَهِيدٌ

«Біз оларға бұның (Құранның) ақиқат екендігі айқын болғанға дейін әлемдегі және өздеріндегі аят-белгілерімізді жуық арада-ақ көрсетеміз. Расында, Раббыңның әрнәрсеге куә екендігі жеткілікті емес пе?» («Фуссыләт» сүресі, 53-аят).

Аллаһ Тағаланың бұл уәдесі көбінесе соңғы уақытта, яғни адамдар Аллаһтың табиғаттағы аят-белгілерін олар бұрын ие болмаған өте дәл аспаптар мен құралдар арқылы көруге мүмкіндік алғаннан кейін орындалды. Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл нәрселер жайлы он төрт ғасыр бұрын Аллаһ Тағаладан басқа кім айта алған?! Ал бұл жәйт Құранның – барлық нәрсені Білуші Жаратушының сөзі екендігін, ал Мухаммад – Оның шынайы Елшісі екендігін бұлтартпай дәлелдейді.

Құранның теңдесі жоқтығын растайтын көктер мен жердегі, құрлық пен теңіздегі, адамның өзіндегі, өсімдіктердегі, жануарлардағы, жәндіктердегі және басқа да нәрселердегі қазіргі заманда ашылған ғылыми жаңалықтар өте көп, бірақ бұл кітаптың көлемі өзінің санаулы ғана беттерінде олардың мысалдарын келтіруге мүмкіндік бермейді.[515]

2. Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) берілген физикалық тұрғыдағы ғажап құбылыстар.

Аллаһ Өзінің Пайғамбары (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) арқылы көрсеткен мұғжизалар саны өте көп. Біз олардың тоғыз түріне арнайы тоқтап, әрбіріне мысал келтіреміз.

---

[513] Қ-з: әз-Зурқани «Мәнәһил әл-ғирфан» (2/247) және басқалар.

[514] «Әдуа әл-баян» (3/409 – 457).

[515] Бұл жаңалықтардың көптеген мысалдары әз-Зурқанидің «Мәнәһил әл-ғирфан» (2/278 –284) атты кітабында және басқа да еңбектерде келтірілген.

Бірінші түрі: Аспан мен аспан денелеріне байланысты мұғжизалар

1. Айдың қақ айрылуы.

Бұл оқиға – Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шыншылдығын дәлелдеген ең үлкен мұғжизаларының бірі. Мекке тұрғындары Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұғжиза көрсетуін талап етті және ол оларға екіге бөлінген айды көрсетті. Олар оның екі бөлікке қақ айырылғанын және Хира тауы сол екі бөліктің арасында көрініп тұрғанын көрді[516]. Аллаһ Тағала бұл мұғжиза жайлы Құранда былай деп айтқан:

اقْتَرَبَتِ السَّاعَةُ وَانشَقَّ الْقَمَرُ وَإِن يَرَوْا آيَةً يُعْرِضُوا وَيَقُولُوا سِحْرٌ مُّسْتَمِرٌّ

«(Қиямет) Сағаты жақындады, әрі ай жарылды. Олар бір мұғжиза көрсе бет бұрады да: «Бұл жалғасты түрдегі бір сиқыр», – дейді!» («әл-Қамар» сүресі, 1-2 аяттар).

2. Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Миғраж түні ең жоғарғы аспанға көтерілуі.

Бұл мұғжиза жайлы Құран Кәрімде хабарланады. Раббымыз былай деген:

سُبْحَانَ الَّذِي أَسْرَى بِعَبْدِهِ لَيْلًا مِّنَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ إِلَى الْمَسْجِدِ الْأَقْصَى الَّذِي بَارَكْنَا حَوْلَهُ لِنُرِيَهُ مِنْ آيَاتِنَا إِنَّهُ هُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ

«Құлын бір түнде, оған аят-белгілерімізді көрсету үшін, Харам Мешітінен біз айналасын берекелі еткен Ақса Мешітіне апарған Аллаһ кез-келген кемшіліктен Пәк. Шәксіз, Ол – Естуші, Білуші» («әл-Исра» сүресі, 1-аят).

Түндердің бірінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеден Бәйт әл-Мақдиске (Иерусалимге) апарылып, өте аз уақытта үлкен арақашықтықты асып өтті. Сол жерден ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көктерге көтерілді, кейін періштелердің қанаттарының сықыры естілетін жерге жеткізіліп, Жәннатты көрді және Аллаһ Тағаладан бес уақыт парыз намаз жайлы бұйрық алды. Таң арайына шамалы-ақ уақыт қалған кезде ол Меккеге оралды. Құрайыштықтар оның осы орын алған оқиға жайлы айтқан сөздеріне сенбей, оның шыншылдығына дәлел келтіруін талап етті. Олар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұрын соңды Байт әл-Мақдиске бармағанын білгендіктен, одан сол мешіттің толық сипаттамасын жасап беруін талап етті. Сонда Аллаһ Тағала оның көзінің алдына

516 «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/182; 6/631 – № 3636; 8/617), Муслим (4/2159 – № 2800).

мешіттің бейнесін тұрғызды және Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған қарап, оларға оны сипаттап, олардың барлық сұрақтарына жауап берді.[517]

Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аспанмен байланысты басқа да мұғжизалар берілді, мысалы оның пайғамбарлығы басталғаннан кейін көктерді шайтандардан ақпа жұлдыздар (метеорлар) арқылы қорғаудың күшейгендігі.

Екінші түрі: Атмосфералық құбылыстармен байланысты мұғжизалар

1. Бұлттардың оған бағынуы.

Мұғжизаның бұл түрі Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан жаңбыр сұрап, немесе оның тоқтауын сұрап дұғамен жүгінгенде, өз дұғасына дереу жауап алатынында еді. Ол құрғақшылықтан құтқаруды сұрағанда, аспанды бұлттар қаптап, жаңбыр жауа бастайтын, ал ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жаңбырдың тоқтауын сұрағанда, қара бұлттар серпіліп жоқ болатын.[518]

2. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жел арқылы көрсетілген көмек.

Аллаһ Тағаланың өз Елшісіне жауға қарсы шайқастардағы көрсеткен көмектерінің бірі – оларға қарсы желдер жіберуінде еді. Құранда былай деп айтылған:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اذْكُرُوا نِعْمَةَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ إِذْ جَاءَتْكُمْ جُنُودٌ فَأَرْسَلْنَا عَلَيْهِمْ رِيحًا وَجُنُودًا لَّمْ تَرَوْهَا وَكَانَ اللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ بَصِيرًا

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтың сендерге берген нығметін еске алыңдар. Сендерге әскерлер келген кезде, Біз оларға қарсы (боранды) жел және сендер көрмеген әскер жібердік. Аллаһ не істегендеріңді толық көруші» («әл-Әхзаб» сүресі, 9-аят).

Бұл аятта сөз етіліп жатқан жел әс-Саба деп аталған. Аллаһ оны Мәдинаны қоршауға алған жаудың әскеріне қарсы жіберді, және бұл олардың шегінуне өзінің елеуліісерін тигізді. Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізілген: «***Маған жеңіс әс-Сабаның себебімен берілді, ал ғад қауымы әд-Дабурмен[519] жойылған болатын***».[520]

---

[517] Қ-з: «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/196 – № 3886), Муслим (1/156 – № 170).

[518] Қ-з: «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (2/413 – № 933), Муслим (2/614 – № 897).

[519] Әд-Дабур – өзімен әдетте шанды боран мен ыстық әкелетін, батыстан соғатын желдің атауы. Құранның көптеген аяттарында ғад тайпасы Худ пайғамбарға бағынбағандары үшін оларға жіберілген осы желмен жойылғандығы туралы айтылады.

[520] Муслим (№ 900).

Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) атмосфералық құбыластармен байланысты басқа да мұғжизалар берілген еді.

Үшінші түрі: адамдармен, жындармен және жануарлармен байланысты мұғжизалар

Мұғжизалардың бұл түрі өте көп. Біз кейбір мысалдарға ғана тоқтаймыз.

1. Адамдармен байланысты мұғжизалар.

– Бірде Али ибн Абу Талибтың (оған Аллаһ разы болсын) көздері ауырды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның көзіне жәй түкіріп, ол үшін дұға етті және ол онымен ештеңе болмағандай бірден жазылып кетті.[521]

– Бірде АбдуЛлаһ ибн Ғатиқтың жіліншігі сынғанда, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның үстінен қолымен сипап өткізді және ол сол уақытта-ақ сынбағандай қосыла қалды.[522]

– Хайбар шайқасы барысында Сәләма ибн әл-Ақуағ жіліншігіне қылыш тиіп, жарақаттанды. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның жіліншігіне үш рет үрледі және ол түгелімен жазылып кетті.[523]

2. Жындармен және шайтандармен байланысты мұғжизалар.

– Адамның ішінен шайтанды қуып шығару үшін Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Шық, уа Аллаһтың жауы! Мен – Аллаһтың Елшісімін!***», – деп айтуы жеткілікті болатын.[524]

– Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Усман ибн Абу әл-Ғастың кеудесінен жынды қуып шағарды. Ол оның кеудесіне оның өзінің қолымен үш рет ұрып, ауызына бірнеше рет жәй түкірді де: «***Шық, уа Аллаһтың жауы!***», – деді және осыны үш рет жасады. Бұдан кейін шайтандар Усманға ешқашан зиян тигізбейтін болды.[525]

3. Жануарлармен байланысты мұғжизалар.

Бұндай мұғжизалардың мысалдары сан алуан рет орын алған болатын. Бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір түйе келіп, оның алдында иілгені жеткізілген. Бұны

---

[521] Қ-з: әл-Бухари (6/144 – № 3009), Муслим (4/1872 – № 2406).

[522] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/340 – № 4039).

[523] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/475 – № 4206).

[524] Ахмад (4/170 – 172). Әл-Хайсами «Мужмәғ әз-зәуаид» (9/6) еңбегінде хадистің жеткізушілері сенімді екенін айтқан.

[525] Ибн Мәжаһ (2/1174 – № 3548). Қ-з «Сахих ибн Мәжаһ» (1/273).

көріген сахабалар: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Сізге жануарлар мен талдар иіледі. Біз бұны жасауға басқаларға қарағанда міндеттірек емеспіз бе?*» – деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Раббыларыңа құлшылық етіңдер және діндегі бауырларыңа құрмет көрсетіңдер! Егер маған адамдарға бір-бірінің алдында иілуді бұйыру рұқсат етілгенде, мен әйелдерге өз күйеулеріне иілуді бұйырар едім***», – деп жауап берді[526].

Төртінші түрі: талдармен, ағаш түбірлерімен және жемістермен байланысты мұғжизалар

1. Талдармен байланысты мұғжизалар.

– Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сапарда болған кезінде, оған бір бәдәуи келді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны Исламға шақырды, ал бәдәуи: «*Сенің айтып жатқаныңның шындық екеніне кім куәлік бере алады?*», – деп сұрады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Мына сәлма (ағашы)***[527]», – деді. Кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алқаптың шетінде өсіп тұрған сол ағашты өзіне шақырды. Сонда әлгі сәлма ағашы оған қарай ұмтылып, жерді жыртып келіп, оның алдына тұрды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сөздерінің шындық екеніне үш рет куәлік етуді бұйырды, әрі ол үш рет куәлік етіп, кейін өз орнына оралды.[528]

– Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сапарда болған кезінде әжетін өтегісі келгенде, бөтен көзден жасырына алатын жер таппады. Сонда ол бір талдың бұтағынан ұстап, оған: «***Аллаһтың қалауымен менің артымнан ер!***», – деді. Тал Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артынан жүгенмен жүргізіліп бара жатқан інген секілді ерді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл талмен екінші талға жақындап, дәл сол амалды жасап, тура сол сөздерді айтты. Кейін ол екі талға бір-бірімен оның алдында қосылып тұруды бұйырды. Ол әжетін өтеп болған соң, әр тал өз орнына оралып тұрды.[529]

– Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинада жұма құтпаларын құрма ағашының түбірінің үстіне тұрып айтатын. Кейін оған арнайы мінбер жасалды. Аллаһтың Елшісі

---

[526] Ахмад (6/76). Әл-Хайсами «Мужмағ әз-зауаидте» (9/9) хабардың иснадын жақсы деп атаған. Жануарлармен байланысты басқа да мұғжизалардың мысалдары жайлы оқу үшін имам Ахмадтың «әл-Муснадына» (4/170-172) және әл-Хайсамидің «Мужмағ әл-зауаид» (9/3-12) кітабына жүгініңіз.

[527] Шөлде өсетін ағаштардың бір түрі.

[528] Әд-Дәрими (1/17 – № 16). Хабардың иснады сенімді. Қ-з: «Мишкат әл-масабих» (№ 5925, 3/1666).

[529] Муслим (4/2306 – № 3012).

(оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол үшін жасалған мінберге көтерілгенде, (әлгі құрма ағашының) түбірі Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айырылысуын көтере алмай, бала секілді жылап, бұзау секілді мөңірей бастады. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған жақындап, құшақтады. Сол кезде түбір ыңырси бастады және Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны тыныштағанынша сипап тұра берді. «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/602 – № 3584), Ахмад (2/109).

2. Жемістермен байланысты мұғжизалар.

– Бірде Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір бәдәуи келіп: «*Мен сенің шынымен де Аллаһтың Елшісі екеніңді қалай біле аламын?*», – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «***Егер мен өзіме анау құрма шоғын шақырсам, менің Аллаһтың Елшісі екеніме куәлік етесің бе?***» – деп сұрады. (Бәдәуи келісті), әрі сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шоқты өзіне шақырды, әрі ол құрма ағашынан оның алдына келіп түсті. Кейін ол оған қайта оралуын бұйырды және ол орнына оралды, бұдан кейін әлгі бәдуи Исламды қабылдады.[530]

Бесінші түрі: таулармен, тастармен және топырақпен байланысты мұғжизалар

1. Таулармен байланысты мұғжизалар.

– Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрмен, Умармен және Усманмен бірге Ухуд тауына көтерілді және сол кезде тау олардың аяқтарының астында сілкіне бастады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Тыныш тұр, уа Ухуд, өйткені сенің үстіңде Пайғамбар, шыншыл[531] және екі шәһид[532] тұр!***», – деді.[533]

2. Тастармен байланысты мұғжизалар.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «***Мен өзіме пайғамбарлық келмей тұрып Меккеде маған сәлем беретін сол тасты білемін. Мен қазір де оны тани аламын***».[534]

---

[530] Әт-Тирмизи (5/594 – № 3628), Ахмад (1/123). Сонда-ақ хадисті әл-Хаким келтірді және оны Муслимің шарттарымен сенімді деп атады, онымен әз-Зәһаби келісті.

[531] «Шыншыл» («Сыддиқ») – Абу Бакрдың (оған Аллаһ разы болсын) ардақты лақап аты.

[532] Шәһид – дін үшін жанын қиғандар. Умар ибн әл-Хаттаб 644-жылы, ал Усман ибн Аффан (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) 656-жылы өлтірілді.

[533] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/22, 40; 7/53 – № 3675).

[534] Муслим (4/1782 – № 2277).

3. Жермен байланысты мұғжизалар.

Хунайн шайқасы күні, шайқас шарықтау шегіне жеткенде, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қашырынан түсіп, бір уыс топырақты алып, жау жаққа қарап, оны олардың беттеріне лақтырып: «***Олардың беттері қисайып кетсін!***», – деді, және бұл топырақ жаудың барлығының көзіне тиді, кейін олар жеңіліске ұшырады, ал олардан алынған олжа мұсылмандардың арасында бөлінді.[535] Бұл мұғжиза Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Бадр шайқасында да берілген болатын.

Алтыншы түрі: Сумен, тамақпен және жемістермен байланысты мұғжизалар

1. Судың көбеюі.

Муғжизалардың бұл түрі Аллаһтың қалауымен Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көптеген мәрте орын алатын.

– Мұсылмандар Худайбияда болғанда қатты шөлдеді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолын (су құйылған) ыдысқа салды және сол кезде оның саусақтарының арасынан судың молымен аққаны сонша, адамдардың барлығы одан ішіп (шөлін қандырып), дәрет ала алды. Сол оқиғаның куәгері болған Жәбирден (оған Аллаһ разы болсын): «*Сендер қанша едіңдер?*», – деп сұралғанда, ол: «*Біз жүз мың болсақ та, бізге су жетер еді, ал біз бір мың бес жүз (адам) едік*», – деп жауап берді.[536]

– Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Табукка келгенде, оның бұлағынан өте аз су ағып жатқанын көрді. Сонда ол одан уысымен аздап аздап кіші-гірім су жинап алды да, сол сумен бетін және қолдарын жуды, содан соң ол қалған суды қайтадан бұлаққа төкті, және содан кейін одан су мол аға бастады. Бұл бұлақ әлі де бар.[537]

– Абу Хурайра (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ болған Аллаһпен ант етемін, мен аштықтан (қырылдаған) қарынымның дауысын басу үшін, жерге жатуға мәжбүр болатын немесе ішіме тас байлаған уақыттарды басымнан кештім. Бірде мен олар (яғни Пайғамбар мен оның сахабалары) жүретін жолға отырдым. Біршама уақыт өткен соң менің қасымнан Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өтіп бара жатып, менің жүзім нені меңзегенін және менің ішімде не болып жатқанын түсініп, маған күлімсіре қарады да:*

---

[535] Муслим (2/1402 – № 1777).

[536] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/581; 7/441, 443; 10/101 – № 3576), Муслим (3/1484 – № 1856 (17)).

[537] Қ-з: Муслим «әс-Сахих» (4/1784 – № 706).

«***Абу Хирр[538]!***», – деді. Мен: «Мен осындамын, уа Аллаһтың Елшісі!», – дедім. Ол: «***Менің артымнан жүр***», – деді, және мен оның артынан ердім. Кейін ол үйге кірді, ал мен кіруге рұқсат сұрадым және ол маған рұқсат етті. Үйге кіргенде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүт құйылған ыдысты (кесені) көрді де: «***Бұл сүт қайдан?***», – деп сұрады. Оған: «Оны сізге пәлен ер (немесе:...пәлен әйел) жіберді», – деп жауап берілді. Сонда ол: «***Абу Хирр!***», – деді. Мен: «Мен осындамын, уа Аллаһтың Елшісі!», – деп үн қаттым, ал ол: «***Шатырдың астында тұратындардарға бар да, оларды маған шақыр!***», – деп бұйырды».*

Абу Хурайра (оған Аллаһ разы болсын) былай деген: «*Шатырдың астында тұратындарға келсек, олар Исламның қонақтары болатын, және Мәдинада олардың отбасылары да, ақшалары да, оларға көмектесін ешкімі де жоқ болатын. Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) садақа (яғни зекет) жіберілгенде, ол оның бір бөлігін әрдайым соларға беретін, ал өзі оған тіпті қол тигізбейтін. Ал егер оған (біреу) бірдеңе сыйласа, ол оның бір бөлігін соларға беріп, бір бөлігін өзіне алатын. Оның сөздері мені қынжылтты және мен өзіме (іштей): «Бұл ыдыс (кесе) шатырдың астында тұратындырға не болмақ?[539] Мен бұл сүттің бір бөлігін ішіп, күш жинап алуға лайықтырақпын, ал егер бұл жерге олар келсе, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірінші кезекте ыдысты оларға беруді бұйырады және кезек маған жеткенше, сүттен бірдеңе қалатыны екіталай!», – дедім, алайда Аллаһқа және Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бағынбау мүмкін емес болғандықтан, мен оларға барып, оларды Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шақырдым. Олар оның үйіне келіп, кіруге рұқсат сұрады. Ол оларға рұқсат еткенде, олар кіріп, отырды. Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Уа Абу Хирр!***», – деді, мен: «Мен осындамын, уа Аллаһтың Елшісі!» – деп үн қаттым. Ол маған: «***Ыдысты (кесені) алып, оларға бер!***», – деді*».

Абу Хурайра (оған Аллаһ разы болсын) былай деген: «*Мен кесені алып, оны кезекпен сол жерде отырғандардың әрбіріне бере бастадым, олар одан тойып ішіп, сосын ыдысты маған қайтарып отырды. Әрі осылайша олардың барлығы тойып ішіп болғанша жалғасып, кезек Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткенде, ол кесені алып, оны қолына қойып, кейін маған күлімсіреп қарап: «**Абу***

---

[538] Абу Хурайра («марғаудың әкесі») – бұл хадисті жеткізген Абд әр-Рахман ибн Сахрдың лақап аты (куниясы). Ол киімінің жеңінде жиі мысық ұстап жүргені үшін осылай аталып кеткен және оны жиі осылай атайтын, бірақ бұл жағдайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны «Абу Хирр» (мысықтың әкесі) деп атады.

[539] Бұл уақытта онда ондаған адам болған.

***Хирр!**», – деді. Мен: «Мен осындамын, уа Аллаһтың Елшісі!», – дедім. Сонда ол: «**Екеуіміз ғана қалдық**», – деді. Мен: «Сіз шындықты айтып жатырсыз, уа Аллаһтың Елшісі!», – дедім. Ол: «**Отыр да, іш!**», – деді. Мен отырып, кеседегі сүтті іштім, кейін ол қайтадан: «**Іш!**», – деді, және мен қайтадан іштім. Әрі ол маған мен: «Жоқ, Сізді ақиқатпен жібергенмен ант етемін, мен енді ішуге шамам жоқ!», – деп айтқанымша: «**Іш!**», – деп қайталай берді. Сосын ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Онда оны маған бер**», – деді, және мен оған кесені бердім. Ол Аллаһ Тағалаға (Оның мейірімімен барлық адам бір кесемен тойып ішкендері үшін) мақтау айтып, кейін: **«Аллаһтың атымен! /БисмиЛләһ/»,** – деп, қалғанын ішті».*[540]

2. Тағамның көлемінің және ондағы берекенің көбеюі.

– Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мың төрт жүз адам болған сахабаларымен бірге әскери жорық жасағанда, олардың азық-түліктері біте бастады. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жамылғы жайып, оған адамдарда бар жеуге болатын барлық нәрсені жинауды бұйырды. Тамақ өте аз болды, алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған Аллаһ Тағаланың берекесін тіледі. Сонда жорыққа қатысқандардың барлығы онымен аштығын басып, ыдыстарын (торсықтарын) толтыра алды.[541]

– Ор (Хандак) шайқасында Пайғамбар мен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалар үш күн бойы тамақсыз қалды. Сонда Жәбир ибн АбдуЛлаһ (оған Аллаһтың разы болсын) лағын сойды, ал оның әйелі төрт қос алақан мөлшердегі арпаны қол диірменмен тартып, тамақ жасады. Кейін Жәбир Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барып, оны жай дауысымен үйіне тамақтануға шақырды. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұны естіп, қатты айқайлап, ор жорығына қатысқан барлық адамдарды онымен бірге Жәбир жасаған азғантай тағамды бөлісіп жеуге шақырды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәбирдің үйіне келіп, оның қамырына бірнеше рет жәй түкіріп, оған Аллаһтың берекесін тіледі, кейін тамақ қайнап жатқан қазанға да дәл соны жасады. Жәбир былай деп баяндайтын: «*Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген адамдар мыңға жуық еді, бірақ Аллаһпен ант етемін, олардың бәрі тамақтанды, кейін тамақты қалдырып, кетіп қалды, кейін біздің қазанымыз дәл сол дауыстарды шығаруын жалғастыра берді*[542]*, ал ондағы қамыр азаймады*».[543]

---

540 «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (11/281 – № 6452).

541 «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (6/129 – № 2982), Муслим (3/1354 – № 1729).

542 Яғни ондағы ет, одан ештеңе алынбағандай қайнап тұра берді.

543 Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (7/395, 396 – № 4101), Муслим (3/1610 – № 2039).

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы секілді мұғжизаларының көптенген мысалдарын келтіруге болады.

3. Жемістер мен дәндердің көбеюі.

– Бірде Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір адам келіп, одан тамақ сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған жарты уасқ[544] арпа берді. (Әлгі) адам одан қанша қалғанын тексеру үшін оны өлшегенге дейін, онымен тамақтанып, отбасын тамақтандыруын жалғастыра берді. Кейін ол Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барды, әрі ол оған: «***Егер сен сол арпаны өлшемегініңде, онымен тамақтануыңды жалғастыра берер едің және ол сендерде қала берер еді***», – деді.[545]

– Жәбирдің әкесі (оған Аллаһ разы болсын) ізінен біраз қарыздарын қалдырып қайтыс болды. Оның құрма ағаштары болатын, алайда ол одан алынған жемістерден қарызды жабу үшін жылдар керек еді. Жәбир Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барып, одан қарыз бергендерге құрманы өлшеп берген кезде сол жерде болуын өтініш етті. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, құрма ағаштарды айналып өтті де, кейін Жәбирге қарыз берушілірге құрма өлшеуді бастауын бұйырды. Ол бұны оларға тиесілі болғанды толығымен өтеп болғанға дейін жасай берді. Жәбир былай баяндайтын: «*Бұдан кейін менің құрмаларымнан, олардан ештеңе алынбағандай, қанша болса, сонша қалды*».[546]

Жетінші түрі: Аллаһ Тағаланың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолдау көрсету үшін періштелерді жіберуі

Аллаһ Тағала Өз Елшісіне және оның дініне қолдау көрсету үшін періштелірін жіберген жағдайлар көп болғаны белгілі. Біз тек кейбір мысалдарды ғана келтірейік.

1. Хижра жасағанда көрсетілген қолдау.

Құранда былай деп айтылған:

إِلَّا تَنصُرُوهُ فَقَدْ نَصَرَهُ اللَّهُ إِذْ أَخْرَجَهُ الَّذِينَ كَفَرُوا ثَانِيَ اثْنَيْنِ إِذْ هُمَا فِي الْغَارِ إِذْ يَقُولُ لِصَاحِبِهِ لَا تَحْزَنْ إِنَّ اللَّهَ مَعَنَا فَأَنزَلَ اللَّهُ سَكِينَتَهُ عَلَيْهِ وَأَيَّدَهُ بِجُنُودٍ لَّمْ تَرَوْهَا وَجَعَلَ كَلِمَةَ الَّذِينَ كَفَرُوا السُّفْلَى وَكَلِمَةُ اللَّهِ هِيَ الْعُلْيَا وَاللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ

---

[544] 1 уасқ 60 сағқа тең, ал бір сағ орташа ер адамның 4 қос алақынының мөлшері.

[545] Муслим (4/1784 – № 2281).

[546] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/587, 7/357 – № 3580).

«Егер сендер оған (Мухаммадқа) көмек көрсетпесеңдер де, кәпірлер оны (Меккеден) қуып шығарған кезде-ақ Аллаһ оған көмек көрсетіп қойды. Ол үңгірдегі екеудің бірі еді, әрі өз жолдасына (Абу Бакрге): «Кейіме! Расында, Аллаһ бізбен бірге», – дегенде, Аллаһ оған тыныштық түсірді. Сондай-ақ оны сендер көрмейтін әскерлермен қолдады. Сөйтіп, кәпірлердің сөзін төмендетті. Ал Аллаһтың сөзі жоғары. Аллаһ өте Үстем, аса Дана» («әт-Тәуба» сүресі, 40-аят).

2. Бадр шайқасы барысындағы қолдау.

Аллаһ Тағала бұл жайлы былай деген:

إِذْ تَسْتَغِيثُونَ رَبَّكُمْ فَاسْتَجَابَ لَكُمْ أَنِّي مُمِدُّكُم بِأَلْفٍ مِّنَ الْمَلَائِكَةِ مُرْدِفِينَ

«Сол уақытта Раббыларыңа жалбарынуда едіңдер. Сонда Ол: «Шынында сендерге бірінің ізіне бірі ерген мың періштемен көмек етемін», – деп тілектеріңді қабыл етті» («әл-Әнфал» сүресі, 9-аят).

3. Ухуд шайқасындағы қолдау.

Ухуд шайқасында Жәбірейіл мен Микаил періштелердің (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оң және сол жағында шайқасқаны жеткізіледі.[547]

4. Хандак (Ор) шайқасындағы қолдау.

Аллаһ Тағала бұл жайлы былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اذْكُرُوا نِعْمَةَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ إِذْ جَاءَتْكُمْ جُنُودٌ فَأَرْسَلْنَا عَلَيْهِمْ رِيحًا وَجُنُودًا لَّمْ تَرَوْهَا وَكَانَ اللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ بَصِيرًا

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтың сендерге берген нығметін еске алыңдар. Сендерге әскерлер келген кезде, Біз оларға қарсы (боранды) жел және сендер көрмеген әскер жібердік. Аллаһ не істегендеріңді толық көруші» («әл-Әхзаб» сүресі, 9-аят).

5. Бану құрайзаға қарсы жорықтағы қолдау.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Хандак (Ор) шайқасынан кейін үйіне оралып, қаруын шешіп, ғұсыл алғанда, оған басы шаңмен қапталған Жәбірейіл келіп: «*Сен қаруыңды шешіп қойдың ба? Аллаһпен ант етемін, біз болсақ оны әлі шешпедік! Оларға бар!*», – деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Қайда?***», – деп сұрады.

---

[547] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/358 – № 4054), Муслим (4/1802 – № 2306).

Жәбірейіл: «*Мына жерге*», – деді де, бану құрайза[548] тайпасының қоныстарына нұсқады. Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға бағыт алды және Аллаһ оған оларға қарсы жеңіс нәсіп етті.[549]

6. Хунайн шайқасындағы қолдау.

Аллаһ Тағала бұл жайлы былай деген:

ثُمَّ أَنزَلَ اللَّهُ سَكِينَتَهُ عَلَى رَسُولِهِ وَعَلَى الْمُؤْمِنِينَ وَأَنزَلَ جُنُودًا لَّمْ تَرَوْهَا وَعَذَّبَ الَّذِينَ كَفَرُوا وَذَلِكَ جَزَاءُ الْكَافِرِينَ

«Содан кейін Аллаһ Өз Елшісіне әрі мүминдерге тыныштық түсірді. Сондай-ақ сендер көрмеген әскер жіберіп, кәпірлерге соққы берді. Міне, кәпірлердің жазасы осы!» («әт-Тәуба» сүресі, 26-аят).

Сегізінші түрі: Аллаһтың Өз Елшісін жаулардан қорғауы

Аят-мұғжизалардың бұл түрі Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алып келген дінінің ақиқат екенінің ең ұлы дәлелдерінің бірі болып табылады.

Аллаһ Тағала Өзінің Елшісін пұтқа табынушылардан қорғап, оны қорлағандардан құтқарды, әрі олар оған зиян тигізе алмады. Бұған Аллаһтың мына сөздері нұсқайды:

فَاصْدَعْ بِمَا تُؤْمَرُ وَأَعْرِضْ عَنِ الْمُشْرِكِينَ إِنَّا كَفَيْنَاكَ الْمُسْتَهْزِئِينَ

«Саған берілген бұйрықты ашық ұқтыр да, көпқұдайшылдардан бет бұр. Рас, Біз сені мазақтаушылардан қорғап қойдық» («әл-Хижр» сүресі, 94-95 аяттар).

Аллаһ Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Кітап иелерінен де қорғап, құтқарды. Ол былай деді:

فَإِنْ آمَنُوا بِمِثْلِ مَا آمَنتُم بِهِ فَقَدِ اهْتَدَوا وَّإِن تَوَلَّوْا فَإِنَّمَا هُمْ فِي شِقَاقٍ فَسَيَكْفِيكَهُمُ اللَّهُ وَهُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ

«Егер олар сендер иман келтіргенге иман келтірсе, сонда тура жолға ілеседі. Ал егер бет бұрса, сонда мүлде тура жолдан шыққан болады. Аллаһ сені олардан қорғауға жетіп асады. Өйткені Ол – Естуші, әр нәрсені Білуші» («әл-Бақара» сүресі, 137-аят).

---

[548] Хандак (Ор) шайқасы кезінде яһудилік бану құрайза тайпасы алдымен мұсылмандардың одақтастары болып шықты, бірақ шайқас барысында мушриктер яһудилерді одақ келісімін бұзуға көндірді, әрі осы опасыздығының салдарынан олар жазаланды.

[549] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/407 – № 4117), Муслим (3/1389 – № 1769).

Аллаһ Тағала Елшісін сондай-ақ барлық адамдардан да қорғап қойды. Бұған Оның мына сөздері нұсқайды:

يَا أَيُّهَا الرَّسُولُ بَلِّغْ مَا أُنزِلَ إِلَيْكَ مِن رَّبِّكَ وَإِن لَّمْ تَفْعَلْ فَمَا بَلَّغْتَ رِسَالَتَهُ وَاللَّهُ يَعْصِمُكَ مِنَ النَّاسِ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْكَافِرِينَ

«Әй Елші! Раббың тарапынан түсірілгенді жеткіз. Егер оны істемесең, Оның Жолдауын жеткізбеген боласың. Аллаһ сені адамдардан қорғайды. Күдіксіз, Аллаһ кәпір елді тура жолға салмайды» («әл-Мәида» сүресі, 67-аят).

Келтірілген аяттардың соңғысы Аллаһ Тағаланың Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық адамдардан қорғағанын көрсетеді. Әрі орын алған шындық Құранның осы келтірілген үш хабарын растады – Аллаһ Тағала Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таңғаларлық, әдеттен тыс тәсілдермен қорғап, жауларынан құтқарды және олардың санының көптігіне және күш пен қару-жарақтарының басымдылығына қарамастан, олардың үстінен жеңіс сыйлады.

Аллаһтың Өз Пайғамбарын (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қорғағанының таңғаларлық мысалдарының бірі – Исламды қабылдаған христиан адамның оқиғасы. Ол «әл-Бақара» мен «Әли-Имран» сүрелерін оқи бастады, әрі Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсіп жатқан уахиларды жазатын болды, бірақ кейін діннен безіп, қайтадан христиандыққа оралды. Сөйтіп ол: «*Мухаммад тек менің ол үшін жазып берген нәрселерімді ғана біледі*!», – деп айта бастады. Біраз уақыт өткен соң, Аллаһ оның өмірін алып, ол жерленді. Келесі күні таң атқанда, жер оны шығарып тастаған болып шықты. Адамдар: «*Бұны Мухаммад өз сахабаларымен бірге істеді: ол олардан қашып кеткеннен соң, олар жолдасымыздың қабірін қазып, оны сыртқа шығарып тастады!*» – деді де, ол үшін терең шұңқыр қазды, бірақ жер оны қайтадан шығарып тастады. Адамдар қайтадан: «*Бұны Мухаммад өз сахабаларымен бірге істеді: ол олардан қашып кеткеннен соң, олар жолдасымыздың қабірін қазып, оны сыртқа шығарып тастады!*», – деді. Бұдан кейін олар ол үшін барынша терең шұңқыр қазып оны соған көмді, бірақ азанда жер оны қайтадан шығарып тастағанын көрді. Сонда олар бұның адам қолымен жасалмаған нәрсе екендігін түсініп, оны жер бетінде қалдырды.[550]

---

[550] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/624 – № 3617), Муслим (4/2145 – № 2781).

Тоғызыншы түрі: Аллаһтың Өз Елшісінің дұғасына жауап беруі

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа дұғалармен жүгініп, оларға шуақты күндей анық және айқын жауап алғаны туралы сансыз хабарлар бар. Біз бұндай мысалдардың тек шағын тобын ғана келтіреміз.

1. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа Әнас үшін (оған Аллаһ разы болсын) мына дұғамен жүгінді: «***Уа Аллаһ! Оның байлығы мен балаларын арттыр және оған сыйлаған нәрселерінде оған береке бер!***[551] ***(Оның өмірін ұзарт және оны кешір!***[552])». Кейін Әнас былай деген: «*Аллаһпен ант етемін, расында, қазір мен бай мал-мүлікке иелік етемін, әрі менің балаларым мен немерелерімнің саны жүзге жетеді*»[553].[554]

Ол сондай-ақ былай деген: «*Қызым Умайна маған Хажжәждің басқару кезінде Басрада менің ұрпағымнан*[555] *жүз жиырмадан астам адам жерленгенін айтқан*».[556]

Әнастың жылына екі рет жеміс беретін, жұпар иіс шығарған райхан өсетін жеміс бағы болған.[557]

2. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағалаға Абу Хурайраның анасын Исламға келтіруін сұрап дұға еткен, әрі ол содан соң бірден Исламды қабылдаған. Бұл оқиға шын мәнінде таңғарарлық.[558]

3. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Уруа ибн әл-Жәғдтың (оған Аллаһ разы болсын) саудалық істеріне береке тілеп: «***Уа Аллаһ! Оның сауда келісімдеріне береке бер!***», – деп дұға еткен еді. Бұдан соң Уруа жәй жердің шаңын сатып алса да, пайда табатын болды.[559]

4. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің кейбір жауларына қарсы дұға қылғанда да, Аллаһтан жауап алған. Осылайша оның дұғасымен Абу Жәхл, Умайя, Уқба, Утба және басқа да көптеген адамдар өз жазаларына ұшырады.[560]

---

[551] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (4/228, 11/144 – №1982), Муслим (4/1928 – № 2480).

[552] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (№ 653). Қ-з: «Фатхәл-Бари» (11/145), «Сияр әғләм «ән-нубалә» (2/219).

[553] Муслим (4/1929 – № 2481 (143)).

[554] Қ-з: «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (4/228 – № 1982).

[555] Әнас жәй ғана бай болмаған, ол жүзге жуық жыл өмір сүрген.

[556] Қ-з: «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (4/228 – № 1982).

[557] Әт-Тирмизи (5/683 – № 3833). Қ-з: «Сахих ат-Тирмизи» (3/234).

[558] Муслим (4/1938 – № 2491).

[559] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/632 – № 3642).

[560] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/349), Муслим (3/1418).

5. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Бадр шайқасы күні, Хунайн шайқасы барысында айтқан дұғалары, оның Сурақа ибн Мәликке қарсы жасаған дұғасы жайлы да, сондай-ақ оның Аллаһтан жауап алған басқа да көптеген дұға-тілектері жайлы да айту керек.[561]

Келтірілген дәлелдермен және аят-мұғжизалармен танысқан әрбір ақыл-парасатты және әділ-бейтарап адам, жүрегінің тебіренгенін сезінеді, және оған: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне және Мухаммад – Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік етемін», – деп айтудан басқа ештеңе қалмайды.

---

[561] Қ-з: Муслим (3/1384 – № 1775), әл-Бухари (7/238 – № 3906).

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

МУХАММАД – БАРЛЫҚ АДАМДАР МЕН ЖЫНДАРҒА (ЖІБЕРІЛГЕН) АЛЛАҺТЫҢ ЕЛШІСІ

Кез-келген мұсылман адамның сенімінің ең бірінші кезекті негізі Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген дініне деген және ол Жердің ақыл-есті тұрғындарының бәріне, адамдар мен жындарға, арабтар мен араб еместерге, Кітап иелері мен отқа табынушыларға, билеушілер мен оларға бағыныштыларға жіберілген Аллаһтың Елшісі екендігіне, және ешкім үшін осы Елшіге ілесуден басқа Құдайға (апаратын) жол жоқ екендігіне шынайы иман болуы керек. Тіпті Муса, Иса және басқа да пайғамбарлар егер оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келу уақытына дейін өмір сүргенде, олар оған ілесулері керек болар еді. Бұл жайлы Аллаһ Тағаланың мына сөздері куәлік болады:

وَإِذْ أَخَذَ اللَّهُ مِيثَاقَ النَّبِيِّينَ لَمَا آتَيْتُكُم مِّن كِتَابٍ وَحِكْمَةٍ ثُمَّ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مُّصَدِّقٌ لِّمَا مَعَكُمْ
لَتُؤْمِنُنَّ بِهِ وَلَتَنصُرُنَّهُ قَالَ أَأَقْرَرْتُمْ وَأَخَذْتُمْ عَلَى ذَلِكُمْ إِصْرِي قَالُوا أَقْرَرْنَا قَالَ فَاشْهَدُوا وَأَنَا مَعَكُم مِّنَ
الشَّاهِدِينَ فَمَن تَوَلَّى بَعْدَ ذَلِكَ فَأُولَئِكَ هُمُ الْفَاسِقُونَ

«Сол уақытта Аллаһ (Тағала) пайғамбарлардан: «Сендерге Кітап, хикмет беремін. Ал содан соң сендерге жандарыңдағыны растаушы Елші келсе, әлбетте оған иман келтіріп, оған жәрдем етесіңдер!» – деп ант алды. Ол: «Мойындап, ауыр міндетімді қабыл алдыңдар ма?» – дегенде, олар: «Қабыл алдық!» – деді. (Аллаһ): «Ендеше куә болыңдар. Мен де сендермен бірге куә болушылардынмын», – деді. Ал кім осыдан кейін бет бұрса, міне, солар бұзақылар» («Әли-Имран» сүресі, 81-82 аяттар).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Аллаһ адамдарға жіберіп отырған барлық Пайғамбарлардан, егер олардың өмір*

сүру кезінде Мухаммад келетін болса, олар оған міндетті түрде иман келтіріп, көмек көрсететініне ант алды. Бұдан бөлек, әр Пайғамбарға өзінің ілесушілерінен, егер олардың өмір сүру кезінде Мухаммад келсе, олар оған иман келтіріп, оған көмектесетіндері жайлы ант алу бұйырылды».[562]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «***Егер Муса пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) тірі болып, сендердің араларыңда болғанда, ол міндетті түрде маған еретін еді***».[563]

Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлығы жалпыға ортақтығын теріске шығаратындар екі санаттың біріне жатады:

1. Оны Аллаһ жібергеніне сенетін, алайда оның елшілігі тек арабтарға қатысты деп санайтындар.

2. Оны Аллаһ Тағаланың Елшісі деп мойындамайтындар.

Бірінші санаттағыларға, яғни Мухаммадтың елшілігіне сенетін, алайда оның елшілігі арабтарға ғана қатысты деп санайтындарға келсек, оларға: «Егер сендер Мухаммад алып келген пайғамбарлық жолдауға сенсеңдер, онда оның барлық тармақтарына де сенулерің керек, ал олардың арасында – оның (Пайғамбарлық) миссиясының жалпыға ортақ екендігіне және оның шариғаты одан бұрынғы шариғаттардың барлығының күшін жойғандығына нұсқау бар. Ол әртүрлі елдерге елшілер жіберіп, олардың билеушілерін Исламды қабылдауға шақырып жолдау жасады. Бұндай жолдаулар парсы билеушісі Хосройға, Рим императоры кайсарға, Эфиопиялық негуске және басқа да патшаларға жіберілген еді. Елшіге сену туралы мәлімдеме ол әкелген барлық нәрсені растаумен қабаттас болмаса, бұл нағыз қайшылық пен тәкаппарлық болады», – деп жауап айтылады.

Екінші санаттыларға, яғни Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) елшілігін түгелімен жоққа шығаратындарға келсек, оларға оның шыншылдығын (ақиқаттығын) талассыз дәлелдейтін анық дәлелдер көрсетілді. Оған түсірілген Құран теңдесі жоқ мұғжиза болған және болып қала береді де, әрі Аллаһ Тағаланың адамдар мен жындарға бағытталған Құран

---

[562] Қ-з: Ибн Тәймия «Әл-фурқан байна аулия әр-рахман уә аулия әш-шайтан» (191 – 200-беттер), «Фатауа ибн Тәймия» (19/9-65), «Әл-жәуаб әс-сахих лиман баддәлә дина әл-масих» (1/31-176), «Тафсир ибн Касир» (1/378) және басқалар.

[563] Ахмад «әл-Муснад» (3/338). Хадис оның сенімділігін нығайтатын көптеген жеткізуші жолдарына ие. Бұған әл-Хайсами «Мужмағ әз-зауаид» (1/173-174) еңбегінде нұсқайды. Қ-з: «Мишкат әл-масабих» (әл-Әлбанидің радакциялауы) (1/63, 64).

секілді әлдебір нәрсені құрастыруға деген үндеуі әлі күнге дейін өз күшіне ие. Мухаммадқа иман келтірмегендер, бұл үндеуге жауап беріп, сол секілді нәрсені ойдан шығарып көрулері керек, немесе оны ақиқат деп мойындап, оған иман келтірулері керек, ал бұл, өз кезегінде, Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізген барлық нәрсеге толық иман келтіруді меңзейді. Егер олар тәкаппарлық танытып, Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жіберілген (Құран) секілді бірдеңе жазуға тырысса, өздерінен бұрын болғандар секілді міндетті түрде сәтсіздікке ұшырап, өздерін масқаралайды, өйткені Құран – мәңгі және үздіксіз жалғасып келе беретін мұғжиза.[564]

Айтылғанның барлығы бүкіл адамдардың Құранға сәйкес өмір сүріп, шешім үшін оған жүгінуге міндетті екендігіне нұсқайды.

Құран Кәрім Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл адамзатқа жіберілген Елші және Пайғамбарлардың соңғысы екендігіне айқын түрде нұсқайды. Аллаһ Тағала былай деген:

قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا الَّذِي لَهُ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ لَا إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ يُحْيِي وَيُمِيتُ فَآمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ النَّبِيِّ الْأُمِّيِّ الَّذِي يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَكَلِمَاتِهِ وَاتَّبِعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ

««Әй адам баласы! Мен сендердің барлығыңа Аллаһтың Елшісімін. Жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол тірілтеді әрі өлтіреді. Аллаһқа және Оның сөздеріне иман келтірген, жазу мен оқуды білмейтін Пайғамбарға иман келтіріңдер. Және оған еріңдер, әрине, тура жол табасыңдар», – де» («әл-Әграф» сүресі, 158-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

تَبَارَكَ الَّذِي نَزَّلَ الْفُرْقَانَ عَلَىٰ عَبْدِهِ لِيَكُونَ لِلْعَالَمِينَ نَذِيرًا

«Бүкіл әлемдерге ескертуші болуы үшін құлына (жақсы мен жаманның арасын ажырататын) Құранды түсірген Аллаһ Игі-Берекелі» («әл-Фурқан» сүресі, 1-аят).

Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне адамдарды ескертуді және оларға Раббыларының хабарын жеткізуді бұйырып, былай деді:

قُلِ اللَّهُ شَهِيدٌ بَيْنِي وَبَيْنَكُمْ وَأُوحِيَ إِلَيَّ هَٰذَا الْقُرْآنُ لِأُنذِرَكُم بِهِ وَمَن بَلَغَ أَئِنَّكُمْ لَتَشْهَدُونَ أَنَّ مَعَ اللَّهِ آلِهَةً أُخْرَىٰ قُل لَّا أَشْهَدُ قُلْ إِنَّمَا هُوَ إِلَٰهٌ وَاحِدٌ وَإِنَّنِي بَرِيءٌ مِّمَّا تُشْرِكُونَ

---

564 «Әл-жәуаб әс-сахих лиман баддәлә дина әл-масих» (1/144, 166), «Мәнәхиж әл-жәдәл фи әл-Құрьан әл-Кәрим» (303-бет), доктор Салих ибн Фаузан «Әл-иршад илә сахих әл-иғтиқад» (2/182).

«(Мухаммад, оларға:) «Мені мен сендердің араларында Аллаһ куә. Маған бұл Құран, ол арқылы сендерді сондай-ақ ол кімге жетсе, соларды ескертуім үшін уахи етілді...», – де» («әл-Әнғам» сүресі, 19-аят).

Бұл аяттар Құранның жолдауы ол жеткен әрбір адамға қатысты екеніне анық нұсқайды.

Құранда Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолдауы Кітап иелірін де қамтитыны жайлы толық айқындықпен айтылған. Раббымыз былай деген:

وَقُل لِّلَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ وَالْأُمِّيِّينَ أَأَسْلَمْتُمْ فَإِنْ أَسْلَمُوا فَقَدِ اهْتَدَوا وَّإِن تَوَلَّوْا فَإِنَّمَا عَلَيْكَ الْبَلَاغُ وَاللَّهُ بَصِيرٌ بِالْعِبَادِ

«Сондай-ақ Кітап берілгендерге және сауатсыздарға: «Исламды қабылдадыңдар ма?» – де. Егер олар Исламды қабыл етсе, онда тура жол табады. Ал егер олар бет бұрса, онда саған жолдауды жекізу ғана міндет. Аллаһ құлдарын нақ Көруші» («Әли-Имран» сүресі, 20-аят).

مَّا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَا أَحَدٍ مِّن رِّجَالِكُمْ وَلَكِن رَّسُولَ اللَّهِ وَخَاتَمَ النَّبِيِّينَ وَكَانَ اللَّهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمًا

«Мухаммад сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Аллаһ әр нәрсені толық Білуші» («әл-Әхзаб» сүресі, 40-аят).

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلْعَالَمِينَ

«Біз сені бүкіл әлемдерге мейірім етіп қана жібердік» («әл-Әнбия» сүресі, 107-аят).

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا كَافَّةً لِّلنَّاسِ بَشِيرًا وَنَذِيرًا وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ

«Сені біртұтас адамзат баласына қуандырушы әрі ескертуші етіп қана жібердік. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді» («әс-Саба» сүресі, 28-аят).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамзатты өзінің Аллаһтың соңғы Пайғамбары екендігі туралы және оның жолдауы жалпы адамзатқа ортақ екендігі жайлы хабардар етті. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «***Маған менен бұрынғы пайғамбарлардан ешкімге берілмеген бес нәрсе берілді: маған менен бір айлық арақашықтықта тұратын жауларымның жүректерін жаулаған қорқыныш арқылы көмек***

берілді, бүкіл жер[565] мен үшін намаз оқылатын орын және тазару құралы етілді, сондықтан да менің үмметімнен болған адам әлдебір жерде намаз уақытына тап болса, ол сол жерде намазын оқи алады; менен бұрынғы пайғамбарлардан ешкімге әскери олжаны алу рұқсат етілмеген еді, ал маған ол рұқсат етілді; маған шапағат жасау[566] құқығы берілді; бұдан бөлек, бұрын әр Пайғамбар тек өзінің қауымына жіберілетін, ал мен барлық адамдарға жіберілдім».[567]

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деді: «***Расында, мені мен бұрын өмір сүрген Пайғамбарлардың мысалы – жақсы үй соғып, оны көркем безендіріп, бірақ бұрыштарының бірінде соңғы бір кірпіштің орнын қалдырып қойған адамның мысалындай. Адамдар сол үйдің айналасында жүріп, оның әдемілігіне тамсанып: «Мына кірпіш те өз орнында болғанда еді!», – деп айтатын. Міне, мен дәл сол кірпішпін, және мен пайғамбарлардың соңғысымын***».[568]

Мухаммадтың пайғамбарлық жолдауының оның пайғамбарлығының басталуы мен Қиямет күніне дейінгі кез-келген мекен мен уақыттағы барлық адамдарға және жындарға бағытталғандығы және сонымен көктен түскен жолдаулар тізбегінің аяқталуы, ол қайтыс болғанынан кейін адамдардың пайғамбарлық уахиларды алуы мәңгілікке тоқтағанына бірмағыналы және түбегейлі түрде нұсқайды. Ал бұдан, өз кезегінде, Аллаһ Тағалаға құлшылық етіп Оның заңымен өмір сүргісі келетін адамдар үшін тек Құран мен Сүннет қана қайнар көз бола алатыны туындайды. Демек, Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) миссиясының жалпыға ортақ екендігіне иман келтіру және оған түсірілген шариғатқа еру міндетті болып табылады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «***Мухаммадтың жаны Оның қолында болған (Аллаһпен) ант етемін! Бұл үмметен кез-келген адам, мейлі ол яһуди немесе христиан болсын, мен жайлы естіп, мен әкелген нәрсеге иман келтірмей қайтыс болса, міндетті түрде Тозақ тұрғындарынан болады***».[569]

Аллаһтың көмегімен Мухаммадтың жолдауы адамдар мен жындардың арасында орнады және ол Қиямет Күніне дейін кез-

---

[565] Бұл, әрине, жалпы барлық мұсалмандарға қатысты.

[566] Қиямет күні Аллаһтың алдындағы адамдар үшін берілетін шапағаты меңзелген.

[567] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/533 – № 438), Муслим (1/370 – № 521).

[568] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/558 – № 3535), Муслим (4/1790 – № 2286).

[569] Муслим (1/134 – № 153).

келген мекен мен заманда оларға қарсы қойылған құжат болып қала береді.

قَدْ جَاءَكُم بَصَائِرُ مِن رَّبِّكُمْ فَمَنْ أَبْصَرَ فَلِنَفْسِهِ وَمَنْ عَمِيَ فَعَلَيْهَا وَمَا أَنَا عَلَيْكُم بِحَفِيظٍ

«(Мухаммад, оларға:) «Расында, сендерге Раббыларың тарапынан көрнеу дәлелдер келді. Кім оны көрсе – сол өзі үшін ігілік жасады. Ал кім көрмесе – зияны өзіне. Мен сендерге күзетші емеспін», – де» («әл-Әнғам» сүресі, 104-аят).

وَقُلِ الْحَقُّ مِن رَّبِّكُمْ فَمَن شَاءَ فَلْيُؤْمِن وَمَن شَاءَ فَلْيَكْفُرْ

««Бұл ақиқат (Құран) – Раббыларыңнан», – де. Сонда кім қаласа сенсін, ал кім қаламаса, сенбесін» («әл-Каһф» сүресі, 29-аят).

ЖИЫРМАСЫНШЫ ТАРАУ

ЯҺУДИЛЕР МЕН ХРИСТИАНДАРДАН БОЛҒАН ЫНСАПТЫ ӘДІЛ ҒАЛЫМДАРДЫҢ МУХАММАДТЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ПАЙҒАМБАРЛЫҒЫН МОЙЫНДАУЫ

I. Яһуди ынсапты діндарларының Исламның ақиқаттығын мойындауы

Яһудилер мен христиандарды Аллаһқа иман келтіруге шақырудағы дана қадамдардың бірі – оларға өздерінен болған түрлі ғалымдардың сөздерін еске салу болып табылатыны күмәнсіз. Исламның дәлелдерін бейтарап тұрғыдан зерттеген көптеген яһуди діндар ғалымдары оны қабылдағаны да жасырын емес. Олар – Аллаһ Тағала оларға ақиқатты тануға көмектескен адамдар еді, әрі олар бұл ақиқатты қабылдап, оны өзгелерге ештеңе жасырмай түсіндіруге кірісті.

Яһудилердің қатарынан болған және яһудилердің өздері оларды ғалымдар ретінде мойындап, құрметтеген діндарларының Исламды қабылдап, оның хақ дін екенін растаған кейбір мысалдарын келтірейік.

1. АбдуЛлаһ ибн Сәләм (Аллаһ оған разы болсын).

Егер Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде өмір сүрген яһудилердің іштерінен, сол яһудилердің өздерінің айтуынша, олардың араларындағы ең ардақтысы және ең ардақтының баласы, ең білімдісі және ең білімдінің баласы, ең жақсысы және ең жақсының баласы болған АбдуЛлаһ ибн Сәләмнан басқа ешкім Исламды қабылдамаса да, бұл әлемдегі барлық яһудилерге қарсы салмақ етіп қоюға және олардың барлығының орнын соның бір өзімен-ақ алмыстыруға жеткілікті болар еді. Бірақ АбдуЛлаһ ибн Сәләм жалғыз болмады ғой. Ендеше Исламды одан кейін қабылдаған және олардың саны тек

Аллаһқа ғана мәлім болған басқа яһуди кітапшылдары мен діндарлары жайында не айтуға болмақ?![570]

Бұл ұлы адам Аллаһқа және Оның Елшісіне теңселмей, қобалжымай иман келтірді. АбдуЛлаһ Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, оған бірнеше сұрақ қойды және оларға жауап алып: «*Сіз – Аллаһтың Елшісі екендігіңізге куәлік етемін*!», – деді де, кейін: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Расында, яһудилер өтірікшілер, егер олар менің Исламды қабылдағанымды, сіз оларды мен жайлы сұрағаныңыздан бұрын білсе, маған жала жаба бастайды. Олар менің Исламды қабылдағанымды білгендерінен бұрын, оларды шақырып, мен жайлы сұрастырыңыз*», – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) яһудилерді шақыртты және олар оған келді. Ал АбдуЛлаһқа келсек, ол үйге кіріп кетті. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол яһудилерден: «***Сендердің араларыңда АбдуЛлаһ ибн Сәләм қандай орынға ие?***», – деп сұрады. Олар: «Ол арамыздағы ең білгіріміз және арамыздағы ең білгірдің баласы, ол біздің ішіміздегі ең жақсымыз және ең жақсымыздың баласы», – деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Егер АбдуЛлаһ Исламды қабылдаса не істер едіңдер?***», – деп сұрады. Олар: «Оны Аллаһ бұдан сақтасын!», – деп айқайлап жіберді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтадан: «***Ол Исламды қабылдаса ше?***», – деп сұрады. Яһудилер: «Аллаһ сақтасын! Бұл мүмкін емес!», – деді. Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үшінші рет: «***(Дегенмен) ол Исламды қабылдаса ше?***», – деді. Яһудилер қайтадан: «Аллаһ сақтасын! Ол бұны жасамайды!», – деп жауап берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Уа АбдуЛлаһ! Оларға шық!***», – деді. АбдуЛлаһ оларға шықты да: «*Аллаһтан басқа құдай жоқ екендігіне куәлік етемін және Мухаммад – Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік етемін. Уа яһудилер! Аллаһтан қорқыңдар! Өйткені, одан басқа хақ Құдай жоқ болғанмен ант етемін, сендер Мухаммад – Аллаһтың Елшісі екендігін және ол ақиқатпен келгенін білесіңдер!*», – деді. Бұған яһудилер: «Сен өтірік айтып жатырсың!», – деді, кейін олар ол жайлы: «Ол арамыздағы ең жаманымыз және ең жаманымыздың баласы!», – деп айта бастады, және АбдуЛлаһты жамандауды жалғастыра берді, сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға кетуді бұйырды.[571]

---

[570] Қ-з: Ибн әл-Қайим «Хидая әл-хаяра фи әжуиба әл-яһуд уә-н-насара» (қ-з: 514 -525-беттер).

[571] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (6/362 – № 3329; 7/250 – № 3911; 7/272 – № 3938; 8/165 – № 4480; 3/210).

АбдуЛлаһ ибн Сәләмнің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға келгенде, адамдар оған қарай ұмтылды. «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келді! Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келді! Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келді!», – деп үш рет жарияланды. Мен де адамдармен бірге оны көру үшін бардым және оның жүзінен, бұл өтірікшінің жүзі емес екендігін түсіндім. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқан ең бірінші нәрсе: «**Уа адамдар! Сәлем (бейбітшілік) таратыңдар**[572]**, адамдарды тамақтандырыңдар, туыстық қатынастарды үзбей ұстаңдар, түнде, басқа адамдар ұйықтап жатқанда, намаз оқыңдар, сонда Жәннатқа сәлеммен (есендікпен) кіресіңдер**», – деген сөздер еді*».[573]

Аллаһ Тағала бұл тақуа ғалым АбдуЛлаһ ибн Сәләм жайлы мақтау айтқан. Сағд ибн Абу Уаққастың былай дегені жеткізіледі: «*Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) АбдуЛлаһ ибн Сәләмнан басқа жерді басып жүрген әлдебіреу жайлы ол Жәннат тұрғындарынан деп айтқанын естіген емеспін*[574]*, әрі ол туралы жоғарыдан түскен мына аятта айтылған*:

قُلْ أَرَأَيْتُمْ إِن كَانَ مِنْ عِندِ اللَّهِ وَكَفَرْتُم بِهِ وَشَهِدَ شَاهِدٌ مِّن بَنِي إِسْرَائِيلَ عَلَى مِثْلِهِ فَآمَنَ وَاسْتَكْبَرْتُمْ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الظَّالِمِينَ

«Оларға: «Көрдіңдер ме? Егер де Құран Аллаһтың қасынан болып, сендер оған күпірлік етсеңдер; сондай-ақ Исраил ұрпақтарынан[575] **бір куә, осы сияқты**[576] **(Тауратқа) куә болып, кейін иман келтірсе де, сендер менменсіндіңдер. Күдіксіз, Аллаһ залым елді тура жолға салмайды!», – де»** («әл-Әхқаф» сүресі, 10-аят)».[577]

---

[572] Тіке мағынадан бөлек, бұл сөздер өзара сәлеметтік тілеп амандасуға деген бұйрық болып саналады.

[573] Ибн Мәжаһ (2/1083 – № 3251), әт-Тирмизи (4/652 – № 2485), Ахмад (4/451). Қ-з: «Сахих ибн Мәжаһ» (2/222).

[574] Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олар Жәннат тұрғындарынан болады деген адамдар көп. Оларға Жәннатпен сүйіншіленген он сахаба да жатады. Ғалымдар Сағд ибн Абу Уаққастың бұл сөздерінде, ол бұны айтқан кезінде әлі өмір сүрген адамдар меңзелгені жайлы пікір келтірген. Сағдтың бұл хабарының осындай түсінігіне оның «*жерді басып жүргендерден*» деген сөздері нұсқайды (қ-з: «Фатх әл-Бәри», 7/129, 130).

[575] Бұл куәгер АбдуЛлаһ ибн Сәләм (Аллаһ оған разы болсын) болғаны меңзелген.

[576] Яғни Тауратта Құран өзіне қамтыған, яғни бірқұдайшылыққа қатаң түрде шақыру сияқты нәрселер түсірілгені жайлы куәлік етті.

[577] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (7/128 – № 3812), Муслим (4/1930 – № 2483).

2. Зәйд ибн Сағна (Аллаһ оған разы болсын).

Бұл яһуди кітапшылының Исламды қалай қабылдағаны жайлы бұдан бұрын айтылып кеткен болатын.

Ол Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) иман келтіріп, оған адал болуға ант беріп, оның көптеген жорықтарына қатысып, Табук жорығында жігерлік танытып және кері шегінбей, қайтыс болды[578].

3. Өлім тұсында Исламды қабылдаған жасөспірім.

Бірде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), Абу Бакр және Умар бір яһуди адамның үйіне келді. Олар оның Тауратты ашып, оны жұбаныш табу үшін оқып отырғанын көрді, өйткені оның ең ізгі және көркем мінезді жасөспірімдердің бірі болған ұлы өлім тұсында жатқан болатын. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) яһудиге: ***«Мен сенен Тауратты түсіргенмен талап етіп сұраймын! Сен осы кітабыңда менің сипаттамамды және менің келуім жайлы хабарды табасың ба?***», – деген сұрақ қойды. Яһуди басын шайқап, кері жауап берді. Баласына келсек, ол: «*Иә! Тауратты түсіргенмен ант етемін! Біз кітабымызда сіздің сипаттамаңызды және келуіңіз жайлы хабарды табамыз! Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және сіз – Аллаһтың Елшісі екендігіңізге куәлік етемін!*», – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Бауырларыңды яһудилерден алып кетіңдер***», – деп бұйырып, оны кебініндеуді өзінінің мойнына алып, оған хош иістер жағып, жаназа намазын оқыды.[579]

Келтірілген үш оқиға яһуди кітапшылдарының Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сипаттары Тауратта келтірілген Аллаһтың шынайы Елшісі екендігінің және яһудилер оны өз балаларын білетіндей білетінін мойындағының мысалдары болып табылады. Бұдан кейін тек:

وَقُلِ الْحَقُّ مِن رَّبِّكُمْ فَمَن شَاءَ فَلْيُؤْمِن وَمَن شَاءَ فَلْيَكْفُرْ

«Бұл ақиқат (Құран) – Раббыларыңнан», – де. Сонда кім қаласа – сенсін, ал кім қаласа – күпірлік етсін», – деп айту ғана қалады («әл-Кәһф» сүресі, 29-аят).

---

[578] Бұл хабарды әл-Хайсами «Мужмәғ әз-зәуаид» (8/240) еңбегінде келтірген және ол: «Ол әт-Табараниден жеткен. Оның жеткізушілері сенімді», – деп жазған. Бұл жерде хабар қысқартылған түрінде келтірілген. Ол толық күйінде «Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) байсалдылығы мен кішіпейілділігі» атты тарауда келтірілген.

[579] Ахмад «әл-Муснад» (5/411). Ибн Касир хадис жайлы: «Ол жақсы және берік хадис. Оның «әс-Сахихта» Әнастан жеткен растамасы бар», – деген. (Қ-з: «Тафсир ибн Касир», 2/252; «Мужмәағ әз-зәуаид» (8/234)).

Өлім тұсында Исламды қабылдаған яһудидің тағы бір мысалы Әнастың хабарында да айтылған: «*Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қызмет етіп жүрген бір яһуди бозбала ауырып қалғанда, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның көңілін сұрап барды. Ол оның бас жағына отырып, оған: «**Исламды қабылда**», – деді. Әлгі бозбала қасында болған әкесіне қарады, ал ол (әкесі) оған: «Абу әл-Қасимге бағын», – деді және ол Исламды қабылдады*[580]*. Бұдан кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол жерден: «**Оны Оттан құтқарған Аллаһқа бүкіл мақтау!**», – деп айтып шықты*».[581]

II. Христиандардан болған ынсапты әділ ғалымдардың Исламның ақиқаттығын мойындауы

Христиандарды Исламға дана түрде шақырудың маңызды тармақтарының бірі – олармен сөйлескенде христиандардан болған ынсапты әділ ғалымдардың Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірілген ілімнің ақиқаттығына куәлік етуін және олардың қатарынан Аллаһ тура жолға салғандардың Исламды қабылдауы жайлы баяндау. Бұл куәліктер, Аллаһтың қалауымен, христиандарға қатты әсер етеді, өйткені бұл куәліктер оларға жақын болған адамдардан шыққан. Христиандардан болған үлкен діндарлардың Исламның ақиқаттығын мойындауының кейбір мысалдарын келтірейік.

1. Эфиопия патшасы Негус*[582] *(Аллаһ оған разы болсын).

Жәғфар ибн Абу Талиб (Аллаһ оған разы болсын) негуске «Мариям» сүресінің бас жағын оқығанда, оның жылай бастағаны сонша, тіпті сақалы су болды. Оның (Жәғфар ибн Абу Талибтің) оқығанын тыңдаған епископтар да жылады. Негус мұсылмандардың делегациясына: «*Сендердің жолдастарын Мариямның ұлы жай-*

---

[580] Ән-Нәсаиде келтірілген хадистің нұсқасында оның (бозбаланың) былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтан басқа шынайы (құлшылыққа лайықты) құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік етемін*».

[581] Әл-Бухари (№ 135, 5657). Қ-з: Ибн Хәжар «Фатх әл-Бари» (3/219).

[582] Оның аты Асхама болған. Ол Исламды қабылдап, өзін жақсы мұсылман ретінде көрсеткен. Ол хижра жасамай, Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрмесе де, оны сахабалардың қатарына жатқызады. Ол – бір жақтан сахабаларға еруші (табиғин) және басқа жақтан сахаба. Асхама Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмір барысында қайтыс болған және Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларымен бірге ол үшін жаназа намазын оқыған. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) негустан басқа алыста қайтыс болған адам үшін жаназа намазын оқығаны жайлы сенімді хабар жоқ. Қ-з: «Сияр әғләм ән-нубәлә» (1/428 – 443).

лы не деп айтып жатыр?», – деген сұрақ қойды. Жәғфар (Аллаһ оған разы болсын): «*Ол Аллаһ ол жайлы айтқанын айтып жатыр: ол – Аллаһтан болған қадірлі рух және Одан болған сөз, және ол еркек тимеген күнәсіз әйелден туылған*», – деді. Негус бұл сөздерді естіп, қолына кішкентай бұтақшаны алып, оны көтеріп: «*Уа діндарлар мен монахтар! Оның сөздерінде сендер айтып жатқанға қамыстың бұтақшасының салмағындай да қосылым жоқ*», – деді. Кейін ол мұсылман делегациясына қарап: «*Сендерге және Мухаммадтан сендермен бірге келгендерге сәлем беремін. Мен ол (Мухаммад) – Иса ол жайлы сүйіншілеген Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік етемін. Егер мемлекетті басқару қажеттілігі болмағанда, мен оған оның аяқ-киімін сүю үшін барар едім*», – деді.[583]

2. Сәлман әл-Фариси (Аллаһ оған разы болсын).

Сәлман әл-Фәрисидің (Аллаһ оған разы болсын) таңқаларлық оқиғасы көптеген адамдарға белгілі. Ол көптеген христиан діндарларымен тұрып, олардан білім алған. Оның Византиядағы Ғамурия қаласында тұрған соңғы ұстазының ажалы жақындағанда, ол Сәлманға мына сөздермен жүгінді: «*Сенің өмір сүру кезеңің қасиетті (Харам) қаладан болған және ол сол жерден топырағы сор жерге қоныс аударатын Пайғамбардың келуімен сәйкес келді. Ол жерде құрма ағаштары өседі және ол екі жанартау жазықтарының арасында орналасқан. Оның (Пайғамбардың) сенен жасырын қала алмайтын белгілері бар: оның екі жауырынының арасында пайғамбарлық мөр бар; ол өзіне сыйлық етілгеннен жейді, бірақ садақадан жемейді. Егер сен оған жете алсаң, осыны міндетті түрде істе, өйткені сен дәл соның уақытына кезіктің!*».

Сәлман сапарға шықты және Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кездесіп, оның бойынан өзінің бұрынғы ұстазы айтқан белгілерді тауып, Исламды қабылдады.[584]

3. Византия императоры Ираклий.

Ираклий өзіне Абу Суфиан басқарған құрайыштықтардың тобын шақырып, онымен болған әңгімесінің соңында былай деді: «*Мен сенен оның тегі туралы сұрадым, сен оның өте текті екенін айттың. Міне, елшілер де осылайша өз халқының өте текті кісілерінен жіберіледі. Мен сенен: «Одан бұрын біреу оның айтатынындай нәрселерді айтатын ба?» – деп сұрадым, сен: «Жоқ», – деп жауап бердің. Егер әлдебіреу осындай сөздерді айтқан болғанда, мен оны өзінен бұрын келгендердің сөздерін қайталап жатыр деп шешер едім. Мен: «Оның ата-бабаларының арасында патша болды ма?» – деп сұрадым, сен: «Жоқ», – деп айттың, егер оның ата-бабаларының ішінде патша болғанда, мен бұл адам өз тегінің билігін қайтарғысы келеді*

[583] Қ-з: «Сияр әғләм ән-нубәлә» (1/428 – 443).
[584] Қ-з: «Сияр әғләм ән-нубәлә» (1/509, 510).

деп шешер едім. Мен сенен: «Ол қазір айтып жатқан сөздерін айта бастағанға дейін сендер оны өтірік айтқандықта айыптағансыңдар ма?» – деп сұрадым, сен: «Жоқ», – деп айттың, әрі мен осыдан, егер ол адамдар туралы өтірік айтпаған болса, онда Аллаһ жайлы да өтірік айтпайтынын білдім. Мен сенен: «Оған өз халқының ардақтылары еруде ме, әлде қарапайымдары ма?» – деп сұрадым, сен: «Негізінен қарапайымдар», – деп жауап бердің, ал елшілерге еретіндер – солар. Мен сенен: «Олардың саны көбейіп жатыр ма, әлде азайып жатыр ма?» – деп сұрадым, сен: «Олардың саны көбейіп жатыр», – дедің, ал бұл – діннің толық-кәміл болғанға дейінгі жағдайы. Мен сенен: «Біреу бұл дінге кірген соң оны ұнатпайтындығы себепті одан шықты ма?» – деп сұрадым, сен: «Жоқ», – деп айттың, әрі егер иман жүрек етіне сіңсе – осылай болады. Мен сенен: «Ол сатқындық (опасыздық) жасайды ма?» – деп сұрадым, сен: «Жоқ», – деп жауап бердің, дәл сол сияқты елшілер де ешқашан сатқындық жасамайды. Мен сенен: «Ол сендерге не бұйырады?» – деп сұрадым, сен: «Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуді және ешкімді Оған серік қоспауды, пұттарға табынбауды, намаз оқуды, шыншыл болуды, жақсылық жасауды бұйырады», – деп айттың. Егер сенің айтқандарың рас болса, онда ол менің мына екі аяғым басып тұрған жерді иемденеді. Мен оның шығатынын білетінмін[585], бірақ ол сендердің араларыңнан шығады деп ойламадым, егер мен оған жететініме сенімді болғанымда[586], онымен кездесуге тырысар едім, ал егер онымен кездессем, онда міндетті түрде оның аяқтарын жуар едім!».[587]

Кейін Ираклий Византия тұрғындарына: «*Уа византиялықтар! Егер сендер жетістікке жетіп, тура жолға түскілерің келсе және өз патшалықтарыңның төтеп бере алатын хәлде қалуын қаласаңдар, осы Пайғамбарға ант беріңдер*!», – деді[588]. Бірақ олар император бұйырған нәрсені жасаудан біржолата бас тартты, әрі ол билігінен айырылып қалуын қаламай, Исламды қабылдамады.

Келтірілген мысалдардың барлығы Кітап иелерінің ынсапты өкілдерінің Мухаммад – Аллаһтың шынайы Елшісі екендігіне куәлік еткенін, және ақиқатты жалған деп атайтындардың оның атын қаралауы оған ешқандай зиян тигізе алмайтынын дәлелдейді.[589]

---

[585] Ираклий Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келетіндігі жайлы Інжілде айтылғандығын меңзеген еді.

[586] Ираклий оған осыда өз айналасындағылар кедергі болатындығынан сақтанды.

[587] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/32 – № 7; 3/1396 – № 1773).

[588] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/33 – № 7).

[589] Қ-з:. Ибн әл-Қайим «Хидая әл-хаяра» (қ-з: 525)

Христиандардың сан-алуан діндарлары Исламды қабылдап, Мухаммад – Аллаһтың бүкіл адамзатқа (жіберілген) елшісі екендігіне куәлік етті.

لَتَجِدَنَّ أَشَدَّ النَّاسِ عَدَاوَةً لِّلَّذِينَ آمَنُوا الْيَهُودَ وَالَّذِينَ أَشْرَكُوا وَلَتَجِدَنَّ أَقْرَبَهُم مَّوَدَّةً لِّلَّذِينَ آمَنُوا الَّذِينَ قَالُوا إِنَّا نَصَارَى ذَلِكَ بِأَنَّ مِنْهُمْ قِسِّيسِينَ وَرُهْبَانًا وَأَنَّهُمْ لَا يَسْتَكْبِرُونَ وَإِذَا سَمِعُوا مَا أُنزِلَ إِلَى الرَّسُولِ تَرَى أَعْيُنَهُمْ تَفِيضُ مِنَ الدَّمْعِ مِمَّا عَرَفُوا مِنَ الْحَقِّ يَقُولُونَ رَبَّنَا آمَنَّا فَاكْتُبْنَا مَعَ الشَّاهِدِينَ

«Және мүминдерге сүйіспеншілік тұрғысынан жақынырақ ретінде: «Біз христианбыз», – дегендерді табасың. Бұл олардың арасында діндарлары, монахтары бар болғандығынан, әрі олардың тәкаппарлық танытпайтындары себепті. Олар Елшіге түсірілгенді (Құранды) тыңдаған кезде, ақиқатты танығандықтарынан көздерінің жасқа толғанын көресің. Олар: «Раббымыз! Иман келтірдік, бізді куә болушылардан жаза көр!», – дейді» («әл-Мәида» сүресі, 82-аят).

Сондықтан да христиандар Исламды бейтарап зерттегендерінен кейін, оның әлемдердің Раббысы Аллаһтың діні екендігін жариялаған діндарларынан үлгі алса, бұл шындыққа лайықты болар еді.

ЖИЫРМА БІРІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ЖАСАҒАН ЕҢ ЖАҚСЫ АМАЛДАРЫ – ОЛ ӨМІРІНІҢ СОҢЫНДА ЖАСАҒАН АМАЛДАР

Егер Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір жақсы амал жасауды бастаса, ол оны жасауда беріктік танытып, тұрақты түрде жасайтын. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Аллаһ үшін ең сүйікті амалдар, аз болса да тұрақты түрде жасалатын амалдар***», – дейтін.[590] Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Рамазан айында Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) он күн бойы әрдайым мешітте болып, одан шықпай оңашаланатын, ал қайтыс болған жылы ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) онда жиырма күн өткізді. Жәбірейіл жыл сайын онымен Құранды бір рет тексеретін, ал қайтыс болған жылы ол оны екі рет (тексерді)*».[591]

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуынан бұрын:* «***Сен Пәксің, уа Аллаһ, және Саған бүкіл мақтау, мен Сенен кешірім сұраймын және сенің алдында тәубе етемін /Субхана-кә, Аллаһумма, уә би-хәмди-кә, астағфиру-кә уә атубу иләй-кә/***», *– деп жиі айтатын. Мен: «Уа Аллаһтың Елшісі! Мен сізден естіп жатқан бұл қандай жаңа сөздер?», – деп сұрадым. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):* «***Маған белгі берілді, мен оны көріп, осыны айта бастадым. (Ол – Аллаһ Тағаланың):***

إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ

---

590 «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (3/49 – № 4998; 4/213), Муслим (2/811 – № 782).

591 Әл-Бухари (№ 4433), Муслим (№ 2459).

«Аллаһтың жәрдемі және жеңіс келген кезде...» («ән-Наср» сүресі, 1-аят) – ***(деген сөздерінен бастап сүренің соңына дейін)», – деді».***[592]

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) Умардың (Аллаһ оған разы болсын)

إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ وَرَأَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِي دِينِ اللَّهِ أَفْوَاجًا فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَاسْتَغْفِرْهُ إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا

«**Аллаһтың жәрдемі және жеңіс келген кезде, адамдарың Аллаһтың дініне топ-тобымен кіргенін көресің. Ендеше, Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен, Аллаһ тәубені өте қабыл етуші»** («ән-Наср» сүресі, 1-3 аяттар) деген сүре жайлы қойған сұрағына жауап беріп, былай деген: «*Бұл жерде Аллаһ Тағала Өзінің Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмір сүру уақытының соңы жақындағанын хабарлағаны меңзелген». Аллаһ Тағала:* «**Аллаһтың жәрдемі мен жеңіс келген кезде**», *– деді, яғни бұл сенің ажалыңның жақындауының белгісі болады, сол уақытта: «...***Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен Аллаһ, тәубені қабыл етуші**», *– деді».* Умар (Аллаһ оған разы болсын) оның жауабын тыңдап: «*Мен де бұл сүре жайлы сен айтып жатқаннан басқа ештеңе білмеймін деді*».[593]

Бұл сүре (яғни «ән-Наср» сүресі) құрбан айт күні, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қоштасу қажылығын жасап жатып, Минада болған кезінде түскен деп хабарланады[594]. Сондай-ақ ол ташриқ күндері түсті деген пікірлер де айтылған[595]. Әт-Табарани Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сүре түскеннен кейін мәңгілік өмір (Ақырет) үшін жасалатын істерді орындауда бұрынғыдан да көбірек, ерекше ынта таныта бастағаны жайлы хабарды келтірген.[596]

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рукуғ пен сәжде жасағанда: «**Сен Пәксің[597], уа Аллаһ! Раббымыз, және Саған мадақ!***

---

[592] Муслим (1/351 – № 484).

[593] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (8/130 – № 4430).

[594] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (8/734). Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұдан 81 күнен соң қайтыс болғаны жеткізілген.

[595] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (8/130). Ташриқ күндері – зу-л-хижжа айының он бірінші, он екінші және он үшінші күндері, бұл күндері мұсыдмандар құрбан шалып, Аллаһ Тағаланы ұлықтайды.

[596] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (8/130).

[597] Бұл сөздердің мағынасы: «*Мен Сенің Пәктігің, Саған телінетін барлық лайықсыз нәрселерден жоғары екендігіне куәлік етемін*».

Уа Аллаһ, мені кешір! /Субхана-кә, Аллаһумма, Рабба-на, уә би хәмди-кә! Аллаһумма-ғфир ли!/*», – деп көп айтатын. Ол бұны өзіне Құранда бұйырылғанды орындап жасаған*[598]*»*.[599]

Бұл тарау өзіне келесі пайдалы тұжырымдарды қамтиды:

1. Адам жасай бастаған жақсы амалдарды тұрақты түрде жалғастыруға ынталандыру. Аз мөлшерде, алайда әрдайым, тұрақты түрде жасалатын амалдар, көп мөлшерде, бірақ кейде жасалатын амалдардан жақсырақ. Өйткені жақсы амалдарды тұрақты түрде жасау Аллаһқа бағынудағы және Оны зікір етудегі тұрақтылықты, адамның өзіне өзі үнемі бақылау жасауын, жүрегінде әрдайым жақсы ниеттің және Жаратушыға деген ұдайы ұмтылыстың болуын білдіреді. Аз, бірақ әрдайым жасалатын амал, көп, бірақ кейде жасалатын амалға қарағанда әлдеқайда көп жақсы жемістер әкеледі.[600]

2. Егер адам құлшылықта ынталы болуын қалап, өзіне шектен тыс көп нәрсе жүктесе, ол ерте немесе кеш күшсіз қалып, түңіліп, кейін тіпті құлшылықты тастап кетуі мүмкін.[601]

3. Мүмин адам есейген сайын, шамасы жеткенше көбірек ізгі амалдар жасауы керек. Бұл оның Аллаһтың алдында ең жақсы кейіпте тұруы үшін қажет, өйткені жақсы амалдар олардың соңы бойынша бағаланады және ізгі амалдардың ең жақсылары – өмірдің соңында жасалатындары.[602]

---

[598] Яғни Аллаһ Тағаланың «ән-Наср» сүресіндегі: «...**Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле**...» бұйырығын орындай отырып жасаған (қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» 4/447).

[599] Әл-Бухари (№ 794), Муслим (№ 484).

[600] «Фатх әл-Бари» (1/103), «Шарх ән-Нәуауи» (6/318).

[601] «Фатх әл-Бари» (4/215).

[602] «Фатх әл-Бари» (4/285, 9/46).

ЖИЫРМА ЕКІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ӨЗ ҮММЕТІМЕН ҚОШТАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЛДЫРҒАН ӨСИЕТТЕРІ

1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылық жайлы хабарлауы.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі) Аллаһ оған жүктеген міндетті орындап, өзіне тапсырылған жолдауды адамдарға жеткізіп, үмметін тура жолға салып және Аллаһтың жолындағы шайқастарда шынайы ыждағат танытқаннан кейін, өзінің қажылық жасау ниетін жариялады. Адамдарға Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хижраның оныншы жылы Меккеге қажылық жасауға шығатыны жарияланды. Ол Мәдинада адамдарды Исламға шақыруға, оларға білім беруге және жиһадқа толық бағыштап өткізген тоғыз жылдан кейін қажылыққа аттанып жатты. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің алдағы қажылығы туралы хабарлауының мақсаты – шариғаттың қажылық сияқты парызын адамдарға жеткізу, әрі адамдар Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеде кездесіп, одан дінінің заң-ережелерін қабылдап, одан діни рәсімдерді үйреніп, оның өсиеттері мен насихаттарын естіп, оларды басқаларға жеткізуі арқылы ислам дағуаты барлық жерге таралып, хақ иманның жолдауы жақын және алысқа жетуі еді[603]. Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тоғыз жыл бойы қажылық жасамады. Оныншы жылы Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылық жасауға ниеттеніп жатқаны жарияланды және Мәдинаға көптеген адамдар келді.*

---

[603] Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Сахих Муслим» (8/422) және басқалар.

Олардың барлығы Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесуді және ол жасаған рәсімдерді қайталауды қалады...».

«…Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) інгені әл-Байда[604] *атты жерге жеткенде, мен оны барлық жақтан: алдынан және артынан, оң жағынан және сол жағынан оларды адамның көзі қамти алмайтын*[605] *жаяу және салтты адамдар қоршап жатқанын көрдім. Біздің арамызда Құран түсіп тұрған және ол оның мағынасын білген Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) болды, сондықтан біз ол жасаған нәрселердің барлығын қайталадық».*

«…Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Арафат жазығына жеткенше жүруін тоқтамай жалғастырды. Намира тауында ол үшін шатыр тігілді және ол сонда тоқтады».

2. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметімен Арафатта қоштасуы және сонда оларға айтқан өсиеттері.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Түстен кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне әл-Қасуаны*[606] *алып келуді бұйырды және соған мініп Арафат жазығына түсті. Сол жерде ол адамдарға құтпа жасап былай деді: «**Расында, сендердің өмірлерің мен мал-мүліктерің бір-біріне, осы күн, осы ай мен осы жер қандай қол сұғылмайтындай харам болса, дәл сондай қол сұғылмайтындай харам. (Исламнан бұрынғы) надандық кезіндегі жасалған нәрселердің барлығына бұдан былай тыйым салынады! Надандық кезінде төгілген қан тыйым салынды, әрі ең бірінші кезекте, мен туысымыз Рабиғ ибн әл-Харистің баласының қаны үшін кек алуға тыйым саламын. Ол бану сағд тайпасынан болған емізулі анаға тәрбиеге берілген болатын және Хузәйл тайпасы оны өлтірді.***

Надандық уақытындағы өсімқорлыққа тыйым салынды, және ең бірінші болып мен біздің руымыздан болған Аббас ибн Абдулмутталибтың алатын өсіміне тыйым саламын. Бұдан былай өсімқорлыққа толық тыйым салынады*[607]*!

Әйелдеріңмен болған қарым-қатынастарыңда Аллаһтан қорқыңдар, өйткені сендер оларды Аллаһтан аманат ретінде

---

[604] Зу-л-Хуләйфадағы жердің атауы (қ-з: «Фатх әл-мәлик әл-мағбуд» (2/9)).

[605] Олардың саны тоқсан мың, ал басқа деректерде жүз отыз мың болғаны баяндалады (қ-з: «Фатх әл-мәлик әл-мағбуд» (2/9, 105)).

[606] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) інгені осылай аталатын.

[607] Яғни өсімқорлық пайызға ғана тыйым салыну. Ал бастапқы капиталға келсек, ол, бұған Құран Кәрім нұсқағандай, өз иесіне тиесілі (қ-з: «Шарх ән-Нәуауи» 8/433).

алдыңдар және Аллаһтың сөзіне сәйкес оларға иелік етесіңдер[608]. Олар сендердің төсектеріңе сендерге ұнамайтын адамдарды отырғызбаулары керек[609], ал егер олар бағынбаушылық танытып жатса, онда оларды қатты емес, қатыгездіктен аулақ болып ұрыңдар! Әрі сендер оларды лайықты түрде тамақтандырып, киіндірулерің керек! Расында, мен сендерге, егер сендер соны берік ұстасаңдар, ешқашан адасушылыққа түспейтін нәрсе қалдырамын. Бұл – Аллаһтың Кітабы[610]!

Сендер мен жайлы сұраласыңдар, сонда не айтасыңдар?».

---

[608] «Аллаһтың сөзі» деген сөздермен бұл жерде Оның не әйелді ой қонымды шарттармен қалдыру, не оны жақсылықпен жіберу бұйырығы меңзелген. Сондай-ақ бұл сөз «*Лә иләһа илләә-Лаһ*» («Аллаһтан басқа құлышыққа лайықты құдай жоқ») деген сөз деген де пікір айтылады. Басқа пікірге сәйкес, бұл жерде неке келісімі жайлы айтылған. Төртінші пікірге сәйкес, «Аллаһтың сөзі» деп Оның: «...**Өздеріңе ұнайтын басқа әйелдерге үйленіңдер**» («ән-Ниса» сүресі, 3-аят), – деген сөздері айтылған. Соңғы және дұрыстығына имам ән-Нәуауи нұсқаған пікірге келсек, ол (ән-Нәуауи): «*Бұл сөздер өзіне неке келісімі жасалған кездегі тұрмысқа беру және алу сөздерін (әл-ижәб пен әл-қабулды) қамтиды*», – деп жазған. Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи», 8/43, «Фатх әл-мәлик әл-мағбуд» (2/19) және басқалар.

[609] Бұл жерде әйелге өз күйеуінің үйіне ол көргісі келмейтін еркекті болсын, әйелді болсын, кіргізуге болмайтындығы жайлы айтылған. Бұл жерде зинаға тыйым салу жайлы айтылмаған, өйткені ол күйеуіне ұнаса да, ұнамаса да тыйым салынған және ол үшін шариғаттың қылмыстық жазасы (әл-хадд) бекітілген. Қ-з.: «Шарх ән-Нәуауи» (8/433), «Фатх әл-мәлик әл-мағбуд» (2/20).

[610] Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ақида мәселесінде де, амал саласында да Құранға берік болуды бұйырған. Адамдар оның алдынан да, артынан да өтірік жақындай алмайтын Аллаһтың Кітабын берік ұстанса, тура жолдан ешқашан адаспайды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) неліктен Құранды айтып, сүннетті берік ұстау қажеттігі жайлы үнсіз қалды? Өйткені сүннетті ұстанбай Құранды ұстану мүмкін емес, себебі Құран анық және нақты түрде адамдардан сүннеттен бекем ұстануды талап етеді: «**Әй муминдер! Аллаһқа бой ұсыныңдар, Пайғамбарға бой ұсыныңдар, әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне де. Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа және Елшіге қайтарыңдар**» («ән-Ниса» сүресі, 59-аят).

«**Сендерге Пайғамбар не берсе, соны алыңдар да, ол сендерді неден тыйса, содан тыйылыңдар**» («әл-Хашр сүресі, 7-аят). Қ-з: «Фатх әл-мәлик әл-мағбуд» (2/20).

Әл-Хаким Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Құран мен Сүннетті ұстануды өсиет еткен хадисті келтірген. Бұл хадистің сенімділігін әл-Әлбани «Сахих әт-тағриб» (№ 36) еңбегінде растаған.

*Адамдар: «Біз сіз жолдауыңызды толық жеткізіп, міндетіңізді орындап, бізге дұрыс насихат бергеніңізге куәлік етеміз», – деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұқ саусағын аспанға көтеріп, кейін онымен адамдарға нұсқап: «**Уа Аллаһ, куә бол! Уа Аллаһ, куә бол! Уа Аллаһ, куә бол!**», – деді».*[611]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл құтпасына сан алуан адамдар қатысты, әрі олардың нақты саны жалғыз Аллаһқа ғана белгілі. Осы жұма және Арафат күні Аллаһ Тағала Өзінің мына аяттарын түсірді:

الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتْمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا

«Бүгін діндеріңді толықтастырдым және нығметімді тамамдадым. Сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым» («әл-Мәида» сүресі, 3-аят).[612]

Расында, Аллаһтың бұл үмметке деген ең ұлы мейірімі – Оның мұсылмандарға олар бұдан кейін ешқандай дінге және өзінің пайғамбарынан басқа еш пайғамбарға мұқтаж болмайтын толық және кәміл дінді сыйлауы. Сондықтан да Аллаһ Тағала Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның хабары барлық адамзат пен жындарға бағытталған ең соңғы пайғамбар және пайғамбарлардың мөрі етті. Ол халәл еткен нәрседен басқа халал нәрсе жоқ және ол харам еткен нәрседен басқа харам нәрсе жоқ, әрі ол орнатқан діннен басқа дін жоқ. Ол хабарлаған нәрсенің барлығы шынайы ақиқат және оның сөздерінде өтірікке орын жоқ. Аллаһ Тағала былай деген:

وَتَمَّتْ كَلِمَتُ رَبِّكَ صِدْقًا وَعَدْلًا لَّا مُبَدِّلَ لِكَلِمَاتِهِ وَهُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ

«Раббыңның сөзі (Құран) шындықпен әрі әділдікпен тамамдалған. Оның сөздерін өзгертуші жоқ. Ол – толық Естуші, аса Білуші!» («әл-Әнғам» сүресі, 115-аят).

Онда келтірілген хабарлар шындыққа, ал онда бекітілген нәрселер, яғни бұйырықтар мен тыйымдар, әділдікке толы. Раббымыздың мұсылмандар үшін олардың діндерін толық және кәміл еткендігі, Оның оларға деген мейірімін соңына дейін жеткізгендігін білдіреді.[613]

Арафат күні осы аят түскенде, Умардың (Аллаһ оған разы болсын) жылағаны баяндалады. Адамдар одан ол не үшін жылап жатқанын сұрады. Ол: «*Мені жылатқан нәрсе – бүгінге дейін біз тек дініміздің көбейгенін және өскенін көрдік, енді болса ол өзінің толық*

---

[611] Муслим (№ 1218).

[612] Қ-з: әл-Бухари (№ 45), Муслим (№ 3016).

[613] «Тафсир Ибн Касир» (2/12).

күйіне жетті, ал, расында, кәмілдіктен кейін залалдан басқа ештеңе болуы мүмкін емес!», – деді. Яғни Умар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ажалы жақындағанын сезді.

3. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тас лақтыру рәсімі кезінде үмметімен қоштасуы және оларға онда айтқан өсиеттері.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құрбан шалатын күні інгенінің үстінде отырған күйде, жамратқа тас лақытырып: «**Діни рәсімдеріңді менен алыңдар, өйткені мен осы қажылығымнан кейін басқа қажылық жасамайтын шығармын, мұны білмеймін»,** – деп айтқанын көргенмін*».[614]

Умм әл-Хусайн (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылық жасадым және оның өз інгенінде отырған күйінде әл-Ғақаба бағанасына тас лақтырғанын көрдім, кейін ол одан әрірек кетті. Онымен бірге Биләл мен Усама болған еді. ... Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ұзын насихат айтты, әрі мен оның былай дегенін естідім: «**Егер сендердің билеушілерің тіпті бұйра шашты қара құл болып, ол сендерді Аллаһ Тағаланың Кітабына сәйкес басқарса, оны тыңдаңдар және оған бағыныңдар***»».[615]

4. Пайғамбардың Құрбан (айт) күні айтқан қоштасу өсиеттері.

Абу Бакраның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені баяндалады: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір адам жүгенін ұстап тұрған өзінің түйесінің үстіне мініп отырды да, кейін: «**Бұл қандай күн?**», – деп сұрады. Біз: «Аллаһ және Оның Елшісі бұл жайлы жақсырақ біледі», – деп жауап бердік. Бұдан кейін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үнсіз тұрғанының ұзақтығы сонша, біз тіпті ол оны басқаша атайды ма деп ойлай бастадық, алайда ол: «**Бұл Құрбан (айт) күні емес пе?**», – деп сұрады. Біз: «Иә», – деп жауап бердік. Кейін ол: «**Бұл қандай ай?**», – деп сұрады. Біз: «Аллаһ және Оның Елшісі бұл жайлы жақсырақ біледі», – деп жауап бердік. Бұдан кейін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үнсіз тұрғанының ұзақтығы сонша, біз тіпті ол оны басқаша атайды ма деп ойлай бастадық, алайда ол: «**Бұл зулхижжа емес пе?**», – деп сұрады. Біз: «Иә», – деп жауап бердік. Сонда ол: «**Бұл қандай қала?**», – деп сұрады. Біз: «Аллаһ және Оның Елшісі бұл жайлы жақсырақ біледі», – дедік. Бұдан кейін Пайғамбардың (оған*

[614] Муслим (№ 1297).
[615] Муслим (№ 1298).

*Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үндемей тұрғанының ұзақтығы сонша, біз тіпті ол оны басқаша атайды ма деп ойлай бастадық, алайда ол: «**Бұл Қасиетті Қала емес пе?**», – деп сұрады. Біз: «Иә», – деп жауап бердік. Бұдан кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «**Ақиқатында, сендердің өмірлерің, мал-мүліктерің және ар-намыстарың және терілерің тура осы айдай, тура осы қаладай, тура осы күндей қасиетті (болуы керек). Сендер міндетті түрде Раббыларыңа жолығасыңдар, әрі Ол сендерді амалдарың жайлы есепке алады! Менен кейін бір-бірінің желкелерін шабатын кәпірлерге (немесе адасқандарға) айналмаңдар! Мен сендерге осыны жеткіздім бе?**». Адамдар: «Иә!», – деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Уа Аллаһ, бұған куә бол! Осы жерде болғандар, болмағандарды хабарласын. Бәлкім, менің сөздерім оларға басқалар арқылы жеткендер оларды өз құлақтарымен естігендерден жақсырақ ұғып-түсінуі мүмкін**», – деді».*[616]

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Жаным қолында болған (Аллаһпен) ант етемін! Расында, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы құтпасы – оның өз үмметіне жасаған өсиеті еді. Сондықтан да (онда) болғандар оны сол жерде болмағандарға хабарласын!*».[617]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қойған әр үш сұрақтан кейінгі үнсіз кідірісінің себебі – адамдардың назарын өзінің сөздеріне аудару, оларға өзінің айтайын деп жатқан нәрселерінің өте үлкен маңыздылығын барынша сезіндіріп ұғындыру болатын.[618]

Ибн Умардың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені баяндалады: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Құрбан шалу күні жамараттың екі бағанасының арасына тұрып: «**Бұл – үлкен қажылық күні**», – деді, кейін: «**Уа Аллаһ, куә бол!**», – деп айта бастады және адамдармен қоштасты, ал олар: «Бұл – қоштасу қажылығы», – деп айта бастады*».[619]

Құрбан айт күні Аллаһ Тағала Минада болған барлық қажылардың есту қабілетін, олар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) уағызын жақсырақ естулері үшін, нығайтты. Бұл ұлы мұғжиза еді. Раббымыз адамдардың есту қабілеттеріне береке түсірді және Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөздері оған жақын тұрғандарға да, алыс тұрғандарға да

---

[616] Әл-Бухари (3/26 – № 67, 105, 1741, 3197, 4406, 4662, 5550, 7078), Муслим (№ 1679).

[617] Әл-Бухари (№ 1739).

[618] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (1/159).

[619] Әл-Бухари (№ 1742).

естілді. Оны тіпті өз тұрақтарында болғандар да естіді. Абд әр-Рахман ибн Муғаз әт-Тайми (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге Минада құтпа жасаған кезінде, есту қабілетіміздің өткірленгені сонша, біз оның сөздерін тіпті өз тұрақтарымызда болған күйімізде естідік*».[620]

5. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ташриқтың ортаңғы күні айтқан өсиеттері.

Зул-хижжа айының он екінші күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға қайтадан құтпа жасады. Бұл күні ташриқтың екінші күні еді, және ол «бастар күні» (яум әр-рус) деп аталатын. Оның осылай аталуының себебі Мекке тұрғындары осы күні құрбандыққа шалынған малдардың бастарын жейтінінде еді. Абу Нәжихадан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бану бакр тайпасынан болған екі сахабасының былай дегені жеткізіледі: «*Біз Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ташриқ күндердің ортаңғысында құтпа жасағанын көргенбіз. Сол кезде біз оның інгенінің қасында тұрдық. Оның бұл күні айтқан құтпасы, Минадағы құтпасына ұқсас еді*[621]». Абу Дауд (№ 1952). Саррағ бинт Набханның хабары (№1953) бұл хадистің сенімділігін растайды. Әл-Әлбани Абу Нажиханың хадисін «Сахих Абу Дауд» еңбегінде сенімді деп атаған (1/368 – № 1720).

Абу Надра Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ташриқ күндерінің ортаңғысында айтқан құтпасын естіген адамға сүйеніп, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) онда былай дегенін баяндаған: «***Уа адамдар! Расында, Раббыларың Жалғыз және сендердің арғы аталарың да жалғыз. Арабтың араб еместен әрі араб еместің де арабтан артықшылығы жоқ. Дәл сол сияқты ақ түстінің де қара түстіден және қара түстінің де ақ ақ түстіден артықшылығы жоқ! Бір адамдардың басқа адамдардан артықшылығы тек тақуалықта болуы мүмкін! Мен сендерге жеткіздім бе?***». Адамдар: «*Иә, уа Аллаһтың Елшісі!*», – деп жауап берді. Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Бұл қандай күн?***», – деп сұрады. Адамдар: «*Бұл қасиетті күн*», – деп жауап берді. Кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Бұл қандай ай?***», – деп сұрады. Адамдар: «*Қасиетті ай*», – деп жауап берді.

---

[620] Абу Дауд (№ 1957). Әл-Әлбани «Сахих Абу Дауд» (№ 1724, 1/369) еңбегінде хадисті сенімді деп бағалаған.

[621] Яғни оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) «бастар күнінде» айтқан құтпасы мағынасымен Құрбан айт күні айтқан құтпасына ұқсаған (қ-з: «Ғаун әл-мағбуд» (5/31), «Фатх әл-малик әл-мағбуд» (2/100)).

Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Бұл қандай қала?***», – деп сұрады. Адамдар: «*Қасиетті қала*», – деп жауап берді. Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Расында, Аллаһ сендердің өмірлеріңді, мал-мүліктеріңді және ар-намыстарыңды бір бірің үшін осы айларыңдағы, осы қалаларыңдағы, осы күндеріңдей қасиетті қылды! Мен сендерге жеткіздім бе?***», – деді. Адамдар: «*Жеткіздіңіз, уа Аллаһтың Елшісі!*», – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Осында болған адам (осы естігені жайлы) осында болмаған адамға хабарласын!***», – деді. Ахмад (12/226).

Хадистерде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қасиетті жерлерде айтқан құтпаларынан басқа да үзінділері келтіріледі. Осылай, Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қоштасу қажылығы күндерінде адамдарға құтпамен жүгініп, былай дегені жеткізіледі: «***Расында, шайтан оған сендердің осы жерлеріңде құлшылық жасалатынынан үмітін үзді, бірақ ол оған басқа, яғни сендер оларға мән бермейтін нәрселерде бағынатындарыңның өзіне де разы! Ендеше сақтық жасаңдар! Мен сендердің араларыңда, егер сендер содан ұстансаңдар, ешқашан адаспайтын нәрсені қалдырудамын: Аллаһтың Кітабы мен Оның Пайғамбарының сүннетін***...».[622]

Абу Умамадан оның былай дегені жеткізіледі: «*Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қоштасу қажылығында, інгенінде отырып, адамдарға құтпамен жүгініп былай дегенін естігенмін:* «***Уа Адамдар! Раббыларыңа бойсұныңдар, бес парыз намазды орындаңдар, мал-мүліктеріңнен зекет төлеңдер, сендерге бекітілген айда ораза ұстаңдар, араларыңнан болған билік иелеріне бағыныңдар және (сонда) Раббыларыңның Жәннатына кіресіңдер!***».[623]

Тараудан алынатын қорытындылар:

1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдағы қажылығы жайлы естіп, Мәдинаға келгендердің барлығы қажылықты онымен бірге жасады. Бұған Жәбирдің мына сөздері нұсқайды: «*Олардың барлығы Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесуді, әрі ол жасаған рәсімдерді қайталауды қалады...*».

---

[622] Хадисті әл-Мунзири «әт-Тарғибте» келтіріп, оны әл-Хакимге теліді. Әл-Әлбани «Сахих әт-Тарғиб» (1/21- № 36) еңбегінде хадисті сенімді деп атады. Оның негізгі бөлігі Муслимде келтірілген (№ 2812).

[623] Әл-Хаким хадисті жеткізіп, оны Муслимнің шарттарына сәйкес сенімді деп атаған (1/473). Әз-Зәһаби онымен осыда келіскен.

2. Қажылық жасап жатқан адамға, егер бұл ол үшін қиындық туғызбаса, Арафатқа түстен кейін келу абзал болады.

3. Қажылықтың имамы Арафатта қажыларға құтпа жасап, оларға қажетті нәрселерді түсіндіруі құпталатын іс болып табылады. Бұл құтпада оларға әсіресе бірқұдайшылықтың (таухидтың) мәнін түсіндіруге және оларды көпқұдайшылықтан, бидғаттар мен күнәлардан сақтандыруға ерекше екпін жасау керек. Оларға Құран мен Сүннет бекіткен әмірлерді орындаудың маңыздылығына нұсқау ләзім.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қоштасу қажылығын жасаған кезінде, адамдарға үш рет құтпамен жүгінгені сенімді түрде жткізілген:

– бірінші құтпа Арафат күні айтылды;

– екінші құтпа Минада Құрбан айт күні айтылды;

– үшінші құтпа зул-хижжа айының он екінші күні Минада айтылды.

Әш-Шәфиғи мазхабына сәйкес имам зул-хижжа айының жетінші күні де адамдарға құтпа айтуы керек. Әр құтпада имам адамдарға, олар келесі құтпаға дейін жасауы керек болған қажылық рәсімдеріне байланысты нұсқаулар айтады.

4. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қажылықтағы құтпалары бір мұсылманның басқа мұсылманың өміріне, ар-намысына және мал-мүлкіне қол сұғуының Исламда нендей қатал тыйым салынғандығына ерекше назар қояды.

5. Адамдардың түсінігіне ақиқатты жеткізудің Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолданған әдістерінің бірі – көрнекі мысалдар мен салыстыруларды келтіруде болған. Осылайша, мұсылманның өмірінің, мал-мүлкінің және ар-намысының қаншалықты мызғымайтындығы мен қасиеттілігін баяндағысы келгендіктен, ол оларды Құрбан айт күннің, зул-хижжа айының және Мекке қаласының қасиеттілігімен теңеді.

6. Исламға дейінгі надандық заманының барлық теріс амалдары жойылған және тыйым салынған. Надандық кезінде қарызға берілген ақшадан пайыз алуға тайым салынды және надандық кезінде өлтірілген адамдардың қаны үшін кек алу жойылды.

7. Имам және адамдарды құпталатын нәрсеге шақырып, жамандықтан қайтаратын әрбір адам ең алдымен өзінен және өз отбасынан бастауы керек. Сонда оның сөздері адамдар тарапынан жақсырақ қабылданады және осылайша ол Исламды жақында ғана қабылдаған адамдардың жүректерін өзіне қаратады.

8. Жойылу мен тыйым салыну өсімнің өзіне ғана, яғни қарыз сомасының үстіне қойылған пайызға қатысты. Бастапқы капиталға келсек, ол өз иесіне тиесілі.

9. Мұсылман адам әйелдерінің құқықтарын сақтап, олармен қарым-қатынаста ізгі болуы және оларға қамқорлық жасауы керек. Бұл жайлы баяндайтын көптеген хадистер имам ән-Нәуауидің «Рияд әс-салихин» кітабында келтірілген.

10. Күйеуі өз әйелін бағып-асырауға міндетті. Егер әйелдің мінез-құлқы бұны талап етсе, онда күйеуге әйелін бұл оған пайда әкеледі әрі ол үшін тәрбиелеу болады деген шартпен ұруына болады. Барлық тәрбие шаралары Құран мен Сүннет бекіткен шектің сыртына шықпауы әрі күнәға алып келмеуі керек.

11. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне Құран мен Сүннетті мүлтіксіз ұстануды өсиет етті.

12. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Діни рәсімдеріңді менен алыңдар, өйткені, бәлкім, мен осы қажылығымнан кейін басқа қажылық жасамайтын шығармын, мұны білмеймін***», – деген сөздері, адамдардың қажылық рәсімдерін жасау үлгісін, онда айтылатын сөздерді және жасалатын амалдарды одан қабылдаулары керектігіне нұсқайды. Олар оны қабылдап, естеріне сақтап, оны жасап, сондай-ақ оны адамдарға үйретулері керек. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздері қажылық мәселесіндегі өте маңызды негізді құрайды және онда Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намаз мәселесінде айтқан: ***«Намазды мен оны көздеріңнің алдында оқығандай етіп оқыңдар»***, – деген сөздері қандай орынға ие болса, дәл сондай орын алады.[624]

13. «...***бәлкім, мен осы қажылығымнан кейін басқа қажылық жасамайтын шығармын,***», – деген сөздер өздігінше Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметімен қоштасуы, оның өлім сәтінің жақындағаны жайлы хабарлауы, сондай-ақ одан діни білімді алу мүмкіндігін барынша пайдаланып қалуға деген ынталандыруы болған еді.

14. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құтпаларында адамдарға білімді жеткізуге және оны таратуға деген ынталандыру бар, және осы орайда ақпаратты түсіну оны жеткізудің міндетті шарты емес екендігіне де нұсқалады.

15. Құтпа жасап жатқан адамның белгілі бір биіктікте орналасуы жақсырақ, өйткені оны тыңдап жатқан адамдар осылайша оны жақсырақ көреді және естиді.

16. Егер құтпа айтушы адам өз сөзінде тыңдаушыларға сұрақ қойса, сосын кідіріс жасап, оған өзі жауап берсе, осынысымен ол түсіндірілетін тақырыптың маңыздылығын сызып көрсетуге, хабарланатын деректердің күмәнсіз екендігін нұсқауға және тыңдаушылардың назарын өзіне барынша каратуға мүмкіндік алады.

---

[624] Әл-Бухари (№ 7246).

17. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұсылмандарға өздерінің билеушілеріне Аллаһтың Кітабына қайшы келмейтін нәрселерде бағынуды бұйырды. Ал егер билеуші кейбір сөгіске лайық іс-амалдар жасаса, онда оған жақсы үлгіде және даналықпен насихат айтып, Аллаһтан қорқу керектігін ескерту керек.

18. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне ілескендерге Аллаһқа бойсұнуды, намаз оқуды, зекет төлеуді, ораза ұстауды өсиет етіп, адамдардың өзара артықшылығы тек тақуалықпен анықталатындығына нұсқаған.

19. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан берілген мұғжизалардың бірі – Құрбан айт күні адамдар оның құтпасын өз тұрақтарында да естігендігі[625]. Бұл мұғжиза Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлығының ақиқат екендігіне нұсқайтын сансыз дәлелдердің бірі.

20. Құрбан айт («Ид әл-адха)» мейрамындағы құрбандық, қажылықтағы адамдар үшін де, басқа мұсылмандар үшін де өте абзал амал (сунна муаккада) болып табылады, әрі осы орайда қажылықтағы адамдар үшін міндетті болған құрбандық (әл-хади), мерекелі құрбандықты (әл-удхия) шалудың орнын баспайды. Әл-удхия (қажылық рәсімінен тыс құрбандық шалу) – құлшылықтың өздігінше жеке түрі. Бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Минада уағыз айтқанынан кейін екі ақшыл қойды сойғаны нұсқайды[626]. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды өзінің «әл-хади» ретінде сойған және оған оларды союда Али (Аллаһ оған разы болсын) көмектескен жануарларынан бөлек сойды.

---

[625] Әл-Бухари (№ 4406), Муслим (№ 1679).

[626] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (3/574, 577), «Шарх ән-Нәуауи» (8/422 – 434; 9/51, 52; 11/182), «Фатх әл-мәлик әл-мағбуд» (2/20, 2/54, 2/99 – 206).

ЖИЫРМА ҮШІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ТІРІЛЕРМЕН ЖӘНЕ ӨЛІЛЕРМЕН ҚОШТАСУЫ

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуының қарсаңында, түндерін онымен (Айшамен) өткізген кездерінде, сәрісінен бұрын әл-Бақиғ зиратына[627] шығып: «***Әс-сәләму ғаләйкум, уа осы мекеннің тұрғындары болған мүминдер, сендерге уәде етілген нәрсе жетті, ал ертен біздің де мерзіміміз келеді және, расында, Аллаһ қаласа, біз де сендерге қосыламыз. Уа Аллаһ, Бақиғ әл-Ғарқадта жатқандарды кешір!***», – деп айтқаны жеткізіледі.

Бұл хадистің басқа нұсқасында Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Маған Жәбірейіл келді ... және ол былай деді: «Расында, Раббың саған әл-Бақиғ тұрғындарына барып, олар үшін кешірім сұрауыңды бұйырып жатыр***», – дегені жеткізіледі. Айша (анамыз): «*Уа Аллаһтың Елшісі! Мен оларға не деп айтуым керек?*», – деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ««***Әс-сәләму ғаләйкум, осы жерде жатқан мүминдер мен мұсылмандар! Аллаһ бізден озғандар мен кешіккендерді мейіріміне бөлесін! Расында, Аллаһ қаласа, біз де сендерге қосыламыз», – деп айт***», – деп жауап берді.[628]

Имам әл-Убби (Аллаһ оны рахым етсін) Айшаның хадисінде сипатталған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Бақиғ зиратына баруы оның өмірінің соңында болғаны жайлы айтқан[629]. Шамасы, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі

---

[627] Әл-Бакиғ немесе Бақиғ әл-Ғарқад – Мәдина зиратының атауы.

[628] Муслим (№ 974).

[629] Қ-з: әл-Убби «Шарх ғалә Сахих Муслим» (3/388), «Фатх әл-Бари « (7/349).

болсын) сол жерге өлілермен қоштасу үшін барған болуы керек, өйткені ол Ухуд шәһидтерімен де дәл осылайша қоштасты. Сірә, оның түн ортасында үйінен шығып кетіп, әл-Бақиғта тұрып, осы зиратқа жерленгендерге дұға еткені де дәл осы себеппен жасалған болуы мүмкін, ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі. Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізінен еріп шығып, ол әл-Бақиғқа жеткенше артынан жүріп отырдым. Ол онда өте ұзақ тұрып, үш рет қолын көтерді, ал кейін үйге қайтты...*».[630]

Уқба ибн Амирдің (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен оның былай дегені жеткізіледі: «*Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ухуд шайқасында қаза болған болған шәһидтер үшін жаназа намазын оқыды*[631]. *Бұл шайқастан сегіз жыл өткен соң орын алған еді, және ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірілермен және өлілермен қоштасқандай болды. Бұдан кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мінберге көтерілді де, былай деді:* «***Расында, мен сендерден озамын және сендер жайлы куәлік етемін. Сендердің (менімен) кездесу орындарың – Су Айдынының (әл-Хауд) маңы болмақ. Аллаһпен ант етемін, мен қазір өзімнің Су Айдынымды көріп тұрмын, және, расында, Аллаһпен ант етемін, мен өз өлімімнен кейін сендердің көпқұдайшылдар болатындарыңнан қорықпаймын*[632]*, бірақ бір-біріңмен дүниелік игіліктер үшін бәсекелес болатындарыңнан қорқамын!***». *Бұл менің Пайғамбарды (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) мінберде тұрғанын соңғы рет көргенім еді*».[633]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірілермен қоштасуы – ол оның өмірінің соңында айтқан және ха-

---

[630] Муслим (№ 974).

[631] Сенімді хадистер шайқас алаңында қайтыс болғандар үшін жаназа намазы оқылмайтынана нұсқайды. Ал бұл хадиске келсек, онда айтылған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазы Ухуд шаһидтері үшін дұға мен олар үшін кешірім сұрау болған. Өзінің ажал мерзімінің жақындағанын білген Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олармен осылайша қоштасты. Ал әл-Бақиғта жерленген сахабалармен ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олар үшін кешірім сұрап қоштасқан. Қ-з: «Фатх әл-Бари» (3/210, 7/349). Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл амалының осындай түсіндірмесін көрнекті ғалым Ибн Баз «Фатх әл-Бари» кітабына жасаған түсіндірмесінде растаған (6/611).

[632] Бұл сөздер Мухаммадтың (оған Аллаһтың иигілігі мен сәлемі болсн) барлық үмметі жайлы айтылмаған, өйткені оның кейбір бөлігі көпқұдайшылыққа түскен. Қ-з: «Фатх әл-Бари» (3/211).

[633] Әл-Бухари (№ 1344, 3596, 4042, 4085, 6426, 6590), Муслим (№ 2296).

дистерде келтірілген құтпалары, ал өлілермен қоштасуы – оның Аллаһтан әл-Бақиғ зиратында жатқандар үшін кешірім сұрауы мен оның Ухудта қайтыс болғандар үшін жасаған дұғасы еді.[634]

Тараудан алынатын қорытындылар:

Бұл тарауда Пайғамдардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үмметіне көмек көрсетуге деген ұмтылысы, оның өз ілесушілеріне: олардың тірілеріне де, қайтыс болғандарына да – ықыласты тілеулестігі жарқын көрініс тапқан. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ухудтың шәһидтері үшін жаназа намазын шайқастан сегіз жыл өткен соң оқыды, және ол әл-Бақиғ зиратына барып, ондағы жатқан мүминдер мен мұсылмандар үшін үшін дұға етті, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірілерге насихаттар айтып, оларға өсиеттермен, құтпалармен, бұйрықтармен және тыйымдармен жүгінді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға нұсқамаған бірде-бір жақсылық және оларды сақтандырып ескерпеген бірде-бір жамандық қалмады.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз ілесушілерін осы дүниелік өмірдің ләззатқа толы азғыруларынан сақтандырып ескерткені, мұсылман адамның дүние игіліктеріне құштар болудан, өзгелермен осы үшін бәскелестікке түсуден сақтануы керектігіне, әрі өзіне берілген игіліктерді Аллаһқа ұнамды мақсаттарда пайдалануы қажеттігіне нұсқайды.[635]

---

[634] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (7/349).
[635] «Фатх әл-Бари» (11/245).

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) НАУҚАСЫНЫҢ БАСТАЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АБУ БАКРҒА ЖАМАҒАТ НАМАЗЫН ӨТКІЗУДІ ТАПСЫРУЫ

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) зул-хижжа айында қоштасу қажылығынан оралған соң, осы айдың қалған бөлігін және одан кейінгі мухаррам мен сафар айларын Мәдинада өткізіп, Усама ибн Зәйд бастаған әскери жорықты дайындаумен айналысты. Сафар айының соңғы күндерінде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сырқат сезінді. Оның ауруы сафар айының жиырма екісінде басталғаны туралы айтылады. Басқа хабарларда ол жиырма тоғызында басталды деп келген. Сондай-ақ ол рабиғ әл-әууәл айының басында басталды деп те жеткізіледі. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хәлінің нашарлағанын сезінгеннен кейін, Ухуд шәһидтері үшін намаз оқыды және, бұл жоғарыда келтірілген бапта баяндалғандай, әл-Бақиғ зиратына барып, ондағы жатқан мүминдерге сәлем беріп, олар үшін дұға жасап, олармен қоштасты. Бірде ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Бақиғтан оралған кезінде, әйелі Айша оған басының ауырып жатқанына шағымданды. Ол: «*Уа басым!*», – деп ыңырси бергенде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Менің басым қаттырақ ауырып жатыр, уа Айша!***», – деді де, кейін: «***Уайымдама, егер сен менен бұрын қайтыс болсаң, мен сенің жағдайыңды жасаймын: өзім сені кебінге орап, сен үшін жаназа намазын оқып, сені жерлеймін***», – деді. Бұны естіген Айша: «*Аллаһпен ант етемін! Сіз бұның барлығын жасап болған соң, менің үйіме оралып, онда әйелдеріңіздің біреуімен уақытыңызды өткізесіз!*», – деді. Кейін Айша былай баяндайтын: «*Мен бұл сөздерді айтқанымда,*

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жымия салды».[636]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) науқасы оны біржолата құлатпағанша күшеюін жалғастара берді. Сол күні ол әйелі Маймунаның үйінде болатын. Ол өзіне барлық әйелдерін шақыртып, олардан ауырған күндерін Айшаның үйінде өткізуге рұқсат сұрады.[637] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаянын жетік білгендер, бұл оқиға жиырма тоғызыншы сафар күні, сәрсенбіде орын алған еді және Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауруы отыз күн жалғасты деп санайды.

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хәлі тым нашарлағанда және (оның) жан қиналуы күшейгенде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерінен, оны менің үйімде қарауды сұрады және олар бұған келісті. Аяқтарын жерден әрең көтерген, екі жағынан Аббас пен тағы бір адам көтеріп ұстаған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі (соңғы рет сонда) болған үйінен шықты*». Ибн Аббастың хабарында нұсқалғандай, бұл адам Али болған.[638]

Айша (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үйіне кірген соң оның қиналуы одан сайын күшейгенде, ол былай дегенін баяндаған: «***Маған бауы шешілмеген***[639] ***жеті сабадан су құйыңдар***[640] ***және бәлкім, (сонда) мен адамдарға өсиет бере алатын шығармын***».

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Оны (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелі Хафсаға тиесілі болған мыс легенге отырғызды, кейін біз оның үстінен әлгі сабалардан су құя бастадық, әрі осыны ол бізге тоқтау керектігін айтқысы келіп, ымдай бастағанына*

---

[636] Бұл хабар Ибн Хишаммен Ибн Исхақтың жеткізу тізбегімен келтірілген. Қ-з: «Сира Ибн Хишам» (4/320), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/224), «Фатх әл-Бари» (8/129, 130). Сондай-ақ бұл хадисті Ахмад (6/144, 228), Ибн Мәжаһ, әл-Байхаки келтірген. Шейх әл-Әлбани «Әхкам әл-Жәнаиз» еңбегінде оның сенімділігін растаған (50-бет).

[637] Қ-з: «Сира Ибн Хишам» (4/320), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/223-231).

[638] Қ-з: әл-Бухари (№ 687, Муслим (№ 418).

[639] Яғни, оған суды кір қылатын еш нәрсе кіре алмайтын сабалар меңзелген.

[640] Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұны емдік мақсатпен жасады. «Жеті» саны шариғаттық бекітілімдерде және әлем құрылысына байланысты зандарда жиі кездеседі. Әт-Табараниде келтірілген хадистің нұсқасында, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) судың әртүрлі құдықтардан алынуын бұйырғаны айтылған.

дейін жалғастыра бердік. Кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға шығып, оларға құтпа жасады».[641]

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені баяндалған: «*Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілгі мен сәлемі болсын) науқасы кезіндегі хәлі нашарлағанда ол: «**Адамдар намаз оқыды ма?**», – деп сұрады. Біз: «Жоқ, олар сізді күтіп тұр», – деп жауап бердік. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Мен үшін легенге су құйыңдар**», – деп бұйырды*».

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Біз бұны жасадық, кейін ол толық дәрет алып, орнынан тұруға тырысты, бірақ есінен танып қалды. Пайғамбар (оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі болсын) есіне келгенде, қайтадан: «**Адамдар намаз оқыды ма?**», – деп сұрады. Біз: «Жоқ, олар сізді күтіп тұр, уа Аллаһтың Елшісі!», – деді. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтадан: «**Мен үшін легенге су құйыңдар**», – деді*».

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол шараға отырып, ғұсыл алып, тұруға тырысты, бірақ қайтадан есінен танып қалды. Есіне келгенде, ол: «**Адамдар намаз оқыды ма?**», – деп қайта сұрады. Біз: «Жоқ, олар сізді күтіп тұр, уа Аллаһтың Елшісі!», – деп жауап бердік. Сол арада адамдар кешкі намазды оқу үшін мешітте қалып, Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күтіп тұрды. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрға, ол адамдармен намазды өткізуін жеткізуді бұйырды. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жіберген адам Абу Бакрға: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) саған адамдармен бірге намазды өткізуді бұйырып жатыр», – деді. Сонда жүрегі жұмсақ адам болған Абу Бакр: «Уа Умар! Адамдармен сен намаз оқы», – деді. Бірақ Умар оған: «Сен бұған көбірек лайықтысың!», – деп жауап берді, және бұл күндері жамағат намаздарын Абу Бакр өткізді. Біраз уақыттан соң Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хәлі жеңілдеді және ол екі адамның көмегімен үйінен Абу Бакр имамдық жасаған бесін намазына шықты, сол екі адамның бірі Аббас болған еді*[642]*. Абу Бакр оны көріп, артқа жылжығысы келді, алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған бұны жасамауы үшін белгі беріп: «**Мені оның қасына отырғызыңдар**», – деді және ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрдың қасына отырғызылды. Бұдан кейін Абу Бакр барлық қажетті амалдарды (намазды) отырып оқыған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізінен қайталады, ал адамдар оларды Абу Бакрдың ізінен қайталады*».[643]

---

[641] Әл-Бухари (№ 198), Муслим (№ 418).

[642] Екінші адам Али (Аллаһ оған разы болсын) болған.

[643] Әл-Бухари (№ 687), Муслим (№ 418).

Хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрдың қасында отырып, бесін (әз-зухр) намазын оқығанына анық нұсқалады[644].

Айшаның (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Бірде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) науқасы күшейгенде, Биләл келіп, азан шақырды және Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Абу Бакрға ол адамдармен намазды оқысын деп айтыңдар**», – деп бұйырды[645]. Мен оған: «Уа Аллаһтың Елшісі! Абу Бакр қатты қайғырып әрі жылап жатыр, егер ол намазда сіздің орныңызды алса, адамдар оның жылауынан ештеңе естімейді, сондықтан адамдармен намаз оқуды Умарға бұйырыңыз!», – дедім. Бірақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Абу Бакрға айтыңдар, ол адамдармен намаз оқысын**», – деді. Сонда мен Хафсаға[646]: «Оған: «Егер Абу Бакр сіздің орныңызға тұрса, адам-*

---

[644] Кейбір ғалымдар бұл таң намазы болғаны жайлы айтқан. Дәлел ретінде олар Ибн Аббастан жеткен Арқама ибн Шурахбилдің мына хабарын келтіреді: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Құранды Абу Бакр жеткен жерден оқуды жалғастырды*». Бұл хабарды Ибн Мәжаһ жақсы жеткізушілер тізбегімен келтірген. Алайда онда Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрдың қасында отырып оқыған намазы – таң намазы болғандығына дәлел жоқ. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрға жақындағанда, ол жеткен аятты естігендігі әбден мүмкін. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі кейде намаздарда адамдарға Құран ішінен оқылатын аяттарды естуге мүмкіндік беретін. Бұған Абу Қатаданың хадисі нұсқайды. Бірақ сол намаз онда Құран дауысталып оқылатын намаз болған десек те, ол міндетті түрде дәл таң намазы екендігіне дәлел қайда? Бәлкім, бұл жерде, мысалы, ақшам намазы жайлы айтылған шығар. Оған қоса, қос «әс-Сахих» жинақтарында Умм әл-Фәдлдің мына хабары жеткізіледі: «*Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ақшам намазында «әл-Мурсаләт» сүресін оқығанын естігенмін және бұдан кейін ол бізбен бірге, Аллаһ оның жанына тыныштық бергеніне дейін намаз оқымады*» (қ-з: әл-Бухари (№ 763, 4429), Муслим (№ 462)). Алайда Ибн Хәжар былай деп жазған: «*Мен ән-Нәсаиде Умм Фәдл айтқан намазды Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз үйінде оқығанын таптым. Әш-Шәфиғи Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ажал тұсындағы күндеріне адамдармен бірге мешітте тек бір намазды оқығанына бірмағыналы түрде нұсқаған – бұл оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) отырып оқыған және онда басында Абу Бакр имам болып, кейін адамдар үшін тәкбірді дауыстап айтқан маъмум (ұйып оқушы) болған намазы*». (Қ-з: «Фатх әл-Бари» 2/175).

[645] Басқа сөздермен айтқанда, әрдайым өзі имам болған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрға (Аллаһ оған разы болсын) өзінің орнына тұруды бұйырды.

[646] Хафса – Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі бослсын) әйелдерінің бірі және Умар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) қызы.

дар оның жылауынан ештеңе естімейді, сондықтан адамдармен намаз оқуды Умарға бұйырыңыз!», – деп айт», – дедім. Хафса дәл осылай жасады, сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Доғар! Расында, сендер Юсуфты көрген әйелдер секілдісіңдер! Абу Бакрға, ол адамдармен намаз оқуын бұйырыңдар!***», *– деді*».

Бұдан кейін Хафса Айшаға: «*Мен сенен ешқашан жақсылық көрмегенмін!*», – деді.

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «*Абу Бакрға Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйрығы жетті және ол адамдармен намаз оқи бастады. Сол уақытта Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хәлі кішкене жақсарды, және ол өзін оң және сол жағынан көтеріп ұстаған екі адамның көмегімен, аяқтарын жерге сүйретіп үйінен шықты*[647]*. Абу Бакр Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақындағанын естіп, артқа жылжи бастады, бірақ Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған ымдап, орнында тұра беруін көрсетті. Кейін ол Абу Бакрға жақындап, оның сол жағына отырды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намаз оқи бастады, Абу Бакр оған ұйыды*[648]*, ал адамдар Абу Бакрға ұйып намаз оқыды*».[649]

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол намазға Абу Бакр имамдық жасауы туралы шешімін қайта қарауын сұрауының себебі осы хадистің әл-Бухариде келтірілген нұсқаларының бірінде түсіндіріледі. Онда Айшаның мына сөздері келтірілген: «*Мен Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз шешімін қайта қарастыруын сұрадым. Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) орнына кім тұрса да, адамдар оны ешқашан жақсы көрмейді деп қорқып, осыны талап етуге мәжбүр болдым. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) орнына кім келсе де, адамдар бұны жаман белгі деп есептейді деп ойладым. Сол себепті мен Аллаһ Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрдың орнына басқа біреуді тағайындауын қаладым*»[650]. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Хафсаға: «***Сендердің барлықтарың Юсуфты көрген әйелдер секілдісіңдер***», – деп айтқан сөздерімен ол және Айша оған кеңес бергенде, мұны шынайы ықыласпен істемегенін меңзеген болатын. Өйткені Абу Бакрдың жұмсақтығын сылтауратқан оны қызы Айша, шын мәнінде,

---

[647] Бұл жерде мешітке іргелес жатқан Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) бөлмесі меңзелген.

[648] Яғни Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) артынан, оның барлық қимылдарын қайталады.

[649] Әл-Бухари (2/204 – № 713, № 679), Муслим (№ 418).

адамдар әкесін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) орнында көргенде бұны жаман белгі деп санап, қобалжып, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) науқасымен және өлімімен байланысты әрі барлық мұсылмандар үшін қайғылы оқиғаларды онымен байланыстыратын болады деп қауіптенді.

Ибн Касир былай деген: «*Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрға басқалардан артықшылық беруі – Ислам дінінің бұлтартпас ақиқаты. Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған берген артықшылығы, оның сахабалардың ішіндегі ең білімдісі болғанын және Аллаһтың Кітабын басқаларға қарағанда көбірек оқып, түсінгенін айғақтайды. Өйткені сенімді хадисте былай деп айтылған: «**Намазда адамдарға имам болып олардың ішіндегі Аллаһтың Кітабын ең көп оқитын адам тұруы керек[651]. Егер олар бұда тең болса, онда олардан сүннетті ең жақсы білетіні имам болуы керек. Егер олар бұда тең болса, онда олардан хижраны ертерек жасағаны имам болуы керек. Егер олар бұда да тең болса, онда Исламды басқаларынан бұрын қабылдағаны имам болуы керек**»».[652] Ал Абу Бакрдың бойында бұл хадисте айтылған артықшылықтардың барлығы жиналып үйлесімін тапты».*[653]

Бұл тарау келесі нәрселерге нұсқайды:

1. Ухуд шәһидтері және әл-Бақиғ зираттарына зиярат етіп барудың және олар үшін Аллаһқа дұға етудің абзалдылығы, бірақ адам дәл осы мақсатпен арнайы сапарға шықпауы керек және сол жерге барғанда ешқандай діни бидғат жасамауы керек деген шартпен.

2. Күйеудің өзінің қайтыс болған әйелін жуып, оны жерлеуге дайындауының және әйелдің де өз күйеуі үшін бұны жасаудың рұқсат етілгенділігі.

---

[650] Әл-Бухари (№ 198, 4445), Муслим (№ 418).

[651] Әрине, бұл Құранды басқаларға қарағанда көбірек оқып қана қоймай, оның мағынасын басқаларға қарағанда жақсы түсінетін адамға қатысты.

[652] (Муслим (№ 673).

[653] «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/234). Әл-Байһаки Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтылған хабарын келтірген: «*Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соңғы намазы ол соған оранып алған бір киіммен және Абу Бакрдың артынан оқылды*». Ибн Касир «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/234) кітабында, бұл хадистің иснады жақсы екендігіне және ол сенімді хадистің шарттарына сәйкес келетіндігіне нұсқайды. Көрнекті ғалым Ибн Баз (Аллаһ оны рақымына бөлесін) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазды Абд әр-Рахман ибн Ауфтан басқа еш бір сахабаларының артынан оқымағаны жайлы пікірді артық көрді. Оның Абу Бакрдың қасында отырып оқыған намазына келсек, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), бұл жоғарыда айтылғандай, онда имам болған.

3. Күйеудің өзінің әйелдерінен, оның үйден үйге барып жүруі қиындық тудырғанда, ауырған күндерін біреуінің үйінде өткізуін сұраудың рұқсат етілгендігі. Олар бұған келіспеген жағдайда, күйеу олардың арасында жеребе лақтыруы керек.

4. Пайғамбарлар да науқас, естен тану секілді хәлдерді бастарынан кешіретіндігі. Бірақ ақылдан азу пайғамбарларда ешқашан болмайды, өйткені бұл кемшілік.

Пайғамбарлардың ауруға ұшырайтындарында үлкен даналық жасырылған. Аллаһ Тағала оларға жіберілген аурулар арқылы олар үшін әзірленген сауапты арттырып, олардың дәрежелерін көтереді. Бұдан тыс, пайғамбарлардың көрген қиыншылықтары мен азаптары, азап шеккен адамдарға жұбаныш болады. Сондай-ақ, пайғамбарлардың аурулары, олардың қолдарымен жасалған ғажайып муғжизиларға қарамастан, олардың да басқа адамдар сияқты Аллаһтың қалауынан өзге өздеріне зиян да, пайда да келтіре алмайтын жәй адамдар екенін дәлелдейді. Ал бұл, өз кезегінде, адамдарды пайғамбарларды тым дәріптеп, оларға құлшылық етуден сақтайды.

5. Адам есінен танғанда, ғұсыл алудың абзалдылығы, өйткені ол денеге белсенділікті қайтарады және безгектің түсуіне себеп болады.

6. Намазға жиналған адамдардың имамды, ол кіші-гірім уақытқа кешігіп жатса, күтуінің абзалдығы. Бірақ егер имам ұзақ уақытқа кешігіп, оны күту адамдарға қиындық әкеп жатса, онда намазға имамдық ету жиналғандардың ең білімдісіне жүктеледі.

7. Абу Бакрдың басқа сахабалардан артықшылығы және оның Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейінгі халифа лауазымын иеленуге деген басым құқығы. Бұндай қорытындыға жамағат намазына имамдық ету халифаның ерекше құзыреті болып табылатыны, сондай-ақ сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын): «*Біз өзіміздің дүниелік істерімізді басқаруды Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) діни істерімізді басқаруды тапсырған адамға сеніп тапсыруға келісеміз*», – деген сөздері.

8. Егер имам күтпеген жағдайларға немесе шұғыл істерге байланысты жалпы намазға қатыса алмаса, онда намазды өткізуді адамдардың ең лайықтысына тапсыруы керек.

9. Умардың (Аллаһ оған разы болсын) артықшылығы мен мәртебесіне нұсқау. Бұған Абу Бакрдың намаздағы имамдығын, басқа ешкімге емес, дәл соған тапсырғысы келгені нұсқайды.

10. Егер адамды бетке мақтау оны азғырып, нәпсіқұмарлыққа және масаттанушылыққа келтіруі мүмкін деген қауіп болмаса, онда оны бетіне мақтаудың рұқсат етілетіндігі. Бұндай қорытындыға Умардың Абу Бакрға: «Сен бұған көбірек лайықтысың!» – деп айтқаны нұсқайды.

11. Ең жақсы және ең лайықты адамдардың қандай да бір ұлы істерді орындау құқығынан бас тартып, оларды дұрыс орындай алатын басқаларға ұсынудың рұқсат етілгендігі.

12. Адамның жамағатпен намазды өткізу секілді өзіне сеніп тапсырылған өкілеттіктерді өзге сенімге лайық біреуге тапсыруға рұқсат етілетіндігі. Бұл Абу Бакрдың: «*Уа Умар! Адамдармен намазды сен өткіз*», – деген сөздерінен туындайды.

13. Намаз – адамдардың ең басты парыздарының бірі және олар оны орындағандары үшін жауапты.

14. Айшаның Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол уақытта тірі болған басқа әйелдерінің барлығынан артықшылығы. Олар тоғыз еді әрі Айша олардың бірі болған.

15. Адамның билеушіге оның шешімімен келіспеушілігін, оған басқа шешімдер ұсыну немесе жақсы кеңес беру түрінде білдіруге рұқсат етілетіндігі. Билеушіге деген кез-келген қарсы пікір білдіру жұмсақтыққа, даналыққа, оның мәртебесін құрметтеуге әрі қажетті этикалық нормалардың сақтауға негізделген болуы керек.

16. Намазда имамның қасында, егер бұда қажеттілік немесе пайда болса, намаз оқушылардың әлдебіреунің тұруына рұқсат етілетіндігі. Бұл имамның дауысын естімейтін көптеген адамдарды намаздағы тәкбірлер жайлы хабарлау үшін, немесе мешітте орын жетпеген кезде, немесе топ әйелдердің өздерінің ішінен болған бірінің басшылығымен намаз оқитын кезде, сондай-ақ имаммен бірге намазды бір ғана адам оқығанда, немесе имамның киімінің жеткіліксіздігі намаз оқыған адамдарды оны жабуға мәжбүр ететін кезде жасалады.

17. Егер имамның тәкбірлері басқаларға естілмесе, онда оған ұйып намаз оқып жатқан адамдардың біреуі, оны басқаларға жеткізу үшін, дауыстап қайталап айтудың рұқсат етілгендігі.

18. Кісінің парыз намаздарды, бұл үшін күш пен мүмкіндік толық болмаған жағдайлардан бөлек, жамағатпен орындауға ұмтылуының қажеттілігі.

19. Ең білімді және ең лайықты адам, азырақ білетін және азырақ лайықтырақ адамға қарағанда намазды өткізуге көбірек құқылы.

20. Намазда имамға ұюдың қажеттілігі, егер имам намазды отырып оқыса, адамдар да отырып намаз оқулары керек, ал егер ол оны тұрып оқыса, адамдар да тұрып оқулары керек.

21. Намаздағы адамның, ол бұны жасанды түрде немесе өзін күштеп жасамаса, ізгі жылауымен жылауының рұқсат етілгендігі. Яғни егер адам еріксіз және табиғи түрде жыласа, бұда айыпталатын нәрсе жоқ.[654]

---

[654] Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Сахих Муслим» (4/379 – 386), «Фатх әл-Бари» (2/151, 152, 164, 166, 173, 203, 206) және басқалар.

ЖИЫРМА БЕСІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ҰЛЫ ҚҰТПАСЫ ЖӘНЕ АДАМДАРҒА (ҚАЛДЫРҒАН) ӨСИЕТТЕРІ

Бейсенбі күні, қайтыс болуынан бес күн бұрын Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына маңыздылығы бойынша ұлы құтпамен жүгінді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) онда Абу Бакр әс-Сыддықтың басқа сахабалардан артықшылығына нұсқады. Бұған сондай-ақ Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрды өзінің орнына сахабалардың жамағат намазын өткізуге тағайындау шешімі де нұсқаған болатын. Бұл құтпа Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жазба түрде өсиет етіп хабарлауды ниеттенген нәрсесін алмастырған болуы әбден ықтимал. Бұл ұлы құтпадан бұрын Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ғұсыл алды. Оған бауы шешілмеген[655] жеті сабадан су құйылды[656]. Ол бұны, бұған хадистер нұсқағандай, емделу мақсатымен жасауды бұйырған еді[657]. Ол ғұсыл алып, адамдарға шығып, намаз оқыды, кейін оларға құтпа жасады.

---

[655] Бұл жерде ішіне суды лас ететін нәрселер кіре алмайтын сабалар меңзелген.

[656] Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұны емделу мақсатымен жасауды бұйырды. «Жеті» саны шариғаттың бекітілімдері мен әлемнің құрылысына байланысты қағидаларда жиі кездеседі. Әт-Табараниде келтірілген хадисте Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) су әртүрлі құдықтардан алынуын бұйырғаны жайлы айтылған.

[657] Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/228).

Жундуб ибн АбдуЛлаһ (Алаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «*Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуынан бұрын былай дегенін естідім:* «***Мен сендердің араларыңда сүйіктім***[658] ***бар болудан Аллаһтың алдында пәкпін. Аллаһ Ибраһимді Өзінің сүйіктісі еткендей, мені де Өзінің сүйіктісі етті. Бірақ егер маған үмметімнің ішінен сүйікті таңдау керек болғанда, мен Абу Бакрды таңдар едім.***

Расында, сендерден бұрын өмір сүргендер пайғамбарлары мен салиқалы адамдарының қабірлерін құлшылық орындарына айналдыратын. Бірақ сендер қабірлерді мешіттерге айналдырмаңдар, өйткені мен сендерге бұған тыйым саламын»».[659]

Абу Сағид әл-Худридің (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мешітте жиналған адамдарға құтпамен жүгініп, былай деді:* «***Расында, Аллаһ құлдарының біріне бұл өткінші дүние мен Оның алдында бар нәрселердің арасында таңдау жасау мүмкіндігін берді, және бұл құл Аллаһтың алдындағы нәрсені таңдады***». *Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) бұл сөздерді естіп, жылап жіберді де: «Біздің әкелеріміз бен аналарымыз сіз үшін өтем болсын!» – деді. Біз бұған таң қалдық, және адамдар: «Мына шейхке қараңдар шы! Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ әлдебір бір құлына осы дүние мен Оның қасындағы нәрселердің арасында таңдау жасауды ұсынғаны жайлы хабарлап жатса, ол болса: «Біздің әкелеріміз бен аналарымыз сіз үшін өтем болсын!», – деп айтып жатыр», – деді. Алайда, бұл құл басқа біреу емес, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәл өзі еді, ал Абу Бакр бізге қарағанда көп білімге ие болатын*[660]. *Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келсек, ол:* «***Уа Абу Бакр, жылама!***», *– деді де, кейін:* «***Расында, барлық адамдардан маған ең көп жақсылық жасаған – менің серігім болған және мен үшін мал-мүлкін аямаған Абу Бакр болды. Егер маған үмметімнің арасынан өзіме сүйікті (халил) таңдау керек болғанда, мен міндетті түрде Абу Бакрды таңдар едім, алайда Исламдағы бауырлық пен сүйіспеншілік бұдан жақсырақ!***

---

[658] Бұл жерде адамның жүрегінде орын алуы мүмкін болған махабаттың ең жоғары дәрежесі жайлы айтылған, ол арабша «әл-хулләә» деп аталады. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздерді айтуының себебі, ол бұндай махаббатпен Аллаһтан басқа ешкімді жақсы көре алмағанында әрі онда Раббысымен бірге ешкімді серік етпегінде. Қ-з: «Ән-ниһая фи ғариб әл-хадис» (2/72), «Әл-мисбах әл-мунир» (1/180), «Шарх ән-Нәуауи» (5/16) және басқалар.

[659] Муслим (№ 532).

[660] Яғни Абу Бакр ғана Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмір сүруіне аз уақыт қалғанын түсінген.

Сондықтан да мешітте Абу Бакрдың есігінен басқа жабылмаған есік қалмасын[661]*!*», *– деп жалғастырды*».[662]

Хадистен жасалатын қорытындылар:

1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Абу Бакрдың есігінен басқа, сахабалардың үйінен тікелей мешітке шығатын барлық есіктерді жабу туралы бұйрығы – Абу Бакр халифа болуы керек екендігіне деген нұсқаулардың бірі болды.

2. Абу Бакр сахабалардың арасында ең көп діни білімге ие болған, өйткені ең жақсы түсінікке ие болған адам «ең білуші» деп аталуға лайықтырақ.

3. Сондай-ақ Абу Бакр Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалардың арасындағы ең жақсы көретін адамы болған.

4. Хадистерде мәңгі өмірді осы өмірден артық көруге ынталандыру бар. Бұл дүниеде көбірек қалуға деген ұмтылыс тек жақсы амалдарды көбейтуге және сол арқылы мәңгілік дүниедегі жоғары дәрежелерге жетуге деген ұмтылыспен пен ғана ақталуы мүмкін.

5. Адам өзіне қандай да бір жақсылық жасаған адамға алғыс білдіріп, ол жайлы жақсы сөйлеп, оның жақсы істері жайлы айтуы керек. Өйткені адамдарға алғыс білдірмеген адам, Аллаһқа шүкіршілік білдірмеген болады.

6. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құтпасында қабірлерде мешіттер мен құлшылық орындарын соғудан, сондай-ақ өлгендерді мешіттерде жерлеп, олардың ішінде суреттерді қоюдан сақтандыру бар. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұндайды жасайтын адамдарды, олар кім болса да, лағнеттеп, оларды Аллаһтың алдындағы ең жаман адамдар деп атаған.[663]

7. Хадистер сахабалардың Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шексіз махаббатына нұсқайды. Олар оны өздерінен, балаларынан, ата-аналарынан және барлық адамдардан артық жақсы көрген. Сондықтан олар ол үшін тіпті ата-аналарын да өтем етуге дайын болған.

---

[661] Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) бөлмесі, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерінің бөлмелері секілді мешіттің өзіне тікелей іргелес болған. Бұл сөздер оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлімінен кейін Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) халифа болуы керектігіне нұсқау ретінде түсіндіріледі.

[662] Әл-Бухари (№ 466, 3654, 3904), Муслим (№ 2382).

[663] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (1/559, 7/14, 16), «Шарх ән-Нәуауи» (15/16).

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) АУРУЫ КҮЙШЕЙГЕНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗ ЖАҚЫНДАРЫНА ЖАСАҒАН ӨСИЕТІ

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауруға шалдыққан кездерде, өзіне-өзі «әл-муғаууизат»[664] деп аталатын сүрелерді оқып дем салғаны туралы хабарланады. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуына себеп болған ауруы күшейген кезде, Айшаның өзі оған (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы сүрелерді оқып, оған дем салатын, және Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) денесін оның өзінің қолдарымен сипайтын, өйткені онда береке бар еді. Ибн Шиһаб былай деген: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз қолдарына үрлеп, олармен жүзін сипайтын*».[665]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыған ұқсас амалдарды төсекке жатуынан бұрын да жасайтын. Ол екі алақанының ішкі жағына үрлеп, кейін: «әл-Ихлас», «әл-Фәләқ», «ән-Нәс» сүрелерін оқитын, кейін алақандарымен басынан, жүзінен және денесінің алдыңғы жағынан бастап өз денесінің қолы жете алатын барлық жеріне дейін сипап өтетін және осыны үш рет қайталап жасайтын.

Муслимнің «әс-Сахих» жинағында Айша (анамыздан) келтірілетін хабарда былай деп айтылған: «*Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) отбасы мүшелерінен әлдебіреу ауырса, ол оған «әл-муғауузат» сүрелерін оқып, дем салатын. Ол (оған Аллаһтың*

[664] «Әл-муғаууизат» – Құранның 112, 113, 114-ші сүрелері.
[665] Әл-Бухари (№ 4439, 5016, 5735, 5751), Муслим (№ 2192).

игілігі мен сәлемі болсын) өзінің қайтыс болуына себеп болған ауруымен ауырғанда, мен оған соларды оқып дем салатын болдым, әрі осыған қоса Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің қолдарымен сипайтынмын, өйткені олар, менің қолдарымнан ерекше, берекелі болатын».[666]

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Бірде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерінің барлығы оның жанына жиналып, олардың ешқайсысы оның қасынан кетпей отырған кезде, жүрісі Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрісінен айнымайтын Фатыма (Аллаһ оған разы болсын) келді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қызын көріп, оған сәлем беріп: «**Қызым қош келді!**», – деді де, кейін оны оң жағына (немесе: ... сол жағына) отырғызып, құлағына бірдеңелер айтты, және ол (Фатыма) қатты жылай бастады. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның қайғырғанын көргенде, оның құлағына тағы бірдеңелер айтты әрі ол күліп жіберді. Мен одан: «Сені не нәрсе жылатты?», – деп сұрадым. Ол: «Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сырын ашпаймын!», – деп жауап берді. Мен: «Мен қайғыны осылай тез алмастырған қуанышты ешқашан көрмеппін», – дедім. Фатыма жылап жатқанда мен оған: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерінің жанында тек саған ғана бірдеңе айтып жатыр, ал сен бұдан кейін жылап жатырсың ба?! Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) саған не деді?», – дедім. Ол: «Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сырын ашпаймын», – деді. Кейін, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған соң, мен Фатымаға: «Мен өзімнің сендегі хаққыммен*[667] *сұраймын, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сол кезде саған не дегенін айт!», – дедім. Ол: «Иә, енді мен айта аламын. Ол маған бірінші рет сөйлеген кезінде, Жәбірейіл онымен бірге жыл сайын Құранды бір рет оқығанын, ал қазір ол бұны екі рет жасағанын айтқан болатын. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Расында, мен бұны ажалымның жақындағанына нұсқаудан өзге ешнәрсе емес деп санаймын. Ендеше, Аллаһтан қорық және сабыр сақта, өйткені мен (Жәннатта) сенің алдыңнан күтіп алушы боламын**», – деді, және мен, өзің көргеніңдей, жылап жібердім. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) менің қайғырғанымды көргенде, маған қайтадан бұрылып: «**Уа Фатыма! Сен (Жәннатта) мүмина әйелдердің ханымы (немесе: ... осы үмметтің әйелдерінің***

---

[666] Муслим (№ 2192).

[667] Айша (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерінің бірі, демек мүминдердің анасы болған хаққысын меңзеген.

ханымы) болатыңына разы емессің бе?», *– деді, және мен, өзің көргеніңдей, күлдім», – деді*»[668]. Бұл хадистің басқа нұсқасында, Фатыма күлкісінің себебін түсіндіргенде: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің отбасы мүшелерінен оған бірінші болып ілесіп кететін мен болатынымды айтты, сондықтан мен күлдім*», – дегені айтылады.[669]

Осылайша, Фатыманың күлуіне, оның (Жәннатта) мүмина әйелдердің ханымы және Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) отбасы мүшелері арасынан оған ең бірінші болып ілесіп, қайтыс болатындығы жайлы білгені себеп болды. Оның жылауына келсек, оған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақын арада қайтыс болатыны жайлы хабар себеп болған. Ибн Хәжар (Аллаһ оны рахым етсін) былай деп жазған: «*Ән-Нәсәи Фатыманың күлуіне екі нәрсе себеп болғанын жеткізген*»-[670]. Яғни ол бұл үмметтің әйелдерінің ханымы болатыны және ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) отбасы мүшелерінің арасынан оған арғы дүниеге бірінші болып еретіндігі жайлы хабар. Барлық ғалымдар Фатыманың (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдерін қосқандағы барлық отбасы мүшелерінің арасынан ең бірінші болып қайтыс болғанына бірауызды келіскен.[671]

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Мен ешкімнің аурудан Аллаһ Елшісіндей қатты қиналғанын көрген емеспін*».[672]

Ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Бірде мен безгектен қатты қиналып жатқан Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, оған: «Уа Аллаһтың Елшісі! Сіздің безгегіңіз нендей қатты!», – дедім. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Иә, менің безгегім маған сендердің әлдебіреуіңе қарағанда екі есе көбірек азап шектіреді**», – деп жауап берді. Мен: «Бұл сізге екі еселік сый тағайындалғанынан ба?», – деп сұрадым. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Иә, бұл солай**», – деді. Сондай-ақ ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Ауру немесе басқа нәрсе түрінде (бұл тіпті тікеннің шаншуы немесе бұдан жаман нәрсе болсын) азапқа ұшыраған кез-келген мұсылманға Аллаһ міндетті түрде осынысы үшін***

---

[668] Әл-Бухари (№ 4433, 4434), Муслим (№ 2450).

[669] Әл-Бухари (№ 4433, 4434), Муслим (№ 2450).

[670] «Фатх әл-Бари» (8/138).

[671] «Фатх әл-Бари» (8/136).

[672] Әл-Бухари (№ 5646), Муслим (№ 2570).

жаман амалдарын кешіреді, әрі ол өзінің күнәларынан тал өз жапырақтарынан босағандай босайды*», – деді».*[673]

Айша мен АбдуЛлаһ ибн Аббастың (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуының дәл алдында бетіне жамылғы жаба бастағаны, ал оған дем алу қиын болғанда, ол оны алып тастап: «***Аллаһ өз пайғамбарларының қабірлерін құлшылық орындарына айналдырған яһудилер мен христиандарды лағнеттесін***[674]», – деп айтып, мұсылмандарды бұл адамдардың істеген істерін қайталауынан сақтандырып ескерткені жеткізілген.[675]

Айша (Аллаһ оған разы болсын) өздерінің бірде, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауырып жатқан кезде, оның жанында отырып әңгімелескендерін, және сонда Умм Хабиба мен Умм Сәләма Эфиопияда көрген, түрлі суреттер салынған шіркеуді тілге алғаны туралы хабарлаған. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұны естіп: «***Расында, олардан әлдебір салиқалы адам қайтыс болса, олар оның қабірінің жанынан ғибадатхана соғып, оны осындай суреттермен безендіреді. Қиямет күні бұндай адамдар Аллаһтың алдындағы ең жаман адамдар болады***!», – деді.[676]

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол соның себебінен қайтыс болған ауруымен ауырған кезінде былай дегені жеткізіледі[677]: «***Аллаһ өз пайғамбарларының қабірлерін құлшылық орындары етіп алған яһудилер мен христиандарды лағнеттеді***». Айша сондай-ақ былай деді: «*Осы (сөздер) болмағанда, (сахабалар) оның қабірін міндетті түрде көзге түсетіндей етер еді*[678]*, алайда мен (адамдардың) оны да құлшылық орыны етіп алатынынан қорқамын*».[679]

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізі-

---

[673] «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (10/111 – № 5647, 5648, 5660, 5661, 5667), Муслим (4/1991 – № 2571).

[674] Бұл жерде пайғамбарлар мен салиқалы адамдардың қабірлерін дәріптеу орындары қылып, олардың үстінен құрылыс соққан адамдар жайлы айтылған.

[675] «Әл-Бухари мағa әл-Фатх» (8/140 – № 4443, 4444), Муслим (№ 528).

[676] Әл-Бухари (№ 427, 434, 1341, 3878), Муслим (№ 528).

[677] Басқа сөздермен айтқанда, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздерді өлеміне аз уақыт қалғанда айтқаны меңзеледі.

[678] Яғни Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үйінде жермелес еді және ол жерленген орынға жолды ашар еді.

[679] Әл-Бухари (№ 435, 1330, 1390, 3453, 4441, 4443, 5815), Муслим (№ 529).

леді: «***Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар және менің қабірімді адамдар соған жаппай қайта-қайта оралатын орын қылмаңдар! Мен үшін салауат айтыңдар! Сендер қай жерде болсаңдар да, ол маған жетеді***!».[680]

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хәлі әбден нашарлап, ол есінен тана бастағанда, Фатыма: «Менің әкем нендей қиналып жатыр!» – деді. Сонда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Бұл күннен кейін сенің әкең қайғы сезінбейді**», – деді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанда, Фатыма: «Уа әкем, ол оны Өзіне шақырған Раббысына жауап берді! Уа әкем, енді оның мекені Жәннат бақтары болды! Уа әкем, біз Жәбірейлді оның өлімі жайлы хабарлап жатырмыз!», – деді. Ал оны жерлегенде, Фатыма (Аллаһ оған разы болсын): «Уа Әнас! Сендер Аллаһ Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жерге көмгенде разы болдыңдар ма?!», – деді*».[681]

Тараудан алынатын қорытындылар:

1. Бұл тарауда келітірілген хадистер ауруларды Құран аяттары мен Сүннетте келген арнайы дұғаларды, әсіресе «әл-муғауүизат» деп аталатын сүрелерді оқу арқылы емдеудің абзалдығына нұсқайды. Бұл сүрелер барлық жағымсыз нәрселерден: Аллаһ жаратқан барлық жаратылыстардың жамандығынан, түйіндерге үрлейтін сиқыршылардың жамандығынан, көре алмаушылардың жамандығынан және Аллаһ зікір етілгенде қашатын азғырушы шайтанның жамандығынан Аллаһқа пана-қорғау сұрап жүгінуді қамтиды.[682]

2. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қызы Фатымаға қамқорлық танытып, оған махаббатпен қараған. Сондықтан ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған сәлем бергенде: «***Менің қызым қош келді!***», – деп айтатын. Хадистерде Фатыма Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген кездерде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның алдынан тұрып, оны сүйіп, өз орнына отырғызатыны, ал ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Фатымаға барғанда, ол да дәл осылай жасайтыны келтірілген. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ауырған кезінде, Фатыма оған кіргенде, оның үстінен иіліп, оны сүйетін.[683]

---

[680] Абу Дауд (2/218 – № 2042), Ахмад (2/367). Қ-з: «Сахих Абу Дауд» (1/383).

[681] Әл-Бухари (№ 4462).

[682] Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи» (14/433).

[683] «Фатх әл-Бари» (8/135, 136).

3. Фатыма туралы баяндалған әңгімеден, мұсылмандар өздерінің қыздарына қамқорлық танытып, олармен мейірімді және жұмсақ болып, оларға ізгілік жасап, ислами тәрбие беріп, салиқалы күйеу таңдап, бұнымен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өнегесіне ілесу керектігі жайлы қорытынды шығаруға болады.

4. Балалар Фатыма (Аллаһ оған разы болсын) секілді ата-аналарына қамқорлық танытып, оларға жақсылық жасаулары керек. Балалар оларға құрметсіздік көрсетіп, бұнымен Аллаһтың жазасына ұшараудан қорқулары қажет.

5. Келтірілген хадистер Аллаһ Тағаланың Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) берген мұғжизаларының біріне, нақтылап айтқанда – оның жақындарының ішінен Фатыманың одан кейін бірінші болып қайтыс болатындығы жайлы хабарлағанына нұсқайды. Әрі бұл дәл осылай болды, және осы оқиға да пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шыншылдығы мен ол Аллаһтың Елшісі екендігін дәлелдейді.

6. Бұл тарау салиқалы мүминдердің болашақ мәңгі өмірге көшуіне байланысты сезінетін қуаныштарын және Аллаһпен кездесуді үміттенгендері үшін Ақырет өмірін жердегі өмірден артық жақсы көретіндігін баяндайды. Сонымен бірге салиқалы адамдар бастарына түскен проблемалар мен қиындықтар себепті өздеріне өздері өлім тілемейді, өйткені олар өмірді шамалары жеткенше көп ізгі амалдар жасауға деген мүмкіндік деп бағалайды. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтқандай, адам қайтыс болғанда, оның үш амалынан басқа барлық амалдары тоқтайды, олар: үздіксіз садақа[684], басқа адамдар қолдана алатын білім[685] және ол үшін Аллаһқа дұға ететін салиқалы балалар.

7. Ажалының жақындағанын сезінген науқас өзінің отбасына онымен айырылысуына берік және сабырлы түрде төтеп беруді өсиет етуі керек. Сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Фатымаға: «***Аллаһтан қорық және сабыр сақта!***», – деген болатын.

8. Келтірілген хадистер мүмин әйелдердің ханымы болған Фатыманың (Аллаһ оған разы болсын) мәртебесі мен артықшылықтарын ерекше сызып көрсетеді.

---

[684] Бұл жерде қайтыс болған адам өзінің өлімінен кейін кедейлерге беруге арнап қалдырған мал-мүлік немесе оның қайырымдылық мақсаттарға уақф ретінде қалдырған мал-мүлкі жайлы айтылған.

[685] Яғни қайтыс болған адам жазған немесе қалдырған кітаптар мен ол ұстаз ретінде басқаларға жеткізген білім және т.б.

9. Мүминнің басына түсетін ауру, сондай-ақ әрбір бақытсыздық пен қиыншылық, тіпті ол елеусіз аз болса да, оның күнәларының өтеуі болады. Егер ол Аллаһ Тағаладан сый-сауап үміт етіп, өзіне жіберілген қиыншылықтарға сабырлықпен шыдаса, онда дәрежесі одан сайын артып, ізгі істерінің қоры еселей береді.

Ең ауыр сынақтарға пайғамбарлар ұшырайды, өйткені оларға кемел сабырлық пен Аллаһтың сыйына үміттену, сондай-ақ олардың басына түскен қиыншылықтардың тек Алланың мейірімінен екеніндігі жайлы нық білім берілген, өйткені сол сынақтар арқылы олардың сый-сауаптары еселеніп көбееді, сабырлықтары ашылып көрсетіледі, әрі Аллаһтың тағдырына деген разылықтары дәлелденеді. Пайғамбарлардан кейін ең ауыр сынақтарға олардың ең салиқалы ілесушілері ұшырайды, өйткені олардың дәрежелері пайғамбарлардан төмен болса да, олар пайғамбарларға жақын болады. Адамның салиқалығы қаншалықты жоғары болса, оған жіберілген сынақтар да соғұрлым ауыр болады. Мұның сыры, бәлкім, сынақтардың ауқымы пендеге берілген мейірімге сәйкес келетіндігінде болса керек. Адамға берілген мейірім қаншалықты көп болса, оған берілген сынақтар да соғұрлым ауыр болады. Сондықтан да еркін адамдар үшін қарастырылған шариғат жазалары, құлдарға байланысты жазадан қаталырақ. Осы себептен Аллаһ Тағала басқа әйелдер секілді емес болған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелдеріне былай деген:

يَا نِسَاءَ النَّبِيِّ مَن يَأْتِ مِنكُنَّ بِفَاحِشَةٍ مُّبَيِّنَةٍ يُضَاعَفْ لَهَا الْعَذَابُ ضِعْفَيْنِ وَكَانَ ذَٰلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرًا

«Әй Пайғамбардың әйелдері! Сендерден біреу ашық бір ұятсыздық істесе, оның азабы екі есе арттырылады. Бұл Аллаһ үшін жеңіл» («әл-Әхзаб» сүресі, 30-аят).

Күштіге оның күшіне сәйкес болған ауртпалық жүктеледі, ал әлсіздерге аяушылық танытылады. Сонымен қатар, адамның білімі жоғарылаған сайын, ол өзіне белгіленген сынақтарға да оңай төтеп береді. Аллаһтың өздеріне уәде еткен сауабын есіне алғанда, сынақтың ауырлығын тіпті ұмытып кететін адамдар бар. Ал жіберілген сынақтарды тек Аса Құдіретті Патшаның шешімі және Ол Өзінің иелігіндегі патшалықты Өзі қалағандай билейді деп есептейтіндер олардан да жоғары дәрежеге ие. Сондықтан олар Аллаһтың қалау-еркіне толығымен бағынады, Оның шешімдеріне разы болады және оларға қандай да бір кейіпте болсын қарсы келу туралы ойламайды да.[686]

[686] «Фатх әл-Бари» (8/136, 10/112, 3/208).

10. Бұл тарауда қабірлердің үстіне мешіт салуға, мешіттің ішіне біреуді жерлеуге және оларға суреттер мен бейнелер қоюға тыйым салынып, қатаң екерту жасалған. Бұны жасаған адам лағынетке ұшыраған болады. Бұны істегендер – Қиямет күні Аллаһтын алдындағы адамдардың ең жамандары. Қабірлерді шектен тыс тағзым етуден және оларды ғибадат орындарына айналдырудан сақтандыру – Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз өлімінен бес күн бұрын айтып кеткен ең ұлы өсиеттерінің бірі.[687]

[687] «Фатх әл-Бари» (8/136, 10/112, 3/208).

ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ҚАЙТЫС БОЛУЫНЫҢ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ӨСИЕТТЕРІ

Ибн Аббастың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) бірде былай дегені хабарланады: «*Бейсенбі! Бұл қандай бейсенбі еді*[688]*! Бейсенбіде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хәлі әбден нашарлады және ол: «****Маған қағаз алып келіңдер, сөйтіп мен сендерге, сендер сол арқылы ешқашан (тура) жолдан адаспайтын нәрсені жазып қалдырамын***[689]*», – деді. Оның жанында болған адамдар тартыса бастады, ал бұл пайғамбарлардың қасында жасалмауы керек амал еді. Олардың кейбірі: «Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) науқас күйзелтті! Сендерде Құран бар ғой! Бізге Аллаһтың Кітабы жеткілікті*[690]*», – деп айта бастады. Үйде болғандардың пікірлері бірікпеді әрі олар өзара тартыса бастады. Олардың кейбірі: «(Қағаз) алып келіңдер, Пайғамбар (оған*

---

[688] Ибн Аббастың: «*Бейсенбі! Бұл қандай бейсенбі еді*!», – деген сөздерінде, сол күні болған бақытсыздықтың мәнділігі мен күйініші меңзеледі жәні ондағы орын алған оқиғаға байланысты таңарқау көрсетіледі. Бұл хадистің әл-Бухариде келтірілген нұсқаларының бірінде, Ибн Аббастың бұл сөздерді айтқанда, қатты жылай бастағаны соншалық, оның жасы жерде, оның алдында жатқан кішкентай тастарға ағып тама бастағаны келтірілген. Муслимде келтірілген нұсқада, бұл хабарды Ибн Аббастан жеткізген адам, Ибн Аббастың көзінен жас аға бастағанын және ол оны оның бетінде көргенін хабарлаған (қ-з: «Фатх әл-Бари» 8/132, «Шарх ән-Нәуауи ғалә сахих Муслим»).

[689] Яғни: Айтып тұрып жаздырамын.

[690] Басқа сөздермен, Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алаңдатпау үшін, ештеңе әкелмеу керек деген пікір білдірді.

*Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сендер үшін сендер соның арқасында адаспайтын нәрсені жазсын», – деді. Ал кейбіреулері басқа пікірлер білдіре бастады. Әңгіме мен тартыстар тым көбейіп кеткенде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Мені қалдырыңдар, өйткені менің қазіргі хәлім, сендер мені шақырып жатқан нәрселерден жақсырақ![691] Мен сендерге үш нәрсені өсиет етемін: көпқұдайшылдарды Арабиядан қуыңдар[692], сендерге келген делегацияларды, мен жасағандай қарсы алып, оларға сыйлықтар беріңдер[693]...**», – өсиеттің үшінші бөлігіне келсек, мен оны ұмыттым».*[694]

Ибн Хәжар (Аллаһ оны рахым етсін) былай деді: «*Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы мезетте аталған үш өсиетті айтуы, жазбаша өсиет жазудың міндетті еместігін дәлелдейді. Егер Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға белгілі бір мәтінді жеткізу бұйырылғанда, ол жиналғандар арасында туындаған дау-дамайға байланысты бұл ниетінен бас тартпас еді, әрі Аллаһ та оған кедергі келтірген кез-келген адамды жазалайтын еді. Тым болмаса, ол көпқұдайшылдарды қуу туралы және осы сияқты басқа да өсиеттерді айтқанындай, жазғысы келген нәрсені ауызша айтатын еді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы оқиғадан кейін тағы бірнеше күн өмір сүрді, бұл уақытта адамдар одан көптеген ауызша нұсқаулар алды және бұл ауызша өсиеттердің жиынтығы оның жазбаша түрде бекіткісі келген нәрселерді қамтыды деуге негіз бар, ал Аллаһ бұның барлығы жайлы жақсырақ біледі*».[695] «Фатх әл-Бари» (8/134).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өсиет еткен, бірақ бұл хадистің жеткізушісі ұмытқан үшінші нәрсеге келер болсақ, бұл адамдарға Құранның ережелеріне сәйкес іс-әрекет

---

[691] Яғни, мені өздерің бастаған келіспеушіліктер мен дау-дамайлардан арылытыңдар, өйткені Аллаһпен кездесуге дайындалып, болашақ өмірім туралы ойлауым сендердің жағдайыңнан жақсырақ, ал мен көрген азап, шын мәнінде, мен жердегі өмірден кеткеннен кейін маған одан жақсысын дайындап қойған Аллаһтың рақымы. Ғұламалар Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздерінің басқа да түсіндірмелерін айтады. Қ-з: «Фатх әл-Бари» 8/134, «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим».

[692] Бұл жерде Мекке мен Мәдина орналасқан Хижаз меңзелген.

[693] Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келген делегацияларға сыйлықтар беріп, оларды жылы қарсы алып, құрмет көрсетуді олардың жүректерін қуантып, көңілдерін жаулағысы келгендерді Исламға тарту үшін, және бұл сыйлықтар олардың жолға жұмсаған қаражатының өтемі ретінде қызмет етеуі үшін бұйырды.

[694] Әл-Бухари (№ 4431, 4432), Муслим (№ 1637).

[695] «Фатх әл-Бари» (8/135).

жасау туралы өсиет, немесе Усама ибн Зәйдтің (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) қолбасшылығымен Муғтаға жасақ дайындау туралы өсиет, немесе Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірін ғибадат орнына айналдырмау туралы өсиет, немесе намаздарды толық, тұрақты және белгіленген уақыттарда орындау және құлдарға жақсы қарым-қатынас жасау туралы өсиет болуы мүмкін. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы өсиеттерінің барлығы сенімді хабарларда жеткізілген.

Бірде АбдуЛлаһ ибн Абу Ауфқа (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қандай да бір өсиет қалдырды ма деген сұрақ қойылғандығы туралы хабарланады. Сонда АбдуЛлаһ: «*Ол Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың Кітабын өсиет етіп қалдырды*», – деп жауап берді[696]. Аллаһтың Кітабын өсиет етуі – оны физикалық және рухани тұрғыдан сақтау, оны құрметтеу және қорғау, ондағы бұйырылған нәрселерді орындау және ондағы тыйым салынған нәрселерден бас тарту арқылы оны басшылыққа алу, оны үнемі оқып, зерттеу және басқаларға үйрету.[697]

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің қайтыс болуының қарсаңында айтқан көптеген құтпаларында адамдарға Аллаһтың Кітабын ұстануды өсиет етті. Мысалы, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұны Арафатта және Минада айтқан құтпасында, қоштасу қажылығынан Мәдинаға оралғанда өз серіктерімен Ғадир Хум атты жерде тоқтаған кезде айтқан құтпасында өсиет еткен еді. Соңғысында ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «***Мен сендерге екі асылды қалдырып бара жатырмын. Олардың біріншісі – өзіне басшалық пен нұрды қамтыған Аллаһтың Кітабы. Бұл Аллаһтың тұтқасы[698], оны ұстанған адам тура жолдан таймайды, ал одан бас тартқан – адасады! Сондықтан оған ілесіп, одан мықтап ұстаныңдар!***». Әрі ол адамдарды Аллаһтың Кітабындағы үкім-ережелерге ілесуге ынталандырып әрі оларды осыған иілте бастады. Кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Ал екінші асыл – бұл менің отбасы мүшелерім, әрі мен сендерден Аллаһтың атымен менің отбасымның құқықтарын (қақыларын) сақтауды талап етемін».***[699]

---

[696] Муслим (№ 1634), әл-Бухари (№ 2740, 4460, 5022).

[697] «Фатх әл-Бари» (9/67).

[698] Бұл жерде ислам меңзелген. Құранда былай деп айтылған: «**Түгел Аллаһтың жібін (дінін) ұстаныңдар** …». («Әли Имран сүресі, 103-аят).

[699] Муслим (№ 2408).

Өлімінен бұрын ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы да адамдарға Аллаһтың Кітабын ұстануды өсиет етті.[700]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы бір өсиеті – Мұғтаға Усама ибн Зәйд бастаған әскерді жорықпен жіберу болатын. Ибн Хәжар (Аллаһ оны рахым етсін) Усаманың әскері Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуынан екі күн бұрын жорыққа шыққанын айтқан. Әскерді жорыққа дайындауға келсек, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұны ауырып қалғанынан бұрын бастаған болатын. Сафар айының соңында ол адамдарды византиялықтарға қарсы жорыққа қатысуға ынталандыра бастады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Усама ибн Зәйдті өзіне шақырып алып, оған: «***Атты әскермен әкең өлтірілген жерге аттаң және олармен шайқас. Мен сені осы әскердің қолбасшысы ретінде тағайындаймын***...», – деген сөздерді айтты. Осыдан үш күн өткен соң Пайғамбардың (оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын) ауруы көріне бастады, әрі ол Усаманы жанына шақырып алып, оған туды өз қолымен ұстатты. Көптеген құрметті мухажирлер мен ансарлар өздерінің Усаманың басшылығымен жорыққа шығуды қалайтындарын білдірді. Кейін Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі бослын) ауруы күшейгенде, ол сахабаларына құтпа жасап, қалай болғанда да Усаманың жорығын іске асыруды бұйырды.

Бұл жорықты Абу Бакр халифа болған кезде жүзеге асырды. Усаманың әскері Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұйырған бағытта қозғалып, жиырма күнде мақсатқа жетті. Усама әкесін өлтіргендерден кек алды, ал әскер олжалы болып, аман-есен қайта оралды….».[701]

АбдуЛлаһ ибн Умардың (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әскерді жорыққа жіберуді шешіп, оны басқаруға Усама ибн Зәйдті тағайындады. Кейбір адамдар осы тағайындауға байланысты наразылықтарын білдіре бастады, сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Оның қолбасшылығына наразы болуларың ғажап емес, өйткені сендер бұрын оның әкесінің қолбасшылығына да наразы болғансыңдар, бірақ, Аллаһтың атымен ант етемін, ол қолбасшылыққа лайықты еді және ол менің сүйікті адамдарымның бірі болатын. Одан кейін мен жақсы көретін адамдардың бірі оның ұлы болды!**», – деді*»[702].

---

[700] Әл-Бухари (№ 2740), Муслим (№ 1634, 2408).

[701] Қ-з: «Фатх әл-Бари» (8/152), «Сира Ибн Хишам» (4/328).

[702] Әл-Бухари (7/86 – № 3730, 4250, 4468, 4469, 6627, 7187), Муслим (№ 2426).

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанда, Усама ибн Зәйдтің жасы он сегізде еді.[703]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ адамдарға намазды ұқыпты түрде орындауды және құлдарға жақсы қарым-қатынас көрсетуді өсиет етті. Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең жиі қайталаған өсиет – «**Намаз оқыңдар! Намаз оқыңдар! Иеліктеріңдегі (құлдарға) қамқорлық танытыңдар!**» болған. Ол бұл сөздерді, кеудесінен қырыл шығып, аузы қиындықпен ашылғанда да қайталаған*».[704]

Али (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «*Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соңғы насихаттары: «**Намаз оқыңдар, намаз оқыңдар! Иелік еткендеріңе қамқорлық танытыңдар!**», – деген сөздер болған*». Ибн Мәжаһ (2/901 – № 1625), Ахмад (№ 585). Қ-з: «Сахих Ибн Мәжаһ» (2/109).

Тараудан алынатын қорытындылар

1. Арабиядан көпқұдайшылдарды қуудың міндеттілігі. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұны өлімінен бұрын өсиет еткен. Бұл өсиетті Умар (Аллаһ оған разы болсын) өзінің билік еткен кезінде орындады. Абу Бакрға келсек, ол діннен безгендерге қарсы соғысқаны үшін оны орындай алмаған болатын.

2. Делегациядарға құрмет көрсетіп, оларды жылы қарсы алудың қажеттілігі. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осылай жасап, бұны өзінің ілесушілеріне өсиет еткен.

3. Аллаһтың Кітабына физикалық және рухани тұрғыдан қамқорлық жасаудың міндеттілігі. Бұл оған құрмет көрсетуді, оны қорғауды, оның ережелерін сақтауды меңзейді. Құранның әмірлері мен тыйымдарын сақтап, оны үнемі оқып, зерттеп, басқаларға үйрету керек. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірнеше қоштасу құтпаларында осыны өсиет еткен болатын, ал бұл өз кезегінде Аллаһтың Кітабы мен Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүннетіне қамқорлық жасаудың зор маңыздылығын сызып көрсетеді.

4. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және Мухаммад – Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік етуден кейінгі исламның ең ұлы тірегі болған намаздың орасан зор маңыздылығы. Бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны орындауды, тіпті кеудесінен ажал алды қырылы естілгенде де өсиет еткендігі нұсқайды.

---

[703] Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (15/205).

[704] Ахмад (3/117), Ибн Мәжаһ (2/900). Қ-з: «Сахих Ибн Мәжаһ» (2/109).

5. Құлдардың, қызметшілердің және қамқорлыққа алынған барлық адамдардың хаққыларын орындау қажеттілігі. Бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына өсиеті нұсқайды: «***Намаз оқыңдар, намаз оқыңдар! Иелік еткендеріңе қамқорлық танытыңдар!***».

6. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), құрамында мухажирлер мен ансарлар болған алып әскерге қолбасшы ретінде тағайындаған Усама ибн Зәйдтің абырой-мәртебесі мен артықшылықтары.

7. Абу Бакрдың өзге де жасаған амалдарынан бөлек Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Усаманы басшылыққа тағайындаған жорығын жүзеге асырғандығында көрінген артықшылықтары. Өйткені ол Аллаһ Тағаланың мына сөздерін есінде сақтаған:

فَلْيَحْذَرِ الَّذِينَ يُخَالِفُونَ عَنْ أَمْرِهِ أَن تُصِيبَهُمْ فِتْنَةٌ أَوْ يُصِيبَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ

«Сондықтан оның әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір апат жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын» («ән-Нур» сүресі, 63-аят).

ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ҚОҒАМҒА ҰМТЫЛЫС

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Мен Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ешбір пайғамбардың, оған осы дүние мен мәңгілік дүние арасында таңдау жасау ұсынылмайынша, қайтыс болмағанын жиі еститінмін. Бұдан бөлек, мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуына себеп болған ауруымен ауырған кезінде қарлыққан дауыспен былай дегенін естідім:* «...**Аллаһ нығметіне бөлеген Пайғамбарлардың, шыншылдардың, шәһидтердің және ізгілердінің қатарынан болғандармен. Бұл қоғам нендей керемет!**[705]», *– және мен, оған сол мезетте таңдау берілді деп ойлап қалдым*».[706]

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізілген басқа хадисте оның былай дегені хабараланады: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сау кезінде:* «***Расында, ешқандай Пайғамбар, оған өзінің Жәннаттағы орнын көруге мүмкіндік берілмейінше ешқашан қайтыс болмаған, ал кейін оған таңдау берілген***», *– деп жиі айтатын.*

Ал ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аурып, қайтыс болуы жақын қалғанда және оның басы менің санымда болғанда, ол есінен танды. Ол есіне келгенде, төбеге қарап, кейін: «***Уа Аллаһ, маған ең жоғарғы қоғамда болуды нәсіп ет! /Аллаһумма, фир-р-рафиқил-әғлә!/***», *– деген. Сонда мен: «Демек ол бізбен қалмайды!», – дедім, кейін мен оның бұл сөздері, оның бізге сау кезінде айтқан сөздерін растайтынын түсіндім*».

«*Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соңғы сөздері:* «***Уа Аллаһ, маған ең жоғарғы қоғамда болуды нәсіп ет! / Аллаһумма, фи-р-рафиқи-л-әғлә!/***», *– деген сөздер болған*».[707]

---

[705] Құран Кәрім, «ән-Ниса» сүресі, 69-аят.

[706] Әл-Бухари (№ 4436, 4437, 4463, 4586, 6348, 6509), Муслим (№ 2444).

[707] Әл-Бухари (№ 4437, 4463), Муслим (№ 2444).

Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Арқасымен маған сүйенген Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуынан бұрын айтқан сөздерін зейін қойып тыңдап отырып, мен оның былай дегенін естідім: «****Уа Аллаһ! Мені кешір, мені рахымыңа бөле және мені ең жоғарғы қоғамға қос! /Аллаһумма-ғфир ли, уә-р-хам-ни уә әлхиқ-ни би-рафики-л-ағлә!****/*»».[708]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүрегі Раббысымен тығыз байланыста болатын, Оған және Ондағы бар нәрсеге ұмтылатын, әрі Ол жақсы көретін нәрсені жақсы көретін. Аллаһ Тағала жақсы көретін, сондықтан Оның Елшісі де жақсы көретін нәрселердің ішінде мисуак (тіс тазалағыш) болатын. Мисуак ауызды тазарту үшін қолданылады және Раббыға ұнамды зат болып табылады. Айшаның (Аллаһ разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Аллаһтың маған берген ныгметтерінің қатарында – Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) менің үйімде және менің күнімде*[709]*, менің кеудеме сүйеніп қайтыс болуы және, Аллаһтың қалауымен, ол қайтыс болып жатқанда менің сілекейімнің оның сілекейімен араласуы. Мен Аллаһ Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сүйеп отырғанымда, маған қолында тіс тазалағышы бар Абдуррахман*[710] *кірді. Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл тіс тазалығышқа қарап жатқанын көргенімде, оның оны қолданғысы келгенін түсіндім де: «Сізге оны алып берейін бе?», – деп сұрадым, ол келіскендей басын изеді. Сонда мен оны алдым, бірақ оған оны қолдану қиынға соғатынын түсініп, оған оны шайнап бердім, ал Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) онымен тістерінің үстінен жүргізе бастады. Оның алдында су толған ыдыс (немесе тостаған) бар еді, әрі ол оған қолын салып, кейін олармен жүзін сипап: «****Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, расында өлімнің жанталасы бар! /Лә иләһа иллә-Лаһ, инна ли-л-маути сакәратин!****/», – деп айтатын, кейін ол қолын көтеріп: «****Уа Аллаһ, маған ең жоғары қоғамда болуды нәсіп ет! /Аллаһумма, фи-р-рафиқи-л-әлә!****/», – деп, қолы түскенше айтуды жалғастырып, қайтыс болды*».[711]

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтатын: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанда, оның басы*

---

[708] Әл-Бухари (№ 4440, 5664).

[709] Бұл жерде әйелдеріне (Аллаһ оларға разы болсын), кезек-кезек барған Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Айша анамызбен бірге өткізуі тиіс болған күн жайлы айтылған.

[710] Абдуррахман – Айшаның (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) бауыры.

[711] Әл-Бухари (2/377 – № 890), Муслим (№ 2444).

менің кеудемде еді, ал мен оған иегіммен тиегенмін. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанынан кейін, мен ешқашан ешкімнің өлім алды азабынан жиіркенбеймін».[712]

Тараудан алынатын қорытындылар:

1. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз өлімінен бұрын айтқан ең жоғарғы қоғам (әр-рафиқ әл-әғлә) – Аллаһтың мына сөздерінде айтылған адамдардың санаты:

وَمَن يُطِعِ اللَّهَ وَالرَّسُولَ فَأُولَئِكَ مَعَ الَّذِينَ أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِم مِّنَ النَّبِيِّينَ وَالصِّدِّيقِينَ وَالشُّهَدَاءِ وَالصَّالِحِينَ وَحَسُنَ أُولَئِكَ رَفِيقًا

«Ал және кім Аллаһқа, пайғамбарға бой ұсынса, міне солар; Аллаһ нығметке бөлеген пайғамбарлармен, шыншылдармен, шәһидтермен және изгілермен бірге болады. Олар нендей жақсы жолдас (қоғам)!» («ән-Ниса» сүресі, 69-аят).

Ғалымдардың көпшілігі келіскен дұрыс пікір бойынша, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең жоғары қоғам деп Жәннаттың ең жоғарғы сатысының тұрғындары болып табылатын пайғамбарларды меңзеген. Арабтың «әр-рафиқ» сөзі біреуге қатысты да, топқа қатысты да қолданылады. Бұған Аллаһтың:

وَحَسُنَ أُولَئِكَ رَفِيقًا

«**Олар нендей жақсы қоғам (рафиқ)**», – деген сөздері нұсқайды.

2. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл дүние мен мәңгі дүниенің арасында таңдау берілгенде, ол екіншісін таңдады, өйткені ол Аллаһ Тағаламен, ал Одан кейін ең жоғарғы қоғаммен кездесуді қалаған. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «***Аллаһпен кездесуді қалағанмен Аллаһ та кездесуді қалайды***».[713]

3. Келітірілген хадистер Айша анамыздың қадір-қасиеті мен артықшылығына нұсқайды. Бұл әйел Пайғамбардан (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) орасан зор білім жеткізген. Ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адал көмекшісі болды және ол оның кеудесінде қайтыс болғанға дейін оған қарады. Сондықтан ол былай деген: «*Аллаһтың маған берген нығметтерінің қатарында – Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) менің үйімде және менің күнімде, менің кеудеме сүйеніп қайтыс болуы*».

---

[712] Әл-Бухари (№ 4446), Муслим (№ 2443).

[713] Әл-Бухари (№ 6507), Муслим (№ 2683).

4. Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өлім азаптары өте қатты болған жағдайда да ауызын мисуакпен тазалауды тастамаған. Бұл жағдай ауызды тазартатын және Аллаһтың разылығына жетелейтін себептердің бірі саналатын мисуактың маңыздылығы мен абзалдығын көрсетеді.

5. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлім жанталасы кезінде де «***Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ /Лә иләһа иллә-Лаһ!/***» сөздерін айтқаны, бұл сөздерді өте жиі түрде, әсіресе өлім алды ауру кезінде айту қажет екендігін көрсетеді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «***Кімнің соңғы сөздері «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» болса, сол Жәннатқа кіреді***». Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздерді жиі айтып, оның мағынасына сәйкес өмір сүрген.

6. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (басқа) пайғамбарлардың қоғамында болуды қалауы және бұл үшін дұға етуі әрбір мұсылман адам Аллаһтан өзінің қайтыс болуынан кейін осындай ортада болу мүмкіндігін сұрау керектігіне нұсқайды. Уа Аллаһ! Бізге Өзіңнің мейіріміңмен осы мүмкіндікті нәсіп ет, өйткені Сен – рақымдылардың ең Мейірімдісісің!

7. Аллаһ оның барлық күнәларын кешірген Пайғамбардың өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлім жанталасының ұлы ауырлығын басынан өткізген болса, онда басқалар жайлы не айтуға болады?

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАР (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ШӘҺИДТІҢ ӨЛІМІМЕН ҚАЙТЫС БОЛДЫ

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «***Уа Айша! Хайбарда***[714] ***жеген нәрсем маған үнемі ауру келтіретін, ал қазір болса мен соның себебінен қолқам жыртылып жатқанын сезіп жатырмын***», – деп айтатыны хабарланады.[715]

---

[714] Аллаһтың Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Хайбарды жаулап алған соң, онда біраз уақыт болады, әрі бір яһуди әйел оған сыйлық ретінде қуырылған қозы етін жібереді. Ал бұған дейін ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қозының қай бөлігін көбірек жақсы көретініне қызығушылық танытқан болатын, әрі оған: «Алдыңғы аяғы», – деп жауап берілді. Сосын ол қозының денесінің барлық бөлігіне, әсіресе аяғына көбірек у салып, етті Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) аяғын алып, бір бөлігін тістеп, шайнай бастады, бірақ оны жұтпай, түкіріп тастады, содан кейін сахабаларға: «***Расында, бұл сүйек уланғанын айтып жатыр!***», – деді. Алайда оның қасында Бишр ибн әл-Бара (Аллаһ оған разы болсын) болды, ол осы қозыдан бір тістем етін жұтып үлгерген еді, әрі соның нәтижесінде қайтыс болды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл әйелді өзіне шақырды және ол өзінің істегенін мойындады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Сені бұны жасауға не итермеледі?***», – деп сұрады. Ол: «Мен өзіме: «Егер ол Пайғамбар болса, Аллаһ оған қойдың уланғанын ашады, ал ол өтірікші болса, мен адамдарды одан құтқарамын», – дедім», – деді. Қ-з: «Фатх әл-Бари» (7/197). Бұл оқиға әл-Бухариде (№ 3169, 4249, 5777) және «Әл-бидая уә-н-ниһаяда» (4/208) келтіріледі.

[715] «Әл-Бухари мağа әл-Фатх» (8/131 – № 4428). Әл-Хаким мен әл-Исмағили бұл хабарды үздіксіз иснадпен келтірген. Қ-з: «Фатх әл-Бари», 8/131.

Уланған қой етімен орын алған оқиғадан кейін Пайғамбар (оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын) соның себебінен қайтыс болған ауруы асқынғанға дейін үш жыл өмір сүрді.[716]

Кейбір хабарларда Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) уланған қой етін сыйлаған әйелдің Исламды қабылдағанына нұсқалады. Оның иман келтіруіне оның Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Саған қойдың етінің улы екендігін кім хабарлады*?», – деген сұрағына, ол: «***Маған бұны қойдың уланған еті хабарлады***», – деп жауап бергені себеп болды. Басында Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл әйелді кешірді, бірақ (Пайғамбармен бірге осы еттен жеген) Бишр (Аллаһ оған разы болсын) қайтыс болғаннан кейін, ол оған тең жаза ретінде өлім жазасын қолдануды бұйырды.[717]

Сенімді хадисте Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өліміне (сол) у себеп болғаны хабарланады. Абу Сәләмәдан былай жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сыйлықтарды қабылдайтын, бірақ садақа-зекеттен жемейтін. Бірде, ол Хайбарда болғанда, бір яһуди әйел оған у қосқан қуырылған қой етін сыйға тартты. Аллаһ Елшісі мен оның қасындағы адамдар оны жей бастады, бірақ кенеттен Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Мына қозыны жемеңдер, өйткені ол маған уланғаны жайлы хабарлады!**», – деді*».

Бишр ибн әл-Бара ибн Мәғрур әл-Ансари (сол еттен бір тістем жұтып, содан) қайтыс болды.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) яһуди әйелді өзіне шақыруды бұйырды және ол келгенде, одан: «***Сені бұндай әрекетке не итермеледі?***», – деп сұрады. Ол: «Мен, егер сен шынымен де Пайғамбар болсаң, онда менің ісім саған зиян тигізбейді, ал егер сен жай ғана патша болсаң, онда мен адамдарды сенен құтқарамын деп шештім», – деді. Кейін Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған өлім жазасын қолдануды бұйырды.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуына себеп болған ауруы басталғанда, ол: «***Хайбарда жеген нәрсем маған үнемі ауру келтіретін, ал қазір болса мен соның себебінен қолқам жыртылып жатқанын сезіп жатырмын!***», – деп айтатын.[718]

---

[716] Қ-з: «Фатх әл-Бари» 8/131.

[717] «Фатх әл-Бари» (7/497), «Әл-бидая уә-н-ниһая» (4/208 – 212).

[718] Абу Дауд (№ 4512). Әл-Әлбани хадисті жақсы және сенімді деп атаған. Қ-з: «Сахих Сунан Абу Дауд» (3/855).

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуы қарсаңындағы ауруы кезінде, Бишр ибн әл-Бараның анасы оған: «*Ауруыңыздың себебі неде деп ойлайсыз? Маған келсек, баламның өлімінің себебі, сізбен бірге Хайбарда жеген уланған қой*», – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Мен де ауруымның себебі сол қойдың етінен басқа ешнәрсе емес деп ойлаймын. Қазір менің содан қолқам жыртылып жатқанын сезіп жатырмын***», – деп жауап берді.[719]

Ибн Касир (Аллаһ оны рахым етсін) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шәһид болып қайтыс болғандығына байланысты кез-келген күмәндарды жоққа шығарған. Ол былай деп жазған: «*Мұсылмандар Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың оған берген Пайғамбар болу құрметіне қоса, шәһидтің өлімімен құрметтелді деп санайды*»[720]. Ибн Масғуд былай деді: «*Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлтірілгеніне бір рет ант еткенім, ол өлтірілмеген деп тоғыз рет ант еткенімнен артық, өйткені Аллаһ оны пайғамбар етіп таңдады әрі шәһид етті*».[721]

Әнәс ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған науқасымен ауырған кезінде, олармен намазды Абу Бакр өткізгені және бұл дүйсенбіге дейін жалғасқаны жеткізіледі. Сол күні адамдар таң намазына сап түзегенде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Айшаның бөлмесінің шымылдығын көтеріп, есік алдында оларға назар қойып қарап тұрды, және оның жүзі Құран (аяттары) жазылған қағаздай болды[722]. Кейін ол күлімсіреді, әрі адамдар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көрген кезде қуаныштан орындарынан ұшып тұрғылары келді. Сол уақытта Абу Бакр Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) намазға шығады деп шешіп, намазды негізгі сапта оқу үшін артқа қарай шегінді. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларға намазды жалғастырулары үшін белгі беріп, бөлмеге кіріп, перденi түсірді. Сол күні ол дүниеден өтті.

---

[719] Абу Дауд (№ 4512). Әл-Әлбани бұл хадисті жеткізушілердің иснадын сенімді деп атаған. Қ-з: «Сахих Сунан Абу Дауд» (3/855).

[720] Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (4/210, 211, 212; 5/223 – 224).

[721] Бұл хабарды Ибн Касир келтіріп, оны әл-Байхақиға жатқызды. Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/227).

[722] Бұл жерде оның жүзінің көркемдігі мен ақтығы меңзелген.

Бұл хадистің нұсқаларының бірінде: «*Ол сол күннің соңында дүниеден өтті*», – деп айтылған[723].

Оның басқа нұсқасында былай деп айтылады: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын адамдарға үш күн бойы шықпады. (Төртінші күні) адамдармен намазды өткізу үшін имамдыққа Абу Бакр шыққанда, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) перденi сәл көтерді де, біздің алдымыздан оның жүзі көрінді, әрі біз үшін оның жүзіне қарау мүмкіндігінен жақсырақ ешнәрсе жоқ еді. Ол қолымен Абу Бакрға алдыға шығып (намаз оқуға) белгі беріп, кейін шымылдықты түсірді әрі қайтыс болғанша жүре алмады*».[724]

Тараудан алынатын қорытындылар:

1. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең жоғарғы қоғамға шәһид болып кетті. Аллаһ Тағала оны Пайғамбар ретінде таңдады және шәһид етті.

2. Яһудилер Исламға және оны ұстанушыларға өте ерте замандардан бастап анық дұшпандық танытатын. Олар – Аллаһтың және Оның Елшілерінің дұшпандары.

3. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ешқашан өзі үшін кек алмаған, керісінше жеке басына жасалған жамандық пен ренжітулерді кешіретін. Сондықтан ол оған уланған қой етін сыйға тартқан яһуди әйелді жазаламады. Кейінірек бұл әйел өлім жазасына кесілді, бірақ бұл оның әрекетінен туындаған Бишр ибн әл-Бараның өлімі үшін жаза ретінде болды.

4. Қуырылған қой етінің сөйлеп, Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің уланғаны туралы айтуы – Аллаһтың Өз Елшісіне берген мұғжизаларының бірі.

5. Аллаһтың құлдарына деген ең ұлы мейірімі – Оның өз Пайғамбарына өлімді дінді түсіруін аяқтағаннан кейін ғана жібергені. Сөйтіп, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі бол-

---

[723] Ибн Исхақ Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) таңертеңгі ыстықта қайтыс болғанын айтқан. Бұл уақыт арабтар арасында «иштидад ад-духа» деп аталады. Бұл хабарды Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күннің соңында қайтыс болғаны жайлы хабармен біріктіре отырып, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күннің екінші жартысының басында, яғни түстен кейін қайтыс болғаны жайлы қорытынды жасауға болады. Өйткені таңғы ыстықтың («иштидад әд-духа») қызған кезі түске дейінгі уақытқа түсіп, күн шарықтау шегінен ауытқыған сәтке дейін созылады. Муса ибн Уқба, Ибн Шихабтың Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күн аспанның тас төбесінен батысқа қарай ауған уақытта қайтыс болғанын кесімді түрде айтқаннын жеткізген. Қ-з: «Фатх әл-Бари» 8/143-144).

[724] Әл-Бухари (№ 608, 681, 754, 1205, 4448), Муслим (№ 419).

сын) бұл дүниеден кеткенде өз қауымын қараңғылығы жоқ айқын жолда қалдырды, әрі одан тек опат болушылар ғана ауытқиды.

6. Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) өзінің Пайғамбарын (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шын жүректен жақсы көретін, бұны олардың дүйсенбі күні таңертең оның перденi көтеріп, оларға қарағанынан сезінген ұлы қуаныштары дәлелдейді. Аллаһ оның да жүрегін қуанышқа толтырды, өйткені ол өз сахабаларын олар намаз оқып жатқан кезінде көріп үлгерді. Жағдайы ауыр болса да, ол олардың жасаған берекелі ісіне қуанып, жымиып күлді, өйткені ол оларға шын жүректен жақсылық тіледі.

ОТЫЗЫНШЫ ТАРАУ

«КІМ АЛЛАҺҚА ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТСЕ, СОЛ АЛЛАҺТЫҢ ТІРІ ЖӘНЕ ЕШҚАШАН ӨЛМЕЙТІНІН БІЛСІН»

Аллаһ Тағала былай деді:

إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُم مَّيِّتُونَ

«Шынында, сен де өлесің, олар да өледі» («әз-Зүмәр» сүресі, 30-аят).

وَمَا جَعَلْنَا لِبَشَرٍ مِّن قَبْلِكَ الْخُلْدَ أَفَإِن مِّتَّ فَهُمُ الْخَالِدُونَ

«Сенен бұрын да ешбір адам баласына мәңгілік (өмір) бермедік. Ал егер сен өлсең, сонда олар мәңгі қалмақ па?» («әл-Әнбия» сүресі, 34-аят).

كُلُّ نَفْسٍ ذَائِقَةُ الْمَوْتِ وَإِنَّمَا تُوَفَّوْنَ أُجُورَكُمْ يَوْمَ الْقِيَامَةِ فَمَن زُحْزِحَ عَنِ النَّارِ وَأُدْخِلَ الْجَنَّةَ فَقَدْ فَازَ وَمَا الْحَيَاةُ الدُّنْيَا إِلَّا مَتَاعُ الْغُرُورِ

«Әркім өлім дәмін татады. Шын мәнінде, Қиямет күні ақыларың толық төленеді. Сонда кім Оттан құтқарылып Жәннатқа кіргізілсе, сол, рас, құтылды. Негізінде, дүние тіршілігі алданыш нәрсе ғана» («Әли Имран» сүресі, 185-аят).

كُلُّ مَنْ عَلَيْهَا فَانٍ وَيَبْقَى وَجْهُ رَبِّكَ ذُو الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ

«Оның (жердің) бетіндегілердің барлығы өткінші (өледі). Ұлы дәрежеге ие әрі Жомарт Раббыңның Дидары ғана мәңгі» («әр-Рахман» сүресі, 26 – 27-аяттар).

Әрбір тірі жанның нәсібі болған өлім пайғамбарлар мен елшілердің ең жақсысы АбдуЛлаһ ұлы Мухаммадтан да (оған Аллаһ-

тың игілігі мен сәлемі болсын) айналып өтпеді. Оның өлім алды қырылымен айтқан соңғы сөздері қандай болғандығы жайлы Айша (анамыздың (Аллаһ оған разы болсын)) хабарында баяндалады. Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алдында су құйылған ыдыс болғанын әрі ол оған қолдарын малып, кейін солармен бетін сипап: «***Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ! Расында, өлімнің жанталасы бар! /Лә иләһа илләә-Лаһ, инна ли-л-маути сәкаратин!/***», – дегенін, кейін қолын көтеріп: «***Уа Аллаһ! Маған ең жоғарғы қоғамда болуды нәсіп ет! /Аллаһумма, фи-р-рафиқи-л-әғлә/***», – деп, қолы түскенше айта беріп қайтыс болғанын хабарлаған[725]. Ол айтқан соңғы сөздер: «***Уа Аллаһ! Маған ең жоғарғы қоғамды болуды нәсіп ет! /Аллаһумма, фир-р-рафиқи-л-әғлә!/***», – болған.[726]

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) былай хабарланады: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болды, ал Абу Бакр сол кезде әс-Сунхада*[727] *еді. Умар (болған жағдай жайлы білгенде) адамдардың арасында тұрып: «Аллаһпен ант етемін, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болмады!», – деп қайталай берді. Ол: «Аллаһпен ант етемін, мен осылай ойлаймын! Аллаһ міндетті түрде Өзінің Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тірілтеді және ол оны өлді деп айтқандардың қолдары мен аяқтарын шабады!», – деп айтып жатты. Сол кезде Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) өзінің әс-Сунхадағы үйінен жылқымен шауып келіп, асыға мешітке кірді. Ол ешкімге сөйлемей, Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) бөлмесіне кіріп, денесі йемендік жолақты жамылғымен оралған Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақындады. Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүзін ашып, оны сүйіп*[728]*, жылап жіберді, ал кейін: «Әкем мен анам сіз үшін өтем болсын! Уа Аллаһтың Пайғамбары, сіз тірі күйіңізде де, өлі күйіңізде де игіліктесіз! Жаным қолында болған (Аллаһпен) ант етемін, Аллаһ сізге өлімнің дәмін екі рет*[729] *таттыр-*

---

[725] Әл-Бухари (№ 890), Муслим (№ 2444).

[726] Әл-Бухари (№ 4437, 436), Муслим (№ 2444).

[727] Әс-Сунх – Хазраж тайпасының руларының бірі болған бану әл-Харис руының мекендейтін жері. Ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мешітінен бір миль арақашықтықта болған. Әс-Сунхта Абу Бакрдың (Аллаһ оған разы болсын) әйелінің үйі болған.

[728] Абу Бакр Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) екі көзінің арасынан сүйді, бұған ән-Нәсаиде келтірген хабарларда нұсқалады (қ-з: «әл-Фатх» (8/147)), сондай-ақ Ибн Хәжар «Фатх әл-Бари» (8/147).

[729] Абу Бакрдың бұл сөздерінің мағынасына қатысты бірнеше пікірлер бар. Кейбіреулер оларды сөзбе-сөз қабылдау керек деп есептейді және Абу Бакр Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) міндетті =

майды, ал өзіңізге жазылған бір өлімді, сіз қарсы алып қойдыңыз!», – деді.

Кейін Абу Бакр, Умар соларға сөйлеп тұрған адамдардың алдына шығып, оған: «Тоқтай тұр, уа ант беруші! Отыр!», – деді. Бірақ Умар отырудан бас тартты. Сонда Абу Бакр оған қайтадан отыруды бұйырды, бірақ ол отырғысы келмеді. Бұдан кейін Абу Бакр иман келтіру сөздерін айтты, және ол сөйлей бастағанда Умар отырды. Адамдар оны қалдырып, Абу Бакрға жақындады. Ол сөзінің басында Аллаһқа мақтау-мадақ айтып, кейін былай деп жалғастырды: «Ал содан соң: сендерден кім Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құлшылық еткен болса, Мухаммадтың қайтыс болғанын білсін, ал кім Аллаһқа құлшылық етсе, сол Аллаһтың Тірі әрі ешқашан өлмейтінін білсін! Аллаһ Тағала былай деді:

إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُم مَّيِّتُونَ

«Шынында, сен (уа Пайғамбар) өлесің, әрі олар да өледі» («әз-Зумар» сүресі, 30-аят). Ол сондай-ақ былай деген:

وَمَا مُحَمَّدٌ إِلَّا رَسُولٌ قَدْ خَلَتْ مِن قَبْلِهِ الرُّسُلُ أَفَإِن مَّاتَ أَوْ قُتِلَ انقَلَبْتُمْ عَلَى أَعْقَابِكُمْ وَمَن يَنقَلِبْ عَلَى عَقِبَيْهِ فَلَن يَضُرَّ اللَّهَ شَيْئًا وَسَيَجْزِي اللَّهُ الشَّاكِرِينَ

«Мухаммад бір елші ғана, одан бұрын да елшілер өткен. Ал сонда ол өлсе не өлтірілсе, сендер өкше іздеріңе қайта ораласыңдар ма? (Қайта кәпір боласыңдар ма?) Кім өкше ізіне қайта оралса, сол Аллаһқа ешбір зиян келтірмейді. Ал Аллаһ шүкір етушілерді сыйлайды» («Әли Имран» сүресі, 144-аят)».

Аллаһпен ант етемін, Абу Бакр бұл аятты оқығаннан бұрын, адамдар Аллаһтың оны түсіргенін тіпті білмегендей еді. Адамдардың барлығы одан бұл аятты қабылдады және оны қайталамаған адам болмады».

= түрде қайта тіріледі және оны өлді деп жариялаған адамдардың қолдарын шабады дегендерге қарсы шықты, өйткені мұндай сөздерден Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы да қайтыс болатындығы шығады. Бұл Абу Бакрдың сөздерінің ең айқын түсіндірмесі. Басқа пікір бойынша, Абу Бакр Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірде сұрақ үшін тіріліп, кейін қайта өлетін адамдар сияқты қабірде екінші өлімді бастан кешірмейтінін меңзеген. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірдегі өмірі өліммен үзілмейді, ол тірі қалады. Пайғамбарлардың қабір өмірі олардың денесін жердің жемейтіндігімен сипатталады. Абу Бакрдың сөздерінің бұл түсіндірмесі біріншіден жақсырақ. Сондықтан да, Абу Бакр «өлім» сөзін анықтауышпен атап, пайғамбарлардан басқалардың бәрі басынан өтетін екі нақты өлім туралы айтқысы келді. Қ-з: «Фатх әл-Бари» (3/114, 7/29).

Ибн әл-Мусайибтың сөздерінен Умардың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһпен ант етемін, мен Абу Бакрдың бұл аятты оқығанын естігенімде, мені күннің күркірегені қаққандай, аяғым бүгіліп, жерге құладым, өйткені мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанын сол кезде ғана түсіндім*!»

Адамдар өздерінің көз жастарынан тұншығып, жай жылай бастады.

Сол уақытта ансарлар бану сағид шатырының астында Сағд ибн Убаданың айналасына жиналып (мухажирлерге): «*Біздерден билеуші және сендерден билеуші болсын*», – деп жүгінді[730]. Оларға Абу Бакр, Умар ибн әл-Хаттаб және Абу Убайда ибн әл-Жаррах аттанды. Умар сөйлей бастағысы келді, бірақ Абу Бакр оны тоқтатты. Кейінірек, Умар бұл туралы: «*Аллаһпен ант етемін, менің Абу Бакрдан бұрын сөз сөйлегім келгені мен сол уақытқа дейін-ақ айтар сөзімді дайындап қойғанымның және оның маған қатты ұнағаны себебінен еді. Әрі мен Абу Бакрдың менің айтқым келгеннің бәрін айтпай қалуынан қорықтым*», – деп есіне алатын. Ең жақсы шешен болған Абу Бакр сөйлей бастады. Өз сөзінде ол ансарларға былай деді: «*Билеушілер – бізден, ал сендерден – кеңесшілер болады, өйткені құрайыштықтар – мекендеген жерлері бойынша арабтардың ең жақсылары, әрі басқаларға қарағанда өздерінің тектерін жақсы сақтап қалған. Умарға немесе Абу Убайдаға ант беріңдер!*». Бұл сөздерді естіген Умар: «*Жоқ, біз саған ант береміз, өйткені сен біздің арамыздағы ең құрметті және ең ізгісің. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сені басқалардан артық қатты жақсы көретін еді*», – деп айқайлап жіберді. Ол (бұл сөздерді) айтып болып, Абу Бакрдың қолынан ұстап, оған ант берді, ал оның артынан басқа адамдар да анттарын берді».[731]

Айша (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған күніндегі Абу Бакр мен Умардың құтпалары жайлы былай деген: «*Олардың әрқайсысының құтпалары Аллаһтың қалауымен пайда әкелді. Умардың құтпасына келер болсақ, ол адамдарға қорқытушы әсер етіп, екіжүзділерге қатал ескерту болды. Кейін Абу Бакр сөз сөйлеп, адамдардың ақиқатқа көздерін ашты әрі олардың міндеттерін түсіндірді. Адамдар оның*

[730] Ансарлар (Аллаһ оларға разы болсын), бұл сөздерді әр тайпаны тек одан шыққан адам билей алады деп есептегендері үшін айтты, өйткені бұл арабтардың ерте заманнан келе жатқан әдеті еді. Олар: «***Имамдар құрайыштықтардан болу керек***», – деген хадис жайлы білгенде, оны бірден қабылдап, оған мойынсұнды. Қ-з: «Фатх әл-Бари» (7/32).

[731] Әл-Бухари (№ 1141, 142, 3/113, №667, 3668, 7/19, 4452, 4453, 4454, 8/145).

сөздерінен кейін: **«Мухаммад бір елші ғана, одан бұрын да елшілер өткен. Ал сонда ол өлсе не өлтірілсе, сендер өкше іздеріңе қайта ораласыңдар ма? (Қайта кәпір боласыңдар ма?) Кім өкше ізіне қайта оралса, сол Аллаһқа ешбір зиян келтірмейді. Ал Аллаһ шүкір етушілерді сыйлайды»** *(«Әли Имран» сүресі, 144-аят)», – деп қайталап, тарап кетті».*[732]

Умар мен Абу Бакрдың Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейінгі келесі күні, яғни сейсенбіде айтқан сөздері де дәл сондай пайдалы болды. Олар жайлы Әнас ибн Мәliктен жеткен келесі хабарда баяндалады: «*Абу Бакрға шатырдың астында ант берілгенен соң келесі күні Абу Бакр мінберге шығып отырды. Сонда Умар орнынан тұрып, Абу Бакрдан бұрын сөйлей бастады. Ол Аллаһты мақтап-мадақтап, кейін былай деді: «Уа адамдар! Мен сендерге кеше Аллаһтың Кітабында*[733] *жоқ және мен оларды одан алмаған сөздерді айттым. Әрі Аллаһтың Елшісі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды сендерге айтуды өсиет етпеген еді. Бірақ мен Аллаһтың Елшісі біздің істерімізді басқарып, ең соңғымыз болып қайтыс болады деп ойладым. Аллаһ сендердің араларыңда Ол сол арқылы Пайғамбарды хақ жолға нұсқаған Өзінің Кітабын қалдырды. Егер осы Кітапты ұстансаңдар, онда Аллаһ Пайғамбарды тура жолмен жүргізгендей, сендерді де тура жолға салады. Аллаһ сендерді араларыңдағы ең жақсыларыңның – Пайғамбардың сахабасы және үңгірдегі екеудің бірі болған адамның басшылығының астына біріктірді. Тұрыңдар да, оған ант беріңдер!» Адамдар Абу Бакрға шатырда берілген анттан кейін тағы да жалпы ант берді.*

Кейін Абу Бакр сөз бастады. Ол Аллаһқа мақтау-мадақ айтып, кейін былай деді: «Уа адамдар! Мен сендердің билеушілерің болдым. Бірақ мен сендердің ең жақсыларың емеспін[734]*. Егер мен жақсы амалдар жасасам, маған көмектесіңдер, егер мен жаман амалдар жасасам, мені түзетіңдер. Шыншылдық – бұл адалдық, ал өтірік – бұл сатқындық. Араларыңдағы әлсіздерің менің алдымда мен оған Аллаһтың қалауымен бұзылған құқығын қалпына келтіруге көмектескеніме дейін күшті болады. Ал араларыңдағы мықтыларың менің алдымда мен оны Аллаһтың қалауымен басқалардың құқықтарын орындауға мәжбүрлегеніме дейін әлсіз болады. Адамдар Аллаһ жолындағы қасиетті соғысты (жиһадты) тоқтатса, Аллаһ оларды қор етеді. Адамдар арасында азғындық пен*

---

[732] Әл-Бухари (№ 3669, 3671).

[733] Умар (Аллаһ оған разы болсын) дүйсенбі күні Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шын мәнінде қайтыс болмағанын айтқан сөздерін меңзеген.

[734] Абу Бакр (Аллаһ оған разы болсын) бұл сөздерді кішіпейілділігінен айтты. Шын мәнінде ол сахабалардың бірауызды пікірі бойынша сахабалардың ең жақсысы болған. («Әл-бидая уә-н-ниһая» 5/248).

күнәлар тарай бастаса, Аллаһ оларға бақытсыздық жібереді. Аллаһқа және Оның Елшісіне бағынуда маған бой ұсыныңдар, Аллаһ пен Оның Елшісіне қарсылықта маған бағынбаңдар. Енді тұрып, намаздарыңды орындаңдар, Аллаһ сендерді рахымына бөлесін!»».[735]

Осылайша, Аллаһтың мейірімімен, Абу Бакрдың билігі басталды.

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбар болған соң адамдарды бірқұдайшылыққа шақырып және Аллаһ Тағаладан уахи алып, он үш жыл Меккеде тұрды. Кейін ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға көшіп, сонда өмірінің соңына дейін он жыл өмір сүрді де, 63 жасында қайтыс болды. Пайғамбарымызға және оған ергендерде Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын![736]

Имам Ибн Касир Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабаларымен бірге оқыған соңғы намазы бейсенбі күні болды және бұл аср намазы еді деген пікірге басымдық берген. Одан кейінгі үш толық күнді – яғни жұманы, сенбіні және жексенбіні – Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалардан оңашада өткізді.[737]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болуынан, Абу Бакрдың құтпа жасағанынан және бану сағид шатырының астында өткен жиналыстан кейін сахабалар Абу Бакр әс-Сыддыққа (Аллаһ оған разы болсын) ант берді. Дүйсенбінің қалған бөлігі мен сейсенбінің бір бөлігі ант қабылдауға арналды, содан кейін сахабалар Аллаһ Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жерлеуге дайындауға кірісті[738]. Олар оны киімін шешпей жуып, сосын Сәхулдан[739] алып келінген үш ақ кебінге орады, олардың арасында сәлде де, көйлек те жоқ еді. Осыдан кейін адамдар Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) бөлмесіне кіріп, Аллаһ Елшісі үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жаназа намазын оқи бастады. Әрбір адам оны өз бетінше, имамсыз орындады және бұл барлық ғалымдар тарапынан бірауызды мойындалған факт болып табылады. Намазды алдымен ер адамдар, содан кейін балалар, содан кейін әйелдер, содан кейін құлдар мен күңдер оқыды.

---

735 Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/248). Ибн Касир бұл хабардың иснадын сенімді деп атаған.

736 Қ-з: «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (8/15 – № 4466), «Фатх әл-Бари» (8/151), «Мухтасар әш-шәмаил ли-т-Тирмизи» (192-бет).

737 Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/235).

738 Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/245).

739 Сәхул – Йемендегі жердің атауы.

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүйсенбі күні[740] дүниеден өтті, ал оны жерлеу рәсімі сейсенбіден сәрсенбіге қараған түні жасалды. Қабірде оның денесі бүйір ойыққа қойылып, оның кіреберісі дымқыл саз кірпішпен жабылды[741]. Қабір жер бетінен шамамен бір қарыс биіктікке көтеріліп[742], дөңес пішінді болған[743]. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің мешітінің шығыс жағында орналасқан Айша (анамыздың) бөлмесінің оңтүстік-батыс бұрышында жерленгендігіне көптеген деректер нұсқайды. Хижраның 86-шы жылы халифа әл-Уәлид ибн Абд-әл-Мәлик өзінің Мәдинадағы билеушісі Умар ибн Абдул-Азизге Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мешітін кеңейтуді бұйырды. Осы кеңейтудің нәтижесінде Аллаһтын Елшісі (оған Аллаһтын игілігі мен сәлемі болсын) соған жерленген Айшаның бөлмесі мешітпен қоршалған болып қалды.[744]

Тараудан алынатын қорытындылар:

1. Пайғамбарлар мен елшілер – Аллаһ Тағала үшін ең сүйікті адамдар. Алайда олар да өлімнің дәмін татады, өйткені жаратылыстардың барлығының тағдыры осындай. Жердегі тіршілік тек уақытша паналау ғана, ал оның игіліктері алдамшы әрі қысқа мерзімді. Адамның жинаған бүкіл дүние-мүлкі мен еңбегінің бүкіл жемісі топыраққа айналады. Мәңгілікте онымен бірге тек Аллаһтың пәк Жүзіне ұмтылып істеген амалдары ғана қалады.

2. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ең жоғарғы қоғамда болуға қатты ұмтылған. Осы себепті ол Аллаһқа бұл өтінішпен көп-көп жүгінді. Бұл Аллаһтың пайғамбарлары мен Оның мойынсұнушы құлдары үшін дайындалған мәртебенің ұлылығына нұсқайды.

---

[740] Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүниеден өтуі, хижраның 11 жылы, рабиғ әл-әууәл айының дүйсенбілерінің бірінде орын алды (632 жыл, 6-маусым). Ол қай күні болғаны жайлы бірнеше пікірлер келтірілген. Олардың бірі бойынша, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) рабиғ әл-әууәл айының үшінші күні, басқа пікір бойынша екінші күні қайтыс болған. Алайда көпшілік ғалымдардың пікірі бойынша, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сафар айының жиырма тоғызында ауруға шалдықты, ал рабиғ әл-әууәл айының он екісінде, он үш күн ауырып, қайтыс болды. Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/255-256), ән-Нәуауи «Тахзиб әс-сира» (стр. 25), «Фатх әл-Бари» (8/129-130).

[741] Муслим (№ 966).

[742] Ибн Хиббан (14/602). Әл-Арнаут осы хабарды жеткізушілердің тізбегін сенімді деп атаған.

[743] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (30/255).

[744] Қ-з: «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/271 – 273), «Фатх әл-Бари» (8/1229-130).

3. Қайтыс болған адамның көзі жұмылған соң, оны бір нәрсемен жауып, иегін таңған абзал. Сондықтан да Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Йемен жамылғысымен жабылған еді.

4. Мүмин адам қайтыс болғаннан кейін ол үшін Аллаһқа дұға еткен абзал болады, өйткені сол жерде болған періштелер бұл дұғаға қосылып: «Әмин», – деп айтады. Сондықтан Абу Бакр Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Сіз тірі кезіңізде де, өлі күйіңізде де игіліктесіз*», – деді.

5. Мұсылман адамның басына бақытсыздық түссе, ол былай деп айтқаны жөн болады: «*Расында, біз Аллаһқа тиесіліміз және Оған ораламыз! Уа Аллаһ, мені қайғымда сауапқа бөле және маған оны жақсырақ нәрсемен ауыстыр! /Иннә ли-Ләһи уа инна иләйһи ражиғун! Аллаһумма-жур-ни фи мусыбати уа-хлюф ли хайран минха!/*».

6. Көзге жас алып, жүрекпен қайғырып жай жылауға тыйым салынбаған.

7. Надандық дәуіріндегі адамдар сияқты қайтыс болған адамды дауыстап қатты жоқтап, өздерін беттерінен ұрып, киімдерін жыртып, шашын жұлып, немесе қырып тастап, сондай-ақ өздеріне қайғы, өлім шақыруға тыйым салынады. Бұған шариғаттың сенімді дәлелдері нұсқайды.

8. Кез келген адамнан, ол қаншалықты ұлы болса да, білімнен әлдебір нәрсе жасырын қалуы және ол қателесуі мүмкін. Кез келген адам алаңғасарлық пен ұмытшақтықтың себебінен қателесуі мүмкін.

9. Абу Бакр басқа сахабалардан асып түсетін ұлы қасиеттердің, білім мен даналықтың иесі еді. Бұған оның мына сөздері куәлік етеді: «*Сендерден кім Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құлшылық еткен болса, Мухаммадтың қайтыс болғанын білсін, ал кім Аллаһқа құлшылық етсе, сол Аллаһтың Тірі әрі ешқашан өлмейтінін білсін!*»

10. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүниеден өткен күні Абу Бакр адамдарға құтпа айтып жүгінгенде, Умар (Аллаһ оған разы болсын) өз тарапынан әлдебір қарсылық білдіруге жол бермей, отырып, қалған сахабалармен бірге Абу Бакрды мұқият тыңдай бастады. Бұл Умардың шынайы мұсылмандық әдеп пен жақсы мінез-құлыққа ие екендігін көрсетеді.

11. Бану сағид шатырының астындағы пікірталас кезінде Умар үлкен даналық көрсетті, ол Абу Бакрдың қолынан ұстап, оған ант беруге асықты, содан кейін басқалар да оның соңынан ерді. Осылайша, туындап келе жатқан кикілжің шешілді.

12. Абу Бакрдың бану сағид шатыры астында айтқан сөздері оның шешендігіне және адамдардың жүрегіне ойын жеткізудегі

тамаша қабілетіне айғақ болады. Сондықтан Умар оны «ең жақсы шешен» деп атаған.

13. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болған күні, Абу Бакрдың келуінен бұрын Умардың мешітте айтқан сөздері Аллаһтың қалауымен пайдалы нәтиже берді, өйткені ол екіжүзділерді қорқытып, залалсыздандырды. Одан кейін айтылған Абу Бакрдың құтпасы да үлкен пайда әкелді, өйткені ол арқылы адамдар шынайы жағдайды түсінді.

14. Абу Бакрдың сейсенбі күні айтқан сөзінен оның даналығы мен тамаша басшының сипаттары көрінді. Онда ол шыншылдық – бұл адалдық, ал өтірік – сатқындық екенгідігін, ол адамдар арасындағы әлсіздердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге көмектеспейінше, олар оның жанында күшті болатынын, ал адамдардың арасындағы мықтыларды ол оларды басқалардың құқықтарын орындауға мәжбүрлегенге дейін оның алдында әлсіз болатынын сызып айтқан болатын. Ол Аллаһқа және Оның Елшісіне мойынсұнуда адамдардан өзіне бағынуды талап етіп, Аллаһ пен Оның Елшісіне бағынбаушылықта өзіне бағынбауды бұйырды.

15. Умардың Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүниеден өткеннен кейінгі екінші күні айтқан құтпасы оның даналығы мен рухани батылдығын айғақтайды. Абу Бакрдың алдында сөйлей бастағанда, ол содан алдыңғы күнгі сөйлеген сөздерінен бас тартқанын айтып, кешірім сұрады, содан кейін Абу Бакрды қолдап, оны Аллаһ Елшісінің ең жақын серігі, ол үшін ең сүйікті адам және үңгірде болған екеудің екіншісі деп атады.

16. Қайтыс болған адамның кебінінің ақ болуы және оның ішінде сәлде де, көйлек де жоқ үш матадан тұруы абзал болып табылады. Қабірде мәйіттің денесі бүйір ойыққа (әл-ләхдқа) қойылады, оның кіреберісі күйдірілмеген саз кірпішпен қаланады. Қабірге дөңес пішін беріледі, әрі ол жерден тек бір қарыс биіктікке дейін көтеріледі.

ОТЫЗ БІРІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ӨЛІМІ – БАРЛЫҚ МҰСЫЛМАНДАР ҮШІН ҚАЙҒЫ

Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген кәміл махаббат – шынайы иманның ең ұлы көріністерінің бірі екендігі айдай анық. Бұған Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздері нұсқайды: «***Сендердің ешбірің мені өзінің баласынан, ата-анасыңнан және барлық адамдардан артық жақсы көрмейрінше (толық) иман келтірген болмайды***».[745]

Адамның өз отбасынан, балаларынан немесе ата-анасынан айырылуы үлкен қайғы екені сөзсіз. Барлық жақындарынан бір мезетте айырылып қалған адамға одан да қиын. Алайда бұл қайғының өзі де мұсылмандардың өз пайғамбарының өліміне байланысты бастарынан кешкен бақытсыздықпен салыстыруға келмейді.

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) (қайтыс болуына шамалы-ақ уақыт қалғанда) өзін адамдардан бөлген есікті (немесе пердені) жәй ашып, олардың Абу Бакрдың артынан ұйып намаз оқып тұрғандарын көрді. Ол оларды осындай керемет хәлде көріп, Аллаһқа мақтаумадақ айтып, оның өлімінен кейін де Аллаһ Тағала оларға осындай болып қалуды нәсіп ететініне деген үмітін білдірді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейтін: «**Уа адамдар! Адамдардың (немесе мүминдердің) біреуінің басына бір бақытсыздық түсіп жатса, онда менің өліміме байланысты басына түскен қайғыны есіне алып, осы арқылы менімен байланысты емес қайғысында***

[745] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/58 – № 5), Муслим (1/67 – № 44).

жұбаныш тапсын. Менің ілесушілерімнен ешкім менің өлімімнен ауырлау болған бақытсыздық шекпейді».[746]

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға кіріп келгенде ондағы барлық нәрсе жарықпен нұрлана түсті, ал ол қайтыс болғанда, ондағы барлық нәрсе қараңғылыққа батты. Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жерлеп болған соң біз қолдарымыздан топырақты сілкеп үлгермей-ақ жүрекетіріміздің өзгергенін сезіндік*[747]».[748]

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өлімінен біраз уақыт өткенде Абу Бакр Умарға (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын): «Жүр менімен, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Умм Айманды*[749] *(Аллаһ оған разы болсын) зиярат жасайтынындай, бізде оны зиярат етіп қайтайық», – деді. Олар оған келгенде, Умм Айман жылай бастады. Олар одан: «Сен не үшін жылап жатырсың? Сен Аллаһтың Елшісі үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың алдындағы нәрсе*[750] *жақсырақ екенін білмейсің бе?», – деп сұрады. Ол: «Расында, мен Аллаһтың Елшісі үшін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланың алдындағы нәрсе жақсырақ екендігін білмейтіндігімнен жылап жатқан жоқпын, мен көктен түсірілген уахи тоқтағаны үшін жылап жатырмын!»*,

---

[746] Ибн Мәжаһ (№ 1599) және басқалар. Әл-Әлбани «Сахих ибн Мәжаһта» (1/267) және «Әс-Силсилә әс-сахихада» (№ 1106) хадисті сенімді деп атаған. Сондай-ақ «Әл-бидая уә-н-ниһая» (5/276).

[747] Әнас сахабалардың Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жерлегеннен кейін олардың жүректерінде бұрынғы тыныштық пен жайлылықтың болмағанын байқағандарын меңзеген, өйткені көктен уахидің түсуі мен Пайғамбардан алынатын рухани қолдау, тәлім-тәрбие мен нұсқау тоқтады. Әнастің сөздері ешбір жағдайда сахабалардың өз жүректерінде бұрынғы иманды таппағандарын білдірмейді, өйткені олар ең кемел иман мен сенімнің иелері болатын. Қ-з: «Тухфа әл-ахуази» (10/88)

[748] Абу Дауд (№ 864, 866), Ахмад (3/68 – № 6483, 26684), Ибн Мәжаһ (№ 1631). Ибн Касир «Әл-бидая уә-н-ниһая» еңбегінде бұл хадистің жеткізу тізбегін әл-Бухари мен Муслимнің шарттарына сай деп атаған. Қ-з: «Сахих ибн Мәжаһ» (1/273).

[749] Умм Айман (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бала кезінде тәрбиешісі әрі қызметшісі болған. Есейе келе ол бұл әйелді құлдықтан босатқан. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған үнемі үлкен құрметпен қарап: «***Умм Айман – менің екінші анам***», – деп айтатын.

[750] Бұл жерде Аллаһтың Өз Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әзірлеген сыйы меңзелген.

– деді және бұл (сөздердің) оларға әсер еткені сонша, олар онымен бірге жылай бастады».[751]

Бір ақын былай деген екен:

Әлемде ешкім мәңгі емес екенін біл,
Және басыңа бәле түскенде берік бол;
Қайғыңа жұбаныш табу керек болған сәтте,
Пайғамбардың өлімі жайлы ойла.

Тараудан алынатын қорытындылар:

1. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүниеден өтуі –мұсылмандардың қай заманда болса да басынан өткізген ең үлкен бақытсыздығы (қайғысы).

2. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін, сахабалар көктен түскен уахилардың тоқтауына байланысты жүректерінде орын алған өзгерістерді сезінді.

3. Мұсылмандар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өздерінен, балаларынан, ата-аналарынан және басқа адамдардың барлығынан да артық жақсы көреді. Әрі олар осыны Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанда ерекше сезінді.

4. Сахабалар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесуді жақсы көретін және оған барлық діни амалдарда, тіпті оның кәрі әйелдерді зиярат етуінде ұқсап еліктеуге ұмтылатын. Бұған Абу Бакр мен Умардың (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) Умм Айманды зиярат етіп баруы нұсқайды.

---

[751] Муслим (№ 2454), Ибн Мәжаһ (№ 1635).

ОТЫЗ ЕКІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) МИРАСЫ

Амр ибн әл-Харис (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанда, өзінен кейін мініп жүрген ақ қашыры, қару-жарағы мен содан келетін табысты сапардағы адамдарға садақа ретінде беруді бұйырған жерінен*[752] *басқа динар да, дирхам да, құл да, күң де қалдырмаған*».[753]

Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінен кейін динар да, дирхам да, қой да, түйе де қалдырмады және еш нәрсе мирас етпеді*[754]».[755]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «***Біз (пайғамбарлар) мирас қалдырмаймыз. Біз қалдырған нәрсе садақаға арналған***»[756]. Өйткені, пайғамбарлар жер бетіне мал-

[752] Нақтырақ айтқанда бұл жерде Фадак, Хайбар, сондай-ақ Уади әл-Құра жизараларындағы жерлер туралы айтылған.

[753] Әл-Бухари (5/356 – № 2739, 2873, 2912, 3098, 4461).

[754] Яғни оның (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мирас қалдырмауының себебі онда мал-мүліктің жоқ болуына байланысты емес еді, Алайда ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға дінге байланысты өсиет қалдырған. Алдыңғы тарауларда айтылғандай, ол адамдарға Аллаһтың Кітабы мен Оның Елшісінің сүннетін ұстануды, оның отбасының құқықтарын сақтауды, мүшриктерді Хижаздан қууды, делегацияларды жақсы қарсы алуды, намазды үнемі, толық және бекітілген уақытта оқуды, құлдарға жақсы қарым-қатынас көресетуді және басқа да көптеген нәрсені өсиет еткен. Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (11/97).

[755] Муслим (№ 1635).

[756] Әл-Бухари (№ 3093, 3712, 4036, 4240, 5358, 6726, 6727, 7305), Муслим (№ 1757, 1758, 1759, 1761).

мүлік жинаушы және оны сақтаушы ретінде жіберілмейді. Олар адамзатты тура жолға салу үшін, мүминдерді оларға дайындалған сый-сауаппен сүйіншілеуші, ал Аллаһқа мойынсұнбаушыларды азаптан сақтандыратын ескертушілер ретінде жіберіледі. Олар Аллаһқа оның рұқсатымен шақырушылар және лаулап жанған шырақтар. Олардың міндеті, міне, тек осыда ғана. Дәл сондықтан да Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген болатын: «***Расында, білім иелері пайғамбарлардың мирасқорлары. Пайғамбарлар мирас ретінде динар да, дирхам да қалдырмайды, бірақ мирас ретінде тек білім ғана қалдырады, ал соны алған адам ұлы несібеге ие болады***».[757]

Сахабалар (Аллаһ оған разы болсын) осыны өте жақсы түсінген. Сулейман ибн Михран Ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) бірде оқушыларының ортасында (оларға діннің ұстанымдарын түсіндіріп) отырғанын жеткізген. Сол кезде (олардың) жанынан бір бәдәуи өтіп бара жатып, оларды көреді де: «*Мына адамдар не үшін жиналды?*», – деп сұрайды. Сонда Ибн Масғуд: «*Олар Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мирасынан өздерінің сыбағаларын алу үшін жиналды*», – деп жауап берді.[758]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұрасы – Құран мен Сүннет, бұл оның қалдырған білімі және тура жолы. Сондықтан ол қайтыс болғанынан кейін өзінің мінген қашыры мен содан келетін табысты сапардағы адамдарға таратуды бұйырған жерден басқа, не динар, не дирхам, не құл, не күң, не қой, не түйе қалдырмаған.

Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені хабарланады: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанда, оның сауыты бір яһудиде отыз сағ арпа үшін кепілде болатын*»[759]. Бұл хадисте хабарланған ақпарат Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл дүниедегі өмірінің қаншалықты орташыл және қарапайым болғанын және оның адамдардың көмегінсіз амал етіп, ешкімге жүк болмауға тырысқанын дәлдейді. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларынан ақша сұрамады және олардан ештеңе қарызға алмады, өйткені олар одан кепілге ештеңе алуға келіспейтінін немесе одан мүлде төлем алғысы келмейтіндерін білді. Сондықтан да ол оларға ұят сезіндірігісі келмей, яһудиден

---

[757] Абу Дауд (3/317 – № 3641), әт-Тирмизи (5/49 – № 2682), Ибн Мәжаһ (1/80 – № 223). Әл-Әлбани «Сахих Сунан ибн Мәжаһта» хадисті сенімді деп атаған (1/43).

[758] Әл-Хатыб әл-Бағдади «Шараф асхаб әл-хадис» (45-бет) еңбегінде хабарды өзінің жеткізушілер тізбегімен келтірген.

[759] Әл-Бухари (№ 2068), Муслим (№ 1603).

қарызға ақша алды[760]. Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз өмірі барсында жиі жағдайларда аштыққа шыдауға тура келетін. Оның әйелдерінің үйінде бір ай, тіпті екі ай бойы от жағылмайтын уақыттар болған. Айшаның інісі Уруа одан: «*Уа әпке, сіздерді сол кезде не нәрсе ұстап тұратын?*», – деп сұрады. Ол: «*Құрма мен су...*», – деп жауап берді.[761]

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтатын: «***Бұл дүниенің маған қатысы не? Бұл дүниеде мен ағаштың көлеңкесін панала, кейін оны тастап, одан әрі қарай жүріп кететін шабандоз сияқтымын***!»[762]

Тараудан алынатын қорытындылар:

1. Пайғамбарлар (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) бұл дүниеге ақша жинау үшін жіберілмеген. Олардың оған келудегі мақсаты – адамдарға тура жолды нұсқап, оларды қараңғылықтан жарыққа шығару. Осы себепті де олар динар мен дирхам мирас етіп қалдырмады, тек білім қалдырды. Оны алатын адам ұлы мұраға ие болады.

2. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл дүниенің өткінші ләззаттарын аңсамады әрі өте қарапайым өмір сүрді. Ол ағаштың көлеңкесін паналап, оны тастап, әрі қарай жүретін шабандоз сияқты еді.

3. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға өтініштермен жүгінуден өзін аулақ ұстайтын, әрі ешкімнің көмегінсіз амал етуге тырысатын. Ол өзінің сахабаларына ауыртпалық болғысы келмей, яһудилерге өз мүлкінің бір бөлігін кепілге қалдырып қарыз алатын. Сондықтан ол қайтыс болғанда оның сауыты бір яһудиге отыз сағ арпа үшін кепілдікке қойылған еді.

4. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз басынан өткізуге мәжбүр болған мұқтаждықтың қатты болғаны соншалық, тіпті оның үйінде екі ай бойы от жағылмаған және ол әйелдерімен құрма мен сумен ғана ауқаттанған күндер болатын.

5. Күн мен түн бір-бірін ауыстырып тұрғанға дейін оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын! Аллаһ бізді оның шынайы ілесушілерінен етсін және бізді Қиямет күні оның жанында жинасын!

---

[760] Қ-з: «Шарх ән-Нәуауи ғалә Муслим» (11/43).

[761] Қ-з: «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (11/283 – № 6459).

[762] Ахмад (6/154). Ибн Касир «Әл-бидая уә-н-ниһаяда» (5/284) бұл хадистің жеткізушілер тізбегін сенімді деп атаған. Ол сондай-ақ әт-Тирмизиде (№ 1377) және Ибн Мәжаһта (№ 4109) келтіріледі. Қ-з: «Әс-силсилә әс-сахиха» (№ 439), «Сахих әт-Тирмизи» (2/280).

ОТЫЗ ҮШІНШІ ТАРАУ

МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ӨЗ ПАЙҒАМБАРЫНА (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ ИГІЛІГІ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТЕРІ

Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесушердің оған байланысты белгілі міндеттері бар және олар көп. Олардың қатарына келесілер кіреді:

– оған ықыласты түрде сену әрі сол сенімді сөзбен және амалдармен растау, және ол хабарлаған барлық нәрсеге иман келтіру;

– оған міндетті түрде бағыну және оған бағынбаудан қорқу;

– оған еру және оны барлық амалдар мен істерде үлгі тұту;

– оны өзіңнен, мал-мүліктен, отбасыңнан, балаларыңнан және барлық адамдардан артық жақсы көру;

– оны сыйлау және құрмет тұту;

– оған көмектесу және оның өзі мен Сүннетін қорғау;

– оған үкім үшін жүгінудің міндеттілігі және оның шешімдеріне разы болу;

– оған оның жоғары мәртебесіне сәйкес, салғырттықсыз және артық кетушілік пен шектен шығушылықсыз қатынас жасау;

– оған салауат айту. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Расында, жұма сендердің ең жақсы күндеріңе жатады, сондықтан бұл күні маған көп салауат айтыңдар, өйткені сендердің салауаттарың маған (жеткізіліп) ұсынылады».*** Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл сөздерін естіген бір адам: *«Уа Аллаһтың Елшісі! Сіз топыраққа айналып кететін болсаңыз, біздің салауаттарымыз сізге қалай ұсынылмақ?!»*, – деп сұрады. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Расында, Құдіретті және Ұлы Аллаһ пайғамбарлардың денелерін жер үшін харам етті»,*** – деп жауап берді.[763]

---

[763] Абу Дауд (1/275 – № 1047), Ибн Мәжаһ (1/524 – № 1636), ән-Насаи (3/91 – № 374). Әл-Әлбани «Сахих ән-Насаи» еңбегінде (1/197) хадистің сенімділігін растады.

Жоғарыда аталған міндеттірге нақтырақ тоқтайық.

1. Оған ықыласты түрде сену әрі сол сенімді сөзбен және амалдармен растау, және ол хабарлаған барлық нәрсеге иман келтіру.

Аллаһ Тағала былай деген:

فَآمِنُوا بِاللَّهِ وَ رَسُولِهِ وَ النُّورِ الَّذِي أَنزَلْنَا وَ اللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرٌ

«Ендеше Аллаһқа, Оның Елшісіне және Біз түсірген нұрға иман келтіріңдер. Аллаһ сендердің істеп жатқандарыңнан толық хабардар» («әт-Тағабун» сүресі, 8-аят).

قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا الَّذِي لَهُ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرض لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ يُحْيِي وَيُمِيتُ فَآمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ النَّبِيِّ الْأُمِّيِّ الَّذِي يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَكَلِمَاتِهِ وَاتَّبِعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ

«(Уа Мухаммад:) «Әй адамдар! Мен түгел барлығыңа Аллаһтың Елшісімін; жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол тірілтеді әрі өлтіреді. Аллаһқа және Оның елшісі болған Аллаһ пен Оның сөздеріне иман келтірген сауатсыз Пайғамбарға иман келтіріңдер және оған еріңдер, әрине, тура жол табасыңдар», – де» («әл-Әғраф» сүресі, 158-аят).

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَآمِنُوا بِرَسُولِهِ يُؤْتِكُمْ كِفْلَيْنِ مِن رَّحْمَتِهِ وَيَجْعَل لَّكُمْ نُورًا تَمْشُونَ بِهِ وَيَغْفِرْ لَكُمْ وَاللَّهُ غَفُورٌ رَّحِيمٌ

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар, әрі Оның Елшісіне иман келтіріңдер. (Сонда Аллаһ) сендерге мархаметінен екі есе береді әрі сендер үшін сендер сонымен жүретін нұр жасайды, және сендерді жарылқайды. Аллаһ аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді» («әл-Хадид» сүресі, 28-аят).

وَمَن لَّمْ يُؤْمِن بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ فَإِنَّا أَعْتَدْنَا لِلْكَافِرِينَ سَعِيرًا

«Ал кім Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтірмесе, сонда Біз кәпірлерге жалындаған Тозақ дайындадық» («әл-Фатх» сүресі, 13-аят).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«*Маған адамдармен олар Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне куәлік етіп, маған және мен әкелген нәрсеге иман келтірмейінше соғысу бұйырылды*».**[764]

---

[764] Муслим (1/52 – № 21).

Оған иман келтіру оның пайғамбарлығына және Аллаһ Тағала оны барлық адамдар мен жындарға жібергеніне иман келтіруді, ол немен келген болса және не туралы хабарлаған болса, соның ақиқат екендігіне айқын сенімді болуды, әрі сол сенімді тілмен ол – Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік етіп растауды меңзейді. Адамда Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген діннің ақиқаттығына жүрекпен айқын сенім, сол сенімді тілімен растау және оның шариғатына сәйкес амал жасау бірге жиналғанда, ол Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген иманның иесі болады.[765]

2. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) міндетті түрде бағыну және оған бағынбаудан қорқу.

Оған иман келтіру және ол әкелген дінге айқын сену міндетті болғандықтан, оған бағыну да міндетті болып табылады. Өйткені бұның парыз екендігіне ол әкелген уахи нұсқайды. Аллаһ Тағала былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَلَا تَوَلَّوْا عَنْهُ وَأَنتُمْ تَسْمَعُونَ

«Әй иман келтіргендер! Аллаһқа әрі Оның Елшісіне бой ұсыныңдар, және есті тұра одан бет бұрмаңдар» («әл-Әнфәл» сүресі, 20-аят).

وَمَا آتَاكُمُ الرَّسُولُ فَخُذُوهُ وَمَا نَهَاكُمْ عَنْهُ فَانتَهُوا

«Сендерге Елші не берсе, соны алыңдар да, ал ол сендерді неден тыйса, содан тыйылыңдар» («әл-Хашр» сүресі, 7-аят).

قُلْ أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ فَإِن تَوَلَّوْا فَإِنَّمَا عَلَيْهِ مَا حُمِّلَ وَعَلَيْكُم مَّا حُمِّلْتُمْ وَإِن تُطِيعُوهُ تَهْتَدُوا

««Аллаһқа және Оның Елшісіне бағыныңдар», – де. Егер бағынудан бет бұрсаңдар, онда, шын мәнінде, ол өзіне жүктелгенге, ал сендер өздеріңе жүктелгенге міндеттісіңдер. Ал егер оған бой ұсынсаңдар, онда тура жолмен жүресіңдер» («ән-Нур» сүресі, 54-аят).

فَلْيَحْذَرِ الَّذِينَ يُخَالِفُونَ عَنْ أَمْرِهِ أَن تُصِيبَهُمْ فِتْنَةٌ أَوْ يُصِيبَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ

«Сондықтан оның әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір сынақ жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын» («ән-Нур» сүресі, 63-аят).

---

[765] Қ-з: Әл-Қады әл-Ғияд, «Әш-шифа би тағрифи хуқуқ әл-мустафа» (2/539).

وَمَن يُطِعِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ فَقَدْ فَازَ فَوْزًا عَظِيمًا

«Сондай-ақ кім Аллаһқа және Оның Елшісіне бой ұсынса, сол, әрине, ұлы табысқа ие болды» («әл-Әхзаб» сүресі, 71-аят).

وَمَن يَعْصِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ فَقَدْ ضَلَّ ضَلَالًا مُّبِينًا

«Сондай-ақ кім Аллаһқа және Оның Елшісіне мойынсұнбаса, сол рас ашық адасушылыққа түсті» («әл-Әхзаб» сүресі, 36-аят).

تِلْكَ حُدُودُ اللَّهِ وَمَن يُطِعِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ يُدْخِلْهُ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِن تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا وَذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ وَمَن يَعْصِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَيَتَعَدَّ حُدُودَهُ يُدْخِلْهُ نَارًا خَالِدًا فِيهَا وَلَهُ عَذَابٌ مُّهِينٌ

«Аллаһтың қойған шектері осындай. Кім Аллаһқа және Оның Елшісіне бой ұсынса, соны Аллаһ астарынан өзендер ағатын Жәннат бақтарына кіргізеді. Әрі ол онда мәңгі қалады. Міне, зор табыс – осы. Ал кім Аллаһқа және Оның Елшісіне мойынсұнбаса әрі Оның шектерінен шықса, соны Аллаһ Отқа кіргізеді. Ол сонда мәңгі қалады әрі оған қорлаушы азап бар» («ән-Ниса» сүресі, 13-14 аяттар).

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен, ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естігені жеткізіледі: ***«Кім маған бағынса, сол Аллаһқа бағынады, ал кім маған бағынбаса, сол Аллаһқа бағынбайды»***[766]. Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен сондай-ақ Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені де жеткізіледі: «***Жәннатқа, одан бас тартқандардан басқа, үмметімнің барлық мүшелері кіреді***». Сонда адамдар: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Кім одан бас тартады?*», – деп сұрады. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Маған бағынған – Жәннатқа кіреді, ал маған бағынбаған – бас тартқан болады***», – деп жауап берді.[767]

Ибн Умардан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: «***Мен Қиямет күнінің алдында, адамдар тек Аллаһқа ғана құлшылық етіп, оған ешкімді серік қоспаулары үшін, қылышпен жіберілдім. Менің ризығым найзамның көлеңкесінде етілді. Менің бұйрығыма қайшы келгеннің кез-келгені үшін қорлық пен***

---

[766] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (13/111 – № 7137).

[767] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (13/249 – № 7280).

абыройсыздық әзірленген. Ал кім қандай да бір қауымға ұқсап еліктесе, сол солардан».[768]

3. Оған еру және оны барлық амалдар мен істерде үлгі тұту.

Аллаһ Тағала былай деген:

قُلْ إِن كُنتُمْ تُحِبُّونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللَّهُ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَاللَّهُ غَفُورٌ رَّحِيمٌ

«(Уа Мухаммад, оларға:) «Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды. Өйткені, Аллаһ аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», – деп айт» («Әли-Имран» сүресі, 31-аят).

لَّقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِّمَن كَانَ يَرْجُو اللَّهَ وَالْيَوْمَ الْآخِرَ وَذَكَرَ اللَّهَ كَثِيرًا

«Расында, сендер үшін, Аллаһты әрі Ақырет күнін үміт еткендер және Аллаһты көп еске алғандар үшін Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар» («әл-Әхзаб» сүресі, 21-аят).

قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا الَّذِي لَهُ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْض لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ يُحْيِي وَيُمِيتُ فَآمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ النَّبِيِّ الْأُمِّيِّ الَّذِي يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَكَلِمَاتِهِ وَاتَّبِعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ

«(Уа Мухаммад:) «Әй адамдар! Мен түгел барлығыңа Аллаһтың Елшісімін; жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Ол тірілтеді әрі өлтіреді. Аллаһқа және Оның елшісі болған Аллаһ пен Оның сөздеріне иман келтірген сауатсыз Пайғамбарға иман келтіріңдер және оған еріңдер, әрине, тура жол табасыңдар», – де» («әл-Әғраф» сүресі, 158-аят).

Адамдар Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолымен жүруге, оның сүннетін ұстануға міндетті, әрі оған қайшы келуден сақтанулары керек, өйткені ол: «***Кім менің сүннетімнен бет бұрса, сол – менен емес***», – деп айтқан.[769]

4. Оны өзіңнен, мал-мүліктен, отбасыңнан, балаларыңнан және барлық адамдардан артық жақсы көру;

Аллаһ Тағала былай деген:

قُلْ إِن كَانَ آبَاؤُكُمْ وَأَبْنَاؤُكُمْ وَإِخْوَانُكُمْ وَأَزْوَاجُكُمْ وَعَشِيرَتُكُمْ وَأَمْوَالٌ اقْتَرَفْتُمُوهَا وَتِجَارَةٌ تَخْشَوْنَ كَسَادَهَا وَمَسَاكِنُ تَرْضَوْنَهَا أَحَبَّ إِلَيْكُم مِّنَ اللَّهِ وَرَسُولِهِ وَجِهَادٍ فِي سَبِيلِهِ فَتَرَبَّصُوا حَتَّى يَأْتِيَ اللَّهُ بِأَمْرِهِ وَاللَّهُ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْفَاسِقِينَ

---

768 «Әл-Бухари мәға әл-Фатх» (13/249 – № 7280).

769 «Әл-Бухари мәға әл-Фатх» (9/104 – № 5063).

«(Мухаммад, оларға:) «Егер әкелерің, балаларың, туыстарың, әйелдерің, ағайындарың, тапқан малдарың, тоқтап қалуынан қорыққан саудаларың, жақсы көрген үйлерің сендерге Аллаһтан, Оның Елшісінен әрі Оның жолында соғысудан артық болса, онда Аллаһтың әмірі келгенге дейін күтіңдер», – де. Аллаһ бұзық қауымды тура жолға салмайды» («әт-Тәуба» сүресі, 24-аят).

Әнастан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланған: «***Сендерден ешкім мені өз балаларынан, әкесінен және барлық адамдардан артық жақсы көрмейінше Жәннатқа кірмейді***»[770]. Сенімді хадисте Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көретін адам, онымен бірге Жәннатта болатындығымен сыйға бөлінетіндігіне нұсқалады. Бірде бір адам Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, Қиямет күні қашан болатындығы жайлы сұрақпен жүгінді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Сен оған не дайындадың?***», – деп сұрады. Әлгі адам: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Мен ол үшін көп ораза, намаз және садақа дайындамадым, бірақ мен Аллаһ пен Оның Елшісін жақсы көремін*», – деп жауап берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Сен жақсы көрген адамдарыңмен бірге боласың***», – деді.[771]

Бұл хабарды жеткізген Әнас былай деген: «*Біз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Сен жақсы көрген адамдарыңмен бірге боласың**», – деген сөздеріне қуанғанымыздай, еш нәрсеге қуанбағанбыз. Өйткені мен Аллаһты және Оның Елшісін жақсы көремін, (сондай-ақ) мен Абу Бакр мен Умарды жақсы көремін және мен олардың амалдарыңдай амалдар жасамасам да, оларға деген сүйіспеншілігімнің арқасында, олармен бірге болатындығыма үміттенімін*».[772]

Бірде Умар Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Уа Аллаһтың Елшісі! Расында, мен сізді өзімнен басқаның барлығынан артық жақсы көремін!*», – деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұған: «***Жоқ, жаным қолында болған (Аллаһпен) ант етемін, сен мені өзіңнен де артық жақсы көрмегеніңше иманың кәміл болмайды!***», – деді. Сонда Умар оған: «*Расында, қазір мен сізді өзімнен де артық жақсы көремін!*», – деді және Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

---

[770] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/58 – № 15), Муслим (№ 44).

[771] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (10/557 – № 6168 – 6171), Муслим (4/2032, 2639).

[772] Муслим (4/2032 – № 63 (№ 2639)).

«***Қазір, уа Умар***![773]», – деді[774]. Ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады: «*Бірде Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір адам келіп: «Уа Аллаһтың Елшісі! Сіз әлдебір адамдарды жақсы көрген, бірақ өзі олардың дәрежесіне жетпеген адам жайлы не айтасыз?», – деп сұрады. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Бұл адам жақсы көргендерімен бірге болады**»,- деді*».[775]

Әл-Аббас ибн Абд-әд-Мутталибтен, ол Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естігені туралы хабарланады: ***«Иманның дәмін Аллаһқа Раббы ретінде, Исламға дін ретінде, ал Мухаммадқа елші ретінде разы болған адам татады».***[776]

Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: «***Иманның тәтті дәмін үш сипатпен ерекшеленетін адам сезінеді: Аллаһ пен Оның Елшісін басқа барлық нәрседен артық жақсы көретін, әлдебір адамды тек Аллаһ үшін ғана жақсы көретін және Отқа түскісі келмейтіндей, күпірлікке қайтқысы келмейтін адам***».[777]

Күмәнсіз, Аллаһ Тағала оған осы хадисте айтылған сипаттарды нәсіп еткен адам иманның дәмін татады және оның тәттілігін сезінеді. Бұндай адам Аллаһқа бағынудан ләззат алып, Оның разылығы үшін басынан қиындықтар кешіруге дайын болады. Ол Мухаммадтың шариғатына сәйкес болған жолмен ғана жүреді, өйткені ол оған елші ретінде разы. Кім Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шынайы жақсы көрсе, сол оған бағынады.

Аллаһқа бойсұнбай, Оны сүйем дейсің,
Ал бұл жосықсыз, ессіз сөз ғой!
Шын сүйсең, Оған бас иер едің,
Өйткені сүюші сүйіктісіне бағынады.[778]

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рақым етсін) былай деген:
«Махаббаттың шартынан – сүйіктіңнің сүйгеніне сай келу,
Ал өтірік махаббат – сүйемін деп сүйіктіңе қарсы келу.
Мүмкін емес махаббат – сүйіктіңнің дұшпандарын сүйе тұра,
Оны да сүйемін деп жар салу,

---

[773] Яғни қазір сен түсіндің және айту керек болған нәрсені айттың.
[774] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (11/523 – № 6632).
[775] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (10/557 – № 6168).
[776] Муслим (1/62 – № 34).
[777] «Әл-Бухари маға әл-Фатх» (1/72 – № 21), Муслим (1/66 – № 43).
[778] «Әш-шифа би тағриф хуқуқ әл-мустафа» (2/549, 2/563).

Ал Оның сүйгендерін дұшпан тұту – емес пе шайтанның бауырына айналу?!»

Еш күмәнсіз, Аллаһты және Оның Елшісін жақсы көретін адам, Аллаһ пен оның Елшісі жақсы көретін нәрселерді және Аллаһ пен Оның Елшісін жақсы көретін адамдарды жақсы көреді. Сондықтан Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «***Кімде-кім Аллаһ үшін жақсы көріп, Аллаһ үшін жек көрсе және Аллаһ үшін беріп, Аллаһ үшін алса, сол иманның кемелдігіне жетті***».[779]

Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген махаббаттың белгісі – оған және оның сүннетіне ілесу, оның бұйрықтарына бағыну және ол тыйым салған нәрселерді тастау, бақытсыздық пен шаттықта да, мұқтаждық пен есендікте де оның үлгісіне (қағидаларына) сай мінез-құлық танытып, іс-әрекет жасау. Шынайы жақсы көрген адам, жақсы көретін адамына артықшылық береді және оған ұнайтын нәрсені таңдайды. Егер бұл осылай болмаса, онда оның махаббаты шынайы емес, ал оның сөздері өтірік.[780]

Аллаһ Тағала былай деген:

قُلْ إِن كُنتُمْ تُحِبُّونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللَّهُ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَاللَّهُ غَفُورٌ رَّحِيمٌ

«(Уа Мухаммад, оларға:) «Егер Аллаһты сүйсеңдер, онда маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды. Өйткені, Аллаһ аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», – деп айт» («Әли-Имран» сүресі, 31-аят).

Бұл аят «сынақ аяты» деп аталады, өйткені онда адамның Аллаһқа деген махаббаты тексерілетін өлшем (критерий) жайлы айтылады. Бұл өлшем – Оның Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу және ол тыйым салған нәрселерден бас тарту болып табылады.

Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы көретіндерді ерекшелейтін белгіге сондай-ақ оған деген ықыластылық жатады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Дін бұл ықыластық таныту***», – деп айтқан. Сахабалар бұны естіп: «*Кімге қатысты?*», – деп сұрады. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Аллаһқа, Оның Кітабына, Оның Елшісіне, мұсылмандардың билеушілеріне және жалпы мұсылмандарға қатысты***», – деп жауап берді[781]. Пайғамбарға

---

[779] Абу Дауд (№ 4681). Әл-Әлбани «Сахих Абу Дауд» (3/886) еңбегінде хадисті сенімді деп бағалаған.

[780] «Әш-шифа би тағриф хуқуқ әл-мустафа» (2/571 – 582).

[781] Муслим (1/74 – № 55).

(оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген шынайы ықыластың көрінісі оның пайғамбарлығына иман келтіру, әміріне мойынсұну, тыйым салған нәрселерінен бас тарту, ол тірі кезінде де, қайтыс болғаннан кейін де оған көмек пен қолдау көрсету болып табылады. Ол сондай-ақ оның сүннетін қайта жаңғыртудан да тұрады, ал бұл оны оқып-үйренуді, оны басшылыққа алып амал етуді, оны басқаларға үйретуді, оны қорғауды және таратуды меңзейді. Сонымен қатар, адамның Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген шынайы ықыластылығы оның асыл адамгершілік қасиеттері мен тамаша мінез-құлық өнегесіне ие болуға деген ұмтылысынан да көрінуге тиіс.[782]

5. Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сыйлау және құрмет тұту.

Аллаһ былай деді:

لِّتُؤْمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ وَتُعَزِّرُوهُ وَتُوَقِّرُوهُ وَتُسَبِّحُوهُ بُكْرَةً وَأَصِيلًا

«Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтірулерің, оны сыйлап құрмет тұтуларың, және Аллаһты ертелі-кеш пәктепдәріптеулерің үшін» («әл-Фатх» сүресі, 9-аят).

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تُقَدِّمُوا بَيْنَ يَدَيِ اللَّهِ وَرَسُولِهِ وَاتَّقُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ سَمِيعٌ عَلِيمٌ

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан әрі Оның Елшісінен ілгері кетпеңдер. Және Аллаһтан қорқыңдар. Шүбәсіз Аллаһ – аса Естуші, толық Білуші» («әл-Хужурат» сүресі, 1-аят).

لَّا تَجْعَلُوا دُعَاءَ الرَّسُولِ بَيْنَكُمْ كَدُعَاءِ بَعْضِكُم بَعْضًا

«Пайғамбардың шақыруын өзара бір-біріңді шақыруға ұқсатпаңдар!» («ән-Нур» сүресі, 63-аят).

Мұсылмандар Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін де тірі кезіндегідей құрметтеп, дәріптеуге міндетті. Адам Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистері және оның сүннеті жайлы айтылған кезде, оның есімін немесе оның өміріне қатысты кез келген нәрсені естігенде өте терең құрмет сезімін сезінуі керек. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген құрмет сондай-ақ оның сүннетін үйренуде, оған шақыруда, оған көмек пен қолдау көрсетуде де көрініс табады.[783]

---

[782] «Әш-шифа би тағриф хуқуқ әл-мустафа» (2/582 – 584).
[783] «Әш-шифа би тағриф хуқуқ әл-мустафа» (2/595 – 612).

6. Оған көмектесу және оның өзі мен Сүннетін қорғау.

Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) деген махаббаттың дәлелдерінің бірі – оған көмек беріп, құрмет көрсету. Аллаһ Тағала былай деді:

إِنَّا أَرْسَلْنَاكَ شَاهِدًا وَمُبَشِّرًا وَنَذِيرًا لِّتُؤْمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ وَتُعَزِّرُوهُ وَتُوَقِّرُوهُ وَتُسَبِّحُوهُ بُكْرَةً وَأَصِيلًا

«Шын мәнінде, сені куә, қуантушы және ескертуші етіп жібердік. Сендер Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтірулерің, оны сыйлап құрмет тұтуларың, және Аллаһты ертелі-кеш пәктеп-дәріптеулерің үшін» («әл-Фатх» сүресі, 8-9 – аяттар).

فَالَّذِينَ آمَنُوا بِهِ وَعَزَّرُوهُ وَنَصَرُوهُ وَاتَّبَعُوا النُّورَ الَّذِي أُنزِلَ مَعَهُ أُولَئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ

«Оған (Мухаммадқа) иман келтіргендер, оны құрмет тұтып, оған көмек көрсеткендер, әрі оған түсірілген нұрға (Құранға) ергендер, міне, солар құтылушылар» («әл-Әғраф» сүресі, 157-аят).

Аллаһ Оны және Оның Елшісін сөгетіндерді лағнеттеді. Құранда былай деп айтылған:

إِنَّ الَّذِينَ يُؤْذُونَ اللَّهَ وَرَسُولَهُ لَعَنَهُمُ اللَّهُ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَأَعَدَّ لَهُمْ عَذَابًا مُّهِينًا

«Расында, Аллаһты және Оның Елшісін сөгетіндерді Аллаһ бұл дүние мен Ақыретте лағынеттеді, әрі оларға қорлаушы азап дайындады» («әл-Әхзаб» сүресі, 57-аят).

Ал кімді Аллаһ лағнет еткен болса, **«оған сен ешбір жәрдемші таба алмайсың**»[784]. Әлбетте, Пайғамбарды келемеждеп, оған тіл тигізген адам, ешбір күмәнсіз, Аллаһ Тағаланың лағынетіне лайық. Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөккен адам осы жасаған ісіне дейін мұсылман болған болса, осынысымен ол мұсылмандығын тоқтатады да, діннен шыққан кәпір болады, әрі мұсылман билеушісінің оны кешіруге және оған рақымдық танытуға құқығы жоқ, өйткені Аллаһ былай деген:

وَلَئِن سَأَلْتَهُمْ لَيَقُولُنَّ إِنَّمَا كُنَّا نَخُوضُ وَنَلْعَبُ قُلْ أَبِاللَّهِ وَآيَاتِهِ وَرَسُولِهِ كُنتُمْ تَسْتَهْزِئُونَ لَا تَعْتَذِرُوا قَدْ كَفَرْتُم بَعْدَ إِيمَانِكُمْ إِن نَّعْفُ عَن طَائِفَةٍ مِّنكُمْ نُعَذِّبْ طَائِفَةً بِأَنَّهُمْ كَانُوا مُجْرِمِينَ

«Егер олардан сұрасаң: «Әрине біз әншейін сөзге кірісіп, ойнап едік», – дейді. Оларға: «Аллаһтың аяттарымен және Ел-

---

[784] Құран, «ән-Ниса» сүресі, 52-аят.

шісімен қалжақтаған болдыңдар ма? Желеуретпеңдер! Сендер иман келтіргеннен кейін кәпір болдыңдар», – де» («әт-Тәуба» сүресі, 65-66 аяттар).

Қылмыстың бұл түрін жасаған адам өлім жазасына тартылады, әрі осы орайда, дұрыс пікірге сәйкес, оның тәубе еткендігі жайлы мәлімдемесі оны жазадан босатпайды.

Егер Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөккен адам ислам мемлекітінің қорғауында өмір сүретін кәпір (зимми), немесе мұсылмандар олармен бейбітшілік келесімін жасасқан (муғахад) болса, онымен деген келісім бұзылады және ол өлім жазасына тартылуы керек болады. Әрі осы орайда оны кешірім мен төлем арқылы босату рұқсат етілмейді.

Егер Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөккен адам тәубе етсе, ғалымдардың біз дұрыс деп санайтын пікірлерінің біріне сәйкес, ол басында мұсылман болса да, бәрібір өлім жазасына тартылады. Әмірші оның тәубесін қабыл етпейді. Ал оның тәубесінің Аллаһпен қабыл етілуі Аллаһтың өзіне байланысты.

Бұл тақырып шейху-л-ислам Ибн Таймияның «Әс-сорим әл-мәслул ғалә шатим әр-расул» («Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөгушіге қарсы қынынан шығарылған қылыш») атты еңбегінде керемет ашылған. Ол оның түсіндірмесін төрт тармаққа бөлген:

1. Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөгетін адамды, ол мұсылман немесе кәпір болсын, өлім жазасына тартудың міндеттілігі.

2. Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөгіп жатқан кәпірді, тіпті ол ислам мемлекетінің қорғауында (зимми) болса да, өлім жазасына кесудің міндеттілігі, және оны кешірім мен төлем арқылы босатуға жол берілмейтіндігі.

3. Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөккені үшін тәубе еткен адамның, сондай-ақ Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөгіп, кейін Исламды қабылдаған кәпірдің үкімі.

4. Не нәрселер Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сөгу болып саналады және оны мен күпірліктің айырмашылығы қандай?

Раббымыз Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қатысты міндеттерін орындайтындарға ұлы жетістікті, құтылуды және оны тура жолмен жүргізуді уәде етті. Ол былай деді:

قَالَ عَذَابِي أُصِيبُ بِهِ مَنْ أَشَاءُ وَرَحْمَتِي وَسِعَتْ كُلَّ شَيْءٍ فَسَأَكْتُبُهَا لِلَّذِينَ يَتَّقُونَ وَيُؤْتُونَ الزَّكَاةَ وَالَّذِينَ هُم بِآيَاتِنَا يُؤْمِنُونَ الَّذِينَ يَتَّبِعُونَ الرَّسُولَ النَّبِيَّ الْأُمِّيَّ الَّذِي يَجِدُونَهُ مَكْتُوبًا عِندَهُمْ

فِي التَّوْرَاةِ وَالْإِنجِيلِ يَأْمُرُهُم بِالْمَعْرُوفِ وَيَنْهَاهُمْ عَنِ الْمُنكَرِ وَيُحِلُّ لَهُمُ الطَّيِّبَاتِ وَيُحَرِّمُ عَلَيْهِمُ
الْخَبَائِثَ وَيَضَعُ عَنْهُمْ إِصْرَهُمْ وَالْأَغْلَالَ الَّتِي كَانَتْ عَلَيْهِمْ فَالَّذِينَ آمَنُوا بِهِ وَعَزَّرُوهُ وَنَصَرُوهُ وَاتَّبَعُوا
النُّورَ الَّذِي أُنزِلَ مَعَهُ أُولَئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا الَّذِي لَهُ
مُلْكُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ يُحْيِي وَيُمِيتُ فَآمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ النَّبِيِّ الْأُمِّيِّ الَّذِي يُؤْمِنُ
بِاللَّهِ وَكَلِمَاتِهِ وَاتَّبِعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ

«Мен қалағанымды азабыма ұшыратамын, әрі рахметім әр нәрсені қамтиды. Мен оны тақуалық жасағандарға, зекет бергендерге және аяттарымызға иман келтіргендерге, сондай жандарындағы Тауратта және Інжілде ол туралы жазулы екенін тапқан сауатсыз Пайғамбарға ергендер үшін жазып қоямын. Ол оларды жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыяды. Игі нәрселерді халал, жаман нәрселерді харам етеді. Олардан ауыртпалықтарын түсіріп, кісендерінен босатады. Ендеше оған (Мухаммадқа) иман келтіргендер, оны құрмет тұтып, оған көмек көрсеткендер, әрі оған түсірілген нұрға (Құранға) ергендер, міне, солар құтылушылар. (Уа Мухаммад:) «Әй адамдар! Мен барлығыңа Аллаһтың Елшісімін; жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа құлшылыққа лайықты жоқ. Ол тірілтеді әрі өлтіреді. Аллаһқа және Оның елшісі болған Аллаһ пен Оның сөздеріне иман келтірген сауатсыз Пайғамбарға иман келтіріңдер және оған еріңдер, әрине, тура жол табасыңдар», – де» («әл-Әғраф» сүресі, 156-158 аяттар).

Жаратушы бұл ардақты Пайғамбарды бүкіл әлемдерге мейірім ретінде жіберді. Ол былай деді:

وَمَا أَرْسَلْنَاكَ إِلَّا رَحْمَةً لِّلْعَالَمِينَ

«Біз сені бүкіл әлемдерге мейірім етіп қана жібердік» («әл-Әнбия» сүресі, 40-аят).

Аллаһ оны пайғамбарлар мен елшілердің соңғысы, олардың мөрі қылды. Одан кейін пайғамбарлар болмаған, жоқ және болмайды.

مَّا كَانَ مُحَمَّدٌ أَبَا أَحَدٍ مِّن رِّجَالِكُمْ وَلَكِن رَّسُولَ اللَّهِ وَخَاتَمَ النَّبِيِّينَ وَكَانَ اللَّهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمًا

«Мухаммад сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ ол Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Аллаһ әр нәрсені толық білуші» («әл-Әхзаб» сүресі, 40-аят).

Ол – Аллаһ Тағаланың бүкіл адамзат пен жындарға, оларды әрбір жақсылыққа шақырып, кез-келген жамандықтан сақтандыру үшін, жіберген елшісі.

يَا أَيُّهَا النَّبِيُّ إِنَّا أَرْسَلْنَاكَ شَاهِدًا وَمُبَشِّرًا وَنَذِيرًا وَدَاعِيًا إِلَى اللَّهِ بِإِذْنِهِ وَسِرَاجًا مُّنِيرًا وَبَشِّرِ الْمُؤْمِنِينَ بِأَنَّ لَهُم مِّنَ اللَّهِ فَضْلًا كَبِيرًا وَلَا تُطِعِ الْكَافِرِينَ وَالْمُنَافِقِينَ وَدَعْ أَذَاهُمْ وَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ وَكَفَى بِاللَّهِ وَكِيلًا

«Әй Пайғамбар! Расында, Біз сені бір куә және қуантушы, әрі ескертуші, Аллаһқа, Оның нұсқауымен шақырушы, әрі нұрлы шырақ етіп жібердік. Ендеше мүминдерді оларға Аллаһтан ұлы игілік бар екендігімен сүйіншіле, әрі кәпірлер мен екіжүзділерге бой ұсынба. Олардың тигізіп жатқан жәбір-жапаларын елеме, әрі Аллаһқа тәуекел ет. Аллаһтың Қамқоршы әрі Қорғаушы екені жетіп асады» («әл-Әхзаб» сүресі, 45-48 аяттар).

يَا أَهْلَ الْكِتَابِ قَدْ جَاءَكُمْ رَسُولُنَا يُبَيِّنُ لَكُمْ كَثِيرًا مِّمَّا كُنتُمْ تُخْفُونَ مِنَ الْكِتَابِ وَيَعْفُو عَن كَثِيرٍ قَدْ جَاءَكُم مِّنَ اللَّهِ نُورٌ وَكِتَابٌ مُّبِينٌ يَهْدِي بِهِ اللَّهُ مَنِ اتَّبَعَ رِضْوَانَهُ سُبُلَ السَّلَامِ وَيُخْرِجُهُم مِّنَ الظُّلُمَاتِ إِلَى النُّورِ بِإِذْنِهِ وَيَهْدِيهِمْ إِلَى صِرَاطٍ مُّسْتَقِيمٍ

«Әй Кітап иелері! Сендерге Кітаптан жасырған нәрселеріңнің көбін ашық түсіндіретін және көбірегінен елемей өтіп кететін Елшіміз келді. Расында, сендерге Аллаһтан бір нұр (Мухаммад) және ашық бір Кітап (Құран) келді. Аллаһ Өзінің разылығына ұмтылғандарды сол арқылы есендік жолдарымен жүргізеді және Өзінің нұсқауымен қараңғылықтардан жарыққа шығарып, тура жолға салады» («әл-Мәида» сүресі, 15-16 аяттар).

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) – Аллаһтың иман келтіргендерге берген ерекше сыйы. Аллаһ Тағала былай деген:

لَقَدْ مَنَّ اللَّهُ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ إِذْ بَعَثَ فِيهِمْ رَسُولًا مِّنْ أَنفُسِهِمْ يَتْلُو عَلَيْهِمْ آيَاتِهِ وَيُزَكِّيهِمْ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ وَإِن كَانُوا مِن قَبْلُ لَفِي ضَلَالٍ مُّبِينٍ

«Расында, Аллаһ мүминдерге қамқорлық етіп, олар бұрын ашық адасушылықта болса да, олардың ішіне өздерінен болған, оларға Аллаһтың аяттарын оқитын, оларды тазартатын және оларға Кітап мен хикметті үйрететін Елші жіберді» («Әли Имран» сүресі, 164-аят).

Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың ерекше қорғауының астында болған. Раббымыз оны қорғау міндетін Өзіне алды. Ол былай деді:

يَا أَيُّهَا الرَّسُولُ بَلِّغْ مَا أُنزِلَ إِلَيْكَ مِن رَّبِّكَ وَإِن لَّمْ تَفْعَلْ فَمَا بَلَّغْتَ رِسَالَتَهُ وَاللَّهُ يَعْصِمُكَ مِنَ النَّاسِ إِنَّ اللَّهَ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الْكَافِرِينَ

«Әй Елші! Раббың тарапынан түсірілгенді жеткіз. Егер оны істемесең, Оның Жолдауын жеткізбеген боласың. Аллаһ сені адамдардан қорғайды. Күдіксіз, Аллаһ кәпір елді тура жолға салмайды» («әл-Мәида» сүресі, 67-аят).

Раббымыз оны оның үстінен күлгендерден құтқарды. Ол оған былай деді:

فَاصْدَعْ بِمَا تُؤْمَرُ وَأَعْرِضْ عَنِ الْمُشْرِكِينَ إِنَّا كَفَيْنَاكَ الْمُسْتَهْزِئِينَ الَّذِينَ يَجْعَلُونَ مَعَ اللَّهِ إِلَهًا آخَرَ فَسَوْفَ يَعْلَمُونَ وَلَقَدْ نَعْلَمُ أَنَّكَ يَضِيقُ صَدْرُكَ بِمَا يَقُولُونَ فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَكُن مِّنَ السَّاجِدِينَ وَاعْبُدْ رَبَّكَ حَتَّى يَأْتِيَكَ الْيَقِينُ

«Саған берілген бұйрықты ашық ұқтыр да, көпқұдайшылдардан бет бұр. Рас, Біз сені мазақтаушылардан қорғап қойдық. Аллаһпен бірге басқаларды құдай етіп алғандар, олар жуық арада біледі. Расында, олардың айтқандарына көкірегіңнің қысылатынын білеміз. Ендеше, Раббыңды пәктеп-дәріпте де, сәжде етушілерден бол. Әрі Раббыңа, саған өлім келгенге дейін құлшылық ет» («әл-Хижр» сүресі, 94-99 аяттар).

Уа мүмин құл! Аллаһқа мойынсұнатындардың, оның ардақты Пайғамбарына ілесетіндердің қатарынан бол! Пайғамбарыңа ілесу және оны жақсы көру арқылы оған көмектес, өйткені Аллаһ Тағаланың Өзі оған көмектесіп, оның сөзін басқа сөздерден жоғары етуде, тіпті бұл көпқұдайшылдар мен екіжүзділерге ұнамаса да!

وَمَن يَبْتَغِ غَيْرَ الْإِسْلَامِ دِينًا فَلَن يُقْبَلَ مِنْهُ وَهُوَ فِي الْآخِرَةِ مِنَ الْخَاسِرِينَ

«Әрі Кім Исламнан басқа бір дін іздесе, әсте одан қабыл етілмейді де ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады» («Әли Имран» сүресі, 85-аят), – екендігін біл.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: ***«Мухаммадтың жаны қолында болған (Аллаһпен) ант етемін, осы үмметтен кез-келген, мейлі ол яһуди немесе христиан болсын, мен жайлы естіп, кейін мен жіберілген нәрсеге иман келтірмесе, міндетті түрде Тозақ тұрғындарынан болады».***[785]

[785] Муслим (№ 153).

Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шақыруы барлық адамдар мен жындарға Қиямет күніне дейін бағытталған. Оны сөгуге батылы жеткен адамды осы дүниеде де, өлімінен кейін де Аллаһтың қаһарлы жазасы күтуде. Құранда былай деп айтылған:

إِنَّ الَّذِينَ يُؤْذُونَ اللَّهَ وَرَسُولَهُ لَعَنَهُمُ اللَّهُ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَأَعَدَّ لَهُمْ عَذَابًا مُّهِينًا

«Расында, Аллаһты және Оның Елшісін сөгетіндерді Аллаһ бұл дүние мен Ақыретте лағынеттеді, әрі оларға қорлаушы азап дайындады» («әл-Әхзаб» сүресі, 57-аят).

Онда сондай-ақ былай деп те айтылады:

أُولَئِكَ الَّذِينَ لَعَنَهُمُ اللَّهُ وَمَن يَلْعَنِ اللَّهُ فَلَن تَجِدَ لَهُ نَصِيرًا

«Міне, солар Аллаһ лағынет еткендер. Ал кімді Аллаһ лағынет етсе, сен оған ешбір жәрдемші таба алмайсың» («ән-Ниса» сүресі, 52-аят).

Бірде бір пасық адам Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үстінен күлген өлең жазғанда, Хасан ибн Сәбит (Аллаһ оған разы болсын) оған былай деп жауап берді:

Сен Мухаммадты сөксең – мен оны қорғап жақтаймын,
Өйткені Аллаһ Пайғамбар үшін сый-сауап береді.[786]
Мен әкем мен анамның намысын және өзімнің жеке намысымды
Сендер мен оның арасында қалқан етуге дайынмын.

7. Үкім үшін Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жүгінудің міндеттілігі және оның шешімдеріне разы болу.

Аллаһ Тағала былай деді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ مِنكُمْ فَإِن تَنَازَعْتُمْ فِي شَيْءٍ فَرُدُّوهُ إِلَى اللَّهِ وَالرَّسُولِ إِن كُنتُمْ تُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ ذَلِكَ خَيْرٌ وَأَحْسَنُ تَأْوِيلًا

«**Әй мумидер! Аллаһқа бой ұсыныңдар, Пайғамбарға бой ұсыныңдар, әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне де. Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаһқа және Елшіге қайтарыңдар, егер сендер Аллаһқа, Ақырет күніне иман келтірген болсаңдар. Міне, осы хайырлы әрі нәтижеде жақсы!»** («ән-Ниса» сүресі, 59-аят).

---

[786] Яғни Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның ар-намысын қорғау үшін.

فَلَا وَرَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ حَتَّى يُحَكِّمُوكَ فِيمَا شَجَرَ بَيْنَهُمْ ثُمَّ لَا يَجِدُوا فِي أَنفُسِهِمْ حَرَجًا مِّمَّا قَضَيْتَ وَيُسَلِّمُوا تَسْلِيمًا

«Жоқ, Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, кейін берген билігіңнен көңілдерінде ақау таппай толық бой ұсынғанға дейін мүмин бола алмайды» («ән-Ниса» сүресі, 65-аят).

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанынан кейін, адамдар үкім үшін оның сүннеті мен әкелген шариғатына жүгінуі міндетті.

8. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның жоғары мәртебесіне сәйкес, салғырттықсыз және артық кетушілік пен шектен шығушылықсыз қатынас жасау.

Мухаммад – Аллаһтың құлы және Оның Елшісі. Ол – пайғамбарлар мен елшілердің ең жақсысы, алғашқы және соңғы буындардың мырзасы, Мақтаулы Орынның (әл-Мақам әл-махмуд) және мүминдер соған қарай ұмтылатын Су Айдынының (әл-Хауд) иесі. Бірақ сонымен бірге, ол – адам, және өзі үшін де, басқаларға да пайда мен зиянға иелік етпейді. Аллаһ оған былай деп бұйырған:

قُل لَّا أَقُولُ لَكُمْ عِندِي خَزَائِنُ اللَّهِ وَلَا أَعْلَمُ الْغَيْبَ وَلَا أَقُولُ لَكُمْ إِنِّي مَلَكٌ إِنْ أَتَّبِعُ إِلَّا مَا يُوحَى إِلَيَّ قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الْأَعْمَى وَالْبَصِيرُ أَفَلَا تَتَفَكَّرُونَ

«(Мухаммад, оларға:) «Жанымда Аллаһтың қазынасы бар демеймін, көместі де білмеймін. Және сендерге періштемін деп те айтпаймын. Мен өзіме уахи етілгенге ғана ілесемін. Көзді мен көзсіз тең бе? Ойламайсыңдар ма?» – деп айт» («әл-Әнғам» сүресі, 50-аят).

قُل لَّا أَمْلِكُ لِنَفْسِي نَفْعًا وَلَا ضَرًّا إِلَّا مَا شَاءَ اللَّهُ وَلَوْ كُنتُ أَعْلَمُ الْغَيْبَ لَاسْتَكْثَرْتُ مِنَ الْخَيْرِ وَمَا مَسَّنِيَ السُّوءُ إِنْ أَنَا إِلَّا نَذِيرٌ وَبَشِيرٌ لِّقَوْمٍ يُؤْمِنُونَ

«Аллаһ қаламайынша, өзім үшін пайда не зиян келтіру күшіне ие емеспін. Егер көместі білгенімде, әрине, жақсылықты көбейтіп алар едім. Сондай-ақ маған бір сәтсіздік те жұғыспас еді. Мен иман келтірген елді қорқытушы әрі қуантушы ғанамын», – де» («әл-Әғраф» сүресі, 188-аят).

قُلْ إِنِّي لَا أَمْلِكُ لَكُمْ ضَرًّا وَلَا رَشَدًا قُلْ إِنِّي لَن يُجِيرَنِي مِنَ اللَّهِ أَحَدٌ وَلَنْ أَجِدَ مِن دُونِهِ مُلْتَحَدًا

«(Мухаммад, оларға:) «Расында, мен сендер үшін зиянға да, игілікке де ие емеспін», – де. (Оларға:) «Расында, ешкім

мені Аллаһтың азабынан сақтай алмайды, әрі мен Одан өзге пана таба алмаймын» («әл-Жинн» сүресі, 21-22 -аяттар).

Ол басқа да барлық Пайғамбарлар секілді қайтыс болды, алайда ол әкелген дін Қиямет күніне дейін қалады.

إِنَّكَ مَيِّتٌ وَإِنَّهُم مَّيِّتُونَ

«Шынында, сен де өлесің, олар да өледі» («әз-Зүмәр» сүресі, 30-аят).

وَمَا جَعَلْنَا لِبَشَرٍ مِّن قَبْلِكَ الْخُلْدَ أَفَإِن مِّتَّ فَهُمُ الْخَالِدُونَ كُلُّ نَفْسٍ ذَائِقَةُ الْمَوْتِ وَنَبْلُوكُم بِالشَّرِّ وَالْخَيْرِ فِتْنَةً وَإِلَيْنَا تُرْجَعُونَ

«Сенен бұрын да ешбір адам баласына мәңгілік (өмір) бермедік. Ал егер сен өлсең, сонда олар мәңгі қалмақ па? Әрбір жан өлімді татады. Сендерді міндетті түрде жамандықпен және жақсылықпен сынаймыз. Әрі бізге қайтарыласыңдар» («әл-Әнбия» сүресі, 34-35 аяттар).

Бұл аяттардан ешкім, тіпті Пайғамбар да (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құлшылыққа лайықты емес екендігі түсінікті болады. Құлшылыққа тек серігі жоқ, Жалғыз Аллаһ қана лайықты.

قُلْ إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ لَا شَرِيكَ لَهُ وَبِذَٰلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ

«Намазым, құлшылығым, тіршілігім және өлімім бүкіл әлемнің Раббысы Аллаһ үшін. Оның серігі жоқ. Осылай бұйырылдым және мен мұсылмандардың алғашқысымын», – де» («әл-Әнғам» сүресі, 162-163 аяттар).

9. Оған салауат айту.

Жаратушы Иеміз былай деген:

إِنَّ اللَّهَ وَمَلَائِكَتَهُ يُصَلُّونَ عَلَى النَّبِيِّ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا صَلُّوا عَلَيْهِ وَسَلِّمُوا تَسْلِيمًا

«Расында, Аллаһ және Оның періштелері Пайғамбарға салауат айтады. Әй иман келтіргендер! Оған салауат және ықыласпен сәлем келтіріңдер» («әл-Әхзаб» сүресі, 56-аят).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: «***Маған бір рет салауат айтқан адамға Аллаһ бұл үшін он рет салауат айтады***».[787]

---

[787] Муслим (1/288 – № 384).

Сондай-ақ ол былай деді: «***Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар және менің қабірімді көпшіліктің мезгілдік қажылық орыны қылмаңдар. Маған салауат айтыңдар, өйткені сендердің салауаттарың маған қайда болсаңдар да жетеді***».[788]

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «***Оның алдында мен жайлы айтылғанда, маған салауат айтпайтын адам сараң болып табылады***».[789]

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «***Егер адамдар Аллаһ Тағаланы еске алмаған және өздерінің Пайғамбарына дұға етпеген жиналыста болса, олар міндетті түрде кек алуға лайық болады, және Аллаһ қаласа, оларды азаптайды, ал қаласа, кешіреді***».[790]

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деген: «***Расында, Аллаһ Тағаланың жерді аралайтын және үмметімнің маған сәлем тілегенін жеткізетін періштелері бар***».[791]

Бірде Жәбірейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «*Алдында сенің атың аталғанда, саған салауат айтпаған адамға қорлық болсын!*», – әрі ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Әмин!***», – деді. [792]

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені хабарланады: «***Мен қайтыс болғанымнан кейін маған қайсы бір адам сәлем берсе, Аллаһ менің жанымды, мен оның сәлеміне жауап беруім үшін, қайтаратын болады***».[793]

Шариғат адамдардан Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салауат айтуды талап ететін көптеген жағдайлар бар. Имам Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рақым етсін) бұндай жағдайлардың мысалдарын келтіреді. Ол Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салауат (мына жағдайларда) айтылатындығына нұсқаған:

---

[788] Абу Дауд (2/218 – № 2042), Ахмад (2/367). Қ-з: «Сахих Абу Дауд» (1/383).

[789] Әт-Тирмизи (5/551 – № 3546) және басқалар. Қ-з: «Сахих әт-Тирмизи» (3/177).

[790] Әт-Тирмизи (№ 3380). Қ-з: «Сахих әт-Тирмизи» (3/140).

[791] Ән-Нәсаи (3/43 – № 1282). Әл-Әлбани «Сахих ән-Нәсаиде» (1/274) хадистің сенімділігін растаған.

[792] Ибн Хузайма (3/192), Ахмад (2/254). Әл-Арнаут «Әл- Бізге Әфхамда» хадистің сенімділігін растаған.

[793] Абу Дауд (2/218 – № 2041). Әл-Әлбани «Сахих Абу Даудта» хадисті жақсы (хасан) деп бағалаған.

– Мешітке кірген және одан шыққан кезде;
– Азаншының артынан азан сөздерін қайталағаннан соң;
– Аллаһ Тағалаға дұғамен жүгінгенде;
– Намазда ташаһһуд оқығанда;
– Жаназа намазы оқылғанда;
– Азанда, кешке және жұма күні;
– Жиналыстың соңында;
– Құтпалар айтылғанда, соның ішінде жұма күніндегі екі құтпада.
– Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) атын жазғанда;
– Айт намаздарын оқығандағы тәкбірлердің арасындағы уақытта;
– «Әл-құнут» дұғасының соңында;
– Әс-Сафа мен әл-Маруа төбелерінде болғанда;
– Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қабірінің қасында болғанда;
– Қайғы мен мұң кезінде;
– Аллаһтан кешірім сұрағанда;
– Күнә жасаған адам оны өтегісі келгенде. Ибн әл-Қайим басқа да жағдайларды келтіріп, олардың санын қырық бірге жеткізген.[794]

Әнас Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: ***«Маған бір рет салауат айтқан адамды Аллаһ он рет салауаттайды, (әрі оған он жақсы амал жазып)[795], оның он күнәсін кешіреді және оны он сатыға көтереді»***[796]. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салауат айтудың артықшылығына нұсқайтын бұл хадистен басқа бірдебір хабар жетпесе де, осының өзі де жеткілікті болар еді.

Аллаһтың Құлы мен Елшісіне, Ол Өзінің уахиін сеніп тапсырған адамдардың ең жақсысына – Пайғамбарымыз Мухаммад ибн АбдуЛлаһқа, оның отбасына, сахабаларына және Қиямет күніне дейін оларға жақсылықта ергендердің барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

---

[794] Қ-з: «Жалә әл-афхам фи ас-саләти уә-с-сәләми ғалә хайри әл-әнәм».

[795] Бұл қосылым Ахмадтың «Әл-муснадында» (4/29) Тальхадан жеткен хадисте келтіріледі.

[796] Ахмад (3/261), Ибн Хиббан (№ 2390), әл-Хаким (1/551). Әл-Арнаут «Жәлә әл-афхам» (65-бет) кітабына түсіндірмесінде оны сенімді деп бағалаған.

МАЗМҰНЫ

Сағид бин Али бин Уахф әл-Қахтани

ӘЛЕМДЕР ҮШІН МЕЙІРІМ

Қазақ тіліне аударып әзірлеген
«Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы

Продюсер:
А. Жұмаш

Басуға 22.12.2022 жылы қол қойылды. Пішімі 70х90 $^{1}/_{16}$
Қаріп түрі «Palatino Linotype». Қағазы офсеттік.
Көлемі 19,62 б.т. Таралымы 1000 дана.